



Ж. Есеналиева • САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

Есеналиева Жанар

САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ



Алматы, 2020

Есеналиева Жанар

**САЛҒАСТЫРМАЛЫ
ТІЛ БІЛІМІ**

Оқулық

Алматы, 2020

ӘӨЖ 811

КБК 81.2

Е 79

*Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар
және әлем тілдері университетінің ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған,
Республикалық Оқу-Әдістемелік Кеңесі ұсынған
(05.06.2020ж. №9 хаттама)*

Жауапты редакторы:

Филология ғылымдарының кандидаты,
доцент Қоңырова А.Т.

Пікір жазғандар:

Филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Қ. Қалиев
Филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Н. Ермакова
Филология ғылымдарының докторы, профессор А.Ә. Жаңабекова

Е 79

Есеналиева Ж.

Салғастырмалы тіл білімі. Оқулық. Алматы, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті «Полилингва» баспасы. - 2020. 192 б.

ISBN 978-601-270-508-9

Оқулық шетел филологиясы және аударма ісі мамандықтары бойынша оқылатын «Жалпы лингвистикалық модуль» атты курстың мазмұны қамтылған. Салғастырмалы тіл білімінің негізгі концепциясымен, ұғымдық аппаратымен, мақсат-міндеттері және зерттеу әдістерімен таныстырады. Салғастырмалы тіл білімінің қазіргі жағдайының кейбір мәселелеріне, атап айтқанда тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу тарихына, логикалық, лингводидактикалық және лингвомәдени аспектілеріне баса назар аударылады.

Оқулық филолог мамандар мен оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, студенттер мен магистранттарға арналған.

ӘӨЖ 811

КБК 81.2

ISBN 978-601-270-508-9

© Есеналиева Ж., 2020

© «Полилингва» баспасы, 2020

Мазмұны

Алғы сөз	5
1 Тақырып. Салғастырмалы (контрастивті) тіл білімінің мақсат- міндеттері	9
1.1. Салғастырмалы (контрастивті) тіл білімі – жеке ғылым саласы	9
1.2. Салғастырмалы (контрастивті) тіл білімінің зерттеу нысаны	23
2 тақырып. Тіл біліміндегі салыстырмалы зерттеулердің тарихы	31
2.1. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізі	31
2.2. Түркі тілдерінің алғашқы классификациясы. Махмұт Қашқари	39
2.3. Тілдерді салыстыру-салғастырудың әдіс-тәсілдері	44
3 тақырып. Тіл біліміндегі салғастырмалы зерттеулердің тарихы	51
3.1. Салғастырмалы талдаудың негізгі бағыттары	51
3.2. Тілдерді салғастырудың ұстанымдары	57
4 тақырып. Дүние жүзі тілдерінің топтастырылуы (классификациясы)	65
4.1. Тілдердің генеалогиялық топтастырылуы	65
4.2. Түркі тілдерінің генеалогиялық және типологиялық сипаты	65
4.3. Тілдердің типологиялық топтастырылуы	76
3.1. Флективті (қопарылмалы) тілдер	81
3.2. Агглютинативті (жалғамалы) тілдер	82
3.3. Түбір тілдер	83
3.4. Инкорпоративті тілдер	84

5.тақырып. Тілдердің көпөлшемді классификациясы	89
5.1. Лингвистикалық типология жіктемелерінің негізі	89
5.2. Тілдік құрылым және тілдік жүйе	99
5.3. Тіл типі және тілдегі тип	110
5.4. Лингвистикалық типологиядағы метатіл	118
5.5. Коммуникативтік мінез-құлық ерекшеліктері	122
 Салғастырмалы тіл білімі пәні бойынша рөлдік ойындар	129
Салғастырмалы тіл білімі пәні бойынша	
Семинар сабақтары	132
Салғастырмалы тіл білімі пәні бойынша БӨЖОЖ	133
Салғастырмалы тіл білімі пәні бойынша БӨЖ	144
Кейс стади тапсырмалары	148
Білімгердің оқу үлгерімін бақылау бойынша сұрақтар	155
Салғастырмалы тіл білімі пәнінен емтихан сұрақтары	159
Салғастырмалы тіл білімі терминдер сөздігі	169
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	185

Алғы сөз

Оқулық студенттерді салғастырмалы тіл білімінің негізгі концепциясымен, ұғымдарымен, терминологиямен, салыстырмалы және салғастырмалы лингвистиканың ұғымдық аппаратымен, мақсат-міндеттері мен зерттеу әдістерімен таныстырады. Сонымен қатар, салғастырмалы тіл білімінің қазіргі жағдайының кейбір мәселелеріне, атап айтатын болсақ, тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу тарихына, логикалық, лингводидактикалық және лингвомәдени аспектілеріне назар аударылады.

Курсты оқыту шеңберінде тілдерді салғастырмалы оқыту тарихымен, салғастырмалы лингвистиканың жекелеген салаларымен байланысты негізгі мәселелерді қарастырады. Салғастырмалы лингвистика методологиясымен контрастивтік грамматика, лексикология, салғастырмалы фонетика мен фонология, морфология, мәдентетаралық коммуникацияның салғастырмалы зерттеу мәселелері зерделенеді.

Курстың негізгі дидактикалық мақсаты - салғастырмалы лингвистиканың лингвист-оқытушының, лингвист-аудармашының және мәдениетаралық коммуникация саласындағы маманның жалпы теориялық дайындығы үшін маңыздылығын көрсету, контрастивті лингвистиканың теориялық тұжырымдамалары мен мәдениетаралық байланыстар практикасының байланысын қарастыру. Сонымен қатар, курс тілдік зерттеудің салғастырмалы әдістерінің мүмкіндіктерін көрсетуге бағытталған, бұл әсіресе жоғары курс студенттері үшін ғылыми жұмыста және диплом жұмыстары үшін өте керек.

Салғастырмалы тіл білімі курсын зерделеу нәтижесінде студент салғастырмалы тіл біліміндегі негізгі теориялар туралы білім алады, бұл құрылымы әртүрлі тілді зерттеуде тілдерді салғастырудың кейбір әдістері мен тәсілдерін саналы түрде қолдану қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Курста студенттердің келесі дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру қарастырылған:

- жүргізіліп жатқан салғастырмалы зерттеудің теориялық бағытын анықтай білу;
- терминология мен салғастырмалы тіл білімінің ұғымдық аппаратын зерттеу және ғылыми еңбектерде қолдана білу;
- салғастырмалы лингвистика әдістерін студенттің өздік жұмыстарында дұрыс қолдана білу.

Студенттің өзіндік жұмысы барысында ғылыми әдебиеттерді пайдалана отырып, реферат жазу дағдыларын дамыту және жетілдіру ұсынылады. Қосымша шығармашылық тапсырмалар (дискуссия, баяндамалар, жоба жасау) болашақ маманның өзіндік ғылыми және теориялық ұстанымын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Курстың құрылымына проблемалық салалық принцип бойынша ұйымдастырылған тақырыптар кіреді. Салғастырмалы зерттеудің негізгі бағыттарын қарастыратын кіріспе бөлімінен кейін «Тіл біліміндегі салыстырмалы зерттеулердің тарихы», «Тіл біліміндегі салғастырмалы зерттеулердің тарихы», «Дүние жүзі тілдерінің классификациясы», «Тілдердің көпөлшемді классификациясы», «Халықтың коммуникативті мінез-құлқын контрастивті зерттеу» бөлімдері келтірілген. Лингвистикалық типологияға ерекше көңіл бөлінеді. Оның ішінде типологияның негізгі ұғымдары тіл типі, тілдегі тип, метатіл, эталон тіл, изоморфизм, алломорфизм, тілдегі басым белгілер (доминанттар) зерделенеді. Оқулықтың материалына дәрістер, кестелер, бақылау сұрақтары және өздік жұмыс, кейс-стади, жоба жұмыстары тапсырмалары кіреді.

Оқу курсының нәтижелері: Студент тілдерді салыстыру, салғастыру барысында метатілдік бірліктерді анықтай отырып, тілдер арасындағы изоморфизмдерді, алломорфизмдерді, доминанттық белгілерді анықтай алу, сонымен қатар:

- Салғастырмалы тіл білімінің өзекті мәселелері бойынша лингвистикалық деректерді талдау кезінде зерттеу әдістерін қолдану;
- Әртүрлі типологиялық мектептердің бағыттардың жекелеген ғалымдардың тұжырымдамаларына талдау жүргізу;
- Ана тілінің ғылыми негізінің қалыптасу кезеңдерін, көрнекті өкілдерін;
- Үйреніп жатқан шетел тіліне қатысты лингвистикалық дәстүрдің көрнекті өкілдерін;
- Әлемдегі танымал ғылыми мектептерді, белгілі ғалымдарды, олардың негізгі ғылыми ұстанымдарын және тіл біліміндегі жаңа ғылыми бағыттарды білу;
- логикалық сөйлеу дағдысының базасы ретінде тілдік нормаларды білуі тиіс.

Дамытылатын құзіреттер:

- *когнитивтік-лингвомәдени құзыреттілік*. Ол салғастырмалы тіл білімі пәні бойынша тұтынушысының тілдік санасына тән «екінші тілдік концептуалдық әлем» моделін саналы түрде қалыптастыруға, салғастырмалы тіл білімі ғылымындағы ең маңызды бағыттарға бағдарлама дайындауға мүмкіндік береді;
- *әлеуметтік-мәдени*, тіл үйренушіде басқа лингво-социум әлемі мен концепт ретінде «екінші когнитивтік сананы» және оның когнитивтік жүйесінде әлем туралы білім мен «өзге аяны» тілге қатысты «екінші құрылым-білімді» қалыптастырады. салғастырмалы тіл білімінің өзекті мәселелері бойынша лингвистикалық деректерді талдау кезінде зерттеу әдістерін қолдану құрылымын қалыптастырады;
- *контенттік-кәсіби*, салғастырмалы тіл біліміне арналған (мәселе, мамандық тілі бойынша жалпы аялық

ақпарат, талқылауға апаратын жағдаят, болжамдық шешімдер) бастапқы мәтіннің пәндік мазмұнын бейнелейтін жаңа когнитивтік лингвомәдени кешенді меңгеру ретінде түсіндіріледі;

- *кәсіби-бағытталған*, салғастырмалы тіл білімін меңгеру – болашақ кәсібінің қызмет технологиясымен тікелей байланысты тілдік және сөйлеу қызметінің барлық ауызша және қатысымдық аспектілерінде айқындалады. Салғастырмалы тіл білімі оқытуда тіл студенттің болашақ мамандығының ерекшеліктерін ескере отырып, оқытылады. Бұл әртүрлі типологиялық мектептердің бағыттардың жекелеген ғалымдардың тұжырымдамаларына талдау жүргізумен анықталады.

1 Тақырып. Салғастырмалы (контрастивті) тіл білімінің мақсат- міндеттері

1.1. Салғастырмалы (контрастивті) лингвистика жеке ғылым саласы

Тіл білімі, лингвистика (лат. lingua - тіл) - әлем тілдерінің шығуын, даму заңдарын, құрылымын, әлеуметтік қызметін, тарихи дамуын және оның жалпы ішкі заңдылықтарын зерттейтін ғылым саласы. Тіл білімінің қай бағыты болса да қарастыратын нысаны адам және оның тілі. Адамзаттың сөйлеу тілі тіл білімінің негізгі зерттеу нысаны болып табылады. Адамдар арасындағы өзара түсінісу құралы саналатын кез келген тіл адам үшін, адамның өмірі үшін, қоғам үшін қызмет етеді. Тіл білімі қолданыстағы тілдерді қарастырады, зерттейді, күнделікті қолданыстағы тілдер бойынша тұжырым жасайды.

Тіл білімінің тарихын түбегейлі түсіну үшін лингвистикалық ғылыми бағыттардың, ағымдардың, көзқарастардың, түрлі ғылыми мектептердің ерекшеліктерін ажырата білген орынды. Жаңа ғылыми бағыттар мен ағымдардың туындауына негіз болған басты себептердің бірі – тілге деген жаңаша түсінік, түрлі анықтамалар мен оның өзіндік мәнін, ерекшелігін, қызметін айқындауға байланысты айтылған пікірлер мен сан алуан көзқарастар еді.

Лингвистиканың кез келген бағыты тілді сан алуан аспектіде қарастырады. Міне, осыдан келіп лингвистердің пікірлері бірнеше жікке бөлінеді. Олардың біразы тілді қоғамдық құбылыстар қатарында деп қараса, енді біреулері тілді жаратылыстану құбылыстарына жатқызады. Ал, қайсы біреулері тілді жеке адамдардың психикасына, яғни сөйлеу ерекшелігіне негізделеді деп, оны психология ғылымының қатарына қосады. Бұл тәрізді сан алуан пікірлер тілге анықтама беруде кейбір қайшылықтарға әкеледі. Көтерілген мәселелерді

шешуде тіл білімінің тарихында бірнеше көзқарастар мен ағымдар, әртүрлі бағытты ұстанған лингвистикалық мектептер болды.

Салыстыру сыртқы қоршаған ортаны танып, білудің бірден-бір логикалық әдісі. Сондықтан да ол ғылымдардың барлығына тән. Фактілерді бір-бірімен салыстыру тек ғылыми зерттеулерде ғана емес, әртүрлі тілдерді үйрену, оқыту процестерінде де, салыстырмалы сөздіктер жасауда да кең қолданылады. Салыстыру арқылы салыстырылып отырған нысанның ерекшеліктері, басқаларға ұқсастық және одан өзгешелік жақтары айқындалады.

Салғастырмалы тіл білімі жалпы тіл білімінен бөлініп шығады, ол тек туыс тілдерді ғана емес, сондай-ақ, туыс емес тілдерді де салғастырады. Салғастырудың нәтижесінде әртүрлі тілдер құрылымындағы ортақ сәйкестіктерді анықтау мүмкіншілігі артады. Құрылымы ұқсас тілдер бір типке біріксе, құрылымы әрқилы тілдер әртүрлі топтарға бөлшектенеді. Тілдерді географиялық белгілеріне қарай топтастыруды санамағанда тілдер толық зерттелмеген жағдайда олар осылайша да топтастырылған. Оларды ерекше айырым-белгісіне (критерий) қарай жеке топтарға бөлу - ертеден қолданып келе жатқан зерттеудің бір түрі. Мұндай зерттеулердің нәтижесінде біз барлық тілдерге ортақ қандай да бір белгілерді немесе оларда кездеспейтін ерекше белгілерді анықтай аламыз. Осылайша тілдердің ортақ белгілері туралы айта аламыз.

Салғастырмалы зерттеу - тілдердің құрылымдық және функционалдық (қызметтік) қасиеттерін шығу тегіне қарамастан салғастыра зерттеу. Салыстырмалы-тарихи аспектілермен бірге, тіл зерттеудің негізгі аспектісі ретінде контрастивтік лингвистика өзінің табиғатымен және зерттеу принциптерімен, тәсілдерімен ерекшеленеді.

Контрастивті лингвистикада қолданылатын терминдер, екі тілде бірдей қолданылуы міндетті. Өйтсе де, әрбір термин тілдегі жалпы белгілерді біріктірумен қатар, әр тілдің өзіне ғана тиесілі ерекшелікті білдіретін белгілерді қоса көрсетеді. Осы

шарттар орындалған кезде ғана тілдерді салғастыру мүмкіндігі туады. Бұл пайымдауды В.М.Солнцев: «Всякое сопоставление и сравнительное изучение языков фактически всегда побуждает различать общие и частные свойства и критерий. Лингвистика явно или неявно всегда этим занималась» - деп, растай түседі.

Қазіргі тіл білімінде туыстас және туыс емес тілдерді салғастыра зерттеу – олардың арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ашуда үлкен роль атқарады. Тілдердің фонологиялық, морфологиялық, грамматикалық, лексикалық т.б. ерекшеліктерін салғастырмалы әдіспен зерттеу 20-ғасырдың екінші жартысынан бастап, бүгінгі күнге дейін салғастырмалы тіл білімі ретінде қалыптасып отыр.

Салғастырмалы тіл білімінің жеке сала ретінде қалыптасуында, оның зерттеу әдістері мен мақсат, міндеттерін айқындауда В.Д.Аракин, (1973), Дж.Буранов, (1983), В.Н.Ярцева, (1960,1981,1986), У.К.Юсупов, (1983) т.б.ғалымдардың еңбектерін ерекше атауға болады.

Салғастырмалы лингвистикада көбіне екі, кейде одан да көп тілдер салғастырылып, одан шыққан қорытынды бір топ кешенді теориялық және лингводидактикалық мәселелерді шешуді қажет етеді. Ондай теориялық мақсат-міндеттер деп төмендегілерді атауға болады:

1) Салғастырылып отырған тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарды анықтау; 2) бір тілді оқып-үйренуде көзге түспейтін, ескерілмей қалатын белгілерді тауып көрсету; 3) сол тілдерге тән тілдік үрдістерді айқындау; 4) салғастырылып отырған тілдер арасындағы жүйелік сәйкестіктер мен айырмашылықтарды (яғни тілдер арасындағы эквиваленттер мен лакуналарды) анықтау; 5) тілдердің бір-біріне ықпалын, бір-біріне әсерін (егер қатар өмір сүрсе) нақтылау; 6) мүмкіншілігінше тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарды түсіндіру; 7) салғастырылып отырған тілдердің арасында кездесетін дедуктивтік универсалийлерді таныту.

Ал лингводидактикалық мақсат, міндеттер мына мәселелерді қамтиды:

1) Салғастырылып отырған тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтардың әдістемелік мәнділігін (релеванттылығын) айқындау; 2) тіл аралық ықпалдық (интерференция) сипатын анықтау; 3) шет тілін оқытуда тілдер арасындағы айырмашылықтарға байланысты туындайтын қиыншылықтарды көрсету; 4) шет тілін оқытудың әдістемесі ретінде тілдер арасындағы салғастырудың шекарасын көрсету; 5) шет тілін оқытудың әдістемесі ретінде тілдерді типологиялық жағынан салыстыруды жіті зерттеу.

Салғастырмалы лингвистика саласында қазіргі уақытта екі бағыт қатар келеді: теориялық мақсатта тілдерді салғастыра зерттеу және лингводидактикалық мақсатта тілдерді салғастыра зерттеу.

Бірінші бағыттағы ғалымдар (В.Г. Гак, 1977; Ю.С. Маслов, 1978; Дж. Буранов, 1983) салғастырмалы лингвистикада тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ұқсастықтарды топтастыруда теориялық мәселелерге баса назар аударса, екінші бағыттағы тілшілер (Р.Ю. Барсук, 1970; Lado, 1957, Nickel, 1971) лингводидактикалық аспектіге көбірек көңіл бөліп, екі тілді типологиялық жағынан салғастыра талдауды шет тілін оқытудың тиімді әдістемесі мақсатында қарастырады.

Салғастырмалы тіл білімінің салаларының бір бағыты ретінде контрастивті, конфронтативті, компаративті лингвистикалар дараланады.

Профессор Қ. Рысалды контрастивті салғастырудың ерекшелігін тілдердің генетикалық қатынасына қарамай, олардың айырымдылық-контрасты қасиеттеріне көңіл бөлетіндігінде десе, компаративті салыстыру тілдердің айырымдылық ерекшеліктерінен гөрі ұқсастығын зерделеу басым болып, салыстырмалы тіл біліміне тән нысанды көздейтінін айтады. Ғалым контрастивтіні конфронтативтікке қарсы қойып жіктеп жатудың артық екендігі туралы В.Г. Гак пен Э.Д. Сүлейменова айтқан пікірді қолдайды. Сөйтсе де «тілдердің

айырмашылығын анықтаған кезде, олардың ұқсастықтары да назарда болады, ұқсастықтар негізінде айырымдылық қасиеттері айшықтанады; тілдердегі ұқсастық пен контрасты айырмашылық диалектикалық бірлікте болады, бірінсіз-бірі болмайды» - деп түйіндейді Қ.Рысалды.

Ал В.Д. Аракиннің «Сравнительная типология английского и русского языков» атты еңбегін бинарлы (екі тілді) салғастыру деп айтуға болады. Автор ағылшын және орыс тілін салыстыруды тілдің барлық деңгейі (фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік және лексикалық) бойынша жүргізеді. Еңбекте құрылымы әртүрлі тілдердің материалы негізінде жалпы және жеке типологияның теориясы мен проблемалары сөз болады. Оның ішінде тілдің типі, тіл аралық изоморфизмдер мен алломорфизмдер талданып, типологиялық зерттеудің әдіс-тәсілдері сараланады.

Бинарлық салғастыру кейде бір тілді туыстас бірнеше тілдермен бірге салғастыруға ұласуы ықтимал. Ондай жағдайда тіл ішілік алломорфтар тіл аралық алломорфтармен салғастырылады. Мұндай салғастыруға Дж.Бурановтың «Сравнительная типология английского и тюркских языков» атты іргелі еңбегін жатқызуға болады. Зерттеуде алғаш рет кеңестік және шетелдік ғылымдардың тіл типологиясы саласындағы соңғы жетістіктеріне негізделген лингвистикалық типологияның ғылыми классификациясы келтірілген. Дж.Буранов бұл еңбегінде ағылшын тілін түркі тілдерімен салғастырып, арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар саралайды.

Салғастырмалы (контрастивті) лингвистика өзінің зерттеу әдіс-тәсілдері бар тіл білімінің негізгі бағытының бірі. Тілдер арасындағы ұқсастықтар, сәйкестіктер мен айырмашылықтарды қарастырып, салғастырады. Лексикалық және фразеологиялық ұқсастықтар мен айырмашылықтарды да салғастырмалы лингвистика қарастырады. Салғастырмалы талдаудың негізгі кез келген тілдің бірліктері болуы мүмкін: фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, грамматикалық

құбылыстар тіпті мәтінге дейін. Салғастырмалы зерттеулер тілдің барлық деңгейлері (фонетика, лексика, грамматика) бойынша жүргізіледі. Контрастивті зерттеулер тек екі тілді ғана емес үш тіпті одан да көп тілдерді қамтуы мүмкін.

Контрастивті лингвистиканың мынадай қайнар көзден бастау алады: салыстырмалы тіл білімі, лингвистикалық типология және лингвистикалық универсалийлер.

1. Салыстырмалы тіл білімі

Салғастырмалы тіл білімінің, контрастивизмнің алғашқы ғылыми қайнар көзі салыстырмалы тіл білімі болды, ол бастапқыда тілдердің туыстық немесе туыстық емес қатынасы параметріне көңіл бөлмеді.

Екі тілді салыстырмалы зерттеулер (кейде жүйесіз, кейде толық емес) ерте кезден жүргізіле бастаған. Саналы немесе бейсаналы түрде екінші тілдің грамматикасын (ана тілінің көптеген алғашқы грамматикаларын) түсіну, (мысалы, И.П. Сусов ертеде Вавилондағы шумер және аккад тілдерінің арасында лексикалық салыстыруларлар болғанын, сондай-ақ, хетт аудармашыларының хетт және басқа тілдерді салыстыруының, Панинидің санскритті Ведик пен пракритпен салыстыруының, Орта ғасыр мен қайта өрлеу дәуірінде ежелгі латын және грек ғалымдары ана тілдерін латын, ежелгі грек тілдерімен грамматикалық салыстыру тәжірибелерінің болғанын айтады).

Салыстырмалы тіл білімі -тілдерді шыққан тегіндегі жакындығына, типологиялық құрылымына тәуелсіз зерттейтін тіл білімінің саласы. Салыстырмалы тіл білімінің мақсаты - салыстырылатын тілдердің арасындағы ұқсастықты, айырмашылықты айқындау.

Салыстыру тілдің әр түрлі деңгейлерінде (фонетика, фонология, лексика, морфология, синтаксис) мен тілдік элементтері арасында (фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) жүргізіледі: грамматикалық құрылыс, құрылымдық-семантикалық ұқсастықтар мен айырмашылықтар, тілдің лексика-семантикалық категориялары т.б. Салыстырмалы

тіл білімінің негізінде салыстырмалы әдіс жатыр. Яғни, **«салыстыру»** деген терминді екі немесе одан да көп тілдерді салыстырғанда, мысалы қазақ және қырғыз тілін, қазақ және қарақалпақ тіліне байланысты айтамыз. Салыстырмалы лингвистиканың ғылымға дейінгі қайнар көзі күнделікті өмірдегі байқаулар деп танылуы керек. Ұзақ уақыт бойы адамзат, әсіресе аудармашылар, алғашқы тіл мұғалімдері, саяхатшылар, көпестер және т.б. «аңғал» мәдениетаралық коммуникаторлар әлемдегі тілдердің айырмашылықтары туралы өз байқауларын жасап, қағазға жазып отырған. Салыстыру сыртқы қоршаған ортаны танып, білудің бірден-бір логикалық әдісі. Сондықтан да ол ғылымдардың барлығына тән. Фактілерді бір-бірімен салыстыру тек ғылыми зерттеулерде ғана емес, әртүрлі тілдерді үйрену, оқыту процестерінде де, салыстырмалы сөздіктер жасауда да кең қолданылады. Салыстыру арқылы салыстырылып отырған нысанның ерекшеліктері, басқаларға ұқсастық және одан өзгешелік жақтары айқындалады.

2. Лингвистикалық типология

Қазіргі тіл біліміндегі тілдерді типологиялық жіктеудің тағы бір саласы - лингвистикалық типология. Ол тілдердің арасындағы туыстық-генетикалық қатынастардың сипатына қарамастан тілдердің құрылымдық және функционалдық қасиеттерін салғастырмалы зерттеп, қарастыру болып табылады. «Лингвистикалық типология» – ғылыми пән. Типологиялық тіл білімі жалпы тіл білімінен бөлініп шығады. Ол туыстық тегіне байланыссыз, тілдердің құрылымдық және функционалдық қасиеттерін салғастырып зерттейді. Типологиялық мәлеметтер көптеген сферада қолдануына қарамастан, тіл білімі үшін лингвистикалық типология – тікелей тіл теориясымен байланысты. Бұл пәннің мақсаты – студенттер мен магистранттарды негізгі тілдік теориялармен қаруландыра отырып, лингвистикалық типологияның пәні, мақсаты мен міндетін саралап, типологиялық терминдер мен ұғымдарға толық түсініктеме берумен қатар, құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беру.

Жаңа ғасыр таңында тілдің мәдени, этнолингвистикалық, ұлттық, аспектілеріне қызығушылықтың артуына байланысты тілдерді типологиялық тұрғыдан салыстырмалы және салғастырмалы түрде тереңірек әрі жүйелі зерттеу қажеттігі туып отыр. Өйткені, құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыра зерттеу ол тілдердің ұлттық ерекшелігін, құрылым-құрылысын танып білуге, сол тілдерде сөйлейтін ұлттардың дүниетанымы мен болмысын, тұрмыс тіршілігін, менталдық айырмашылығын жақынырақ тануға мүмкіндік береді. Әрине, тілдердің ерекшеліктерімен бірге олардың өзара ұқсастықтары, сәйкестіктері де болуы мүмкін. Біз мұны тек әртүрлі құрылымды тілдерді салыстыра және салғастыра зерттегенде ғана анықтай аламыз.

Тілдерді бір-бірімен салғастырғанда, бұған дейінгі тіл білімінде олардың жеке бірліктерінің тұлғаларын, ерекшеліктері мен ұқсастық қасиетерін негізге ала отырып, морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық деңгейлерінің мәселелері қарастырылды, олардың жеке категориялық ерекшеліктері сарапқа салынды. Осы дәстүр бойынша қазіргі қазақ тілі көпшілік жағдайда орыс тілімен салғастырыла зерттеліп, орыс-қазақ тілдерінің салғастырмалы грамматикасы жасалды.

Кейінгі жылдары, ұлтаралық қатынастардың дамуына байланысты, әр-түрлі тілдік топтарды және құрылымы жағынан мүлдем алшақ тілдерді типологиялық тұрғыдан зерттеу дәстүрге айналды. Ғылыми ізденістер тіларалық сәйкестіктердің теориялық негізінің жасалуына үлкен үлес қосты. Дегенмен бұл проблеманың тіл ғылымының кейінгі жетістіктері тұрғысынан әлі де нақтылай, жүйелей түсетін тұстары жоқ емес. Мәселен, соңғы кездегі лингвистикалық зерттеулерде қайсыбір тіл құбылысын жаңаша зерделеу, бұрынғы дәстүрлі әдістен шығып, өзгешерек түсіндіру бағыты байқала бастады. Мұндай жаңа нышан құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан зерттеу мәселесінде де сезіледі. Тіл ғылымындағы бұл ерекшелікті ескермейінше құрылымы алшақ тілдерді салғастырғанда, ол тілдердің ішкі жүйесінің заңдылықтарын да, олардың грамматикалық табиғатын толық тану, жете сипаттау,

әрине, мүмкін болмайды. Қазір тілдерді типологиялық жағынан зерттегенде мынадай негізгі ұғымдармен байланысты зерттеу қажеттігі туып отыр. Ол ұғымдар, атап айтсақ, типологиялық жіктемелердің негіздері, тіл типі, тілдегі тип, типологиядағы метатіл, тілдердің көпөлшемді классификациясы, тіл құрылымындағы типологиялық басымдылық (доминанттық белгі) т.б.

Әрбір ғылымның, пәннің зерттеу нысаны болатыны сияқты лингвистикалық типологияның да өз зерттеу нысаны бар. Ол нысан – тілдер типі.

«Лингвистикалық типология» пәнінің шешуге тиісті өзекті мәселелері - негізінен, әлем тілдеріне ортақ жалпы мәселелер, бір-біріне ұқсас сәйкестіктер мен ұқсастықтар бар ма, бар болса ол қандай мәселелер? Дүние жүзі тілдері бір-біріне несімен ұқсайды, несімен ерекшеленеді? Ол айырмашылықтардың мәні неде?

Дүние жүзіндегі тіл атаулының бәрі атқаратын қызметі жағынан бірдей. Ол - қатынас құралы қызметі. Бұл тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ортақ заңдылықтар болатындығының айғағы. Тілдердің бәрінде де дыбыс, сөз, грамматикалық форма, сөйлем дегендер болады. Бұл – дүние жүзі тілдерінің тілдік бірліктері жағынан біркелкі болатындығының дәлелі. Әрине, тілдер арасында ұқсастықтармен бірге ерекшеліктер, айырмашылықтар да болады. Біз мұны тек әртүрлі құрылымды тілдерді типологиялық параметрлер арқылы салғастыра зерттегенде ғана анықтай аламыз.

Тіл атаулының бәрі заман өткен сайын өзгеріске ұшырап, дамып отырады. Бұл да тілдердің барлығына тән, ортақ қасиет. Айта берсек, барша тілдерге ортақ мұндай қасиет көп. Олай болса, лингвистикалық типология тіл атаулының барлығына тән осындай ортақ қасиеттерді, ортақ заңдылықтарды, тілдік универсалийлерді сөз етіп, қарастырады. Ондай тілдік универсалийлерді тілдерді бір-бірімен салғастырғанда ғана, тілдер арасындағы изоморфизмдер мен алломорфизмдерді толық көрсеткенде ғана анықтауға болады.

3. Универсалийлер лингвистикасы

Универсалийлер лингвистикасы – тілдердің туыс, туыс еместігіне қарамастан әлем тілдерінің барлығында кездесетін лингвистикалық құбылыстарды (универсалийлерді) анықтап, зерттейтін бағыт.

Универсалийлердің әртүрлі топтары бар:

1. Универсалийлердің бірінші тобы тілдерді тілдік емес дүниемен салыстыру негізінде анықталады (мысалы, тілдерді басқа белгілер жүйесімен, информация беру және сақтаудың басқа жүйелерімен салыстыру). Бұл жерде әңгіме, әрине, семиотикалық типология туралы болып отыр.

Тілдерді информацияның басқа жүйелерімен салыстырғанда мынадай жалпы сипаттағы универсалийлерді көруге болады: олардың тілдегі ара салмағы 50%. Мәселен, американдық лингвист Хоккет барлық табиғи тілдерге тән 16 жалпы сипаттағы универсалийлерді көрсеткен. Ғалым табиғи тіл деп (жазу тілі, жест тілі, дауылпаз тілі, ысқырық тілі т.б.тілдерді қоспайды) тек ауызша қарым-қатынас тілін, яғни адамзат тілін ғана ұғады.

2. Универсалийлердің екінші тобын анықтау жалпы тіл теориясымен ұштасып жатады. Себебі екеуінің де мақсаты тілдердің ең алдымен адамзат әрекетінің атрибуты ретінде қызмет ететіндігін айқындау. Типологияның бұл бағыты тілдердің универсалды ерекшеліктеріне сүйенеді. Мақсаты белгілі бір тілді жеке ерекшеліктерден жалпы ортақ мәселелерге қарай сипаттау. Тілдердің әртүрлі ерекшеліктерін біріктіру және тілдерге ортақ универсалийлерді табу жалпы типологияға тән бірден бір әдіс. Лингвистикалық типологияда тілдік универсалийлерді тек тілдерді бір-бірімен салыстырғанда ғана анықтауға болады. Олай болса, ол универсалийлерді *лингвистикалық универсалийлер* деп атауға болады.

Лингвистикалық универсалийлер дегеніміз - тілдердің негізгі сипатын ашып бере алатын көптеген тілдерге тән қасиеттер мен белгілер, әлемдегі әр- түрлі тілдердің барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер.

Универсалийлердің негізгі типтері - фонологиялық, грамматикалық, семантикалық және символикалық типтер.

Фонологиялық универсалийлер: Әлемдегі тілдердің бәрінде де дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді. Барлық тілдерде дауыссыз дыбыстар жасалуына байланысты сараланады т.б.

Грамматикалық универсалийлер: Тілдердің барлығында сөз таптары бар. Жіктеу есімдігі үш жақта айтылады т.б.

Семантикалық универсалийлер: Семантикалық универсалийлер ұғым дамуының заңдылықтарын белгілейді. Мысалы, барлық тілдерде семантикалық ұғымдар жансыз заттармен тіркесіп, басқа ұғым береді: *иненің көзі*, (ушко иглы), *шәйнектің аузы* (носик чайника) т.б. Тілдердегі метафоралар дыбыстармен тікелей байланысты.

Тіл білімі тұрғысынан алғанда жалпы адамзаттың ойлау жүйесі бірдей. Сондықтан олардың жаратылыстық және қоғамдық құбылыстар жөніндегі танымдары да бірдей. Оларды тек ой формасы болып табылатын тіл ғана бір-бірінен өзгешелендіріп тұрады. Бір сөзбен айтқанда, тіл біртүрлі мазмұнды түрліше формада бейнелейді. Басқаша айтқанда, әлемдегі барлық тілдер ортақ мазмұнды түрліше формада сипаттайды. Әйтсе де, ол тілдердің арасынан құрылымы жағынан, фонологиялық, грамматикалық, семантикалық универсалийлерді табуға болады.

Универсалийлер синхронды (мысалы, кейбір сәйкестіктер тіл дамуының белгілі бір кезеңінде ғана болады) және диахронды (тіл дамуындағы заңдылықтарды білдіретін сәйкестіктер) болып бөлінеді. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі қандай да болмасын диахроникалық процестердің жиынтығы тілдің синхронды жағдайын көрсетеді. Өйткені тілдің синхрондық жағдайынан тыс ешқандай диахроникалық процестердің де болуы мүмкін емес.

Универсалийлер абсолюттік, статистикалық, дедуктивті және индуктивті болып жіктеледі.

Абсолюттік немесе толық сәйкестіктікте ешқандай

ауытқушылық болмайды (мысалы, *табу* тілдердің барлығында кездеседі. Әлем тілдерінің барлығында дыбыстар дауысты және дауыссыз болып бөлінеді т.б.).

Статистикалық немесе толық емес универсалийлер көп кездеспейді. Аталмыш сәйкестіктер тіл жүйесінің басқа жүйеге өтпелі кезеңінде пайда болуы мүмкін. Мәселен, әлем тілдерінің барлығында (арант және абазин тілдерін қоспағанда) кем дегенде екі дауысты дыбыс бар.

Типологиядағы универсалийлер немесе сәйкестіктер дедуктивті (тілдерді зерттемей) және индуктивті (бірнеше тілдерді қатар салғастырып) әдіспен анықталуы да ықтимал. Бірінші жағдайда типологиялық заңдылықтар барлық тілдерге ортақ болуға тиіс деп қабылданатын теориялық болжамға негізделсе, екінші жағдайда нақты анықталған универсалды сипаттамалар сөз болады. Лингвистикалық универсалий мәселелерін сұрыптау кезінде бұл аталған екі тәсілдердің екеуі де негізге алынады. Өйткені бірнеше тілдік фактілер арқылы жасалған дедуктивті пікірлер кейін индуктивті жолмен нақтыланып, ғылыми қорытындылар жасалады. Мысалы: тілдік деңгейлер бойынша қарастырылатын ортақ заңдылықтар қатарында әр тілдің құрылымдық-жүйелік ерекшелігін саралау, сөздердің сөз таптарына жіктелуі, сөз құрамының морфемалармен сипатталуы, қосымшалардың сөз тудырушы және форма түрлендіруші немесе деривациялық яки реляциялық қызметте жұмсалуды секілді мәселелерді барлық тілдерге қатысты анықтау – заңды нәрсе.

Өзінің сипаты жағынан универсалийлер элементарлық (белгілі бір тілдік құбылыстың кездесетінін білдіретін) және имплицативтік болып сараланады.

Имплицативтік сәйкестіктер екі тілдік құбылыстың арасындағы байланысты білдіреді. Имплицативтік сәйкестіктердің мазмұнын былайша түсіндіруге болады: «Егер тілде X құбылысы болса, онда ол тілде Y құбылысы да болады». Алайда, керісінше, олай болмауы да мүмкін. Яғни тілдегі Y құбылысының болуы ол тілде X құбылысының

барлығын көрсетпейді. Мысалы, егер қандай да бір тілде септік категориясы немесе тек (род) категориясы болса, ол тілде сан-мөлшер категориясы да болады. Немесе егер тілде сан-мөлшер категориясының екілік түрі болса, онда ол тілде аталған категорияның көптік түрі де кездеседі. Бұл тұрғыда тілдерде белгілі бір құбылыстардың кездесуі логикалық байланыстың нәтижесі деп танылады. Мысалы, 1) Қарапайым (элементарлы) тұжырымдамаға сәйкес, «Барлық тілдерде А құбылысы бар, ол бәріне ортақ және оның кездесуі - заңды» деген сияқты пікір айтылады. Оған дәлел ретінде барлық тілдердің құрылымдық, жүйелік ерекшелігі, таңбалық сипаты айқындалған, тілдік деңгейлері мен бірліктері сұрыпталған секілді лингвистикалық қағидалар келтіріледі.

2) Күрделі (имплицитивті) логикалық байланыстар «егер..., онда...» сияқты құрылымдық сәйкестіктер негізінде жасалады. Айталық, «Егер тілде сөз тудырушы морфемалар болса, онда сөз түрлендіруші аффикстердің болуы – заңды құбылыс», немесе «егер тілдерде сабақтаса байланысу кездессе, онда салаласа байланысқан құрылымның орын алуы да заңды» және т.б.

Лингвистикалық сараптама мен статистика жүргізудің қиындығына көз жеткізу қиынға соқпайды. Дегенмен, іс жүзінде 30-ға жуық тілдер мен барлық тілдік семьяларды (Гринберг, 1970) зерттеген не болмаса 400 тілдік материалды (Соколовская, 1980) қамтыған фактілерді, 700 тілдің дыбыстық жүйесін талдауға арналған лингвистикалық еңбектерді алып қарайтын болсақ, универсалийлердің бұдан басқа сандық және сандық емес түрлері де кездесетініне көз жеткіземіз. Сандық универсалийлер тілдегі кейбір заңдылықтардың сандық көрсеткішін анықтайды (мәселен, барлық тілдерде фонемалардың саны 85-тен аспайды).

Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру тілдердің типологиялық классификациясын құруға негіз бола отырып, тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ерекшеліктерді дәл көрсетуге мүмкіндік береді. Әртүрлі тілдерді құрылымдық талдау тілдік универсалийлерді айқындауға көмектеседі. Жеке

тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай талдауда тілдік универсалийлер тілдің құрылымын коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады. Сондықтан да, құрылымдық типология – қазіргі лингвистикада маңызды мақсат, міндеттер шешілетін тіл білімінің негізгі саласы.

Лингвистикалық универсалийлер типологиялық зерттеу нақты тілдердің әртүрлі қабаттарынан, деңгейлерінен, тілдің жеке элементтерінен бастап, тілдің бүтіндей жүйесіне негізделгенде ғана толық анықталады.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі, типология және салғастырмалы лингвистика бір-бірінен тек мақсат-міндеттерімен емес, сонымен қатар, тілдерді зерттеуде әдіс-тәсілдерімен де ерекшеленеді.

Салғастырмалы типологияда зерттеу салғастырмалы және типологиялық сипат алады. Салғастырмалы сипат нақты тілдерді салғастырудағы (әдетте екі тіл салғастырылады) шыққан нәтижеге байланысты. Типологиялық сипат ол тілдер арасындағы анықталған ерекшеліктерге байланысты болады.

Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру барысында анықталған универсалийлер де тілдің типін анықтауға септігін тигізеді.

Егер әртүрлі семья құрамына енетін салғастырылатын тілдердің саны көп болса немесе зерттеу барысында салғастыруға тартылатын тілдердің саны артса, ол зерттеудің типологиялық сипаты арта түседі. Мәселен, Г.М. Хашимовтың «Типология сложного предложения в разносистемных языках» (Ташкент, 2002) зерттеуінде барлығы 90 тілдей қамтылған. Мұндай зерттеуді «таза» типологиялық зерттеу деп те атайды.

Салыстырмалы тіл білімі тілдерді салыстыру арқылы тілдерді зерттейді. Салыстырмалы тіл білімінде қолданылатын «салыстыру» термині салғастырмалы лингвистикада қолданылатын «салғастыру» терминмен синонимдес болып келеді.

«Универсалий», «басымдылық», «фреквенталий» және «уникалий» деген терминдерді белгілі бір тілдік семьяға

енетін тілді, топты салыстырғанда да, барлық әлем тілдерін салыстырғанда да қолдануға болады. Біріншіден, бұл терминдер мына жағдайларда қолданылады:

1. әлемнің барлық тілдерінде (универсалийлер),
2. әлем тілдерінің көбінде (басымдылық),
3. әлемнің санаулы тілдерінде (фреквенталий),
4. әлем тілдерінің бірінде ғана (уникалий).

Екіншіден, бұл терминдер мына мәселеге қатысты қолданылады:

1. бір семьяға, топқа, типке енетін барлық тілдерде (универсалийлер),
2. бір семьяға, топқа, типке енетін тілдердің көбінде (басымдылық),
3. бір семьяға, топқа, типке енетін санаулысында (фреквенталий),
4. бір семьяға, топқа, типке енетін тілдің бірінде ғана (уникалий).

Типологиялық зерттеулерге осындай бір семьяға, топқа, типке енетін тілдерге тән тілдің типін, формалар типін, қатынастар типін, универсалий, басымдылық, фреквенталий және уникалийлерді анықтап, айқындау жатады.

1.2 Салғастырмалы (контрастивті) лингвистиканың нысаны

Контрастивті лингвистиканың тарихы. Кейінгі уақытта салғастырмалы зерттеулерге қызығушылық артып келеді. Зерттеуші И.А. Стернин оны мына себептермен байланыстырады:

- салғастырмалы лингвистикалық материалдың универсалды ерекшеліктерін анықтау қажеттілігі;
- әр түрлі тілдерде әлемнің ұлттық бейнесін суреттеуге ұмтылу;
- екі тілді сөздіктерді жетілдіру қажеттілігі;

- семантика мен тілдік ойлаудың ұлттық ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық;
- шет тілдерін оқыту аясын кеңейту.

Салғастырмалы лингвистика лингвистикалық компаративизмге сәйкес қалыптасты және 20 ғасырдың ортасында жеке пән ретінде бөлініп шықты.

Шын мәнінде, тілдердің «бөтен кеңістігін» **салғастырмалы** зерттеу (**контрастивті** немесе **конфронтативті** деп аталады - кейбір зерттеушілер осы екі ұғымды терминологиялық тұрғыдан бөліп қарастырады) XX ғасырдың екінші жартысында пайда болды. В.Н. Ярцева үш ұғымның барлығын синоним ретінде қарастыра отырып, контрастивті лингвистиканың мақсатын «тілдің барлық деңгейлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау үшін екі, одан да көп, бірнеше тілдерді салғастырмалы зерттеу» деп анықтайды.

XX ғасырдың екінші жартысы ұйымдасқан жүйе ретінде тіл саласындағы егжей-тегжейлі зерттеулермен сипатталады. Ғылыми зерттеулер салғастырмалы лингвистиканың пайда болуына жол ашқан тілге деген ерекше көзқарастың ашылуына әкеледі - әр түрлі тілдерде тілдік микросистемаларды (өрістерді) зерттеуге арналған лингвистикалық бағыттар пайда болады. Бұл орайда кез келген тілдер туыстығына қарамастан зерттеледі және зерттеу зерттелетін тілдердің дамуының кез-келген кезеңінде жүзеге асырылады.

Әсіресе, 60-жылдардан бастап салғастырмалы (контрастивті) тіл білімі туралы көп жазылды; XX ғасырдың соңғы ширегіне қарай жалпы тіл білімінде ол бөлек бағыт болып қалыптасты. Контрастивті тіл білімінің ғылым ретінде дамуын көбіне Р. Ладоның 1957 жылы шыққан (linguistics across Cultures) «Лингвистика мәдениет арқылы» (аударма біздікі Ж.Е.) еңбегімен байланыстырады. Сонымен қатар, контрастивті лингвистика Прага мектебінің незінде де өркендей түсті. Оның қалыптасуына француз тілді аудиторияда неміс тілін оқыту қажеттілігінен туындаған С.Баллидің көрнекті зерттеулері маңызды рөл атқарды.

Көптілділік және орыс аудиториясын шетелдік аудиторияда және әртүрлі аудиторияда шет тілдерінде оқыту қажеттілігі туындаған Ресей елінде контрастивті лингвистиканың дамуына Л.В. Щерба және Э.Д. Поливанов сияқты көрнекті ғалымдар ерекше рөл атқарды. Ресейде тілді талдаудың бұл бағыты «тілді салғастыру», «салғастырмалы грамматика» деп аталды.

Зерттеу әдіс-тәсілдеріне қарап көптеген ғалымдар контрастивті лингвистиканы лингвистикалық типологиямен байланыстырады.

Ресейде тілдерді салғастырмалы зерттеулердің дамуына айтарлықтай үлес қосқан ғалымдар: И.А. Бодуэн де Куртенэ, Л.В. Щерба, Е.Д. Поливанов, С.И. Бернштейн, А.В. Фёдоров, А.И. Смирницкий, В.Д. Аракин, В.Н. Ярцева, В.Г. Гак, А.И. Фефилов және басқалар.

Шетелде салғастырмалы, контрастивті лингвистиканың қалыптасуына Р. Ладо, Ш. Балли, В. Скаличка, Э. Косериу, Р. Дж. Ди Пьетро, Ч.А. Фергюсон, Г. Никкель, Р.Штернеманн, К. Джеймс, Дж.Кэтфорд, Г.В.Кёрквуд және басқалар.

«Контрастивті лингвистика» термині туралы. Контрастивті лингвистика жақында ғана қалыптасқан тіл білімінің саласы болғандықтан, заманауи тіл білімінде контрастивті лингвистиканың терминологиялық-ұғымдық аппаратын қалыптастырудың қажеттілігі туралы, сонымен қатар салғастырмалы тіл білімінің басқа тілдік салалардағы мәртебесі туралы пікірталастар тіл ғалымдары арасында қызу талқылануда. Сонымен, кең таралған «контрастивті лингвистика» терминімен қатар, бұл тілдік пән бірқатар тіл зерттеушілерінің еңбектерінде «салғастырмалы лингвистика» немесе «конфронтативті лингвистика» терминдерімен көрсетілген.

«Салғастырмалы лингвистика» термині ежелден келе жатқан дәстүрге ие, ол тілдерді салыстырмалы зерттеулерден негіз алады. В.Н. Ярцеваның пайымдауынша бұл терминнің мазмұны анық болмағандықтан контрастивті лингвистиканың қазіргі даму кезеңінде өте сирек кездеседі. **«Конфронтативті**

лингвистика» термині «контрастивті лингвистика» терминімен қатар енгізіліп, Шығыс Еуропа елдерінде кеңінен таралды, бұл терминнің авторы Л.Заброки.

«Конфронтативті лингвистика» және «контрастивті лингвистика» терминдері тіл білімінде синонимдік терминдер ретінде қатар өмір сүруде, дегенмен, кейбір тіл мамандары оларға бағыт-бағдар беру арқылы осы терминдерді бөлуге, бір-бірінен ажыратуға тырысады. Осылайша, «конфронтативті лингвистика» дегенде теориялық бағытты түсіну, ал «контрастивті лингвистика» дегенде қолданбалы бағытты түсіну ұсынылады. Кейбір ғалымдар конфронтативті лингвистиканы тілдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салғастырмалы зерттеу деп түсіндірсе, ал контрастивті лингвистика тілдер арасындағы тек қана айырмашылықтарды зерттеу деп түсіндіреді.

Тілдерді контрастивті зерттеу шет тілін оқыту міндеттерімен тығыз байланысты. Бұл мәселе туралы Д. Болинджер былай деп жазады: «Контрастивтік лингвистика оқыту тәжірибесінен туған. Шет тілінің әрбір оқытушысы сабақ беру барысында ана тілі шет тілін толық түсінуге кей кезде мүмкіндік бермейтінін байқайды (Ярцева 1981). Б.Ю. Городецкийдің ойынша «...шет тілін оқытуда тілдің семантикалық құрылымын дұрыс меңгерту керек, өйткені, ана тілі мен шет тілінің арасында үлкен айырмашылық бар». Болинджердің пайымдауынша, контрастивті зерттеулер тілдік процесстер мен тілдік заңдылықтарды толық түсінуге мүмкіншілік жасайды. Себебі контрастивтік лингвистика теория мен практиканың түйіскен жері болып табылады.

Контрастивті лингвистикаға байланысты туындайтын бірінші сұрақ - бұл лингвистикадағы салғастырмалы (контрастивті) лингвистиканың орны туралы мәселе. Салыстыру және салғастыру - бұл тіл үйренудің негізгі (мүмкін жалғыз) әдісі. Мақсаты мен нысанына қарай салыстыру мен салғастыруды қолдана отырып, тіл білімінің үш саласы ажыратылады: салыстырмалы-тарихи лингвистика, олардың дамуындағы тілдердің генетикалық қауымдастығын зерттейді; ареалды лингвистика, тілдердің жергілікті туыстығын зерттейді, тілдік

одақтар, генетикалық жақындығының дәрежесіне қарамай, тілдік құбылыстардың ортақтығын, салыстырмалы (контрастикалық) лингвистика мен топологиялық лингвистиканы ескере отырып, ареальдық лингвистика тілдердің конвергенциясы мен сәйкессіздігін зерттейді.

Тілдерді салғастырмалы (контрастивті) зерттеудің мақсат-міндеттері:

- Әр түрлі тілдердегі тілдік бірліктерді қолдануындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу;
- Тілдерді салғастырмалы зерттеу арқылы салғастырылып отырған әрбір тілдің ол тілді жеке сипаттағанда көріне бермейтін ерекше қасиетін анықтауға мүмкіндік туады. Яғни, кез келген тілді басқа тілдерден ерекшелендіріп тұратын айрықша белгісін айқындап, пайымдау.
- Керек емес интерференцияны алдын ала айқындауға мүмкіндік беретін шет тілін оқытумен байланысты, аударма теориясымен тығыз байланысты лингвистикалық базаның негізін қалау.
- Универсалийлерді айқындау үшін типологияға материал дайындау.

Салғастырмалы (контрастивтік) тіл білімінің **мақсаты** – тілдің барлық деңгейі бойынша екі кейде бірнеше салғастыра отырып, ол тілдер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу.

Салғастырмалы (контрастивтік) зерттеулердің **нысаны** - кем дегенде екі тілді салыстыру немесе салғастыру. Ол тілдерді салыстырып, салғастырғанда генетикалық, ареалдық ұқсастықтары, типологиялық жағынан алыс-жақындығы есепке алынбайды.

Салғастырмалы (контрастивтік) зерттеудің **пәні** - салғастырылып отырған тілдер арасындағы ұқсастықтар (сәйкестіктер) мен айырмашылықтар. Тілдер арасындағы мұндай ұқсастықтар мен айырмашылықтар тілдің барлық деңгейінде болады. Сондықтан контрастивтік лингвистикада екі тілдің барлық деңгейлерін, атап айтқанда, фонетикалық, фонологиялық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік

жүйелерін салыстырып, салғастыруға болады. Мұндай зерттеулердің нәтижелері шет тілін оқып, үйренуде өте пайдалы.

Салғастырмалы зерттеу мен салыстырмалы зерттеу жалпы лингвистикада ара жігі ажыратыла қарастырылады. **Салыстырмалы** (сравнительное) зерттеу өзара туыс тілдерді салыстыра зерттеп, (мәселен, қазақ, қырғыз тілдерін) туыстық деңгейін анықтауға бағытталса, **салғастырмалы** (сопоставительное) әдіс туыс емес, құрылымы әр түрлі тілдерді (мәселен, араб-қазақ, неміс-қырғыз) синхронды қалыпта салғастыра зерттеу болып табылады. Сонымен туыс тілдер салыстырылады, туыс емес тілдер салғастырылады. Тілді зерттеуші ғалымдар тілдерді салыстыра және салғастыра зерттеуге өз қызығушылықтарын арттырып отыр. Өйткені тілдерді салыстыра, салғастыра зерттеу, бір жағынан, тілдер арасындағы ерекшеліктер мен өзара сәйкес сипатты айқындаса, екінші жағынан, туыстас тілдерді былай қойғанда, туыс емес, генетикалық жағынан алыс тілдердің арасындағы өзара құрылымдық ұқсастықтарды, сәйкестіктерді, ең бастысы, әр тілдің өзіндік тілдік үрдістерін (*тенденцияларын*) ашуға мүмкіндік береді.

Қазіргі тіл білімінде туыстас және туыс емес тілдерді салғастыра зерттеу – олардың арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді ашуда үлкен роль атқарады. Тілдердің фонологиялық, морфологиялық, грамматикалық, лексикалық т.б. ерекшеліктерін салғастырмалы типологиялық әдіспен зерттеу 20-ғасырдың екінші жартысынан бастап, бүгінгі күнге дейін салғастырмалы тіл білімі ретінде қалыптасып отыр.

Салғастырмалы тіл білімінің жеке сала ретінде қалыптасуында, оның зерттеу әдістері мен мақсат, міндеттерін айқындауда В.Д.Аракин, (1973), Дж.Буранов, (1983), В.Н.Ярцева, (1960, 1981, 1986), У.К.Юсупов, (1983) т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атауға болады.

Салғастырмалы лингвистикада көбіне екі, кейде одан да көп тілдер салғастырылып, одан шыққан қорытынды бір топ кешенді теориялық және лингводидактикалық мақсат пен міндеттерді шешуді қажет етеді. Ондай теориялық мақсат-міндеттер деп төмендегілерді атауға болады:

1) Салғастырылып отырған тілдер арасындағы

сәйкестіктер мен айырмашылықтарды анықтау; 2) бір тілді оқып-үйренуде көзге түспейтін, ескерілмей қалатын белгілерді тауып көрсету; 3) сол тілдерге тән тілдік үрдістерді айқындау; 4) салғастырылып отырған тілдер арасындағы жүйелік сәйкестіктер мен айырмашылықтарды (яғни тілдер арасындағы эквиваленттер мен лақуналарды) анықтау; 5) тілдердің бір-біріне ықпалын, бір-біріне әсерін (егер қатар өмір сүрсе) нақтылау; 6) мүмкіншілігінше тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарды түсіндіру; 7) салғастырылып отырған тілдердің арасында кездесетін дедуктивтік универсалийлерді таныту.

Ал лингводидактикалық мақсат, міндеттер мына мәселелерді қамтиды:

1) Салғастырылып отырған тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтардың әдістемелік мәнділігін (релеванттылығын) айқындау; 2) тіл аралық ықпалдық (интерференция) сипатын анықтау; 3) шет тілін оқытуда тілдер арасындағы айырмашылықтарға байланысты туындайтын қиыншылықтарды көрсету; 4) шет тілін оқытудың әдістемесі ретінде тілдер арасындағы салғастырудың шекарасын көрсету; 5) шет тілін оқытудың әдістемесі ретінде тілдерді типологиялық жағынан салыстыруды жіті зерттеу.

Салғастырмалы лингвистика саласында қазіргі уақытта екі бағыт қатар келеді: теориялық мақсатта тілдерді салғастыра зерттеу және лингводидактикалық мақсатта тілдерді салғастыра зерттеу.

Бірінші бағыттағы ғалымдар (В.Г. Гак, 1977; Ю.С. Маслов, 1978; Дж.Буранов, 1983) салғастырмалы лингвистикада тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ұқсастықтарды топтастыруда теориялық мәселелерге баса назар аударса, екінші бағыттағы тілшілер (Р.Ю.Барсуқ, 1970; Lado, 1957, Nickel, 1971) лингводидактикалық аспектіге көбірек көңіл бөліп, екі тілді типологиялық жағынан салғастыра талдауды шет тілін оқытудың тиімді әдістемесі мақсатында қарастырады.

Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру тілдердің типологиялық классификациясын құруға негіз бола отырып, тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ерекшеліктерді дәл көрсетуге мүмкіндік береді. Әртүрлі тілдерді құрылымдық

талдау тілдік универсалийлерді айқындауға көмектеседі. Жеке тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай талдауда тілдік универсалийлер тілдің құрылымын коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады. Сондықтан да, құрылымдық типология – қазіргі лингвистикада маңызды мақсат-міндеттерді шешетін тіл білімінің негізгі саласы.

Сонымен, салғастырмалы тіл білімінің зерттеу нысаны – зерттеліп отырған тілдердің тілдік жүйесі. Салғастырмалы тіл білімі лингвистиканың ең басты тармақтарының бірі, оның өзіндік мақсат-міндеттері бар.

Сонымен салғастырмалы тіл білімінің мақсаты - екі не одан да көп туыс емес тілдердегі бір типтес тілдік құбылыстармен категорияларды бір-бірімен салғастыра отырып олардың бүкіл тілдік материалдарын сипаттап беру. Сол арқылы әлгі тілдердің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құрылымындағы айырым-өзгешеліктерді (кейде ұқсастықтарды) көрсету.

Салғастырмалы тіл білімінің зерттеу нысаны – зерттеліп отырған тілдің жүйесі болып табылады. Оның міндеті не бір-бірімен ешқандай туыстығы жоқ тілдік фактілер салғастырылып, ол тілдердің ортақ белгілерін, сәйкестіктерін, сонымен қатар, ерекшеліктерін ашып көрсету жатады.

2 Тақырып.

Тіл біліміндегі салыстырмалы зерттеулердің тарихы

2.1 Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізі

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі - туыстас тілдерді зерттейтін, туыстық жақындықтарына қарай оларды түрлі семьяға, топқа жіктейтін, олардың тарихын, тараған аймақтарын айқындайтын ғылым.

Тіл білімі дамуының жаңа дәуірі тілді дамып, өзгеріп отыратын тарихи құбылыс деп таныды, тілдер өзара туыстас, төркіндес болады деп біліп, сол заңдылықтарды ашуға, зерттеуге салыстырмалы-тарихи әдісті қолданудан бастады. Тіл туралы ғылым тарихында үлкен бет бұрыс ХІХ ғасырдың алғашқы он жылдығында орныға бастайды. Әрине, жаңа әдістің қалыптасуы - ежелгі заманнан басталатын лингвистикалық ой-пікір дамуының заңды, табиғи нәтижесі. ХҮІІІ ғ. соңғы жартысы мен ХІХ ғ. алғашқы жылдарында тіл ғылымының даму қарқыны, бағыты жаңа зерттеу әдісінің қажеттігін айқын көрсетті. Осы уақыттарда әр елде салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде жазылған бірнеше еңбектер жарық көрді. Осының негізінде салыстырмалы-тарихи тіл білімі қалыптасты. Өткен ғасырдың бас кезінде әр елде салыстырмалы тарихи әдіс негізінде жазылған бірнеше еңбек жарық көрді.

1816 жілі неміс ғалымы Франц Бопптың санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, парсы, герман тілдеріндегі етістіктердің жіктелу жүйесімен салыстыра зерттеген еңбегі шықты. Онда аталған тілдердің туыстастығы дәлелденді. Ол бұл тілдерден жинаған материалдарын, иран, славян, балтық бойы халықтары, армян тілдері фактілерімен толықтыра келіп, 1883-1849 жылдар арасында «Үнді-европа тілдерінің салыстырмалы грамматикасын» жазды.

Ғалымдардың айтуына қарағанда, Бопптың бұл еңбегіне үнді лингвистикасының, әсіресе Панини еңбегінің әсері тигені

болуы керек, Панини сияқты Бопп та, негізгі зерттеу объектісі етіп морфологияны алады да, фонетиканы соған тәуелді жағдайда қарайды, синтаксис саласы тіпті сөз болмайды.

Тіл білімі тарихында Бопп салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізгі салушы деп саналады. Бопп еңбектері шынында да, зерттеу ісіне салыстыру әдісін қолдану арқылы тілдер туыстастығын айқындауға болатындығын көрсетті.

Осы үнді-европа семьясына жататын тілдерден жиналған орасан мол фактілерді бір-біріне салыстыра зерттеу арқылы олардың туыстастығын, бастапқы күйін, шыққан төркінін ашпақ болады. Екіншіден, европа тілдері грамматикасына тән флективті құрылыстың тарихи сырын жан жақты айқындауды көздейді. Ф. Бопп еңбектері салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуына ықпалын тигізді.

Франц Бопп (1791-1867). Франц Бопп Майнц қаласында туған. Гимназияда оқып жүрген кезінде-ақ санскрит, парсы, араб, көне еврей тілдерін оқып үйренген. 1821 жылы Берлин университетіндегі шығыс әдебиеті және жалпы тіл білімінің профессоры, 1829 жылдан академик. Оның ең басты еңбегі - «Санскрит, зенд, армян, грек, латын, литва, көне славян, гот, неміс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы». Бұл еңбек үш томнан тұрады: 1833-1852 жылдары бірінші рет, 1856-1861 жылдарда жөнделіп екінші рет, 1868-1870 жылдары үшінші рет басылды. **Салыстырмалы- тарихи тіл біліміне қосқан үлесі.** 1816 ж. Ф.Бопптың санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, парсы, герман тілдеріндегі етістіктердің жіктелу жүйесімен салыстыра зерттеген еңбегі шықты. Онда аталған тілдердің туыстастығы дәлелденді. Ғалым 1833-1849 жылдар арасында «Үнді-Еуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасын» жазды. Ф.Бопптың бұл еңбегіне Панини еңбегінің әсері тиген. Ф.Бопп негізгі зерттеу объектісі етіп морфологияны алады да, фонетиканы соған тәуелді жағдайда қарайды, синтаксис саласы тіпті сөз болмайды. Тіл білімі тарихында Бопп салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушы деп саналады.

Расмус Кристиан Раск (1787-1832). Расмус Кристиан Раск Копенгаген университетінде оқыған. 1823 жылдан бастап осы университеттің профессоры. Ол 20-шақты тілді білген, испан, италян, француз, көне ағылшын, швед, т.б. көптеген тілдердің грамматикасын жазған. Расктің тілдер фактілерін салыстырудан туған ең көрнекті еңбегі «Ежелгі солтүстік тілдері және неміс, исланд тілдерінің шығуы туралы зерттеулер» деп аталады. Бұл еңбегінде автор гот (герман) тілдерінің латын, грек тілдерімен туыстастығын дәлелдейді. **Салыстырмалы - тарихи тіл біліміне қосқан үлесі.** Расмус Раск өзінің 1818 жылы басылып шыққан «Исланд тілінің шығу тарихы» атты еңбегінде тілдер туыстастығын білдіретін негізгі белгілер не екендігін жан-жақты көрсетеді. Ол - тілдердің сөздік жағынан бірбіріне ұқсастығы тіл туыстастығының кепілі бола алмайды, бір тілден екінші тілге сөз ауыса береді, тіл туыстығының белгісі - олардың грамматикалық жағынан ұқсас болу, өйткені грамматикалық формалар бір тілден екіншісі тілге ауыспайды деген қорытынды шығарды. Тілдер туыстастығының екінші бір кепілі - дыбыстар алмасуындағы заңдылықтар мен негізгі сөздік қордың ұқсастығы дегенді баса айтады. Өзінің осы тұжырымына сүйене отырып, Раск көптеген еуропалық тілдер фактілерін бір-біріне салыстыра зерттейді.

Якоб Гримм (1785-1863). Якоб Гримм Ганау қаласында туған. Кассель қаласындағы лицейде, кейін Марбург университетінің заң факультетінде оқыған. Бірақ ол филология мен әдебиет маманы болды. Ол Геттинген, кейініректе Берлин университеттерінің профессоры болған. Оның ең негізгі лингвистикалық еңбегі төрт томнан тұратын «Неміс тілі грамматикасы». Мұнда бүкіл герман тілдерін бір-біріне тарихи тұрғыда салыстыра зерттейді. Бұл еңбек салыстырмалы-тарихи тіл білімінің теориялық жағынан да, практикалық жағынан да ілгері дамуына зор әсерін тигізді. **Салыстырмалы - тарихи тіл біліміне қосқан үлесі.** Якоб Гриммның төрт томнан тұратын «Неміс грамматикасы» атты еңбегінің бірінші кітабы 1819 жылы басылады. Мұнда автор неміс тілінің қалыптасу, даму

жолдарын, оның құрамындағы әр түрлі диалектілерді бір-біріне салыстыру, неміс тілін герман тіліне жататын басқа тілдермен қатар қоя қарау арқылы айқындайды. Гримм өзінің еңбектерінде тілдің, тілдік элементтердің даму тарихын зерттеуге баса көңіл бөледі. Ол тарихи салыстырудың баспалдақты, хронологиялық жолын енгізіп қалыптастырады. Сөйтіп, тілдегі өзгеріс-құбылыстардың қай-қайсысы да оның бірте-бірте дамуының табиғи нәтижесі екенін дәлелдейді. Гримм тіл тарихының қоғам тарихымен байланыстылығын, тілдің қоғам тарихын зерттеуде орасан зор роль атқаратынын баса айтты. Ф.Бопп еңбектері сияқты Гримм еңбектері де салыстырмалытарихи тіл білімін зор беделге ие етіп, оның даму бағытына елеулі ықпал жасады. Ф.Энгельс Гриммді герман тілі салыстырмалы грамматикасының негізін салушы деп жоғары бағалады.

Александр Христофорович Востоков (1781-1864).

А.Х. Востоков Петербург көркем өнер академиясын бітірген. Жас кезінен фольклорлық шығармалар жинап бастырумен шұғылданған. Лингвистикалық еңбектері ішінде ең көрнектілері: «Славян тілдері жөніндегі пікірлер» (1820 ж), «Орыс тілі грамматикасы» (1831 ж); «Шіркеулік славян тілі сөздігі» (1843 ж) дейтін еңбектері. Востоков славян тілдерінің өзара жақындық дәрежесін ашуға тырысады. **Салыстырмалы-тарихи тіл біліміне қосқан үлесі.** Салыстырмалы әдісті тіл білімінің зерттеу әдісіне айналдыруда славян тілдерінің маманы А. Х. Востоковтың да еңбегі бар. Ол 1820 жылы жарияланған «Славян тілдері жөніндегі пікірлер» дейтін кітабында славян тілі фактілерін, әсіресе олардың дыбыстық жақтарын бір-біріне салыстыра зерттеу арқылы олардың арасыдағы ұқсастық, өзгешеліктерді көрсетті.

Осыдан кейін салыстырмалы-тарихи тіл білінің өрісі кеңейе түсті. Көптеген еңбектер жарық көрді. Атап айтсақ: Ф. Диц «Роман тілдері грамматикасы», Ф. Миклошич «Славян тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» (1852), И.Цейс «Кельт грамматикасы » (1853), Ф.И. Буслаев «Литва тілін зерттеуге жетекші» (1858) атты еңбектерін жазды.

Осылардың нәтижесінде «Үнді- еуропалық тіл білімі» немесе «Үндіевропейстика» деп аталатын ғылым қалыптасты

Дыбыс тілі жалпы адамдық құбылыс болғандықтан, онда бір-біріне ұқсастық болмай қоймайды. Тілдің туыс, төркіндес екенінің негізгі кепілі- сөз туғызушы формалардың ұқсастығы және негізгі сөздік қор мен дыбыс заңдылықтарындағы жақындықтар. Сондықтан тілдер туыстастығын айқындау үшін кездейсоқ ұқсастықты алмай, тілдердің фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелеріндегі ұқастықтарды салыстырған жөн. Тілдер туыстастығын тек осылардағы бірлік пен төркіндік ғана аша алады.

Салыстырмалы тіл білімінің кемшіліктері:

1. Бұл әдіс тілдің лексикасын, семантикасын мен синтаксисін зерттеуде айтарлықтай жеміс бере алмады.

2. Туыстас тілдердің бір-біріне жақын, ұқсас келмейтін фактілері ескерусіз қалды. Түпкі төркіні табылды деген тілдік элементтердің көпшілігінің қай тарихи кезеңге жататынын және қай тілде солай болғанын тап басып айту мүмкін болмады.

3. Бұл әдіс бірнеше тілдер фактілеріне сүйеніп қана қорытынды жасады, тілдердің басым көпшілігі, әсіресе туыстығы белгісіз тілдер зерттеуден шет қалды.

4. Туыстас тілдер фактілерін салыстыруда ол фактілердің хронологиялық жақтарына жете мән берілмеді, көп жағдайда өзара жалғаспайтын, бір-бірінен алшақ жатқан дәуірлер фактілері салыстырылды.

5. Тілдік фактілерді салыстырғанда сол тілдердің иесі болып табылатын қауым тарихына жеткілікті мән берілмеді.

Бірақ бұдан салыстырмалы-тарихи әдіс қолданудан біржола шығып қалған, қажетсіз тәсіл деген сөз емес. Ол - тіл білімінің даму тарихында елеулі роль атқарған. Орынды пайдалана білсе, әлі де берері көп. Қазір де зерттеудің басты бір тәсілі ретінде қолданылып жүрген әдіс.

Сонымен, айтылғандарды жинақтай, нақтылай, толықтыра түссек салыстырмалы-тарихи әдіс бойынша туыстас тілдер фактілері бір-біріне салыстырыла зерттеледі. Мұндай

салыстыруда екі түрлі мақсат көзделеді. Олар: салыстырылып отырған тілдер фактілері дамуының жалпы заңдылығын, олардың арасындағы туыстастықты ашу, тіл және тілдер тарихын айқындауға қажетті мәліметтер табу.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің зерттеу тәсілі – фактілерді салыстыру, көздейтін мақсаты – олардың тарихын ашу болғандықтан әдіс – «Салыстырмалы-тарихи тіл білімі» немесе латын тілінен алынған термин бойынша **компаративистика** делінеді.

Дыбыс тілі жалпы адамзаттық құбылыс болғандықтан, онда бір-біріне ұқсастық болмай қоймайды. Оның себептері көп ұқсастық бір тілдің екінші біреуіне тигізген әсерінен, тілдік тұлғалардың, әсіресе сөздердің бір тілден екіншісіне ауысуынан болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілінен қолданылатын *колтак, алтын, баба, бак, бар, оба* деген сөздер бірлі жарым дыбыстық өзгешеліктермен көптеген түркі, олардың ішінде қазақ тілінде де кездеседі. Бірақ соңғыларда басқа мағынада жұмсалады.

Тілдер арасындағы кездейсоқ ұқсастық дейтіндеріміз – осылар. Мұндай тіларалық омонимдер олардың туыстастығының көрсеткіші бола алмайды. Сондай-ақ, қазақ тіліне де орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден ауысқан: *база, телефон, радио, демократия, студент, кафедра* тәрізді сөздер бар. Бұлар – қазақ бір-бірімен ешқандай туыстық жақындықтары жоқ көптеген тілдерде кездесетін ортақ сөздер. Тіл қарым-қатынасы арқылы пайда болатын ұқсастық, бірлік дейтіндер, міне осылар. Бұлар да тілдер туыстастығына кепіл бола алмайды. Тілдердің туыс екендігінің, төркінінің ортақтығының негізгі кепілі – морфологиядағы сөз тудырушы, сөз өзгертуші формалардың бірлігі, ұқсастық-сәйкестігі және негізгі сөздік қор мен фонетикадағы дыбыс заңдары арасындағы жақындық.

Сондықтан тілдер туыстастығын айқындау үшін кездейсоқ ұқсастықты негізге алмай, тілдердің фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелеріндегі ұқсастықты салыстырған жөн.

Тілдердің бір-біріне генеалогиялық жақындығын тек осындай бірліктер пен туыстық қана аша алады. Бірақ, туыстас тілдер материалын салыстырғанда, олардың бір-бірімен ешқандай жақындығы, бірлігі жоқ мәселелерді немесе бір-бірінен ешқандай өзгешелігі жоқ фактілерін салыстыруға болмайды. Мысалы, қазақ тіліндегі *сөйлем, үтір, нүкте* деген сөздердің мағынасы ұйғыр тілінде *жүмлә, пәш, чекит* деген сөздермен беріледі. Ал, енді қазақ тіліндегі *пай, ат, зиян, қызыл, қызғылт, қымыз, ақ* деген сөздер башқұрт тілінде де дәл осы қазақ тіліндегідей дыбыстық құрылымда айтылады.

Салыстыру үшін алынатын материалдар, фактілер тарихи жағынан салыстырып отырған тілдерге ортақ, о баста бір негізден тарағанмен, кейін өзгерістерге ұшыраған, дифференциацияланған болуы керек. Мысалы, қазақ тілінде *тас, тұз, баға, болат, балта, мүйіз, табан, жақсы, жат* деген сөздердің ойрот тілінде *таш, тұс, баа, болот, малта, мұус, таман, дыат* болып айтылуын, немесе қазақ тілінде қосымша д, т. дыбыстарынан басталып қосылатын: *біздер, тілектестік, мендік, атты* дегендердің қарақалпақ тілінде: *бізлер, тілеклестік, менлік, атлы* болып л дыбысымен ауысатындығын алуға болады. Салыстыру арқылы бұл фактілердің бастапқы түрін де, қай тілде қалай және неліктен өзгеріске ұшырағандығында табуға болады.

Салыстырмалы-тарихи әдістің тіл туралы ғылымды қалыптастыруда, дамытуда ерекше мәні болатындығын, оның лингвистикалық ой-пікір дамуындағы жаңа дәуірдің басы болғандығын ешкім де бекер дей алмайды. Бірақ соған қарамастан ғылымның кейінгі замандардағы дамуы бұл әдістің бірсыпыра осал жақтарының да барлығын айқындап берді.

Сондықтан да сөз болып отырған әдістің де, оны қолданушылардың да әлсіз жақтарын батыл сынға алып, зерттейдің жаңа амал-тәсілдерін іздеген ағымдар, лингвистикалық мектептер өткен ғасырдың өзінде-ақ құрылды. Олардың салыстырмалы-тарихи әдіс адресіне айтқан сындары алуан түрлі. Солардың ішінде жоққа шығара алмайтын бірнеше қағида бар.

Ең алдымен, салыстырмалы-тарихи әдісті қолданушылар тілдің өткенін зерттеуге, болған-болмағаны беймәлім жорамалдан туған ата тіл дегенді табуға баса назар аударды. Сөйтіп, тілдің қазіргі күйін, оның жүйелік, құрылымдық сипаттарын айқындауға жете мән бермеді. Екіншіден, бұл әдіс тілдің лексикасын, семантикасы мен синтаксисін зерттеуде айтарлықтай жеміс бере алмады. Үшіншіден, туыстас тілдердің өздерінің де бір-біріне ұқсас келмейтін фактілері ескерусіз қалды.

Анықталып, түп төркіні табылды деген тілдік элементтердің көпшілігінің қай тарихи кезеңге жататынын және қай тілде солай болғанын тап басып айту мүмкін болмады. Төртіншіден, бұл әдіс бірнеше тілдер фактілеріне сүйеніп қана қорытынды жасады, тілдердің басым көпшілігі, әсіресе, қандай тілдермен туыстығы белгісіз тілдер зерттеуден шет қалды. Бесіншіден, туыстас тілдер фактілерін салыстыруда ол фактілердің хронологиялық жақтарына жете мән берілмейді, көп жағдайда өзара жалғаспайтын. Бір-бірнен алшақ жатқан дәуірлер фактілері салыстырылады. Алтыншыдан. Тілдік фактілерді салыстырғанда, сол тілдердің иесі болып табылатынқауым тарихына жете мән берілмеді. Тіл тарихы қоғам тарихына, материалдық мәдениет тарихына жеткілікті шамада ұштастырылмады.

Ең ақырында салыстырмалы-тарихи әдіс тіл біліміндегі бірден-бір әдіс деп есептеліп, оның аты ғылым атына (салыстырмалы-тарихи тіл біліміне) айналды. Бұл ол көтере алмайтын жүк еді. Бірақ салыстырмалы-тарихи тіл білімі мен оның зерттеу әдісі – салыстырмалы-тарихи әдіс тепе-тең емес. Салыстырмалы-тарихи тіл білім – туыстас тілдерді зерттейтін, туыстық жақындықтарына оларды түрлі семьяға, топқа жіктейтін, олардың тарихын, тараған аймақтарын, айқындайтын ғылым. Бұл ғылым мен ол қолданатын әдістің проблемалары бір емес. Алдыңғының өрісі әдіске қарағанда әлдеқайда кең.

Тіл білімінің дамуына байланысты туған жаңа талаптарға сай емес. Осындай олқылықтар зерттеудің жаңа амал-тәсілде-

ріне көшуге мәжбүр етті. Бірақ бұдан салыстырмалы-тарихи әдіс қолданудан біржола шығып қалған, қажетсіз тәсіл екен деп ойлап қалуға болмайды. Ол тіл білімінің даму тарихында елеулі роль атқарған, орынды пайдалана білсе, әлі де берері көп, қазір де зерттеудің басты бір тәсілі ретінде қолданылып жүрген әдіс.

Кеңес тіл білімі салыстырмалы-тарихи әдісті кемсітпейді. Қайта оның барлық жетістіктерін, пайдалы жақтарын сарқа пайдалана отырып, жетпей жатқан жерлерін жеткізіп, толықтырады.

Кеңес тіл білімі тілдің тек өткен тарихына ғана емес, оның қазіргі күйіне де ерекше мән береді. Салыстырмалы-тарихи әдісті қолданғанда, салыстырылатын тілдік фактілердің хронологиялық жүйеде болуы ескеріледі және тіл тарихын қоғам тарихымен, қоғамның материалдық мәдениеті тарихымен байланыстыра қарайды.

Тіл тарихын зерттеуде жергілікті тіл ерекшеліктер, тіл біліміне байланысы бар тарих, археология, этнография сияқты ғылымдар табыстарында ұмыт қалдырмайды. Сонымен бірге салыстырмалы-тарихи әдісті тіл білімінің бірден-бір әдісі деп емес, зерттеудің әр түрлі тәсілдерінің бірі деп қарайды.

2.2 Түркі тілдерінің алғашқы классификациясы.

Түркі тілдерін ең алғаш классификациялаған ХІ ғасырда өмір сүрген Махмұт Қашқари болатын. Ең алғашқы классификация болғандықтан лингвистика саласында оның алар орны ерекше. Сонымен қатар М.Қашқаридың өмір сүрген дәуірінің жеткен жетістігі. Бірақ бұл топтастырудың жетістігімен қоса кемшіліктері де жоқ емес. Жеткен жетістіктеріне тоқталатын болсақ, сахараның ұлы ғалымы, біртуар ойшылы, тіл зергері Махмұт Қашқари «Түркі тілдерінің жинағын» барлық түркі текті ұлыс, тайпаларды аралап жинап, зерттеп, талдап барып жазған. Күллі түркі елінің әдебиеті мен тілін салыстырмалы түрде зерделеп, түзіп шыққан алғашқы энциклопедиялық кітап.

Автор өз еңбегінде сөздердің мағынасын анықтау үстінде басқа түркі тайпалары тілінде кездесетін мағыналық ауытқулар мен дыбыстық өзгерістерді салыстыра келіп, оларға шолу жасайды. Сондықтан М.Қашқариды түркологияда бірінші болып салыстыру әдісін қолданған ғалым деп айтуға құқымыз бар.

«Диуани луғат-ат-түрік» («Түркі тілдерінің сөздігі») - Махмұт Қашқаридың 1072-1074 жылдары жасалған күрделі және жан-жақты лингвистикалық жұмыс. Сөздік 1074 жылы Иракта араб тілінде шықты. Бұл жұмыстан мұсылман Шығысында орта ғасырларда айтарлықтай дәрежеде өркендеген араб ғылымының жетістіктері көрінеді. Жұмыста тіл білімінде бұрын-соңды зерттеу нысан ретінде болмаған ислам ғұламаларының зерттеулері жаңа материалдармен қайта түсіндірілді, қоршаған ортадағы адамның орны туралы мәселені, тіл білімінің кейбір мәселелері айқын көрініс тапты.

Бұл туралы Қашғари өзінің еңбегінде былай деп жазады: «Мен сипаттаманы жеңілдету және қысқарту үшін көрсетілген әдісті таңдадым, және бұл бұрын болмаған және ол туралы білмеген».

Қашқари еңбегінің басты құндылығы - лингвистикалық және ареалдық әдіске негізделген ортағасырлық түркі тайпаларының тілдері салыстырылды, алғашқы түркі тілдес әлемнің картасы жасалды, түркі тайпаларының лингвистикалық және географиялық шекаралары, тілдік байланыстардың ерекшеліктері қарастырылды.

Махмұт Қашқари (толық аты-жөні Махмұд ибн Әл-Құсайын ибн Мұхаммед) (1029–1101) – түркі тілдерінің тұңғыш сөздігін құрастырушы, энциклопедист-ғалым, атақты «Диуани луғат-ат-түрік» еңбегінің авторы. Туған жері, ежелгі үйсіндер құрған, әртүрлі аталған мемлекетінің, қазіргі Қырғызстан жеріндегі Ыстықкөл жағасындағы (кей деректе Шу бойындағы) Барсхан қаласы. Ыстықкөл маңындағы болған Барысхан қаласында әскерилер отбасында дүниеге келген. Қарахан әулетінен.

Қашғарда туып, Баласағұн қаласында өмір сүрген. Қарахандар ақсүйектері ортасынан шыққан. Әкесі Құсайын

Мұхаммед Мауреннахрды жаулаушы Боғырханның немересі. Ол Қашғарда білім алып, Бұхара мен Бағдадта оқуын жалғастырған. Түркі халықтарын түгелге жуық аралап, заң ілімі, арифметика, Құран, шариат пен хадис бойынша білім алған.

Араб-парсы тілдерін, әдебиеті мен мәдениетін жақсы меңгерген. XI ғасырда «Диуани луғат-ат-түрік» еңбегін жазып, түркі тілдерінің мәртебесін көтерді. Кітапта тек түркі сөздерін теріп жазып, өзге тілден енген сөздерді қолданбаған. Сөздіктің түпнұсқасы жоғалған. А. Абулфатхтың 1266 жылы жасаған көшірмесі 1915 жылы Ыстамбұл базарында ескі заттарды сатушының арбасынан табылған. Қазір Ыстамбұлдағы Фатих кітапханасында сақтаулы тұр.

3 томнан, 8 кітаптан тұратын еңбекте 6800 түркі сөздері ғылыми жүйеге түсірілген. Ғалымның бұл кітабы ерте орта ғасырлық түркі халқының энциклопедиясы сияқты. Ол түркітану тарихында тұңғыш рет тарихи-салыстырмалы әдісті қолданып, диалектология ғылымының негізін салды. Түркі тайпаларының ерекшеліктерін сақтай отырып, тіл байлығын зерделеу, айтылу, жазылу, заңдылықтарын, қолдану аясына қатысты айырым белгілерін зерттеу ғалымның басты ұстанымы болды. Сөздерге түсінік беруде 242 бәйіт пен 262 мақал-мәтелді пайдаланды. Ауыз әдебиетінің жоқтау («Алып Ер Тоңға өлді ме?»), айтыс («Жаз бен қыстың айтысы») үлгілерін де қамтыды.

Кітапта ерлік істерді мадақтаған, табиғат көріністері мен ғашықтықты жырлаған жыр шумақтары кездеседі. Түркі топырағында Яссауиден басталады деп танылып келген сопылық поэзия үлгілерін Махмұт Қашқаридің сөздігінен табуға болады. Ғалым өз сөздігінде 29 тайпаның этноним, топонимдерін, туыстық атаулары мен киім-кешек, тағам аттарын, салт-дәстүр ерекшеліктерін атап көрсетіп, ұсақ рулардың таңбаларына дейін сипаттайды. Сол кездегі түркі халықтарының дүниені қабылдауы, этникалық нормалары мен құндылықтары, өзін-өзі ұстау әдеті тілге тиек етіледі. Өртүрлі тайпалар арасындағы тарихи-мәдени байланыстар, Қазақстан мен Орта Азия аумағында болған кейбір тарихи оқиғалар

жайында (Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын жорығы туралы) құнды мәліметтер келтіріледі.

Ғалымның дөңгелек картасы ең ежелгі түркі картасы ретінде белгілі. Мұнда ол түркі халықтарының таралым аймағын көрсетеді. Кітапты түзуде бірнеше жылын сарп етіп, 1072–1078 жылдары Бағдад қаласында жазып бітірген. Махмұт Қашқаридың «Түркі сөздігінен» басқа «Кітап-и-джавахир ан-нахв фи луғат ат-түрік» («Түркі тілдері синтаксисінің құнды қасиеттері туралы») атты еңбегі болған, бірақ кітап біздің заманымызға жетпеген. Ғалым өзінің кітабы туралы «Түркі тілін үйренудің қажеттілігін өмір талабы мен ақыл таразысы әбден дәлелдейді», -дей келе былай жалғастырады:

«Түрік, түрікмен, оғыз, жігіл, яғма, қырғыздардың сөздері мен сөйлеу мәнерлерін зерттеп, қажеттісін пайдаландым. Әрқайсысының тілі мен салты санама әбден қалыптасты. Соларды мұқият зерттеп, арнайы әліппелік тәртіпке келтірдім. Мәңгілік ескерткіш әрі таусылмас әдеби-көркем мұра боп қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа „Түркі сөздерінің жинағы“ деп ат қойдым. „Жинақты“ сегіз бөлімге топтастырдым. Әрбір тайпаның тілінен сөз жасауға болатын түбір сөздерін ғана алдым. Түркі халықтарының бәйіт-жырлары мен мақал-мәтелдерінен мысалдар келтірдім. Бұл кітапты пайдаланғандар кейінгілерге, олар өздерінен кейінгілерге жеткізсін деген ниетпен тағы біраз табылмайтын тіркестерді пайдаландым. Сөйтіп, бұл кітап ұрпақтан ұрпаққа халықтық мұраны қаз-қалпында жеткізу мақсатымен қиянға қанат қағып, әсемдік әлем - мәңгілік өмірге біржола жолдама алдым».

Әрине, М.Қашқаридің классификациясын бүгінгі жетілдірілген топтастырумен салыстыруға келмейді. Бірақ ғұлама топтастырудың негізгі ұстанымдарын дұрыс ажырата білді. Ол түркі тілдерін орналасу орнына қарай екіге бөліп қарастырды:

1. Қашқар қаласынан жоғары шыңға дейінгі аралықты мекендеген түркі тайпаларының тілі;

2. Қашқар қаласынан Румға дейінгі аралықты мекендеген түркі тайпаларының тілі.

М.Қашқаридің «Сөздігі» біздің дәуірге қолжазба күйінде бір ғана нұсқада келіп жеткен. Ол М.Қашқаридің өз қолымен жазғаны емес, 1266 жылы Мухаммед ибн Абу-Бакир ибн Абул-Фатих ас-Сави көшірген нұсқасы. Бұл қолжазба Стамбулда Ұлттық кітапханада сақтаулы екендігі жоғарыда айтылды. М.Қашқаридің «Диваны» 1960, 1961, 1963 жылдары өзбек тілінде С.Муталлибовтың аудармасымен жарық көрсе, Қазақстанда тұңғыш рет «Түбі бір түркі тілі» деп 1998 жылы Қ.Бекетаев және Ә.Ибатов тәржімелеген.

Түркітанушы, ғалым, сыншы А.Егеубаев «Түрік сөздігі» деп аударып, ғұлама жайында былай деп жазды: «Түркі тілдерінің жинағы – түрік дүниесінің әлемдік ғылым қазынасына қосқан ұлы мұрасы. Үш томдық бұл зерттеу еңбегі күллі түркі тілдерінің тұңғыш әрі аса терең мағыналы ғылыми сипаттамасы. Бұл кітап 1997–1998 жылдары қазақ тілінде жарық көрді.

Сахараның ұлы ғалымы, біртуар ойшылы тіл зергері Махмұт Қашқари «Түрік тілдерінің жинағын» барлық түрік текті ұлыс, тайпаларды аралып жинап, зерттеп, талдап барып жазған. Күллі түрік елдерінің әдебиеті мен тілін салыстырмалы түрде зерделеп түзіп шыққан алғашқы энциклопедиялық кітап.

XI ғасырдың бұл энциклопедиялық терең мазмұнды зерттеуі қазіргі түркі тектес ұлттардың ежелгі мәдениетінде қайта жаңғыру үрдісі жаңа бағыт алған тұста аса қажетті де пайдалы еңбек. Ана тіліміздің, туған әдебиетіміз бен мәдениетіміздің түп негіздері, төл заңдылықтары осы білікті зерттеу беттерінде жұлдыздай жарқырап көрінеді.

«Диван» түркіше-арабша сөздік болғанымен, автор сөздерді түсіндіріп, оның мағынасын анықтау үстінде басқа түркі тайпалары тілінде кездесетін мағыналық ауытқулар мен дыбыстық өзгерістерді салыстыра отырып, оларға шолу жасайды. Сондықтан да М.Қашқариды түркологияда бірінші болып салыстыру әдісін қолданған ғалым деп айтуға құқымыз бар.

Сонымен, түркологияда салыстырмалы-тарихи зерттеуге негіз салған М.Қашқари. Алайда, академик Ә.Қайдаровтың айтуынша, ғұлама салыстырмалы-тарихи әдісті толық қолдана алмаған: түркі халықтарының тек тіл жағынан туыстық ұқсастығы болмаса, ол олардың өзіне дейінгі тарихын, даму жолын талдамаған.

Түркі тілдерін тілдік (фонетикалық, морфологиялық) тұрғыдан топтастыру – классификациялау, сөйтіп әрбір тілдің түркі тілдері құрамындағы орнын айқындау М.Қашқаридан басталады десек те, классикалық тіл білімі түркі тілдерін ғылыми негізге сүйеніп топтастырудың тарихын ХІХ ғасырдан бастайды. Олардың өзара байланысы мен классификациясын анықтау түрколог-лингвистер үшін ерекше маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

ЮНЕСКО 2008 жылды ғұлама ғалымның туғанына 1000 жыл толуына орай «Махмұт **Қашқари** жылы» деп жариялаған болатын.

2.3. Тілдерді салыстыру-салғастырудың әдіс-тәсілдері

Адамзат танымының әр саласы өз зерттеуіне ерекше мән беруді талап етеді. Тіл білімі ғылымы да өзінің тарихи даму барысында әртүрлі зерттеу тәсілдеріне икемделді. «Әдіс» сөзі гректің «*methodos*» - зерттеу жолы, таным тәсілі деген мағынаны білдіреді. Ол екі мағынада қолданылады: 1) кең мағынада - философиялық кез-келген құбылысты танып, оған түсінік беру. Ол әрқашан белгілі бір ғылыми таныммен тығыз байланысты; 2) тар мағынада - белгілі бір нысанды тікелей зерттеуге бағытталған зерттеу жолы мен зерттеу жүйесі.

Философиялық әдіс ғылыми танымға қарағанда кең, ауқымды. Материалдық әлем заңдылықтарын тереңірек түсіндіретін табиғат та, қоғам да, адам да философиялық әдістің құрылымына кіреді. Алайда, нақты таным - белгілі бір әдісті қолдануды талап етеді. Тіл біліміндегі әдіс – жеке зерттеу

тапсырмаларына негізделген, лингвистикалық зерттеуде қолданылатын, ортақ мақсатқа ие тәсілдер жиынтығы.

Методология – гректің «method» және «logos» деген сөздерінен жасалып, метод туралы ілім деген мағынаны білдіреді. Методология – теориялық ойлаудың философиялық негізі. Әрбір ғылымның методологиясы үш құрамнан тұрады: а) философиялық әдіс; ә) ғылыми әдіс; б) арнайы әдіс. Олар тіл білімінің мынадай принциптеріне негізделеді: 1. тілдің таңбалылығы; 2. таңбалардың ассиметриялылығы; 3. тілдің жүйелі құрылымдығы; 4. тіл бірлігінің және деңгейлерінің изоморфтығы; 5. тілдің қоғамдық қызметі (шарттылығы); 6. тілдің динамикалық ерекшелігі.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі тілдерді салыстыруды салыстырмалы әдіс арқылы жүзеге асырады. Яғни оның зерттеу тәсілі – салыстыру (компаративистика) болып табылады. Бұл әдіс толық күйінде салыстырмалы-салғастырмалы әдіс деп аталады. Егер тарихи-салыстырмалы әдіс тілдің өткені (диахрония) мен бүгінгісіне көңіл бөлсе, салғастырмалы әдіс бірнеше тілдің қазіргі кезеңіне (синхрония) көңіл аударады.

Салыстырмалы әдіс арқылы шыққан зерттеу нәтижесі ана тілі мен шет тілін салыстыра оқыту әдістемесінде кең түрде пайдаланылады. Әсіресе, шет тілін үйренуде оның маңызы өте зор. Салғастырмалы тіл білімдік зерттеуде әдеттегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, тілдің өзіне тән бүкіл жүйелік құрылымы салыстырылады.

Ғылымда «типологиялық зерттеуді сипаттама зерттеудің жалғасы, соның екінші басқышы» деген пікір бар. Бұл орынды да, өйткені типологиялық салыстыру үшін, алдымен дүние жүзіндегі тілдердің әрқайсысының құрылымдық сипаттары жеке-жеке зерттелген болуы керек. Типология сол айқындалған құрылымдық сипаттарды өзара салыстыра қарау арқылы тілдерде болатын ортақ қасиеттерді, типологиялық белгілерді айқындайды.

Салғастырмалы-типологиялық әдіс зерттеу мәні, функциясы жағынан тілдердің барлығына немесе көпшілігіне

ортақ, жалпылық сипаты бар нысандарды салғастырады. Мұндай нысан фонология саласында да, семантикалық, грамматикалық салаларында да болады. Салғастыру арқылы тілдердің осы аталған жүйелеріндегі жалпылық мәні бар нысандарды бір-біріне салғастыра қарау арқылы олардың арасындағы ұқсастықтар мен өзгешіліктерді ашады. Мысалға фонология саласында дыбыстардың дауысты, дауыссыз, шұғыл, ызың болып бөлінуі, болмаса морфемалардың лексикалық, грамматикалық болып бөлінуі, т.с.с. тілдердің барлығына немесе басым көпшілігіне тән типтік белгілерді алуға болады. Салғастырмалы зерттеуде осылар сияқты универсалды тұлғалар салыстырылады.

Типологиялық-салғастырмалы әдістің тіл білімінде қолданыла бастағанына біраз уақыт өткенімен, ол туралы әр елдің көрнекті лингвистерінің көпшілігі пікір айтқандарымен бұл мәселе күні бүгінге дейін өз шешімін тапқан жоқ.

Компоненттік талдау әдісі – тілдік бірліктерді ұсақ бөліктерге бөлу бойынша зерттеу мен сипаттау тәсілі. Бұл талдаудың негізінде М.С.Трубецкойдың оппозиция теориясы жатыр. Қазіргі тіл білімінде компоненттік талдау әдісін қабылдаған бірден бір деңгей – дихоматиялық фонология. Мәселен, Якобсон мен Халле тыңдаушыға дыбыстардың акустикалық белгілері керек болғандықтан, тек акустикаға аса көңіл бөлген. Дыбыстарды талдау арқылы, олар дифференциалды белгілер табуды мақсат етті. Олардың дифференциалды белгілері мынандай ерекшеліктерге ие: 1. белгілер артикуляциялы емес, акустикалы мінезде болады; 2. дифференциялы белгілер жүйесі - универсалды; 3. жүйе дихоматиялы (әр белгісі тек бар-жоқ деген екі мағынаға ие) яғни бинарлы. Ғалымдар компоненттік талдау әдісінің негізінде акустикалық фонетиканың тілдерде ұшырасатын 12 түрлі қосалқы ажырату белгілерін көрсетті (ол туралы жоғарыда толық тоқталғанбыз).

Дихометриялық жүйені құрастыру барысында қиындықтар кездесуі де мүмкін. Өйткені тілдердегі барлық белгілер бірдей емес. Бір тілге тән белгі келесі тілде жоқ

болуы мүмкін. Әр тілде бір белгінің әртүрлі көрінуі де кездесіп жатады. Мысалы, мұрын жолды-ауыз жолды компоненттік талдау белгісі орыс, қазақ, ағылшын тілдерінде тек дауыссыздарға тән болса, француз және поляк тілдерінде бұл белгі дауыстыларға да қатысты. Р.О.Якобсонның сөзі бойынша: компоненттік талдау грамматикада да, лексикада да қолданыла бастады: оларда семантикалық көбейткіштерге бөлу (разложение на семантические множители) тәсілі қолданылады. Мысалы, туыстық терминдер: *әке, ана, ұл, қыз, апа, аға* сөздері семантикалық көбейткіштерге талданады: жыныс: *ер адам - әйел адам*; туысқандық: *тура-жанам*; ұрпақ: *үлкен-кіші*. Бұл талдау әдісі - тілдік бірліктердің мағыналық жақтарын зерттеу тәсілі. Оның мақсаты – мағынаны ең кіші семантикалық, грамматикалық бөлшектерге бөліп қарастыру. Компоненттік талдау әдісі – лингвистикалық типологияның ажырамас бір бөлігі болып табылады. Мұнда сөз - морфемдік, сөйлем - мүшелік бөлшектерге талданады. Компоненттік талдау бүтін элементтерінің парадигматикалық және синтагматикалық қатарларының түйісуін, жеткізу өрісі мен мазмұн өрісінің өзара әрекетін анықтауды көздейді. Сөз мағынасын былай талдау мазмұнның ең кіші бірлігі – семаны айқындайды. Компоненттік талдау жасау сөз құрамындағы (түбір элемент, деривациялық элемент, реляциялық элемент), сөз тіркесіндегі (негізгі сыңар, қосалқы сыңар), сөйлемдегі (предикаттайтын компонент, предикатталатын компонент) негізгі бөліктерінің грамматикалық көздерін анықтап, белгілейді.

Тілдің құрылымдық ерекшелігін зерттеуде қолданылатын келесі әдіс – **құрылымдық (структуралық) әдіс**. Бұл әдістің құрылымдық деп аталуының себебі, мұны қолданушылар тілді тығыз байланыста, шартты қатынаста тұратын, біріне-бірі тәуелді бөлшектерден құралған біртұтас, бірбүтін құрылым деп есептесе, лингвистиканың міндеті сол құрылымын көрсету болып табылады.

Бұл әдіс үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарынан бастап қолдана бастады. Оны алғаш қолданушылар - Чехославакия мен Дания лингвистері. Бұл көзқарасты жақтаушылар, яғни

құрылымдық әдісті қолдана отырып, тілдің құрылымын зерттеу – тіл білімінің бірден-бір міндеті деп санайтындар – структуралистер деп аталады. Структуралық әдістің мақсаты - жоғарыда айтқанымыздай, тілді құрылымдық жүйе ретінде қарастыру. Структуралық әдіс тілдік бірліктердің қарым-қатынастары мен байланыстарын ашуға, оның жүйелік құрылымын көрсетуге талпынады.

Структуралық әдіс көп жағдайда сипаттамалы әдіске өте жақын. Бұл екі әдістің айырмашылығы: сипаттама әдістің ерекше назар аударып, негізге алатыны - тілдік элементтер мен категориялар, тілдік деңгейлер /қабаттар/, олардың жиынтығы болса, структуралық әдістің ерекше мән беріп басшылыққа алатыны – сол элементтер мен категориялар деңгейлерінің арасындағы қарым-қатынастар мен байланыстар, олардың бір-біріне тәуелділігі.

Тілді структуралық әдіспен зерттегенде тек тілдік элементтерді ғана емес немесе тілдік ерекшеліктер мен айырмашылықтар, сәйкестіктер мен ұқсастықтар т.б. ғана емес осы элементтерді және сол элементтердің арасындағы қарым-қатынастар мен байланыстарды бірге алып, екеуін бірлікте қарастыру керек.

Тіл фактілерінің ерекшеліктері мен өзіндік қасиеттерін ғылыми негізде дұрыс түсінуге, оларды белгілі бір жүйеге келтіріп қарауға мүмкіндік туғызған тағы бір тәсіл - салыстырмалы-тарихи әдіс болып табылады. Бұл әдіс тіл білімінде көптеген күрделі проблемаларды зерттеп, олардың қыр-сырын дұрыс зерделеуге бірқатар мүмкіндік жасады. Мәселен, бұл тәсіл өмірге келгеннен кейін туыстас тілдердің өзара қарым-қатынасын, туыстығын, сондай-ақ, әрбір нақты тілдің дамуын кезең-кезеңдерге бөлу тәрізді мәселелер қарала бастады. Салыстырмалы-тарихи тәсілдің көмегімен жеке тілдер мен тіл топтарының ғылыми тарихын жасауға қадам жасалды. Сөйтіп, ғылыми тәсіл тіл білімінің жеке, дербес пән ретінде дамуына жол ашып берді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс - өзара туыстас, төркіндес тілдерді жеке, жеке зерттегені болмаса, құрылымы әртүрлі

тілдерді бір-бірімен салыстыра жинақтап қарау, сөйтіп дүние жүзіндегі тілдердің барлығына немесе көпшілігіне ортақ типтік сипаттарды ашу ісіне келгенде дәрменсіз. Жалпы тіл білімі тек тілдер туыстығын айқындауды ғана көздемейді, ол дүние жүзіндегі тілдердің жалпы сипаттарын, типтік белгілерін ашып, тіл атаулының барлығын да қамти алатын типологиялық классификация жасауды да көздейді. Осы мақсатты іске асыру үшін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеумен қатар салыстырудың екінші түрі - типологиялық салыстыру дүниеге келді. Лингвистикада зерттеудің бұл түрі салғастырмалы әдіс, типологиялық әдіс, типологиялық лингвистика немесе тілдер типологиясы деп түрліше аталады. Егер салыстырмалы-тарихи әдіс тілдің өткені мен бүгінгісіне көңіл бөлсе, салғастырмалы әдіс бірнеше тілдің қазіргі кезеңіне көңіл аударады.

Екеуінде де тіл фактілерін салыстыру болғанмен, типологиялық зерттеу – салыстырмалы-тарихи зерттеуден өзгеше. Бұлардың зерттеу нысандарында да, көздейтін түпкі мақсаттарында да өзгешеліктер кездеседі. Типологиялық зерттеуде туыстас тілдер ғана емес, бір-бірімен ешқандай туыстық жақындығы жоқ тілдік фактілері де салғастырылады. Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдістегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, олардың жүйе құрылымы салыстырылады. Үшіншіден, мұнда тілдік тұлғалардың материалдық туыстығын ашу көзделмейді, салыстырылып отырған тілдердің ортақ белгілерін, типтік сипаттарын айқындау, сөйтіп, тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу көзделеді. Типологиялық зерттеудің алға қоятын мақсаты – барлық тілдерге немесе тілдердің көпшілігіне ортақ универсалды, типтік белгілерді ашу /Т.Қордабаев, 1983/.

Лингвистикалық типологияда **оппозициялық талдау әдісі** де кеңінен қолданылады. «Оппозиция» сөзі латынның «*opposito*» қарама-қарсы деген сөзінің негізінде пайда болған. Лингвистикада оппозиция деп кез-келген минималды жұпты айтады. Мәселен, антоним сөздер, бастауыш пен баяндауыш, дауысты мен дауыссыз т.б. тіл бірліктерінде осы жұптарды біріктіре отырып зерттеу көптеген лингвистикалық мектептерге тән.

Сонымен, генеалогиялық классификация тілдердің туыстық байланысына, шығу тегінің бірлігіне негізделеді де, тілдерді осы тұрғыда топтастырады. Ал морфологиялық немесе типологиялық классификация тілдердің грамматикалық құрылысына, атап айтқанда, грамматикалық тәсілдер мен грамматикалық формаларға, сөздің құрылысына негізделеді. Типологиялық классификация тілдерді грамматикалық тәсілдердің бірлігіне, ұқсастығына қарап топтастырады.

Салғастырмалы әдіс арқылы шыққан зерттеу нәтижесі ана тілі мен шет тілін салыстыра оқыту әдістемесінде кең түрде пайдаланылды. Әсіресе, шет тілін үйренуде оның маңызы өте зор. Салғастырмалы типологиялық зерттеуде әдеттегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, тілдің өзіне тән жүйелік құрылымы салыстырылады.

Қазіргі кезеңде тіл білімінің негізгі бір саласы болып есептелінетін салыстырмалы типология өзінің даму барысында түбегейлі қалыптасып, зерттеу нысаны мен әдісін саралап, даралап келеді. Салғастырмалы зерттеу мен салыстырмалы зерттеу жалпы лингвистикалық типологияның ішінде ара жігі ажыратыла қарастырылып жүр. Салыстырмалы зерттеу өзара туыс тілдерді салыстыра зерттеп, олардың туыстық деңгейін анықтауға бағытталса, салғастырмалы әдіс туыс емес, құрылымы әр түрлі тілдерді синхронды қалыпта салғастыра зерттеу болып табылады.

Тілдерді құрылымы мен құрылысына қарай топтастыру - типологиялық классификация деп аталады. Тілдерді бұлайша топтастыруда басшылыққа алынатын негізгі белгілер: ең алдымен тілдердің грамматикалық жүйесінің қалай құрылғандығы, белгілі бір тілдердегі грамматикалық тәсілдердің қайсысы б а с ы м д ы қ /доминант - Е.Ж./ ететіні, сол тілдердегі сөздердің өзгеру, түрлену жолдары, ерекшеліктері, белгілі тілдердің құрылымы мен құрылысы /Ә.Хасенов, 1996/. Тілдерді типологиялық жағынан классификациялау дегеніміз – оларды тектігіне, туыстығына қарап бөлмей, сырт ұқсастығы мен грамматикалық құрылымының ерекшеліктеріне қарай топтастыру.

3 тақырып.

Тіл біліміндегі салғастырмалы зерттеулердің тарихы

3.1. Салғастырмалы талдаудың негізгі бағыттары

Белгілі бір тілдің жүйесін оқып, үйренуді диалектикалық қарама-қайшылықтарға байланысты құру керек. Себебі кез келген нақты бір тілдің жүйесін сипаттау, жалпы алғанда, тілді сипаттау болып табылады. Толығырақ айтқанда, кез келген тілге сипаттама бергенде, ол тілдің аумағынан шығып, басқа тілдерді де қамтитын кез болады.

Ғылыми тіл білімінің алғашқы кезеңдерінің өзінде-ақ ғалымдар тілдерді салыстыра зерттей бастады. Кейінірек әлем тілдерінің шеңбері кеңейіп байланысты жеке тілдерді тек қана салыстыру жеткіліксіз болды, күн тәртібінде ол тілдердің ерекшеліктерін, айырмашылықтары мен сәйкестіктерін бір жүйеге түсіру мәселесі тұрды. Осылайша тілдерді сипаттау, ғылыми классификациялау жолындағы ізденіс базасы кейінірек лингвистикада тілдердің типологиясы деп атала бастады.

Әрбір ғылымның, пәннің зерттейтін нысаны болатыны сияқты универсалды типологияның да, жеке типологияның да өз зерттеу объектілері бар.

Дүние жүзіндегі барлық тілдерге ортақ жалпы мәселелер бар ма? Бар болса, олар қандай мәселелер? Дүние жүзі тілдерінің бір-бірінен нендей айырмашылықтары бар? Бір тілді екінші тілден айырып тұратын, сол тілге ғана тән айрықша, төл ерекшелік бола ма? Міне, типологияның шешуге тиісті өзекті мәселерінің бірі осылар.

Тілдерді типологиялық жағынан оқып, үйрену бірімен-бірі байланысты екі аспектіден тұрады:

- 1.Тілдерді ерекше белгілеріне қарай бір-бірінен айыру;
- 2.Тілдерді ортақ жүйелілік сипатына қарай біріктіру.

Бірінші аспект тіл білімінде кең көлемде көрініс тапқан деуге болады. Олай дейтін себебіміз, бұл мәселе оқулық ретінде,

белгілі бір тілдің грамматикасы ретінде жеткілікті зерттелген нысан.

Екінші аспектінің жүгі ауырлау. Ол тек тілдің ерекшелігін ғана көрсету емес, оның құрылымын және жүйесін ғылыми тұрғыдан сипаттау ғана емес, сонымен қатар, сол тілдерге ортақ ерекше жүйелік заңдылықтарды табу, белгілі бір тілдердің тілдік механизміне ортақ ерекшеліктер мен сәйкестіктерге қарай әлгі тілдерді біріктіру болып табылады.

Типологияның дамуының алғашқы сатысында белгілі бір тілдер арасындағы туыстық қатыныстарды айыра білу талабы тұрды. Бұл құрылымдық ұқсастықты бір негізден тараған туыстас тілдердің яғни шығу тегі жағынан жақын тілдердің арасындағы фонологиялық, морфологиялық және грамматикалық ерекшеліктерді зерттеумен айналысу кезеңі болды. Тілдердің өзімізге белгілі генетикалық типологиясының бастамасы осы болатын. Дегенмен, бір-біріне жақын, туыс тілдерді лингвистикалық талдау тіл білімінің алдына басқа мәселені қойды. Ол - ареалды типология туралы ұғым.

Ареалды типология тек кейбір мақсат пен міндеттерді ғана орындады. Себебі жақын және алыс ерекшелігіне қарай, ареалды типология тілдерді кейде аймақ бойынша, кейде туыстық жақындығына қарай, кейде географиялық ұстанымға сәйкес біріктірді.

Лингвистер тілдер арасынан терең ішкі категорияларды іздей бастады; тілдердің жақындығын ескеріп, лингвистикалық атлас жасағылары келді. Алайда, сипаттамалы типологияның бұл кезеңінде тілдерді біріктіру әзірше мүмкін емес еді. Тілдердің ерекше белгілері, шешілмеген мәселелері бұл жағдайды көтермеді.

Қазіргі лингвистиканың алдында тілдерді салыстырмалы-салғастырмалы зерттеу кезек күттірмейтін мәселе. Өйткені типология болашақта әртүрлі тілдерді (шамамен 4000 аса тіл бар) біріктірудің үлкен, керемет картинасын жасап шығуы керек. Бұл мақсаттың типологиялық лингвистикада бірінші сапта тұрған себебі - әлем тілдерінің бәрін сипаттап, бір ізге түсірудің, сондай-

ақ, оларды айыру және біріктіру мәселелерінің практикалық қажеттілігі пісіп жетілгендігі. Қазір тілдік типология саясаты тіл білімінің басты міндетінің бірі болып отыр. Тілдерді типологиялық зерттеудің негізгі бағыты - ең алдымен, тілдік механизмнің ерекше жақтарын анықтау, әрбір тілдің негізгі коммуникативтік қызметін көрсететін тілдік бірліктердің қалыптасуының жалпы заңдылықтарын ашып көрсету, одан ары әртүрлі тілдердің коммуникативтік құрылымының жалпы заңдылықтарын көрсету болып табылады.

Типологияның бұл бағыты жалпы тілдің теориясымен ұштасып жатады. Себебі екеуінің де мақсаты тілдердің ең алдымен адамзат әрекетінің атрибуты ретінде қызмет ететіндігін айқындау. Типологияның бұл бағыты тілдердің универсалды ерекшеліктеріне сүйенеді, мақсаты белгілі бір тілді сипаттау, дәлірек айтсақ, жеке ерекшеліктерден жалпы ортақ мәселелерге қарай сипаттау болып табылады. Тілдердің әртүрлі ерекшеліктерін біріктіру және тілдерге ортақ универсалийлерді табу жалпы типологияға тән бірден бір әдіс. Лингвистикалық типологияда тілдік универсалийлерді тек тілдерді бір-бірімен салғастырғанда ғана анықтауға болады. Ол универсалийлер лингвистикалық универсалийлер деп аталады.

Универсалийлер - тілдердің негізгі сипатын ашып бере алатын көптеген тілдерге тән қасиеттер мен белгілер. Олар дедуктивті және индуктивті, абсолютті және статистикалық, синхронды және диахронды, жай және күрделі т.б. болып бөлінеді. Тілдік универсалийлер: а) егер тілде рай категориясы болса, онда ашық райдың болуы міндетті; б) тілдегі фонемалар саны 10-80 фонемадан аспайды; в) егер тілде дауыссыздар «жуан-жіңішке» болып бөлінсе, онда дауыстылар политонды болмайды; г) егер тілдегі сөздер бір буынды болса, ондағы морфемалар саны да біреу, яғни тілге музыкалды екпін тән; д) егер тілде дауыстылар болса, онда бұл жүйеге тілдің жоғары көтерілуін қарсы қоюға болады т.б. /Сүлейменова Э.Д./.

Сонымен лингвистикалық универсалийлер дегеніміз - әлемдегі әртүрлі тілдердің барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер.

Универсалийлердің мынадай негізгі типтерін көрсетуге болады: фонологиялық, грамматикалық, семантикалық және символикалық.

Типология шартты түрде жалпы және жеке типология болып екіге бөлінеді. Жалпы типология әлемдегі тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарды тілдің жалпы мәселелеріне байланысты қарастырады.

Кезінде И.А. Бодуэн де Куртенэ «Біз тілдерді олардың туыстығына байланыссыз, мүлдем бір-бірінен алшақ тілдерді де салыстыра аламыз. Географиялық және тарихи алыс тілдердің өзінен үнемі сәйкестіктерді, тарихи ұқсас процестерді тауып отырамыз» деген еді. Әртүрлі генетикалық топқа енетін тілдер арасындағы жалпы ерекшеліктерді, жалпы өзгерістерді тілдердің деніне ортақ процестерді осы жалпы типология зерттейді. Мұндай зерттеу нысанына сондай-ақ, фонологиялық жүйедегі жалпы мәселелер, фонемалар мен буындарды айрықша белгілеріне байланысты топтастыру, сөз және сөз тіркесі құрылымындағы ерекшеліктер, сөздің морфологиялық структурасындағы типтерді айыру т.б.мәселелер енеді. Ғалымның өз сөзімен айтар болсақ: «Тілдерді осылайша салыстыру олардың фонетика, морфология, сонымен қатар семасиология салаларындағы ауқымды талдауларға негіз болады».

Бұдан жалпы типология өз зерттеу нысанын өзгертіп, яғни тек туыс тілдерді ғана емес, сондай-ақ, құрылымы әртүрлі тілдерді де қарастырып, зерттеу материалын кеңейте отырып, жалпы тілдік мәселелерді шешуде ерекше рөл атқаратынын көреміз.

Жеке типологияның қарастыратын мәселесі жалпы типологияға қарағанда тарлау (шектеулі). Бұл бір тілді немесе белгілі бір тілдер тобын ғана типологиялық жағынан зерттеу. Генетикалық жағынан туыс тілдерді қарастыратын салыстырмалы-тарихи тіл білімінен бұл зерттеудің айырмашылығы жеке типология жалпы типология іспеттес бір негізден тараған туыстас тілдерді ғана емес, сонымен

бірге, әр басқа негізден тараған тілдерді де қоса зерттейді. Бұл жерде басты көңіл аударатын мәселе, туыс тілдерді салыстырғандағыдай материалдық форманың ортақтығы емес, туыстығы алыс тілдер арасындағы семантикалық жақындық, белгілі бір морфемалардың функцияларының ортақтығы болып табылады. Мысалы, құрылымы әртүрлі тілдердегі өздік есімдіктер жүйесі немесе морфемалардың суффиксальдық жүйесі жеке типологияның зерттеу нысаны болуы мүмкін.

Алдына қойған нақты мақсат-міндеттерге байланысты жеке типология белгілі тілдер мен тілдік топтардың құрылымын, сонымен қатар, жеке тілдер жағдайының тарихи өзгерістерін оқып, зерттейтін тарихи және диахрондық типологияны біріктіреді. Мысалы, жеке типология тілдердің синтетикалық типтен аналитикалық типке өтуін де, тіл тарихындағы белгілі бір сөз табының өткені мен бүгінгі сипатын көрсететін грамматикалық категориялардың өзгерісін де қарастырады.

Лингвистикада салыстырылатын материал жөнінде мынадай екі пікір бар: 1.Бүкіл тіл жүйесі бойынша салыстыру. 2.Аспект бойынша салыстыру. Аспект бойынша салыстыру тіл жүйесінің (фонетика, грамматика, лексика сияқты) белгілі бір жағын ғана қарастырады, мысалы, тек категориясы, септіктер жүйесі, сөз таптарының жүйесі т.б. Бүкіл жүйе типологиясы тілдерді салыстыра отырып, олардың типін басым белгілерінің ортақтығына қарай белгілейді; тілдердің типін өзара байланысты тіл бірліктері мен құбылыстарының ерекшеліктерінің негізінде анықтайды. Мәселен, Ч.Е. Базел тілдердің типін зерттеу тілдің белгілі бір аспектісіне бағытталуы тиіс екендігін, сонан соң олардың негізінде екі не бірнеше тілді салыстыруға болатынын айтады / Ч.Е Базел/.

Ал бүкіл тіл жүйесі бойынша салыстыру тіл құрылымының кейбір аспектілерінің (мысалы, сөз тіркесінің құрылысы, сөздің морфологиялық және мағыналық жағындағы өзара байланысы) бір-біріне тәуелділігінен шығады. Осындай жағдайларға сүйеніп, тіл ғалымдары бір тілдің ерекшелігін ашуға тырысады. Қандай да болмасын екі тілді (тегі басқа,

тектес, т.б) салыстыруда универсалды, жалпы, типті және дербес белгілерді табуға болады.

Профессор Э.Д. Сүлейменова құрылымы әртүрлі тілдерді лингвистикалық тұрғыдан сипаттағанда мына мәселелердің ескерілуін айтады: а) екі тілге ортақ жалпы (универсалды) терминдер мен ұғымдар және категориялардың болуы шарт; б) әртүрлі тілдік фактілерді бағамдаған кезде ортақ әдістер мен айырым белгілердің (критерийлер) пайдалануы шарт.

Контрастивті лингвистикада қолданылатын терминдер, екі тілде бірдей қолданылуы міндетті. Әйтсе де, әрбір термин тілдегі жалпы белгілерді біріктірумен қатар, әр тілдің өзіне ғана тиесілі ерекшелікті білдіретін белгілерді қоса көрсетеді. Осы шарттар орындалған кезде ғана тілдерді салғастыру мүмкіндігі туады / Э.Д. Сүлейменова/.

Типология зерттеу нысанына қарай жеке және жалпы типология сабақтастығына құрылғанын ескерсек, жалпы мен жалқының байланысы қазіргі зерттеулердің өзегіне айналып отыр. Жеке типология – бір тілдің құрылымдық ерекшеліктерін, жүйелік нормаларын сипаттай отырып, бір немесе бірнеше халықтар үшін маңыздылығын анықтауға бағытталса, жалпы типология – барлық тілдерге ортақ болатын қалыптасу, даму ұстанымдарын сұрыптауға негізделеді. Жеке типологияның дамуы арқылы, салғастырмалы-типологиялық зерттеулер негізінде қалыптасқан жалпы типологиялық мәселелер тілдерге тән толып жатқан ортақ сипаттардың, универсалды құбылыстардың табиғатын, себеп-салдарын ашуды мақсат етеді. Соның нәтижесінде лингвистикалық әр деңгейдің өз даму принциптерін сұрыптауға болатын ұстанымдар желісі анықталып, жалпы ереже – «тіл атаулының барлығына ортақ жалпы заң», жалқы ережелер - әрбір тілдің өзіндік даму ерекшеліктерін сипаттайтын нормалар болып есептеледі. Екі бағыттың да типологиялық тіл білімі үшін маңызы зор. Өйткені кез келген тілдің «қоғамдық құбылыс ретіндегі жалпы адам баласының тілін сипаттайтын жалпы заңдылықтармен» қатар «нақтылы бір тілдің өзіне тән, оны басқа тілдерден бөліп қарауға

мүмкіндік беретін жеке заңдарын ажырата білу қажеттігі» орын алады. Сондықтан бүгінгі күні жеке тілдік фактілерді жалпы тіл табиғаты негізінде талдау қажеттігі сол байланыстың уәжді жалғасы болып табылады.

Универсалды типология жеке тілдер типологиясынан бөлек тұрған нәрсе емес. Ол сол жеке тілдер типологиясының тұжырымдарына негізделеді. Басқаша айтқанда, жеке тілдерді зерттеуден туған қорытындылар жалпы типологияға материал болады. Ал тіл білімінің жеке тілдерді зерттейтін саласы өз зерттеулерінде универсалды типология жасаған тұжырымдарға сүйенеді, соларды басшылыққа алады. Бұл - тілдің универсалды типологиясы тілдің жеке типологиясымен тығыз байланысты деген сөз.

Типологиялық зерттеулер тілдің барлық деңгейінде (фонология, морфология, лексика, синтаксис, сөзжасам) жүргізіледі, тіпті онда сөз типологиясының өзі арнайы қарастырылады. Мұндай жұмыстар циклы деңгейлік, аспектік, жүйелік типологияны құрайды.

3.2. Тілдерді салғастырудың ұстанымдары

Тіл білімінің маңызды саласы – салғастырмалы типология өзінің ғылыми ұғымдық аппаратын айқындап, зерттеу нысаны мен нақты мақсат-міндеттерін нақтылап, шындалып, қарқынды даму үстінде. Тілдерді бір-бірімен салғастырғанда, бұған дейін олардың жеке бірліктерінің тұлғалары мен қызметтерінің ерекшеліктерін немесе ұқсастық қасиеттерін негізге ала отырып, морфологиялық, синтаксистік, фонетикалық деңгейлерінің кейбір мәселелері қарастырылды, олардың жеке категориялық ерекшеліктері сарапқа салынды.

Кейінгі жылдары ұлтаралық қатынастардың дамуына байланысты, әртүрлі тілдік топтарды және құрылымы жағынан мүлдем алшақ тілдерді типологиялық тұрғыдан зерттеу дәстүрге айналды. Ғылыми ізденістер тіларалық сәйкестіктердің

теориялық негізінің жасалуына үлкен үлес қосты. Дегенмен, бұл проблеманың тіл ғылымының кейінгі жетістіктері тұрғысынан әлі де нақтылай түсетін, әлі де жүйелей түсетін тұстары жоқ емес. Мәселен, соңғы кездегі лингвистикалық зерттеулерде қайсыбір тіл құбылысын жаңаша зерделеу, бұрынғы дәстүрлі әдістен шығып, өзгешерек түсіндіру бағыты байқала бастады. Мұндай жаңа нышан ішінара құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан зерттеу мәселесінде де сезіледі. Тіл ғылымындағы бұл сонылықты ескермейінше құрылымы алшақ тілдерді салғастырғанда, ол тілдердің ішкі жүйесінің заңдылықтарын, олардың грамматикалық табиғатын толық тану, жете сипаттау, әрине, мүмкін болмайды. Тілдерді типологиялық жағынан зерттегенде белгілі бір ұстанымдарға сүйену керек.

Профессор М.К. Исаев қандай да болмасын контрастивті зерттеу жүйелілік ұстанымын сақтағанда ғана өзінің негізгі мақсатына жетеді. Екі тілдің біртекті фактілерін салғастырылған жағдайда тілдер екіжақты, тең құқұқты ұстаныммен салғастырылуы керек екендігін айтады /М.К.Исаев /.

У.К. Юсупов контрастивті зерттеудің он төрт ұстанымын ұсынады. Ол кісі салғастырудың жан-жақты болуына көп көңіл аударып, ұстанымдар ауқымын тым жіктеп жіберген. Мысалы, жеңілдік принципі, қысқарту принципі т.б. Бұл принциптер белгілі бір жағдайда ғана қажет болуы мүмкін. Ал негізінде олар салғастырмалы типологияны бір жағынан жадағайландырып, екінші жағынан тарылтып жібереді.

Профессор З.Қ.Ахметжанова құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырмалы зерттеудің 6 ерекше ұстанымдарын негізге алуды ұсынады: 1. *Семантикаға сүйену принципі*. Салғастырмалы тіл білімі әрқашан тілді оқытудың практикасына негізделді, ал шет тілді оқытудың негізі назардан тысқары қалды, ол мағына, семантика, тілдің мағыналық жағы болуы керек еді. Ол бір. Екіншіден, семантикалық мазмұн генетикалық жағынан алыс тілдер арасындағы тілдік категорияларды салғастыруда сенімді негіз болатыны сөзсіз. Үшіншіден, мазмұнды категорияларға сүйене отырып салғастыру салыстырылып

отырған тілдердің әрқайсысының өзіне тән ерекшелігін яғни спецификасын айқындауға жағдай жасайды. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырудың негізгі шартының бірі ретінде семантикаға сүйену ұстанымын ұсына отырып, ғалым негізгі ұғымдық категорияларды мәселен, уақыт, мекен, сан, сапа және басқаларды универсалды деп айтамыз дейді. Себебі олар барлық тілдерде кездеседі.

Семантикаға сүйену принципіне негізделген салғастырмалы зерттеулер тілдер арасындағы типологиялық қызық фактілерді анықтауда негізгі аргумент болып табылады.

Типология тілдік құрылымның сәйкестіктері мен ерекшеліктерін, варианттылық пен инварианттылықты қарастыратын ілім болса, онда мазмұн типологияға да қатысты деп, түйінін жасайды З.Қ. Ахметжанова. Өйткені, тілдің мазмұндық жағында да сәйкестіктер мен ерекшеліктер кездеседі.

Тілдерді типологиялық тұрғыдан салғастырудың 2-ұстанымы деп З.Қ.Ахметжанова *тілдер функционалды тұрғыдан салғастырылуы тиіс* екендігін айтады. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырғанда ол тілдердің грамматикалық инвентары ғана салыстырылмай, ондағы тілдік бірліктердің қызметтеріне тән ортақ қасиеттерді, сәйкестіктерді салғастыру абзал. Олардың ерекшеліктері қандай, айырмашылықтары неде, нақты сөйлеу әрекеті кезінде дыбыстар қандай қисында тіркеседі деген мәселелер қамтылуы қажет.

Бұл бір шет тілін оқытудың практикасына немесе аударма практикасына бағытталған салғастырмалы зерттеулердің бағыт-бағдарына байланысты шыққан қорытынды грамматика үшін де өте маңызды. Егер қандай да бір тілдік тәсілдердің қолдануының ерекшеліктері зерттелсе, ол белгілі грамматикалық ұғымдардың категориялық қызметін анықтауда да, лингводидактикалық мақсаттар үшін де маңызды болып табылады.

3) Салғастырмалы зерттеулерде тілдік бірліктердің *парадигматикалық* және *синтагматикалық* қатынастарының ара салмағы есепке алынуы қажет.

Парадигматикалық қатынастар дегеніміз – тілдің грамматикалық құрылымының (строй) бір семантика-функционалды қатарындағы грамматикалық формалар арасындағы қатынас. Тілдік бірліктердегі семантикалық құрылымдарына талдау жасау сол құрылым ішіне енетін парадигманың басқа мүшелеріне байланыссыз мүмкін емес. Функционалды тұрғыдан қарағанда, парадигматикалық қатар белгілі бір функционалды-семантикалық категорияның барлық айтылу құралдарын (средство выражения) құрайды.

Одан ары ғалым З.Қ.Ахметжанова орыс тіліндегі *купить* лексемасының құрылымын *продать, иметь, наследовать, украсть* лексемаларымен салыстыра отырып, олардың ара қатынасын белгілеуге болады, яғни, X дегеніміз У, X-тің У-і бар конструкциялары арқылы да айқындауға болатынын айтады. Тілдік бірліктерді функционалды-парадигматикалық қатардың функционалды-семантикалық құрылымының орнын айқындауға көмектеседі және талдап отырған тілдік бірліктің тілге қатысты немесе тілден тысқары (периферия языка) екендігін анықтауға көмектеседі,-дейді.

Функционалды салғастыру тілдік бірліктердің мәтін түзу кезінде семантикалық құрылымға әсер ететін синтагматикалық қатынасты есепке алуды көздейді. Бұл тұрғыда ғалым З.Қ.Ахметжанова *иметь дом және иметь возможность* деген сөз тіркестерін салыстырып, ара-жігін көрсетеді: бірінші мысалда *дом* зат есіммен тіркесіп, *иметь* сөзі «ие болу» қатынасын білдіреді, екінші жағдайда *иметь* етістігі абстракты зат есіммен тіркесіп, «мүмкіншілігі бар» деген мағынаға ие болып тұр. *Семьялы адам* немесе *сыйлы адам* тіркестерінің бірінші жағдайында қатыстық сын есім нақты зат есімге тіркесіп, поссесивтік қатынасты білдірсе, екіншісінде абстракты зат есімге (сый) тіркесіп, объектінің жағдайын білдіріп тұр.

Парадигматикалық қатынас тілге қатысты, синтагматикалық қатынас сөйлеуге қатысты дей келе, парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарды есепке алу ұстанымын ұсынған ғалым З.Қ. Ахметжанова,

салғастырмалы зерттеуде жалпы тілдік бірліктерді қарастыру ғана емес, олардың қолдану ерекшеліктерін көрсету қажет, тілдік бірліктердің қолданысын көрсету, мұндай салғастыру ол тілдік бірліктердің потенциясын көрсетумен қатар, сол потенцияны өзгертуге әсер ететін факторларды да анықтауға мүмкіндік жасайтынын зерделейді.

4) Міндетті түрде *ұғым мен терминнің сәйкестігі* болуы шарт. Тілдерді салғастыра, салыстыра зерттеу өз мәресіне жету үшін тілдердегі белгілі құбылысты бір өлшеммен, ұғыммен сипаттау қажет. Себебі тілдерді зерттеу барысында қандай да бір термин әр тілде әртүрлі ұғымды беруі ықтимал. Осыған байланысты ұғымдар мен терминдерді сәйкестендіріп, жалпыға ортақ бірегей қорытындыға келу керек. Терминдер мен ұғымдарды сәйкестендіру ұстанымы сипаттама лингвистика бойынша зерттеулерге қойылатын талапқа сәйкес терминологиялық ақпараттың негізіне сүйенеді.

5) Салғастырмалы функционалды-семантикалық зерттеулерде тілдік тәсілдердің *семантикалық және құрылымдық функциялары*н анық айыра білу керек. Бұл шет тілін оқыту практикасында интерференциялық сипаттағы қателерге жол бермеу үшін өте қажет болып табылады.

6) Тілдің құрылымын анықтау үшін қандай да бір ұғымдық концептке сүйенген және қандай да бір семантикалық қызмет атқаратын грамматикалық категорияларды да, тілдің механизмінің бөлшегі туралы хабар беретін формалды класстарын да жақсы білген абзал. Семантикалық негізгі категориялар мен формалды кластар арасындағы айырмашылықтар интерференцияның сипатын да, ара салмағын да көрсетеді /З.Қ.Ахметжанова/.

Профессор Қ.Т.Рысалды «бұл принциптер функционалды-семантикалық грамматиканың А.В.Бондарко айқындаған тілдің құрылымдық-функционалдық бірлестігі принципімен, интегративтік және бір бірліктің мағыналық-функционалдық қабілеттерін басқа бірліктердің толтыру ұстанымымен ұштасып, жалпы функционалды грамматиканың және оған қоса

осы тұрғыдағы салғастырмалы типологияның негізін қалады, сонымен функционалды контенсивті типологияның теориясын дамытуға ықпал етті,»- деп ерекше бағалайды / Қ.Т.Рысалды /.

Профессор М.Т.Сабитова өзінің «Қазақ және неміс тілдерінің салғастырмалы фразеологиясының қалыптасуы» деген мақаласында: «А.Д.Рахштейн лингвистикалық салғастырмалы талдаудың қиындығы мен аздығын көрсете отырып, тілдердің түрлі топтарына және салғастырудың кез келген деңгейінде қолдануға болатын кейбір ұстанымдарды анықтады,» - деп, оларды жіктеп көрсетеді:

1. Жеке тілдерді зерттеу, салыстыра, тұтастай және кезеңмен жүргізілуі тиіс, жеке тілді зерттеу тіларалық зерттеуден бұрын басталады;

2. Ұқсастықтар мен айырмашылықтарға салғастырмалы талдау – салғастыру бірліктері арасындағы объективті ұқсастыққа негізделеді;

3. Тілдегі бірліктерді салғастыру және тілдерді зерттеудің біртұтас теориясы негізінде жүргізілуі тиіс. Біртұтас ұғым – терминалогиялық аппарат көмегі арқылы жүзеге асады;

4. Бір жақты немесе екі жақты салғастыру; оның нәтижелерінің салғастыру барысы, мазмұны біржақты (А тілінің ерекшелігін Б тілінің ерекшелігіне қатысты зерттеу немесе керісінше), екі жақты (А және Б тілдерін қатар талдау) болуы мүмкін.

5. Салғастырмалы талдау тілдік формадан мазмұнға (семасиологиялық жол) немесе мазмұнын оның айтылым тәсіліне қарай (ономасиологиялық жол) бағытталады. Салғастыра зерттеуде осы екі жол өзара үйлесіп тұрады.

6. Салғастыра зерттеу синхронды-салғастыру немесе диахронды- салғастыру болуы мүмкін.

7. Салғастырмалы талдаудың көздері: салғастырылушы тілдің түпнұсқасы, материалдары.

Құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық зерттеуде жоғарыда көрсетілген ұстанымдардың тигізер пайдасы орасан. Бұл принциптер мен ұстанымдарды лингвистикалық

типологияда пайдалану салғастырмалы-типологияны дамытуға ықпал жасайды. Қазақ тілін басқа тілдермен салыстыра және салғастыра зерттеуді дамыту –ана тіліміздің аясын кеңейтіп, мемлекеттік тіл ретіндегі статусы мерейінің үстем болуына әсер ететіні сөзсіз.

Өз тарапымыздан құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырғанда мына ұстанымдарды назарда ұстағанды жөн санаймыз:

1. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастырғанда жүйелілік сақталуы тиіс. Даралық және жалпылық, ұқсастық және ерекшелік салыстыру, салғастырудың, оппозитивтің негізінде анықталады. Оппозитивтің өзі өз ішінде тағы да қарама-қарсылықтан тұрады. Бұл мәселе адамзат тіліне қатысты алынғанда, тілді тұтас жүйелі құрылым ретінде жинақтай алатын сипатқа ие болуы тиіс. Құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан салғастырғанда тілдің барлық деңгейлері бойынша, жүйелі типология тұрғысынан зерттелуі тиіс. Бұл ұстаным салғастырылып отырған тілдердің бүкіл жүйесі бойынша типологиялық басымдылықтарды анықтауға, ол басым белгілердің басқа белгілерге әсерін айқындау арқылы детерминантты анықтауға, ол басымдықтың зерттеліп отырған тіл үшін маңыздылығын айқындауға, соның негізінде бүкіл тілдің жүйелік құрылымын сипаттауға мүмкіндік береді.

2. Тілдердегі кездейсоқ сәйкестіктер мен ерекшеліктер емес, тілдік үрдіс (тенденция) салғастырылуы дұрыс. Сонда ғана тілдер табиғатындағы, тілдің жүйелік құрылымындағы басым белгі, типологиялық басымдықтар анықталады. Тілдің жеке-дара фактілерін салғастыру тіл білімі үшін ештеңе бермейді, тек жүйелілік қана тілдің төл ерекшелігін, тілдің табиғатын айқын көрсетуге мүмкіндік жасайды.

3. Құрылымы әртүрлі тілдер алдын-алатандап алынған типологиялық параметрлер арқылы салғастырылуы қажет. Тілдерді салғастыруда кездейсоқ салғастыру болмау үшін ол параметрлер таңдап алынуы қажет. Соның негізінде әр тіл бөлек-бөлек зерттеледі немесе өзіне дейінгі типологиялық

зерттеулер негізінде тұжырымдар жасалады. Бұл белгілер кеңістігіндегі көпөлшемді тілдік жүйені терең талдауға мүмкіндік береді.

4. Типологиялық зерттеуде белгілер кеңістігіндегі басым белгі, типологиялық басымдылықтар арасынан міндетті түрде доминант анықталуы тиіс. Әр деңгей бойынша анықталған типологиялық басымдылық түрлері тіл үшін маңызы бірдей ме, әлде біреуі басымдылықтарды анықтайтын басым белгі бола ма деген сауал әр деңгей тұрғысынан бағаланғаны абзал.

5. Салғастыруда тіл деңгейлері арасындағы иерархиялық, өзара байланыс қатаң сақталуы керек.

Бұл ұстанымдарды лингвистикалық типологияда пайдалану салғастырмалы-типологияны дамытуға, лингвистикалық типологияның метатілін байытып, қалыптастыруға ықпал жасайды. Қазақ тілін басқа тілдермен салыстыра және салғастыра зерттеуді дамыту – ана тіліміздің аясын кеңейтіп, мемлекеттік тіл ретіндегі статусы мерейінің үстем болуына әсер ететіні сөзсіз.

Типологиялық зерттеулер тілдің барлық деңгейінде (фонология, морфология, лексика, синтаксис, сөзжасам) жүргізіледі, тіпті онда сөз типологиясының өзі арнайы қарастырылады. Мұндай жұмыстар циклы деңгейлік, аспектік, жүйелік типологияны құрайды.

4 Тақырып.

Дүние жүзі тілдерінің топтастырылуы (классификациясы)

4.1. Тілдердің генеалогиялық топтастырылуы

Дүние жүзіндегі тілдер өте көп, олардық санын нақты айта алмаймыз. “Халықаралық лингвистикалық энциклопедияның” (“*The International Encyclopedia of Linguistics*”, 1992) дерегі бойынша, дүние жүзінде 1970-1980 жылы 6604 тіл (оның ішінде 300 өлі тіл) болса, ал “Әлем тілдерінің атласы” (“*Atlas of the World’s Languages*”, 1994) әлемде 6796 тіл бар деп мәлімдеген. 20 ғасырдың 90-жылдарында дүние жүзінде 6 мыңдай тіл бар деу шындыққа неғұрлым сай келеді. Дегенмен, ғылымда Дүние жүзі тілдерінің ұзын саны 3000-нан 10000-ға дейінгі аралықта деген тұжырым да жоқ емес. Олар: тайпа тілдерін де, халық тілдерін де, ұлт тілдерін де қамтиды. Кейбір тілдер кең қолданылып, халықаралық тілдер дәрежесіне, мәселен, біріккен ұлттар ұйымының ресми тілі дәрежесіне дейін жеткен. Олар: қытай, ағылшын, испан, орыс, араб, француз тілдері.

Тіл білімінде дүние жүзіндегі тілдерді екі түрлі тұрғыдан топтастырады: Тілдің шығу тегі тұрғысынан, яғни туыстығы, бір негіз тілден бөлініп шыққандығы тұрғысынан топтастыру - тілдердің генеалогиялық топтастырылуы, шығу тегіне байланыстырылмай, грамматикалық құрылысы мен типінің ұқсастығы тұрғысынан топтастыру – тілдердің типологиялық топтастырылуы деп аталынады.

4.2. Тілдердің генеалогиялық топтастырылуы

Дүние жүзіндегі тілдер өздерінің туыстығына, шығу тегінің бірлігіне, қарай әр түрлі семьяларға (кейбір әдебиеттерде жанұя), семьялар әртүрлі топтарға бөлінеді.

Бір семьядан шыққан тілдер, туыстас тілдер – шығу тегі

бір, біртектес тілдердің бірнеше топтарының жиынтығы дегенді білдіреді. Ал ол семьяға кіретін тілдер тобы – бір семьяға жата-тын, бірақ туыстығы жағынан басқа тілдермен салыстырғанда тіптен жақын тілдерді білдіреді. Мысалы, түркі тілдері өзара туыстас тілдер. Олар жалпы түркілік бір негізден шыққан. Сондықтан оларды түркі тілдер семьясы деп атаймыз. Ал роман тілдері үндіеуропа тілдер семьясына жатады. Оның ішінде өздері бір негізден, яғни латын тілінен шыққандығына орай олар роман тілдері тобын құрайды. Үндіеуропа тілдер семьясына жататын герман тілдерінің негізі грек тілі болғандықтан олар өз алдына бөлек топ (герман тілдерін) құрайды.

Тілдердің бір-біріне жақындығы, өзара туыстық дәрежесі әртүрлі. Сондықтан тегі бір туыстас тілдердің кейбіреулері бір-бірімен өте жақын болуы мүмкін, кейбіреулері алшағырақ, енді біреулерінің туыстығы тым алыс болуы да мүмкін. Мысалы, бір ғана үндіеуропа тілдер семьясына жататын тілдер саны өте көп және бәрі де туыстас тілдер. Алайда ол тілдердің бір-біріне алыс-жақындық дәрежесі біркелкі емес. Сондықтан да, үндіеуропа тілдер семьясы өз ішінде: 1) славян тілдері, 2) роман тілдері, 3) герман тілдері, 4) индия тілдері, 5) иран тілдері деген сияқты т.б. топтарға бөлінеді.

Үндіеуропа тілдер семьясы енетін топтардың өздерінің өзара жақындық дәрежесі әртүрлі болады. Мысалы, бір ғана славян тобына жататын орыс тілі мен чех тілінің жақындық, ұқсастық жақтары орыс, украин, белорус тілдерінің өзара жақындық, ұқсастық жақтарына қарағанда әлдеқайда алшағырақ.

Сонымен қатар, жоғарыда аталған топтардың әрқайсысы өз ішінде тағы да бірнеше кішірек топтарға (подгруппаларға) бөлінеді. Мысалы, славян тілдер тобы өз ішінде 1) шығыс славян, 2) оңтүстік славян және 3) батыс славян тілдері болып үш кіші топқа бөлінсе, түркі тілдер семьясына жататын тілдер де өз ішінде осылай үлкен топтар мен кіші топтарға жіктеліне алады.

Сөйтіп, туыстас тілдердің бір-бірімен жақындығы, ұқсастығы бірдей бола бермейді екен. Олардың ішінде негізгі сөздік қоры мен фонетикалық жүйесі және грамматикалық құрылысы жағынан бір-біріне өте жақын, ортақ белгілері көп тілдер де болады, керісінше, айырым жақтары молырақ, демек ортақ белгілері азырақ тілдер де болады.

Шығу тегі, туыстығы жағынан топтастыру барысында дүние жүзіндегі тілдер былайша жіктелінеді:

1. Үндіеуропа тілдері семьясы. Бұған туыстас тілдердің төменгі топтары енеді:

1. Индия тобы. Бұл топқа енетін тілдер: бенгал тілі (Үндістан мен Пәкістанда), пенджаб тілі (Индия мен Пәкістанда), синдх тілі (Үндістан мен Пәкістанда), сингаль тілі (Шри-Ланкада), непал тілі (Непалда), урду тілі (Пәкістанда), хинди тілі (Үндістанда), цыған тілі.

2. Иран тобы. Бұл топқа мына тілдер енеді: парсы тілі (Иран), пушту тілі (Ауғанстан), тәжік тілі, курд тілі (Түркия, Иран, Ирак, Азерб.), осетин тілі т.б.

3. Славян тобы. Бұл топ, жоғарыда айттық, өз ішінде тағы үш топқа бөлінеді: а) Шығыс славян тілдері (орыс, украин, белорус), ә) Оңтүстік славян тілдері (болгар, македон, серб, хорват, словен), б) Батыс славян тілдері (чех, словак, поляк).

4. Балтық тобы: литва, латыш тілдері (өлі тіл – прус тілі).

5. Герман тобы. Бұлар іштей үш топқа бөлінеді: а) Солтүстік герман (скандинав) тілдері: дат, швед, норвеж, исланд; ә) Батыс герман тілдері: ағыл., нидерланд, неміс, голланд, идиш; б) Шығыс герман тілдері: гот, вестгот, остгот.

6. Роман тобы. Бұл топқа енетін тілдер: француз, итальян, испан, португаль, румын, молдаван тілдері (өлі тіл – латын тілі).

7. Кельт тобы: ирланд, шотланд (өлі тіл – галль).

8. Грек тобы: грек тілі.

9. Албан тобы: албан тілі.

10. Армян тобы: армян тілі.

II. Семит-Хамит (афразия>афро-азиат) тілдері семьясы:

1. Семит тобы: араб, иврит тілі – көне еврей тілі, бервер-ливия тілі, кушит, чад, финик, моавит тілдері.

2. Египед тобы: көне египет тілі – копт тілі.

III. Кавказ (иберия-кавказ) тілдері семьясы. Бұларға жататын тілдер: грузин, абхаз, адыгей, кабардин, черкес, шешен, ингуш, дағыстан, авар, лезгин.

IV. Фин-угор (угро-фин) тілдері семьясы. Бұлар екі топқа бөлінеді:

1. Угор тобы: венгер тілі, манси (вогуль) тілі, ханти (остя) тілі; соңғы екеуі Ресей Федерациясында.

2. Фин тобы: фин, веп, вод, ижор, карель, эстон, коми-зырян, коми-перм, удмурт (вотя), марий, саам, мордва (эрзя, мокша) тілдері.

V. Түркі тілдері семьясы. Бұлар ең алдымен а) Батыс хун бұтағы және ә) Шығыс хун бұтағы деп, екіге топтастырылады:

А. Батыс хун бұтағы төртке бөлінеді:

1. Оғыз (Оңтүстік Батыс) тобы: түрікмен, азербайжан, түрік, гагауз.

2. Қыпшақ (Солтүстік Батыс) тобы: қазақ, қарақалпақ, татар, башқұрт, ноғай, қарайым, құмық, қарашай, балқар, қырым татарлары.

3. Қырғыз-қыпшақ тобы: қырғыз, алтай.

4. Бұлғар тобы: чуваш.

Ә. Шығыс хун бұтағы екіге бөлінеді:

1. Қарлұқ (Оңтүстік Шығыс) тобы: өзбек, жаңа ұйғыр.

2. Ұйғыр-оғыз (Солтүстік Шығыс) тобы: якут, тува, хакас, шор, көне ұйғыр.

VI. Монғол тілдері семьясы. Оған мына тілдер енеді: монғол, бурят, қалмақ, моголь (Ауғанстан), монгор (Қытай), дагур (Солтүстік Шығыс Қытай).

VII. Тұңғыс-манжұр (тунгус-маньчжур) тілдері семьясы. Бұл тілдер екі топқа бөлінеді.

1. Тұңғыс тобы: эвенк, эвен, орок, ороқ.

2. Манжұр (маньчжур) тобы: манжұр, негидаль, нанай, удэгей, ульч т.б.

ҮІІІ. Қытай-тибет тілдері семьясы. Бұлар да екі топқа бөлінеді:

1. Тай-қытай тобы: қытай, дүнген, тай, лаос, вьетнам.
2. Тибет-бирма тобы: тибет, бирма, лоло, акха, тангут, качин.

ІХ. Палеоазиат тілдері семьясы. Бұл үш топқа бөлінеді:

1. Чукот-камчат тобы: алютор, ительмен, коряк, чукот тілдері.

2. Эскимос-алеут тобы: алеут, эскимос.

3. Нивх-юкагир тобы: кет, нивх, юкагир.

Х. Самоди тілдері семьясы. Бұған ненец, энец, тавгий, нганасан, селькуп тілдері жатады.

Бұл семьялардың ешқайсысына жатпайтын тілдер де бар. Олар: жапон, корей, т.б. тілдері. Себебі бұлар әлі түгел зерттелініп біткен жоқ. Зерттеушілердің айтуынша жапон, корей тілдерін алтай тілдері тобына жатқызуға болатын сияқты.

«Алтай тілдерін» кейбір ғалымдар жоғарыда аталған біраз тілдер семьяларын біріктіріп, Алтай тілдері және Орал тілдері деп екіге бөледі де, Алтай тілдеріне: түркі, монғол, тұңғыс-манжұр, корей, жапон тілдерін, ал Орал тілдеріне: фин-угор, самодей, дарвид (Үндістанда) тілдерін жатқызады.

Түркі тілдерінің генеалогиялық және типологиялық сипаты

Түркітану ғылымында маңызды орын алатын мәселенің бірі - түркі тілдерінің дамуы және қалыптасуы жағынан, туыстық элементтер негізінде классификациялау. Түркі тілдері арасындағы байланыс пен ұқсастықты анықтау және түркі тілдеріне классификация жасау тек лингвистер үшін ғана емес, сондай-ақ әдебиетшілер, тарихшылар, этнографтар үшін де өте маңызды мәселе.

Классификация – тілдерді ортақ белгілері бойынша топтастыру.

Кез келген ғылым саласы өзінің бүгінгі күйіне дәл осы

қалпында жеткен жоқ, белгілі бір даму жолынан өтті. Түркі тілдерінің классификациясы туралы да осыны айтуға болады. Түркі тілдерін классификациялау – шешімі қиын, өте күрделі мәселелердің бірі. Себебі түркі халықтарының қалыптасу және даму тарихы өте күрделі сипатта. Түркі тайпалары бірде қосылып, үлкен тайпалық бірлестіктерге біріксе, енді бірде ыдырап, кейбір тайпалар басқа мемлекеттер құрамына кіріп отырды.

Ғұн империясының ыдырауы Түркі қағанатының Батыс және Шығыс тармаққа бөлінуі, Ұйғыр қағанаты мен Моғол мемлекеттерінің пайда болуы, Қарахандықтар мемлекетінің қалыптасуы мен құлауы, селжүктер мен оғыздардың тайпалық одақтарының күшейуі мен әлсіреуі, моңғол шапқыншылығы, соның негізінде қалыптасқан Алтын орда мемлекеті, оның жеке хандықтарға ыдырауы – түркі тілдерінің қалыптасу тарихында өзінің ізін анық қалдырды. Тіл тарихы сол тілде сөйлейтін халық тарихымен тығыз байланысты дамитынын көрсететін бір белгі – осы. Демек, түркі тілдірін классификацияланған кезде осы ерекшеліктер есепке алынуға тиіс.

Түркі тілдерін тілдік (фонетикалық, морфологиялық) тұрғыдан топтастыру – классификациялау, сөйтіп әрбір тілдің түркі тілдері құрамындағы орнын айқындау М.Қашқаридан басталады десек те, классикалық тіл білімі түркі тілдерін ғылыми негізге сүйеніп топтастырудың тарихын ХІХ ғасырдан бастайды. Олардың өзара байланысы мен классификациясын анықтау түрколог-лингвистер үшін ерекше маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Бұл тілдер бір тамырдан өрбігендіктен түркологтарға салыстырып зерттеу арқылы бұлардың генетикалық байланысын анықтау қиынға соқпады.

Көптеген түркологтар В.В.Радлов, Н.Ф.Катанов, Ф.Е.Корш, А.Н.Самойлович, В.А.Богородицкий, С.Е.Малов, Н.А.Баскаков сияқты көрнекті ғалымдар, түркі тілдерін классификациялауда аса құнды пікірлер айтқаны белгілі.

В.В. Радловтың жасаған классификациясында түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерін көрсете келе, олардың

фонетикалық өзгешелігіне тоқталған да, ал этникалық жағы есепке алынбаған.

Н.Вамбери барлық түркі тілдерін түрік тілінің диалектісі деп қарайды.

Н.Ф.Катанов түркі тілдеріне этнографиялық шолу жасай келіп, оларды төрт группаға бөледі. Бұл классификация әрбір түркі тілінің өзгешелігі жайында айтылмаған. Оның үстіне кейбір түркі тілдері мүлдем аталмай қалған.

Ф.Корштың классификациясы түркі тілдерінің фонетикалық және морфологиялық өзгешелігі жайында сөз етіліп, олардың тілдік материалдарын талдау негізінде жасалған.

В.А.Богородицкийдің (1857-1941) түркі тілдеріне жасаған классификациясы географиялық ерекшеліктерге сәйкес құрылған. Бұл топтастыруды автор түркі тілдерінің қазіргі орналасу аймағын негізге алады. Соның нәтижесінде түркі тілдері жеті топқа бөлініп беріледі:

1) Солтүстік-шығыс группасы - *якут, тува, қарағас тілдері*;

2) Хакас немесе абакан группасы – *хакас тілі (барлық диалектілермен)*;

3) Алтай группасы – *алтай тілі (барлық диалектілермен)*;

4) Батыс-Сібір группасы – *чулым, барабин, тюмень, тобыл татарларының диалектілері*;

5) Волга-Орал шруппасы – *татар тілі, баиқұрт тілі*;

6) Орта Азия тілдері группасы – *жаңа ұйғыр тілі, өзбек тілі, қарақалпақ тілі, қазақ тілі, қырғыз тілі*;

7) Оңтүстік-батыс немесе түрік группасы – *түрікмен, азербайжан, түрік тілдері*.

Атақты түрколог С.Е. Малов түркі тілдерінде жазылған ескі жазба ескерткіштерді зерттеп, олардың тарихын, бір-бірімен қарым-қатынасы негізінде фонетикалық өзгерістерін салыстыра келіп, шығыс түркі тілдерінің батыс түркі тілдеріне қарағанда ескі элементтердің көп сақталғанын дәлелдейді, көбінесе дыбыстардың өзгешелігін есепке алады. С.Е.Малов барлық түркі тілдерін ең көне, көне, жаңа, ең жаңа деп 4 топқа бөледі.

Н.А. Баскаковтың классификациясын түркі тілдерінің ең толық жасалған классификация екенін көптеген ғалымдар айтып жүр. Ол түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін анықтайтын кең көлемді тіл материалдарын зерттеп, оны түрлі жағдайлармен байланыстырады. Осының нәтижесінде барлық түркі тілдерін батыс ғұн және шығыс ғұн бұтағы деп екіге бөледі.

Н.А.Баскаковтың классификациясы бойынша батыс ғұн бұтағына қазақ, түрік, өзбек тілдері енеді. Ғалымның көрсетуінше, қазақ тілі – қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай тобына, түрік тілі – оғыз тобының оғыз-селжук тобына, өзбек тілі – қарлұқ тобының қарлұқ-ұйғыр тармағына жатады. Бұл тілдердің үшеуі де агглютинатив-синтездік тілдер құрамына енеді.

Жалпы түркі тілдерінің басқа тілдерден айырмашылығы – қосымшалардың түбір морфемадан соң жалғануында. Сондықтан түркі тілдері жалғамалы тілдерге жатады. Өйткені, «бұл тілдерде жаңа сөздердің туу формасы қосымшалар арқылы болады».

Түркі халықтарының ортақ атауына айналған «түркі» терминінің қалыптасу тарихы төңірегінде осы кезге дейін айтылып жүрген бірнеше пікірлер бар. А.Н.Кононовтың пікіріне сүйенсек, бұл этноним о баста түркі және моңғол тілдеріндегі саяси термин ретінде қалыптасқан.

Көне қытай жазбаларындағы деректеріне сүйенсек «түрік» сөзі «күшті, берік» ұғымын берген. Осы ұғымның негізінде «түркюдтер» деген атау пайда болған. Көне түркі дәуірінде өздерінің алғашқы мемлекетін құрған түркію тайпаларының атауы осы сөздің негізінде қалыптасқан. Көшпелі Түркі империясы мен оның құрамына кірген түркі тайпаларының өмірі туралы мәлімет бізге Орхон-Енисей жазба ескерткіштері арқылы жетті.

Түрік тілі мен татар тілінің туыстастығы Еуропаға белгілі болғаннан кейін *түрік*, *татар* этнонимдері тең дәрежеде қолданыла бастады. *Түркі тілдері* деген ұғым *түрік-татар тілдері* тіркесі арқылы беріле бастады. Мысалы, Қазан

университетінде ашылған кафедра *түрік-татар тілдері кафедрасы* деп аталады. Сондай-ақ 1839 ж шыққан М.А.Казем-Бектің еңбегінде *түрік* пен *татар* сөзін қарама-қарсы қояды. Сонымен қатар М.А.Казем-Бек өз грамматикасында *түркі* сөзін де қолданады.

А.Н.Самойлович өзінің арманына ХХІ ғасырда жетті. 1935ж КСРО Ғылым академиясының академик Н.Я.Маррға арналған ғылыми жинағында ресми түрде *түркі, түркі халықтары, түркі тілдері* терминдерін қолданады. Ал ұзақ уақыт бойы ғалымдардың талас объектісіне айналған *түрік* сөзі осман тілінің үлесінде қалды.

Тіл білімінде дүние жүзіндегі тілдер екі түрлі тұрғыдан: 1) тілдік материалдың (түбір мен аффикстердің және сөздердің) бірлігі яғни шығу тегінің бірлігі тұрғысынан; 2) шығу тегіне байланыстырылмай, құрылысы мен типіне, грамматикалық құылысының, ыңғайластығы, ұқсастығы тұрғысынан топтастырылады. Топтастырылудың бірінші түрі - *генеалогиялық* классификация (топтастыру) делініп, екіншісі - *типологиялық* классификация (топтастыру) деп аталады.

Генеалогиялық классификацияда тілдердің туыстас тілдер болып саналуы үшін олардың лексикасы жағынан өзара ұқсас, ал дыбысталу жағынан бір-біріне жақын сөздер болуы қажет. Классификацияның бұл түрі – салыстырмалы-тарихи тіл білімінің деректері мен жетістіктеріне сүйене отырып, дүние жүзіндегі тілдерді олардың шығу тегінің бірлігіне, материалдық туыстығына қарай әртүрлі тілдік топтарға бөліп қарастырады.

Типологиялық классификацияда грамматикалық формулалардағы түбір морфема мен аффикстік аффикстердің байланысу сипаты ескеріледі және де тілдерді типологиялық ерекшеліктері бойынша ажыратады.

Қазақ тілі - түркі тілдер тобына жататын көне тілдердің бірі. Қазақ тілі – агглютинативті (жалғамалы) тіл. Агглютинация дегеніміз – сөз түбіріне бір аффикстен соң екінші бір немесе бірнеше аффикстердің бірінен соң бірінің жалғануы.

Түбірге аффикстер жалғау арқылы грамматикалық

мағынаның берілу тәсілі аффиксация тәсілі деп аталады. Аффиксация тәсілі - грамматикалық тілдердің ішіндегі ең кең тараған тәсілі.

Қазақ тіліндегі аффиксация тәсілі деривациялық мағынаны да, реляциялық мағынаны да білдіреді. Демек, аффиксация тәсілі грамматикалық мағыналарды білдіру үшін жұрнақтарды да, жалғауларды пайдаланады. Мысалы: *-шік, -ғыш, -дыр* жұрнақтары: *үйшік, жаздыр, жазғыш* деген сөздерде деривациялық мағынаны білдірсе, *-лер, -іміз, -де* жалғаулары *үйлерімізде* деген сөздерде реляциялық мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде сөз агглютинация принципі бойынша құрылады да, түбірге аффикстер бірінің үстіне бірі жалғана береді. Аффикстер түбірге белгілі бір тәртіп, заңдылық бойынша жалғанады. Бір сөздің құрамында бірнеше жалғау қабаттасып келсе, алдымен жұрнақ содан кейін жалғау жалғанады. Сөз құрамында бірнеше жалғау қабаттасып келсе, алдымен көптік жалғауы, содан соң тәуелдік, септік жалғауы, жіктік жалғауы жалғанады. Мысалы: *ауылдарыңызданбыз* деген сөзді алсақ *ауыл* – түбір, *-дар* – көптік жалғауы, *-ыңыз* – тәуелдік жалғауы, *-дан* – шығыс септік жалғауы, *-быз* – жіктік жалғауы.

Қазақ тілінде сөз түрлендіруші аффикстер мен форма тудырушы аффикстер бар. Мысалы, *қамсыздандырылмағандықтарыңыздан* деген сөзді морфемаларына қарай бөлшектеп көрейік:

- қам – негізі морфема (түбір)
- сыз - сөз тудырушы аффикс, сын есімнің жұрнағы
- да – сын есімнен етістік жасап тұрған аффикс
- ны - өздік етіс, сөз түрлендіруші жұрнақ
- дыр – сөз түрлендіруші, өзгелік етіс жұрнағы
- ыл - ырықсыз етісжұрнағы
- ма – болымсыз мағыналы жұрнақ
- ған – есімше жұрнағы
- дық – етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ
- тар – көптік жалғау аффиксі
- ыңыз – тәуелдік жалғауы
- дан – флексия (шығыс септік)

Бұл сөзде бір түбірге 11 аффикс жалғанып тұр. Оның үшеуі *-сыз, -да, -дық* - сөзден сөз тудырушы аффикстер, сегізі *-ны, -дыр, -ыл, -ма, -ған, -тар, -ыңыз, -дан* - сөз түрлендіруші аффикстер.

Қазақ тілінің құрылымдық-типологиялық сипаттамасы негізінен оның агглютинатив тілдерге жататындығымен байланысты. Агглютинативті тұрпаттағы тілдерді сипаттау үшін фонетикалық қана емес, сондай-ақ морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерді көрсететін типологиялық басым белгілер жиынтығы ескеріледі.

Қазақ тілінің түпкі шығу тегі түркі тілдері дамуындағы ең көне Алтай дәуірінен, Хун дәуірінен (біздің заманымыздан бұрынғы III-IV ғасырлар мен біздің заманымыздың V ғасыры аралығы) және одан бергі көне түркі дәуірінен (біздің заманымыздың V - X ғасырлар аралығы) бастау алады.

Алтай дәуірінде негізі бір ататілден шыққан түркі және монғол, тұңғыс-маньчжур тілдері бір-бірінен ажырай бастаған. Ал Хун дәуірінде монғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінен түгелдей ажырап болған түркі тілдері өз ішінен шығыс түркі және батыс түркі тілдері болып екі салаға бөлінген. Қазақ тілі батыс түркі тілдерінің қыпшақ тобына енеді. Қыпшақ тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің құрылымы туралы мәлеметтер Махмут Қашқаридің «Дивани луғати ит-түрк» сөздігінен басқа Юсуф Баласағұнның «Кутадғу білік», Ахмет Иассаuidің «Дивани хикмет» т.б. еңбектерінде кездеседі.

XV ғасырдың аяқ кезі мен XVI ғасырдың басында қазақ тайпалары қыпшақ қауымынан, ноғай ордасынан бөлініп шығып, дербес халық болып бірігеді. Қазақтың біртұтас халық тілінің қалыптасуы XV-XVI ғасырлардан басталып, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін созылды.

Қазақ тілі қыпшақ тілдеріне, оның ішінде қыпшақ-ноғай тобындағы тілдерге тән белгілерді сақтай отырып, өзінің ішкі даму заңы бойынша жетіліп отырды.

Қазақ тілінің XV-XIX ғасырлар аралығындағы құрылысы жайында мәлеметтер Алпамыс, Қамбар, Қобыланды, Ер Тарғын,

Ер Көкше т.б. сияқты т.б.тарихи эпостар мен тарихи поэзия жырларында берілген. ХҮІІІ ғасыр мен ХІХ ғасырдың бірінші жартысында кітаби тіл элементтерін сақтаған қисса-дастандар, батырлар жайлы жырлар пайда болды. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ тілі ұлт тілі болып қалыптасты.

4.3 Тілдердің құрылымдық (типологиялық) топтастырылуы

Тіл білімі дүние жүзіндегі барлық тілдерді туыстығы мен шығу тегі, даму жағдайларының ортақтығына қарай 60 шақты семьяға топтаса, сол тілдер құрамы мен құрылысына қарай ірі-ірі төрт типке бөлінеді.

Тілдерді құрылымы мен құрылысына қарай топтастыру типологиялық классификация деп аталады. Тілдерді бұлайша топтастыруда басшылыққа алынатын негізгі белгілер: ең алдымен тілдердің грамматикалық жүйесінің қалай құрылғандығы, белгілі бір тілдерде грамматикалық тәсілдердің қайсысы басымдық ететіні, сол тілдердегі сөздердің өзгеру-түрлену жолдарының ерекшеліктері.

Жалпы тіл білімінің тілдердің құрылымы мен құрылысын зерттейтін саласы - типологиялық тіл білімі. Типологиялық тіл білімі туыстас тілдердің де, бір-бірімен туыс емес тілдердің де сәйкестіктері мен ұқсастықтары, сондай-ақ, қарама-қарсы өзгешіліктері сияқты мәселелерге көңіл бөледі. Типологиялық тіл білімінің мұндай мәселелерді қарастыратын саласын лингвистикалық типология деп те атайды.

Тілдерді фонетикалық грамматикалық құрылысына қарай бірнеше типке бөлуге болады. Сондықтан тілтану типологиясы, немесе салғастырмалы лингвистика ғылымы тілдерге әртүрлі тұрғыдан келеді:

1. Фонетикалық типология,
2. Синтаксистік типология.
3. Морфологиялық типология

Бұлайша топтастырудың тілдер арасындағы туыстыққа тікелей қатысы жоқ.

Фонетикалық типология

1. Тілдер дыбыс құрылысты және буын құрылысты болып бөлінеді. Дыбыс құрылысты тілдерді сөздер дыбыстардан құралса, буын құрылысты тілдерде буындардан құралады. Буындар одан әрі бөлшектенбейді, ол тек инициаль (буынның басы) және финальға (буынның соңы) бөлшектенеді. Мысалы, еуропалық тілдер дыбыс құрылысты, Қытай тілі буын құрылысты. Дыбыс құрылысты тілдерде дыбыстар болады да, әріптермен жазады, буын құрылысты тілдерде дыбыстар болмайды, олар иероглифтермен жазады.

2. Монотониялық және политониялық тілдер. Монотониялы тауыс тоны сөз мағынасын ажыратпайды. Политониялы тілдерде сөздің мағынасын ажырататын дауыс тоны. Яғни сөздің айтылу әуені оның мағынасын көрсетеді. Политониялы тілдерге мысалы, Қытай, Вьетнам тілдері жатады. Онда сөздің мағынасын айтылу әуені анықтайды. Монотониялы тілдерде сөздің мағынасын оның құрамындағы дыбыстар анықтайды. Мысалы ағылшынғ орыс, қазақ, араб тілдері.

Синтаксистік типология.

Синтаксистік типология бойынша дүние жүзі тілдері үш топқа бөлінеді.

1. Номинативті тілдер – бұндай тілдерде бастауыш негізгі (атау, исходный) септігінде тұрады да баяндауышпен жақ бойынша қиысады, баяндауыш немесе көмекші етістік соған сәйкес жіктеледі.

2. Эргативті тілдерде етістіктің салт немесе сабақты болуына қарай, белгілі бір септіктерді керек етуіне қарай бастауыштың (субъектінің) тұлғасы өзгеріп отырады, ал толықтауыш осы өзгерістерге керісінше басқа тұлғаларға орайласады. Яғни олардың тұрақты тұлғасы болмайды, бұл тұлға етістіктің қажетсінуіне байланысты.

3. Посессив (пассив) тілдерде етістіктер актив және пассив болып күрт қарсы қойылады да. Бастауыштың тұлғасы

осыған байланысты болып келеді.

Қазіргі номинативті тілдердегі етіс категориясы осы өзгерістердің модификацияға ұшыраған бір тармағы болуы керек: етістер өзгергенде бастауыштар мен толықтауыштар (объектілер мен субъект) да өзгеріп кетеді.

Морфологиялық типология

Типологиялық классификациялардың ішінде ең жете зерттелгені морфологиялық типология. Онда әлемдегі тілдерді тұлғалық түрлену жүйесі бойынша топтастырады.

1. Түбір тілдерде сөз түрлендіруші аффикстер болмайды, сөздер орын тәртібі арқылы байланыса береді (қытай тілі).

2. Агглютинативті тілдерде жұрнақтар мен жалғаулар кең таралған және олар түбірдің үстіне бірінен соң бірі үстемеленіп жалғана береді де сөз ұзара түседі. Әлгі қосымшалар бір мағыналы болады, ал түбір өз тәуелсіздігін сақтайды, өзгермейді (қазақ тілі). (көше-көшелер-көшелерге-көшелерімізге).

3. Флективті тілдерде қосымшалар түбірдің көрінісіне өзгерістер енгізеді және ол қосымшаларда көп мағына болады, сондықтан сөздің көлемі ұзармайды, түбір өз ішінен өзгереді (орыс тілі). (улица-улицы-улицам-улиц)

Тілдерге типологиялық немесе морфологиялық классификация жасау XIX ғасырдан басталады. Тілдердің типологиялық классификациясының тарихына келер болсақ, дүние жүзіндегі тілдердің белгілерін айқындап, тілдерді сол белгілеріне қарай жіктеуді алғаш ұсынып, бұл мәселеге тұңғыш көңіл бөлген неміс ғалымы Фридрих Шлегель. 1808 жылы лингвист өзінің «Үнділердің тілі мен даналығы» деген еңбегінде сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшалардың бар-жоқтығына, сөздердің тұлғалық құбылысқа түсудегі сипатына қарай алғаш рет тілдерді үлкен екі типке бөлген: флективті (санскрит, грек, латын, араб, көне еврей тілдері) және аффиксті (түркі тілдері). Бұл топтастыруда тілдегі сөздің өзгеру және өзгермеу қалпы басшылыққа алынған.

Ал 1818 жылы Август Шлегель аталмыш мәселеге біраз өзгеріс енгізді. Ол флективті тілдерді синтетикалық (негізінен

үнді-европа тілдері) және аналитикалық (мысалы, роман және қазіргі герман тілдері) деп ал басқа тілдерді аффиксті және аморфты (қытай тілі) деп бөлген. Аморф – формасыз деген мағынаны білдіреді. Формасыз тіл болмайды, тек оның көріну жолдары әртінде өзінше болады.

Ағайынды Шлегельдер санскрит тілін грек, латын және түркі тілдерімен салғастырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді көрсете отырып, тілдің типін лексика емес, грамматика белгілейді деген қорытынды жасады. Алайда, флективті тілдердің барлығының грамматикасы ішкі флексия арқылы құрылмайды, олардың грамматикасының негізі аффиксация; ішкі флексия онда көп роль атқармайды. Шлегельдер бұл тұрғыда тілдерді бір-бірінен кем санау қателігіне ұрынды.

Кейіннен А.Шлейхер тілдердің типологиялық классификациясын бірқатар өзгерістермен (мәселен, R - түбір, r - көмекші сөздер, а - аффикс деп шартты белгілермен) ұсынған. А.Шлейхердің кестесін былай көрсетуге болады:

1. Дараланушы (изолирующие) немесе аморфты тілдер:
1) R+R (сөздердің орын тәртібі бойынша – қытай тілі); 2) R+r (көмекші сөздер арқылы – бирма тілі).

2. Агглютинативті тілдер: 1) R+a (көмекші постфикстер арқылы – түркі тілдері, фин-угор тілдері); 2) a+R (префикстердің жалғануы арқылы – банту тіл); 3) R/a (қалыпты (стандартты) инфикстер арқылы – Солтүстік Кавказдағы бацбий тілі); 4) R-a-(aR) + r (тибет тілдері).

3. Флективті тілдер: 1) Ra, aRa (синтетикалық тілдер: ішкі флексия және аффикстер арқылы – семит және көне үндіеуропа тілдері); 2) Ra, (aRa)+r (аналитикалық тілдер: жиі қолданылатын көмекші сөздер арқылы, ішкі флексияны, аффиксацияны сақтайтын – роман тілдері, ағылшын тілі т.б.)

Шлейхер тілдердің морфологиялық типін, олардың шығу төркінін бір-бірімен қарым-қатынастарын зерттейтін ілім мәнінде қолданады. Сөйтіп, жіктеудің бұл түрі тілдердің морфологиялық белгілеріне негізделетін болғандықтан оны

морфологиялық жіктеу деп те атайды. Шлейхердің пікірінше, тілдер типінің бұл үш түрі дамудың үш түрлі басқышы: ең жоғары сатыда қопарылмалы тіл, ең төменгі сатыда түбір тіл түр. Бұл үш түрлі сатының үшеуі де тіл дамуының тарихқа дейінгі дәуірінің жемісі деген пікірі оның үлкен қателігі еді.

Бұлардан соң жалпы тіл білімінің негізін қалаушы әрі ірі ғалым – В.Гумбольд тілдерді типологиялық тұрғыдан топтастыру жүйесін кеңейтіп, анықтай түсті. Ол қайтыс болғаннан кейін 1836-1840 жылдар арасында жарық көрген «Ява аралындағы кави тілі» атты үлкен монографиясында дүние жүзіндегі тілдерді ірі-ірі төрт топқа бөлді: даралаушы немесе полисемантикалық, агглютинативті, флективті, инкорпоративті тілдер. Ф.Гумбольд флективті тілдерде ішкі флексиядан басқа аффиксация да болатындығын айтты. Алайда ол тілдердің типологиялық классификациясын «ұлттық психологияға» апарып тіреді.

Тілдерді типологиялық тұрғыдан топтастыруда негізінен, В.Гумбольдтың классификациясына қатысты мәселелерді анықтай түсуде Ресей ғалымы Ф.Ф.Фортунатов та өз үлесін қосты. Сөз формасының құрылысына және олардың морфологиялық ерекшеліктеріне жіті назар аудара отырып, Ф.Ф.Фортунатов тілдердің үш түрлі типін – түбір, агглютинативті, флективті түрлерін талдай келе, соңғы екі типке қатысты аралық құбылыстардың бар екендігін анықтады. Дәлірек айтсақ, әсіресе флективті топқа жататын семит және үндіеуропа тілдерінің грамматикалық құбылыстарында айтарлықтай өзгешелік барын аңғартты. Өз еңбектерінде ғалым флективті типті тілдердің өзін флективті (үнді-европа тілдері) және флективті-агглютинативті (семит) тілдері деп анықтай, айқындай түседі. Ф.Ф.Фортунатовтың араб тілі флективті-агглютинативті тілге жатады деген гипотезасын біз өз тарапымыздан қолдаймыз. /Есеналиева Ж./.

Сонымен, әлемдегі барлық тілдер өздерінің грамматикалық құрылысының ерекшелігіне байланысты типтерге бірігеді. Атап айтқанда, тілдер грамматикалық тәсілдер мен грамматикалық

формаларға, сөздің құрылысына негізделіп, топтастырылады. Морфологиялық классификация бойынша тілдер төрт типке бөлінеді. Олар: 1) флективті тілдер /флективные языки/, 2) агглютинативті тілдер /агглютинирующие языки/, 3) түбір тілдер /корневые языки/, 4) инкорпоративті тілдер /инкорпорирующие языки/.

3.1 Флективті (қопарылмалы) тілдер

Дәстүр бойынша флективті тілдер типіне үндіеуропа және семит-хамит тілдерін жатқызады. Флективті тілдердің өз ішінде синтетикалық және аналитикалық тілдер деп жіктейді. Флективті типті тілдерге тән негізгі грамматикалық тәсілдердің ерекшеліктері мыналар:

1. Сөзжасам және форма тудыру процесінде негіздің немесе сөз түбірінің ішкі флексия арқылы өзгеруі. Ол тілдерге өте-мөте тән негізгі грамматикалық тәсіл флексия болғандықтан да, тілдердің бұл типі флективті тілдер деп аталады. Дегенмен, бұл тілдерде сыртқы флексия құбылысы да елеулі орын алады.

2. Аффикстердің үлгі-қалпының жоқтығы (нестандартность) және аффикстердің көп мағыналылығы бұл тілдердің ерекше қасиеттерін көрсетеді. Мәселен, қандай да бір грамматикалық мағына бір жағынан, әртүрлі аффикстер арқылы білдірілсе, екінші жағынан, сол жалғыз аффикс бір мезгілде бірнеше грамматикалық мағына тудырады.

3. Сөйлеу барысында жеке морфемалар арасындағы *шекара* фузия құбылысының әсерінен, атап айтқанда, түбірдің бастапқы және соңғы дыбыстары аффикстердің сәйкес дыбыстарымен кірігіп, бірігіп кетеді. Фузия құбылысының негізгі ерекшелігінің өзі, аффикстердің түбірдегі дыбыстардың фонетикалық варианттарымен үйлесімді байланысында /сочетаемость/ болып табылады. Фузия деген – көрші морфемалардың морфонологиялық жағынан бір-бірімен сіңісуі, кірігіп кетуі. Ондай жағдайда негіз бен қосымшаның жігін ажырату қиындайды. Сөз ішіндегі мағыналы элементтердің бірігу техникасы ретінде фузияның ерекшелігі - сөздің

мағыналы бөлшектерінде фонемалардың өзара жүйелі қарым-қатынасының сақталмайтынынан байқалады.

4. Флективті тілдерде жеке-дара алынған буынның әдетте лексикалық мағынасы болмайды.

Флективті тілдерде ішкі флексиямен бірге ішінара сыртқы флексия да қолданылады. Басқаша айтқанда, флективті тілдерде грамматикалық мағыналар ішкі флексия тәсілі арқылы да (мысалы, *окно-окон, избегать-избежать*), аффиксация тәсілі арқылы да (мысалы, *профессор, профессора, профессору, профессором*) беріледі. Флективті тілдерде бір аффикс бірнеше грамматикалық мағынаны білдіріп, әртүрлі қызмет атқарады. Мысалы, *охотники* деген сөздің құрамындағы *и* аффиксі (жалғау) әрі атау септікті, әрі көптікті білдіреді. Сонымен бірге, флективті тілдерде аффикстер сөздің түбіріне (немесе негізіне) сіңісіп кетеді де, соған байланысты көптеген сөздер аффикссіз дербес қолданыла алмайды (мысалы, *писать, письмо, писание; дети, детство, детский*). Флективті тілдерде аффикстер префикс, суффикс, инфикс болып бөлінуіне қарай және соған сай сөз құрамында әр түрлі орынға ие болады.

Флективті тілдердің қатарына орыс тілі, неміс тілі, ежелгі грек тілі және т.б. жатады.

3.2. Агглютинативті (жалғамалы) тілдер

Тілдердің агглютинативті типіне түркі тілдері, монғол тілдері, угро-фин тілдері т. б. енеді. Бұл типтің тілдеріне тән бірден-бір қасиет – агглютинация құбылысы, яғни жалғамалылық /склеивания/. Сондықтан да ол жалғамалы тілдер деп те аталады.

Агглютинация - негізге, түбірге жалғанатын сөзжасам немесе сөз түрлендіретін аффикстер жалғану арқылы жасалған сөзжасамның немесе форма жасамның бір түрі. Фонетикалық жақтан өзгермейтін түбірге (негізге) біріңғай стандартты, қосымшалар жалғанады. Түбірге қанша морфема жалғанса да, ол ешқандай фонетикалық өзгеріске ұшырамайды, сөздің құрамдық жігі айқын сақталады. Қосымшалар бір-біріне

жалғанғанда дыбыстық өзгеріске түсіп кірігіп кетпейді. Қосымшалардың әрқайсысы негізінде бір ғана грамматикалық мағынаны білдіре отырып, бірінің үстіне бірі жүйемен жалғана береді. Олардың ара жігі айқын көрініп тұрады. Аффикстердің дыбыстық варианттары сингармонизм нәтижесінде пайда болады. Сонымен қатар, агглютинативті тілдердегі аффикстердің белгілі бір үлгі-қалпы бар. Олар негізінен бір ғана мағынаны білдіретін қасиетке ие. Бұл - бір грамматикалық мағынаны бір ғана аффикс береді, бір аффикс бір ғана грамматикалық мағына ие деген сөз. Агглютинация флектив тілдерге қарама-қарсы типологиялық параметр ретінде қаралады.

Сонымен, агглютинативті тілдерде грамматикалық мағыналар түбірге аффикстердің жалғануы арқылы беріледі. Тілдердің бұл түрінде аффикстердің әрқайсысы көбіне бір ғана грамматикалық мағынаны білдіреді де, олар бірінің үстіне бірі жалғана береді. Мысалы, қазақ тілінде *біл* деген сөзге бірнеше аффикс жалғап, ол сөзді *білім, білімдер, білімдерім, білімдерімнен* деген түрде айтуға болады. *Білімдерімнен* деген сөздің құрамындағы *біл* морфемасы – негізгі морфема да, қалғандары - көмекші морфемалар (аффикстер). Негізгі морфемаға жалғанып тұрған – *ім* жұрнақ, *-дер* - көптік жалғауы, *-ім-* тәуелдік жалғауы, *-нен* – шығыс септік жалғауы. Ал қазақ тілінде *қанағат+сыз+дан+дыр+ыл+ма+ған+дық+тар+ың+ыз+дан* деген сөз 36 әріптен, 11 морфемадан тұрады.

3.3. Түбір тілдер

Түбір тілдердің (кейде даралаушы тілдер деп те аталады) қатарына қытай-тибет тілдері, аустро-азиат тілдері (қытай, вьетнам, бирма, мунда тілі т.б.) жатады.

Түбір тілдердің басты ерекшеліктері мынада:

1. Аффикстік сөзжасам және аффикстік форма жасам мүлде болмайды. Бұл тілдерде сөзжасамның негізгі тәсілі – сөздер тіркесі.

2. Әрбір буын белгілі бір мағынаны білдіреді. Бұл жерде орыс тілінің морфемасына немесе бір буынды сөздеріне сәйкес

келеді, алайда, орыс тілінің буын түріне ұқсамайды.

3. Әрбір буының өзіндік айтылу ырғағы немесе тоны бар, оны этимологиялық ырғақ, этимологиялық тон деп айтады. Фонемалық құрылымы бірдей буын, әртүрлі дауыс ырғағында, әртүрлі тонмен айтқанда ол сөз мүлде өзгеше мағынаға ие болады. Мәселен, қазіргі қытай тілінде 4, ал вьетнам тілінде 6 негізгі этимологиялық тон бар. Алайда, аталмыш тілдердегі барлық буын атаулы ол ырғақтың барлығын бірдей қабылдамайды.

4. Аффикстері мүлде болмайтын түбір тілдерде сөздердің тіркесу тәртібі (орны) мен көмекші сөздердің рөлі өте маңызды. Сөйлемдегі сөздің (буынның) синтаксистік функциясын ол сөздің қандай орында тұрғанына қарап қана ажыратуға болады.

Түбір тілдердегі сөз табы осы күнге дейін ең актуальды және негізгі мәселелердің бірі болып отыр. Белгілі бір этимологиялық тонмен айтылатын бір сөз (буын) зат есім және етістіктің, зат есім және сын есімнің т.с.с. қызметін атқаруы ықтимал.

Сонымен, түбір тілдерде сөз түрленбейді, сөзжасамы әлсіз дамыған, грамматикалық мағына үшін сөздердің орын тәртібі мен интонация қолданылады.

3.4. Инкорпоративті тілдер

Тілдердің морфологиялық классификациясындағы төртінші тип - полисинтетикалық немесе инкорпоративті тілдер деп аталады. Бұл типке чукот, юкагир және америка үндістерінің тілі жатады. Бұл тілдерді арнайы типке бөліп қарастыру мәселесі лингвистер арасында біраз дау тудырған мәселе. Себебі бұл тілдер көбіне агглютинативті тілдер қатарына жатқызылады. Инкорпоративті тілдерде «анықталушы + анықтауыш», «толықтауыш + баяндауыш», «бастауыш + баяндауыш» типті қатынастар жекелеген бір комплекстің аумағында болады. Компоненттерді бір ортақ комплекске ортақтастыру - инкорпорация деп аталады. Комплекстің өзі инкорпорациялық бүтін деген атқа ие. Бұл типтің ерекшелігі: жоғарыда аталған

үш түрлі типтегі тілдерде сөйлем арқылы белгілі болатын синтаксистік қатынастар бұл тілдерде бір сөз көлемінде беріле алады. Мысалы «мен *семіз бұғыларды ғана өлтіремін*» деген сөйлемді чукот тілінде *ты+ата+каа+нмы+ркын* деген жалғыз сөзбен береді. Мұндағы **ты** – бірінші жақтың көрсеткіші, **ркын** – етістіктің жұрнағы, ал басқалары есім (*семіз, бұғы*) және етістік (*өлтір*) түбірлер.

Бұл құрылымдық тип бойынша, бір сөз (негіз) екінші бір сөздің негізі мен қосымшасының (немесе префикс пен негіздің) арасына сыналанып, қыстырылып кіреді де, синтаксистік топ құрайды. Мақсаты – әлгі бірліктердің арасындағы синтаксистік қатынастарды білдіру. Мұндайда аффикстік морфема өзінің негізінен бөлініп қалса да, бұрынғы қызметін атқара береді.

* * *

Тілдердің типтерін анықтау, сайып келгенде, оның құрылысын айқындау болып шығады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазақ тіліне синтетикалық тәсіл (афиксация, сыртқы флексия), қытай тіліне аналитикалық тәсіл (екпін, сөздердің орын тәртібі, көмекші сөздер, интонация) тән екен. Ал орыс тілінде екеуі де (ішкі флексия мен сыртқы флексия, екпін, көмекші сөздер, т.б.) бар. Яғни онда синтетикалық құбылыс та (афиксация), аналитикалық құбылыс та (көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі) кездесе береді.

Олай болса, грамматикалық құрылысына қарай тілдер негізінен 1) синтетикалық тілдер, 2) аналитикалық тілдер болып екіге бөлінеді екен. Синтетикалық тілдерде грамматикалық мағыналар сөздердің түрленуі арқылы беріледі, яғни сөздер ішкі, сыртқы флексияға ұшырап барып, бір-бірімен байланысады. Мұндай қасиет әсіресе литва, неміс, түркі, славян тілдеріне тән. Ал аналитикалық тілдерде грамматикалық мағыналар (синтаксистік қатынастар) сөздердің формалары арқылы емес, олардың орын тәртібі, интонация және көмекші сөздер арқылы беріледі. Бұл қасиет әсіресе ағылшын, француз, болгар, дат, грек тілдеріне тән.

Әрине, бұлай бөліну шартты нәрсе. Өйткені бұл тілдердің көпшілігінде грамматикалық мағынаны білдірудің тәсілі әрі синтетикалық, әрі аналитикалық болып та келе береді. Рас, бір тілдерде синтетикалық тәсіл басым, екіншілерінде аналитикалық тәсіл басым. Қай тәсіл басым болса, әлгі тілді сол типке жатқызамыз.

Типологиялық тіл білімінің негізгі мәселелерінің бірі – тілдердің типологиялық классификасын құру екені белгілі. Бұл классификацияның негізі қандай да бір тілдік деңгейдегі (фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік т.б.) тілдердің құрылымдық ұқсастықтары болып табылады.

Ең көп тарағаны - тілдердің морфологиялық классификациясы. Себебі тілдің морфологиялық жүйесі ең тұрақты деңгей болып саналды. Тілдердің морфологиялық типтерінің саны шектеулі. Олар белгілердің берік қасиеттерімен ерекшеленеді, жүйелеуге және классификация жасауға ыңғайлы. Морфологиялық классификация грамматикалық құрылымға негізделіп, тілдерді грамматикалық тәсілдердің бірлігіне, ұқсастықтарына қарай топтастырылады.

Морфологиялық классификацияның алғашқы үлгілері ХУІІІ ғасырда пайда болған. Олардың мақсаты тіл типі ұғымының негізін салу және тілдерді типіне қарай саралау болды.

Адам Смит өзінің тілдің пайда болуы және дамуы туралы еңбектерінде тілдердің синтетикалық және аналитикалық ерекшеліктерін байқаған. Еуропа тілдерінің синтетикалық құрылымнан аналитикалық құрылымға өту кезінде автор абстрактылы ойлау қабілетінің өскенін байқаған. Ол синтетикалық формалар аналитикалыққа қарағанда нақтырақ деп ойлайды. Морфологиялық классификацияның классикалық үлгісінің негізі «аморфты» құрылымды флективті құрылымға қарсы қою болып табылады. Агглютинация флексияға өту құрылымында пайда болады деп білді.

Бірақ Смит флексияны абстракты ойлауға қабілетсіз, артта қалған техника ретінде қарады. Алайда, кейініректегі

классификацияларда флексия жетілген грамматикалық тәсіл ретінде қарастырылып, флексиясыз тілдер «формасыз», грамматикасыз тілдер болып саналды. Флексиялы тілдерді олар грамматикалық формалардың ең жетілген, грамматикалық тәсілдердің тамаша үлгісіне жатқызды.

Тарихи даму кезеңінде кейбір үндіеуропа тілдерінде флексияның жойылуы бұл пікірге қайшы келеді. Бірақ морфологиялық классификацияның авторларына бұл жағдай әсер етпеді. Мысалы, флексияны жақтаушы А.Шлейхер тарихты тілдің дұшпаны деп жариялап, флексияның жойылғанын тілдің құрылымындағы регресс деп таныды. Шлегель мен Штейнталь аморфтық пен анализизмнің ара жігін анықтап, ол тығырықтан шыға алды. Аморфтық қатарды олар морфологиялық құрылымның иерархиясындағы ең төменгі сатыда қарастыра отырып, ешқандай негізсіз аналитикалық қатарды, флексияның жоғарғы түрі деп жариялады.

Типологиялық (морфологиялық) классификация ежелден сынға ұшырап келеді. Бұл классификацияның негізгі кемшіліктері белгілі, оларды төмендегідей жіктеуге болады:

1. Морфологиялық классификация негізінен болжамға құрылады, оның грамматикалық функциясының берілуін тікелей тілдің грамматикалық қатары анықтайды. Оның үстіне морфологиялық классификацияда лексикалық, морфологиялық тәсілдерді ғана есепке алады. Ал синтаксистік морфологиялық тәсілдер (сөздердің тіркесу тәртібі, көмекші сөздер) бұл классификацияда назардан тыс қалады.

2. Морфологиялық классификация әрбір тілдік тип бір ғана грамматикалық тәсіл арқылы ерекшеленеді деген тезисті негізге алады. Бір де бір тіл грамматикалық мақсатта бір ғана техникалық тәсілді қолдануы мүмкін емес.

3. Флексия мен агглютинацияның тіл құрылымында кездеспеуі грамматикалық қатардың жоқтығымен пара пар деген тұжырым шындықпен жанаспайды. Тіл тарихында грамматикасыз тілдер жоқ. Мәселен, аморфты тілдердің грамматикасының ерекше техникасы бар. Олар: сөздердің

тіркесу тәртібі, көмекші сөздер т.б. Аморфты тілдер сөз формаларына онша бай емес.

4. Морфологиялық классификация тілдік қатардың типінің градациясын грамматикалану тұрғысынын түсіндіреді. Оның үстіне морфологиялық классификация ешқандай дәлелсіз флексияны тілдік прогрестің жоғарғы көрінісі, агглютинативті қатар даралаушы (изолирующий) қатардың тікелей жалғасы, флективті қатар агглютинацияның заңды жалғасы деген «теориялары» тіл тарихының мәлеметтерімен дәлелденбейді.

5. Қазіргі кездегі зерттеушілер даралаушы тілдердің грамматикалық формасыздығы туралы және флективті қатарды ғана грамматикалық тәсіл ретінде жоғары бағалану керек деген ойды таратқандар тек қана флективті тілде сөйлеушілер екендігін айтып жүр. Сондай-ақ, бұл тұжырымдарда евроцентризм, яғни, басқа тілдер есебінен, үндіеуропа тілдерінің беделін көтеру тенденциясы жатыр.

5 Тақырып.

Тілдердің көпөлшемді классификациясы

5.1. Лингвистикалық типология жіктемелерінің негізі

Жаңа ғасыр таңында ұлтаралық қатынастардың дамуына байланысты, әртүрлі тілдік топтарды және құрылымы жағынан мүлдем алшақ тілдерді типологиялық тұрғыдан зерттеу дәстүрге айналып отыр. Ғылыми ізденістер тіларалық сәйкестіктердің теориялық негізінің жасалуына үлкен үлес қосуда. Дегенмен бұл проблеманың тіл ғылымының кейінгі жетістіктері тұрғысынан әлі де нақтылай түсетін, әлі де жүйелей түсетін тұстары жоқ емес. Мәселен, соңғы кездегі лингвистикалық зерттеулерде қайсыбір тіл құбылысын жаңаша зерделеу, бұрынғы дәстүрлі әдістен шығып өзгешерек түсіндіру бағыты байқала бастады. Мұндай жаңа нышан ішінара құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан зерттеу мәселесінде де сезіледі. Тіл ғылымындағы бұл сонылықты ескермейінше құрылымы алшақ тілдерді салғастырғанда, ол тілдердің ішкі жүйесінің заңдылықтарын да, олардың грамматикалық табиғатын да толық тану, жете сипаттау, әрине, мүмкін болмайды.

Қазіргі кезде тілдерді типологиялық жағынан зерттегенде мынадай негізгі ұғымдармен байланысты зерттеу қажеттігі туындап отыр. Ол ұғымдар, атап айтсақ, типологиялық жіктемелердің негіздері, тіл типі, тілдегі тип, типологиядағы метатіл, тілдердің көпөлшемді классификациясы, тіл құрылымындағы типологиялық басымдылық (доминанта), детерминант, «белгілер кеңістігі» т.б.

Құрылымы әртүрлі екі тілді салғастырғанда ол тілдердің грамматикалық өзіндік ерекшелігін, типологиялық табиғатын көрсететін басты көрсеткіш - тілдік жүйедегі типологиялық басымдылық (доминанттар). Әрбір тілдің жүйесі негізінен бір немесе бірнеше басым белгілер бойынша анықталады. Мұндай

салғастыруда тілдің жеке (атомарлық) элементтері емес, тіпті тілдің жеке деңгейлері де емес, тіл тұтас, бүтін жүйе бойынша салғастырылады.

Тіл аралық қатынастардың дамуына байланысты қазіргі тіл білімінде салыстырмалы типологиялық әдісті қолдану – генетикалық жағынан алыс тілдерді бір-бірімен салғастырғанда аса маңызға ие болады. Бұл әдіспен зерттеу нәтижесінде жеке тілдерге тән ерекшеліктер мен тіларалық сәйкестіктерді жан-жақты зерттеуге мүмкіндік туады.

Лингвистер тіларалық сәйкестіктер мен олардың типологиялық сәйкестіктерінің спецификалық құбылыстарына байланысты әртүрлі теориялық еңбектер жазды. Тілдерді салғастыру тәсілдерінің негізгі ұстанымдары ресей және басқа елдердің тілші-ғалымдарының еңбектерінде молынан кездеседі.

Салғастырмалы типология жалпы тіл білімінің қомақты да маңызды салаларының бірі. Қазақ тілінің құрылымдық жүйесі басқа тілдермен салғастырылып, олардың тұлғалық жағынан ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсететін, салғастырмалы-типологиялық бағытта орындалған көптеген ғылыми зерттеулер бар. Осы ретте М.М.Копыленко, С.С.Құнанбаева, Э.Д.Сүлейменова, З.Қ.Ахметжанова, М.К.Исаев, Н.И.Букетова, К.К.Дүйсекова, Н.А.Сәрсембаева, Қ.Т.Рысалды, Е.Н.Нұрахметов, Е.К.Сәбитова, С.Ж.Тәжібаева, Б.Қ.Мұрзалина, Г.С.Сағидолда, Ж.Н.Жүнісова, А.Д.Жакупова т.б. ғалымдардың іргелі еңбектерін ерекше атауға болады.

Тіл білімінің маңызды саласы – салғастырмалы типология соңғы жылдары қазақ тілін құрылымы өзге тілдермен салғастыра зерттеу мәселесінде бірталай жетістіктерге жетті. Мәселен, Т.Айнабекова, Ш.Аргинзинова, К.Ашинова, А.Бақытов, П.Дәулетова, Р.Жүсіпова, Р.Атаханова, Г.Карбозова, Т.Қалибекұлы, Б.Мизамхан, Т.Мықтыбаева, Ж.Тұрсынәліқызы т.б. салғастырмалы зерттеулер жазды.

Лингвистикалық типологияда салғастырылатын материал жөнінде мынадай екі пікір бар: 1) бүкіл тіл жүйесі бойынша салғастыру, 2) аспект бойынша салғастыру. Аспект бойынша

салғастыру тіл жүйесінің (фонетика, грамматика, лексика сияқты) белгілі бір жағын ғана қарастырады, мысалы, септіктер жүйесі, шақ түрлерінің жүйесі, туыстық терминдері т.б. Ал бүкіл жүйе типологиясы тілдерді салғастыра отырып, олардың типін басым белгілерінің ортақтығына қарай белгілейді (Гухман М.М.) және тіл бірліктерінің өзара ықпалын, тәуелділігін зерттеп, барлық тілдердің типін бір-бірімен байланысты тіл құбылыстарының шоғырланған белгілерінің негізінде анықтайды.

Кейбір тіл ғалымдарының пікірі бойынша, бүкіл жүйе типологиясын құру мүмкін емес. Сондықтан тілдердің типін зерттеу тілдің белгілі бір аспектісіне бағытталуы тиіс (Базел Ч.Е), одан кейін солардың негізінде екі не бірнеше тілдерді салғастыруға болады екен.

Біздің ойымызша, аспект бойынша салғастыру қарастырылып отырған әр тілдің өзі жете зерттелмесе ғана тиімді келеді. Ал бүкіл жүйені салғастыру тіл жүйесінің кейбір аспектілерінің (мысалы, сөз тіркесінің құрылысы, сөздің морфологиялық және мағыналық жағындағы, олардың өзара байланысы т.б.) бір-бірімен байланыстылығынан шығады. Осындай жағдайларға сүйеніп лингвистер нақтылы бір тілдің негізгі ерекшелігін ашуға тырысады.

Жалпы тіл білімінде лингвистиканың ерекше саласы типологияның жаңа үрдістерін талдауда және оның орны, ролі, мақсат-міндеттерін анықтауда үш түрлі бағыт қалыптасқан:

- типологияны компаративистиканың бір тарауы, кез-келген тілді ішкі құрылымына байланыссыз салғастыратын ғылым ретінде түсіндіреді (С.Д.Кацнельсон; Э.А.Макаев; В.Н.Ярцева; 1967; В.М.Солнцев;
- лингвистикалық типология өзінің зерттеу пәніне салғастырудың барлық түрін, яғни генетикалық, құрылымдық, ареалды және салғастырмалы типологияны қамтитын жеке ғылыми пән ретінде интерпретацияланады (Дж.Буранов; Б.Ю.Городецкий; В.П.Нерознак;

- лингвистикалық типология ғылыми пән ретінде ұғынылады, алайда «тілдерді құрылымдық зерттеуден» (контрастивті лингвистика мен сипаттамалы лингвистикадан) түбегейлі ерекшеленеді. Әртипті тілдерді салғастыруда таңдап алынған критерийлер – «контенсивті типологиядағы» субъективті-объективті қатынастар (Г.А.Климов) «жүйелі типологиядағы» доминанттар (Г.П.Мельников), яғни тілдерді салғастырғандағы қандай да бір зерттеудің мақсаты анық болып, белгілі бір параметрлерге негізделгенде ғана типологиялық зерттеу болып саналады.

Бағыты мен бағдары сараланған теориялық тіл білімі жеке ғылым ретінде екі ғасыр өмір сүргеніне қарамастан, оның кейбір лингвистикалық концепциялары ғана тіл теориясын бүтіндей нақты түсіндіріп, ұғымдық аппараты мен әдістемелік базасын анықтап бере алады.

Зерттеуімізде ерекше мән беріп айрықша типологиялық ұстанымның негізі ретінде Г.П.Мельниковтың лингвистикалық концепциясын пайдаланамыз. Сондықтан ғалымның іргелі еңбегіне тоқталып өткенді жөн санаймыз.

Г.П.Мельниковтың зерттеулерінде негізгі жалпы лингвистикалық мәселелердің барлығы дерлік сөз етілген. Олардың негізгілерін атап айтатын болсақ: тіл білімінің нысаны, пәні, зерттеу әдістері; тіл және қоғам; тілдің функциясы; тіл және сөйлеу; жүйе және тілдің құрылымы; тіларалық жалпылық, ерекшелік және ортақ ерекшеліктердің табиғаты, тілдің дамуы, т.б.

Г.П.Мельниковтың еңбектері фонология, морфология, синтаксис, лексика сияқты тілдің барлық аспектілері мен деңгейлерін қамтиды.

Ғалым өз зерттеулерінде жалпы және жеке тіл білімінің өзекті мәселелерін тілдердің әртүрлі типтері мен семьяларының материалдары, атап айтсақ - үндіевропа, түркі тілдері, семит, банту, қытай-тибет тілдері негізінде қарастырады.

Ғалым өзінің тіл туралы теориясын әрдайым синтездеу-

ші (синтезирующая) деп анықтап көрсетті. Ол тілдің бірін-бірі толықтыратын тілдік аспектілерін оқытудың жинақтаушы нәтижелері тіл табиғаты туралы толық білім беретінін дәлелдеп, өзіне дейінгі В.фон Гумбольдт, И.И. Срезневский, А.А.Потебня, И.А. Бодуэн де Куртенэ қолданған синтездеу концепциясын жалғастырды.

Әлем тілдерін салыстырмалы типологиялық зерттеудің жоғары деңгейдегі репрезентативті сипатына ғалым Г.П.Мельниковтың «жүйелі лингвистика» немесе «жүйелі типология» деп аталатын тұжырымдамасы жатады. Ол «типологиялық монизм» негізінде құрылған лингвистиканың бір бөлігі болып табылады.

Г.П. Мельников кез келген тіл өзінше икемді, адаптивті динамикалық жүйе, тілдің жалпы қасиеті оның жеке элементтерінің ерекшеліктеріне және тілдік жүйенің элементтерінің арақатынасына байланысты екенін атап көрсетеді. Субстанциональды элементтер мен тілдік жүйенің арақатынасы өзара оптималды түрде тығыз бірлікте болатынына баса назар аударады.

Тілдік элементтердің ішкі динамикасын, синхрондық және диахрондық бір-біріне бағыныштылығын, сәйкестілігін ашып көрсету үшін тілдік жүйенің басымдық сипатын – оның д е т е р м и н а н т ы н (доминантын Ж.Е.) анықтап білу керек. Ғалым детерминант туралы пікірін «является краткой формулировкой того способа функционирования, в соответствии с которым система выполняет свою функцию» деп жалғайды.

Тілдің құрылымы мен субстанциясының бірлігі, жүйелік қарым-қатынасы нақты детерминанттың барлық деңгейінде жүреді. Ол туралы Г.П.Мельников былай дейді: «Говорящий и слушающий, хотя и бессознательно, но обязательно отбрасывают те языковые средства, которые не обеспечивают гармонии между функцией, структурой и субстанцией языковой системы». Тілдік жүйені детерминант тұрғысынан қарастырғанда жүйенің барлық нақты қасиеттері логикалық жағынан оның функционалдық ерекшелігінен өрбиді.

Г.П. Мельников алғаш рет семит тілдерінің құрылысын жүйелі лингвистика тарапынан қарастырып, ол тілдердің детерминанты жайында «тенденция к максимальной мотивированности слов с деривационным значением, выраженным морфологически», деп пайымдаған.

Семит тілдері құрылысының ерекшеліктерін, сонымен қатар, қытай және ағылшын тілдерің грамматикасын, лексикасын зерттеу барысында ол тілдерде кездесетін деңгейаралық және деңгейлік корреляция құбылысын типологиялық ерекшеліктерінің бірі ретінде атап көрсеткен.

Бертін келе автор семит тілдерінің детерминантын максималды «грамматикализация» тұрғысынан түсіндірді. Оны семит тілдерінің әрбір сөз формасы мүмкіншілігінше формалды деривациялық бір буыннан өрбіген, өзіндік нақты жасалу жолы сараланған туынды сөздер болып табылады. Осыдан семит тілдерінің айрықша көрінетін, өзіне ғана тән мынадай тілдік ерекшелері туындайды: түбірдің «етістіктенуі», түбірдің консонанттығы, аффикстердің үзіктілігі (прерывность), көбіне түбірдің үш дауыссыздан тұратындығы және күрделі сөздерді қолдануға әуес еместігі т.б.

Ғалым қытай тілінің детерминанты деп «лексикализация» үрдісінің басымдығын атайды. Ол тілде барынша көп информацияның берілуі сөздердің грамматикалық мағынасындағы тіркесу емес, заттық мағынасындағы тіркесуі екендігін көрсетеді. Г.П.Мельников қытай тілінде мағынасы контекстен көрініп тұрса, қайсыбір информация берілмейді деп контекстен мағынасы түсінікті болса, кейбір сөздерді айтпаса да болады деп түсіндірген. Мысалы, көптік мағынаны беретін арнайы лексема **мынь** - «есік, қақпа».

Ағылшын тілі туралы автор Британ аралына неміс қауымдастығы келгеннен кейін о баста сөзжасамның, сөз өзгертудің аса бай тәсілдері - түбірдің аффиксациясы, түбірдің апофониясы бола тұра, көнегерман тілдерінің құрылымы синтетикалық флективті екендігіне қарамастан, ағылшын тілінде аналитизмінің айқын белгілері орын ала бастағанын

айтады. Бұдан ағылшын тілінің дамуындағы ерекшелік ретінде тіл жүйесіндегі «грамматикалық» концепция бірте-бірте «лексикологиялық» концепцияға көшкендігін көруге болады.

Г.П.Мельниковтың пайымдауынша, сөздің тіркесу орны, тұлғаның морфемамен немесе басқа жеке сөзбен сәйкес келуі, сөз таптарының конверсиясы (грамматикалық және формалды категориялар арасындағы шекараның жойылуы), тағы басқалардың бәрі - ағылшын тілі мен қытай тілін типологиялық жағынан жақындастырады, сонымен бірге оны «грамматикалық» тілдер тобына жататын классикалық үндіеуропа тілдерінен ерекшелейді.

Алтай тілдерінің детерминанты болса тілдегі көмекші элементтердің үнемделіп жұмсалу тенденциясы бойынша қалыптасады.

Г.П.Мельников барлығы 10 детерминант және 300 сабақты (переходные) тілдік типтерді көрсеткен. Ғалым нақты тілдік жүйелер арасындағы айырмашылықтың болуын «различия между конкретными языковыми системами как раз и возникают в связи с тем, что каждая из них может иметь специфический способ функционирования, который является его внутренней детерминантой», деп жазды.

Кейінірек ғалым «жүйелік типологияда» белгілі бір типтің басты және негізгі тілдік инвариантының ерекшелігі – ішкі детерминант ұғымы екендігін айтып, «қазір 4 ерекше контрасты детерминант бар, олар: флективтік, агглютинативтік, түбір тілдер және инкорпорациялық» - деп жіктейді. Ғалымның ойынша, тілдік өзгерістердің болу себебі фонетикалық алмасулардың шоғырлануынан емес, акцентацияның орын ауыстыруынан емес, ойлау қабілетінің төменнен жоғарыға қарай өсуінен емес, тек тілдік жүйенің детерминантының өзгеруінен, тілдегі жетекші грамматикалық тенденцияның өзгеруінен болады екен.

Тілдерді жеке семьяға бөлгенде оның ішіндегі басқа топтардың арасындағы ұқсастық - сол семьяның барлық топтарына ортақ детерминанттың сақталғанының айғағы, ал алшақтық болса, детерминанттың фазасының әртүрлілігіне байланысты көрінеді.

Г.П.Мельниковтың пікірінше семит тілдерінің кейбірінде, мәселен, аналитизмнің өркендеуі, дауысты дыбыстар түбірдің элементі ретінде қарастырылуы, т.б.семит детерминантынан алшақтау екен.

Ғалым араб диалектілерін ең алғашқы семит детерминантынан алшақ кеткен жүйе ретінде қарастырады, себебі оларда жоғарыда айтылған ауытқушылықтар (неодетерминанттар) жиі кездеседі.

Біз өз тарапымыздан **доминант** ұғымын **б а с ы м, б а с ы м д ы қ, б а с ы м д ы л ы қ** баламасымен бергенді жөн санаймыз. Біздің бұл пайымдауымызды қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде берілген анықтама нақтылай түскендей: **Б а с ы м** сын. 1.Мол, көп. 2.**Үстем**, күшті, мығым. **Б а с ы м д ы қ** зат. Артықтық, көптік, күштілік. **Б а с ы м д ы л ы қ** зат. Басым болушылық [19; 20,141].

Б а с ы м д ы қ деген терминді қолданған ғалым Ә.Хасенов. Ол кісі «тілдерді типологиялық типтерге бөлгенде, ең алдымен ол тілдің грамматикасы қалай құрылған, ол тілде грамматикалық тәсілдің қай-қайсысы **б а с ы м д ы қ** етеді деген мәселе басшылыққа алынады» [21,39], дейді де ойын: «тілдерді құрылымы мен құрылысына қарай топтастыруда басшылыққа алынатын негізгі белгілер: ең алдымен тілдердің грамматикалық жүйесінің қалай құрылғандығы, белгілі бір тілдердегі грамматикалық тәсілдердің қайсысы **б а с ы м д ы қ** (доминант Е.Ж.) ететіні, сол тілдердегі сөздердің өзгеру, түрлену жолдары, ерекшеліктері, қысқасы, қайталап айтсақ, белгілі тілдердің құрылымы мен құрылысы», - деп аяқтайды.

Сонымен, әрбір тілде, тілдің типологиялық табиғатында, ерекше басым грамматикалық тенденциялар болады. Тілдегі типологиялық басымдылық кез келген тілді өзге тілдерден ерекшелендіріп тұрады және ол басымдылық тілдің бүкіл жүйесіне әсер етеді. Мәселен, қазақ тілінде ерекше көзге түсетін типологиялық басымдылық - сөздерге аффикстер жалғанғанда, сөздің морфологиялық құрамы күрделенгеніне қарамастан, сөздің түбірінің дыбыстық құрамы, негізінен алғанда, өзгермей, сол қалпында қалуы.

Біздің зерттеуіміздің негізі ретінде типологиялық басымдылық ұғымымен қатар қолданылатын тағы бір ұғым бар. Ол - «белгілер кеңістігі». «Белгілер кеңістігі» ұғымы өте күрделі ұғым. Оның көпөлшемді тілдік жүйені терең талдауға септігі тиеді.

Е.С.Кубрякованың айтуынша, «белгілер кеңістігінің» көмегімен ғылыми ұғымдарды анықтау мәселесінің ескі классификациялау принципінен жаңаға өту мүмкіншілігі зор.

Әрбір тіл құрылымы мен қызметі бар, бүтін (тұтас) жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Дегенмен, жүйе құрылымнан ғана тұрмайды. Әрбір жүйе өзіне тән және бір-бірімен байланысты үш түрлі атрибуттың - құрылым мен субстанцияның және қызметтің ұштасып келуінен және олардың диалектикалық бірлігінен құралып, өмір сүреді, дамиды. Сонымен қатар, тіл - тек жүйе ғана емес, жүйелердің жүйесі. Ол бір белгіні ғана қамтымайды, бірнеше белгілердің жиынтығы болып табылады. Бұл жерде қандай да бір тілдік құбылыс классификацияланып, сараланып, сипатталып қана қоймайды, сонымен бірге, «белгілер кеңістігінің» өзіндік орны көрсетіледі.

Тілдік құрылым әр тектес элементтердің арақатынасынан және бірлігінен тұрады. Ол элементтер мыналар: 1) дыбыс (фонема), 2) морфема, 3) сөз, 4) сөйлем, 5) мәтін. Бұл элементтердің арасындағы айырмашылықтар – сапалық айырмашылықтар. Демек, аталған элементтер бір-бірінен сапасы жағынан ажыратылады. Әрбір элементтің сапасын оның қызметі айқындап тұрады [24,62].

«Белгілер кеңістігі» әрбір тілдің негізгі құрылымын көрсететін нақты тілдік категориялардың қызметтерінің жалпы сипатын анықтайды және бір-бірімен байланысты тілдік құбылыстардың түрленуінің сапалық айырмашылықтарының таралу диапазонының ауқымын айқындайды.

«Басым белгі» және «белгілер кеңістігі» ұғымдарының бір-бірімен тығыз байланыстылығына күмән жоқ. Өйткені, тілдің қандай-да бір деңгейінің қызметі мен ерекшелігін анықтайтын белгілер жиынтығының ішінен бір белгі *басым*

келеді. Ол басымдылық белгілі деңгейде ерекше сипатқа ие болып, басқа белгілердің көрінуіне ұйтқы болады және тілдің бүкіл жүйесіне әсерін тигізеді.

Мәселен, қазақ тілінің құрылымында да типологиялық басым белгілер кездеседі.

Біз жоғарыда басым белгі, басымдылық (доминант) және басым белгінің тілдің типіне әсер ететін ерекшесі (детерминант) ұғымдарының аражігін ажыратамыз деген едік. Төменде біз қазақ тілінің құрылымындағы басым белгілерді көрсетеміз. Детерминантты курсив арқылы белгілейміз.

Фонетикалық басым белгілер:

- 1) Сөз басы мен соңында дауыссыз дыбыстар тіркесінің болмауы;
- 2) *Үндестік заңының* болуы;
- 3) *Үндестік* заңымен жалғасатын фонетикалық сипаттардың бар болуы;
- 4) Сөздің фонетикалық тұтастығын сақтауға мүмкіндік беретін ассимиляциялық және диссимиляциялық құбылыстардың ықпалы.

Морфологиялық басым белгілер: 1) *Сөздің морфемалық құрылымының айқындылығы*; 2) Түбір морфеманың өзіндік тұрақты фонетикалық қалпын сақтауы; 3) Атау септігіндегі сөз негізі (түбір) бүкіл септеу парадигмасының орталығы (негізі) болып келуі; 4) Сөзжасам және сөз түрлендіру құбылыстары негізінен агглютинативті аффиксация есебінен жүзеге асуы (бұл жағдайда аффикстер тіпті өзгермейді); 5) Аффикстердің бір мағыналығы және стандарттылығы; 6) Аффикстердің жалғану тәртібінің тұрақтылығы.

Синтаксистік басым белгілер:

- 1) *Сөздердің сөйлемдегі тұрақты орын тәртібі*;
- 2) Анықтауыш айқындалушы сөз алдында, толықтырушы сөз толықтауыш алдында, баяндауыш сөйлем соңында орналасады.

Әрбір деңгейдегі детерминант типологиялық басымдылықтың негізгісі болып табылады. Ол басқа белгілердің көрінуіне негіз болады, тіпті тілдің типінің анықталуына әсер етеді.

5.2 Тілдік құрылым, тілдік жүйе

Типологиялық талдаудың жеке әдісіне **таксономия** (категоризация, жіктеме) жатады. Таксономия тілдік материалды жіктеудің жалпы ұстанымдары мен ережелерінің жиынтығы болса, жіктеме материалдарды топтарға бөлу болып табылады. Ал категоризация деп жиналған материалды тиісті топтарға іріктеп, бөлу процесін айтады.

Таксономия (грек. *taxis* құрылыс, тәртіп, орналасу, *nomos* заң) - лингвистикалық нысандарды (тілдер мен тілдік бірліктерді) топтастыру принциптері мен ережелерінің жиынтығы. Таксономия сонымен бірге топтастыру (классификация) ұғымын да білдіреді. Оның екі түрі бар: табиғи және жасанды. Табиғи таксономия тілдердің табиғи қасиеттеріне негізделеді, оған генеалогиялық топтастыру жатады. Жасанды таксономияға алдын-ала болжанған логикалық принциптерге сүйенеді. Оған типологиялық топтастыру жатады.

Ең алдымен, типологиялық тұрғыда жеке тіл дегеніміз не? деген мәселені анықтап алу керек. Жалпы тілді «тарихи жағдай» (мысалы, қазақ тілінің тарихы) және «белгілі бір тарихи кезеңдегі жағдайы» (мәселен, қазіргі кезеңдегі қазақ тілінің нормасы) деп жіктейді.

Типологияның да негізгі нысаны – тіл. Бірақ ол тіл «тарихи нысан» ретінде немесе тілдің синхронды жағдайымен ғана байланысты емес. Тіл болғанда ол жеке-жеке тілдердің **тілдік жүйесі** /ТЖ/ болып табылады.

Тілді - жүйелердің жүйесі түрінде алып қарастыру тіл білімінің негізгі тұжырымдарының бірі болып саналады. Тіл бір-біріне тәуелді бірнеше кіші жүйелердің байланысынан, олардың тығыз қарым-қатынасынан тұратын біртұтас жүйені құрайды. Жалпы «жүйе», «құрылым» ұғымдарын айқындау тілдің жүйелі сипаты мен құрылымдық қасиетін танып білуге көмектеседі.

Тіл белгілі бір құрылымы және қызметі бар, бірбүтін жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Тілдің жүйелілік сипатын

айқындау тілдің ішкі заңдылықтарымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген ғалымдар тілдің осы қасиетіне ерекше назар аударады.

Тілдің біртұтас жүйе екендігі алғаш рет XIX ғасырда неміс тілшісі В.фон Гумбольдтің еңбектерінде сөз етілді. Ғалым: «Тілде жеке дара ештеңе жоқ, оның әрбір элементі тек бүтіннің бөлшегі түрінде ғана көрініс береді», деп тілдің өзі бірнеше бөлшектердің жиынтығынан, олардың өзара байланысынан тұратын тұтас құбылыс екенін айтқан /Гумбольд, 1984/.

XX ғасырдан бастап лингвистикада тілдің жүйелілігі, тілдің құрылымы деген қағидалар тұрақты ғылыми теория ретінде орнығып, ғалымдар тарапынан кең қолданысқа ие бола бастады. Бұл кезеңдегі зерттеулердің теориялық негізін салушы ғалымдар қатарында Ф. де Соссюр мен Бодуэн де Куртене болды. Тіл жүйесі теориясын жасауда әсіресе Ф.де Соссюр үлкен үлес қосты. Ғалымның ойынша, әрбір тіл бөлек-бөлек жүйелер. Ол жүйелер өзара тығыз байланыста тұратын әр түрлі элементтерден құралады. Жүйе элементтерінің мәні оларды бір-біріне ұқсастыру, немесе, қарама-қарсы қоя қарау арқылы айқындалады. Тілдік жүйе дегеніміз – таңбалар жүйесі, элементтер қатынастарының жүйесі. Ф.де Соссюр тіл жүйесінің диахрондық, синхрондық күйде даму сипатын ашты. Алайда ол тілдік жүйені тек синхрондық тұрғыда зерттелуі керек, оны диахрондық сипатта зерттеу тілдің жүйелік қалпын нақты көрсетпейді деп тұжырымдады. Ғалым тілдік жүйені таңбалардан тұратын таңбалық жүйе деп қарастырды.

Жүйе, құрылым ұғымдары күрделі объектінің ерекшеліктері екендігін Ф. де Соссюр «система – совокупность единиц, в которой каждая единица определяется всеми другими, т.е. получает свою характеристику» деп көрсеткен /Соссюр Ф де, 1933/. Одан ары ғалым: «...тіл – барлық элементтері бір бүтінді құрайтын жүйе, ал бір элементтің маңыздылығы тек өзгелермен қатар қолданғанда ғана айқындалады», - деп тілдің жүйелілігіне баса назар аударды. Ғалымның тілді элементтері бір-бірімен тығыз байланыста болатын, өзінің тәртібіне бағынатын жүйе

ретінде анықтауы қазіргі тіл білімі үшін де өз маңыздылығын жойған жоқ. Өйткені тілді жүйелік қасиеті бар құбылыс, барлық элементтері бір-бірімен тығыз байланысты, өзара бағынышты (тәуелді) біртұтас (бір бүтін) құбылыс деп қарау тілдің табиғатын, бүтін мен оны құрастырушы бөлшектердің арақатысын, атап айтқанда, бүтіннің оны құрастырушы бөлшектерге (тілдік элементтерге) тәуелділігін, керісінше, бөлшектердің бүтінге (тілдің бүтіндей жүйесіне) тәуелділігін айқындауға мүмкіндік береді. Тілдің жүйесін тілдік жеке құбылыстардың (тілдік элементтердің, бірліктердің) өзара байланысы тұрғысынан, бүтіннің өз ішіндегі жеке құбылыстарды бағындыруы, билеуі тұрғысынан зерттеу айрықша мәнге ие болады.

Тілдік жүйе - кез келген табиғи тілдің бір-бірімен қатынаста, байланыста тұрып, белгілі бір тұтастықты, бірлікті тудыратын тілдік элементтердің жиынтығы. Жүйе құрамындағы бөлшектер, тұлғалар жүйе элементтері деп аталады. Тілдік жүйе құрамындағы бөлшектердің өзара жымдасып, берік бірлікте, шартты қатынаста болуын талап етеді /Қалиев F, 2005/.

Басқаша айтқанда, жүйе - бөліктері мен элементтері жүйелі, үйлесімді құрылған тұтастықты білдіретін ғылыми ұғым (фонемалар байланысы, олардың күшті және әлсіз позициялары т.б.). Ал құрылым - тұтас бір заттың бөлімдерінің өзара орналасуы (фонемалардың әр түрлі парадигматикалық және синтакматикалық байланыстарының ерекшелігі т.б.).

Тілдік жүйе деп – бір-бірімен байланысып тұрған, тәртіпке түскен, біртектес тілдік элементтер мен олардың өзара қатынастарының, байланыстарының жиынтығын айтамыз» /Қалиев Б, 2004 /.

Б.Қалиев тілдік жүйе болу үшін бес шарт орындалуын алға тартады: 1) бір заттан ешқандай жүйе тумайды. Жүйе болу үшін бірнеше зат болу керек. 2) ол көп заттың біртектес болуы шарт. 3) кез келген біртектес кп зат жүйелі бола бермейді. Ол үшін олар белгілі бір тәртіпке келтірілген болуы керек. (Мәселен, жіктік, септік жалғауларының реті т.б.). 4) тәртіпке келтірілген заттардың элементтері өзара байланысты, шартты

қатынаста болуы қажет. 5) ол элементтер бүтінге тәуелді болуы шарт. Міне, осы сияқты «керектер» мен «шарттар» түгел болса ғана жүйелілікті іздеуге болады – дейді ғалым.

Бүтіннің элементтерінің арасындағы қатынастардың схемасын да құрылым деп атайды. Ал жүйе, қалай да болсын белгілі бір құрылымның болуын аңғартады. Алайда жүйе тек құрылымнан ғана тұрмайды. Әрбір жүйе оған бір-бірімен байланысты үш түрлі атрибуттың – құрылым мен субстанцияның және қызметтің (функция) ұштасып келуінен, олардың диалектикалық бірлігінен құралып, өмір сүреді және дамиды. Жүйелік тұрғыдан қарау – тіл қызметінің өзара қатынасын айқындау арқылы талдап түсіндіруге келіп тіреледі.

Тілдік жүйе, тілдік құрылым (структура) деген терминдер өзара тығыз байланысты. Бірақ олар тепе-тең емес, бір-бірінен өзгешіліктері бар. Екеуі де тілдік элементтердің қарым-қатынасы мен байланыстарының жиынтығы. Бұлардың бір-бірінен айырмашылығы: жүйе – тілдік элементтердің және олардың қатынастары мен байланыстарының жиынтығына қатысты ұғым, ал құрылым - тек қатынастар мен байланыстарға ғана қатысты ұғым. Құрылымсыз жүйе болмайды, жүйе бар жердің бәрінде құрылым бар. Құрылым қатынастардың схемасы дегенді білдірсе, жүйе ұғымы – құрылым ұғымынан әрі кең, әрі күрделі ұғым. Жүйе - рет-ретімен орналасып, ұйымдасқан біртұтас құбылыс.

Тілдегі құрылым әр тектес элементтердің арақатынасынан және бірлігінен тұрады. Ол элементтер мыналар: а) дыбыс (фонема), ә) морфема, б) сөз, в) сөйлем. Бұл элементтердің арасындағы айырмашылықтар – сапалық айырмашылықтар. Демек, аталған тілдік элементтер бір-бірінен сапасы жағынан ажыратылады. Әрбір элементтің сапасын оның қызметі айқындап тұрады.

Тілдік жүйе - өте көп қабатты құбылыс. Қазіргі тіл деңгейлерінің әрқайсысы жеке жүйе болып табылады. Сонымен бірге, олар өз ішінде бірнеше шағын не ұсақ жүйелерге бөлінеді. Мысалы, тілдің фонетикалық деңгейі өз ішінде

дауысты-дауыссыз дыбыстар жүйесіне дауыстылар – жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік болып, дауыссыздар үннің қатысына қарай – қатаң, ұяң, үнді, жасалуына тіл алды, тіл арты т.б. болып қарай бірнеше топқа бөлінеді. Осындай жағдайды басқа тіл деңгейлерінен де көруге болады. Сонда тіл жүйесі дегеніміз - фонетика, лексика, морфология, синтаксис тәрізді ірі деңгейлердің жүйесінен тұратын жүйелердің жүйесі болып шығады.

Тілдік жүйе қазіргі кезде бір-бірімен байланысты: тіл деңгейлері тіл бірліктері, парадигматика, синтагматика, тілдің таңбалылығы, тілдің формасы мен функциясы, тілдің сыртқы және ішкі жағы, диахрония-синхрония, жүйелілік-жүйесіздік, анализ-синтез, гетрогендік-гоиогендік т.б. ұғымдармен байланысты жеке тілдердің даму ерекшеліктеріне сай, тереңдетіліп зерттелуде /Қалиев Ғ, 2005/.

Тіл атаулыға тән құрылымдық-жүйелік сипат оның зерттейтін «нысанын тұтас күйінде танып білуге мүмкіндік тудыратын» қызметімен анықталады. К.Аханов «Жүйесіз нәрсені жадында сақтау қиын» деген қағидаға сүйене келе, тілдік бірліктердің құрылымдық деңгейлеріне, олардың тығыз байланысқа түсер сатылы қарым-қатынасына мән береді.

Тілдерді жүйелеу – дүние жүзіндегі тілдерді белгілі бір таксономиялық топқа жатқызу деген сөз. Тілдерді жүйелеу мәселесі тілдерді салғастырған кезде пайда болады. Тілдерді жүйелеудің негізгі екі түрі болады: генеалогиялық (тектік) және типологиялық жүйе. Генеалогиялық жүйенің негізін «туыстық» түсінігі құраса, типологиялық жүйенің негізін «ұқсастық» түсінігі құрайды /Салқынбай А, 1998/.

Бір-бірімен байланысты жүйе мен құрылымды тілдің әртүрлі деңгейінде қарастыру (мәселен, фонема, морфема, сөйлемнің құрылымы және т.б.) - әр тілдің табиғатын толық ашуға мүмкіндік береді. Бір тілдің құрылымын екінші тілдің құрылымымен салыстыру арқылы оларға тән жеке және жалпы заңдылықтарды анықтауға болады.

Құрамына парадигматика мен синтагматика енетін

тілдің екі түрлі өлшемді құрылысы туралы заңдылық қазіргі лингвистиканың постулаты болып табылады. Тілдің жүйесін дәл сипаттау үшін, міндетті түрде ондағы парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарды қарастыру керек. Өйткені Ф.де Соссюрдің пікірінше, олар тіл жүйесін құрайды және оның функциялануын анықтайды /Ф.де Соссюр, 1977 /.

Қазіргі заман тіл білімі жалпы тілдік элементтер арасындағы қатынастарды үш түрге бөледі. Олар: синтагматикалық, парадигматикалық және иерархиялық қатынас.

Синтагматика – тіл жүйесін зерттеудегі аспектілердің бірі. Ол нақты сөйлеуде немесе мәтінде тізіле орналасқан тілдік бірліктер арасында орналасқан. Синтагматикалық қатынастар тіл құрылысының әртүрлі деңгейінде ажыратылады. Сондықтан да, онда фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық синтагматика сөз етіледі.

Парадигматика – кең мағынада: тіл жүйесі лингвистикалық топтардың парадигмалар жиынтығы. Синтагматикаға қарама-қарсы қойылады.

Ф. де Соссюр теориясына сәйкес, тілдік жүйе екі негізгі қатынас түрлеріне негізделген: бүтінді бөлшектеуге және тіл элементтерін ассоциативті ұқсастық арқылы топтастыруға. Бұл екі қатынас көзге көрініп тұрады, не тікелей көрінісі болмайды. Парадигматикалық қатынастарды «ассоциативті» қатынастар деуге де болады /А.Салқынбай, 1998/.

Біздің ойымызша, бұл қатынастар туралы профессор Б.Қалиев өзінің «Жалпы тіл білімі» оқулығында өте нақты және түсінікті етіп жазған. Ол кісінің айтуынша синтагматикалық қатынас дегеніміз – көлденең (горизанталь) бағыттағы тіркесу, байланысу. Синтагматикалық қатынаста болатындар - негізінен күрделілік жағынан біріңғай болып келетін біртектес элементтер. Мысалы, дыбыс пен дыбыс, /*m-θ-c*/, морфема мен морфема /*төс-тік*/, сөз бен сөз /*төс қалта*/. Күрделілік дәрежелері әр түрлі, әр тектес, элементтер бір бірімен синтагматикалық қатынасқа түсе алмайды. Мысалы, дыбыс пен сөз, сөз бен сөйлем.

Парадигматикалық қатынас дегеніміз – мағыналық

функциялық жағынан біртектес, ал формалық жағынан әртектес болып келетін элементтердің (тұлғалардың) жиынтығы, тобы. Олар тік (вертикаль) бағытта байланысқа түседі. Мысалы, фонемалар парадигмасы, морфемалар парадигмасы, т.б.

Бір-бірімен синтагматикалық байланысқа келе алатын элементтердің барлығы да парадигматикалық топ құрай алады. Ал өзара синтагматикалық қатынасқа келе алмайтын әртектес элементтер бір парадигматикалық топ құра алмайды. Мысалы, тілдегі барлық сөздер (лексика) қосымшаларымен (морфология) бірігіп бір парадигма құрамына ене алмайды. Мұндай әртектес элементтер иерархиялық қатынасқа түсе алады.

Ендеше иерархиялық қатынас деп – парадигматикалық топтың (мысалы, дыбыс, морфема) өзінен гөрі ірірек, күрделірек парадигматикалық топтың (мысалы, сөз, сөйлем) құрамына енуін айтамыз. Мәселен, дыбыстар морфемалар құрамына, морфемалар сөз құрамына, сөз сөйлем құрамына енеді. Бұлардың әрқайсысы - өз алдарына бөлек-бөлек, бірінен-бір жоғарғы топтар. Иерархиялық қатынасқа мүше болатындар да осылар. Олар - әртектес элементтер. Сондықтан оларды кейде тілдік қабаттар немесе деңгейлер болмаса, құрылымдық элементтер деп атауға болады /Б.Қалиев, 2004. /.

Парадигматикалық және синтагматикалық фонемалар арасында байланыс бар екенін атап өткен жөн. Фонемалар тіркесуінің шектелуі фонемалар парадигмасына тікелей әсер етеді. Олардың қарама-қайшылықтарының мүмкіндіктері мен шектеулерін анықтайды. В.В.Ивановтың: «Синтагматика порождает парадигматику», - деген ой қорытындысы жоғарыдағы пікірді растайды /В.Иванов, 1972./.

Кейбір ғалымдар синтагматикалық талдау парадигматикалықтан бірінші келеді деп тұжырымдайды /В.А.Шаброва, 1976./.

Алайда, зерттеуші тілді сипаттап, зерттегенде синтагматикалық әрі парадигматикалық талдауды бірге қарастыру керектігін атап өту қажет. Осыған орай мынадай сұрақ туындайды: Зерттеуді неден бастаған дұрыс, синтагматикадан ба, әлде парадигматикадан ба? Бұл мәселе әр

кез әртүрлі шешіліп келген. Оның себебі зертеудің мақсатымен ғана емес, тілдің зерттелуі мен меңгерілуі дәрежесіне де байланысты болды.

Тілдік жүйе тілдің синхронды жағдайға сай өзгермейді. Қандай да болмасын тілдің бір синхронды бөлшегінде /срез / әрдайым бір ғана тілдік жүйе болады. Ал типологияда ол өзгеше. Тілдік бірлік пен ереже бір-біріне сай келмесе тілдік жүйе сараланады: егер берілген тілдің мәтінінде бір жүйеге сыймайтын тілдік бірліктер мен ережелер кездессе, ол тілде екі немесе одан да көп тілдік жүйе болуы ықтимал. Жапонияның кей жерлерінде *g* және *b* фонемалары жіктеледі. Мысалы *сингу* - «төсек орын жабдықтары» деген ұғымды, ал *сингуру* - «пиджак» ұғымын береді. Ал басқаларында ол фонемалар жіктелмейді, екі сөз де бір дыбыс арқылы айтылады.

Тілдік жүйе негізінен өзгермейді, бірақ тілдік жүйе өмір сүретін тіл өзгеруі мүмкін. Тілдің өзгеруі дегеніміз - тілдік жүйенің бір вариантының сол тілдік жүйенің екінші вариантымен ауысуы.

Тілдік жүйенің үлгі-қалпы бойынша пайда болған жаңа сөздер, кірме сөздер тілдік жүйені тек қана сан жағынан көбейтсе, онда ол осы тілдік жүйенің бір варианты болып саналады. Ал тілде сөзжасам моделі өзгерсе немесе кірме сөздердің көптігінен жаңа фонема пайда болса, онда ол тілде жаңа тілдік жүйенің пайда болғаны.

Типология барлық табиғи тілдерді қамтып, ол тілдердің **тілдік жүйелерін** анықтауға тырысады. Бұл жағдайда салыстыру генетикалық және ареалды лингвистикаға қатыссыз, сондықтан да, «түркі тілдерінің типологиясы» немесе «славян тілдерінің типологиясы» деп бөліп айту ерсілеу болады.

Тілдерді типологиялық жағынан талдағанда тілдер неге, қалай бір-бірінен ерекшеленеді деген сұраққа жауап іздеу керек. Себебі типология ғылымының басты мақсаты – т а к с о н о м и я (яғни тілдерді барлық параметрлер бойынша классификациялау). Осыдан тілдерді бір-бірімен салыстырғанда ең алдымен салыстыру параметрлерін тандап, іріктеп алу

қажеттігі туындайды. «Сама таксономия, как известно требует, отбора параметров (оснований классификации) по которым осуществляется сравнение языков (таким классическим параметром является, например, морфологическая структура слова) /Кибрик А.Е./.

Бұл мәселені проф. З.Қ Ахметжанова былай жалғастырады: «лингвистикадағы айдан анық нәрсе және типологиялық классификацияда ескерілетін мәселелердің бірі – тілдерді салғастырғанда белгілі бір параметрге сүйену керектігі: ол **сөздің құрамы** болуы немесе **субъективті-объективті қатынастардың берілуі болуы** мүмкін т.б. Сондықтан лингвистер көпөлшемді (многомерная) типологиялық классификацияның керектігін алға тартуда. Біздің ойымызша, тілдердің көпөлшемді классификациясының негізінің біріне антропонимдік жүйенің уәждемелік типін де жатқызуға болады»/ З.Қ Ахметжанова /.

Тілдерді типологиялық жағынан салыстырғанда жоғарыда айтылған мәселелер септігін көп тигізеді. Ол бір топ тілдерге тән ерекшеліктерді терең және толық түсінуге, кейбір тілдерге ғана тән жеке ерекшеліктерді ашуға көмектеседі. Бұдан тілдердің кешенді (комплексная) классификациясы өрбиді. Жалпы типологиядағы типологиялық жіктемелердің негіздері ретінде таңдалып, іріктеліп алынған кез келген тілдік параметрді алуға болады. Солардың ішіндегі типолог ғалымдардың ден қойып, ерекше тоқталатындары:

1. Сөздің морфологиялық құрамы;
2. Жай сөйлемнің аумағында ;
3. Тілдік және логикалық категориялар классификациясы бойынша. т.б.

Тілдерді салыстыра оқыту - әрі шет тілді оқыту әдістемесінің лингвистикалық негізі, әрі аударманың теориялық және практикалық негізі болады.

Аударма теориясы өзіне теориялық негіз ретінде қызмет жасайтын салғастырмалы тіл білімімен тығыз байланысты. Себебі салғастырмалы тіл білімі мен аударма теориясының қай-

қайсысы болмасын бір сөздің мағынасын салғастыра зерттейді. Егер салғастырмалы типология екі және одан да көп тілдерге тән белгілерді зерттейтін болса, аудармадағы аудармашының мақсаты осы тілдердегі белгілерді келесі бір тілге дәлме-дәл жеткізу болып табылады. Бұл туралы Л.С.Бархударов: «Теория перевода по самой своей сущности есть иное, как научно обоснованное сопоставление систем двух языков» - деп көрсетеді / Л.С.Бархударов/.

Әлем тілдері қандай болмасын классификациядағы өз орны бойынша сараланады. Классификация тіл білімінің қазіргі жағдайын көрсете отырып, тілдерді салғастыра сипаттаудың дұрыс жолын таңдауға көмектеседі және тілдерді сипаттау терминологияның бірізді болуына септігін тигізеді. Классификация дүние танымның ерекше тәсілі болып табылады.

Классификацияның түрі көп: табиғи классификация (нақты белгі негізге алынады), жасанды классификация (кездейсоқ белгі негізге алынады), дихоматиялық классификация (екі мүшелі классификация, дихоматиялық классификацияның негізінде қарама қарсы мағыналы ұғымдар жіктеледі), тілдердің генеологиялық классификациясы (тілдердің туыстық жақындығы негізге алынады), тілдердің типологиялық (морфологиялық) классификациясы, ареалды классификация, элеуметтік-функционалды классификация.

Классификациялардың көптігіне қарамастан олардың бірде біреуі барлық тілдерді қамти алмайды және тілдердің барлығы бұл классификациялардың талабын орындай алмайды.

Салыстырмалы типология қазіргі тіл білімінің қарқындап өсіп келе жатқан, болашағы жарқын тармағының бірі. Соңғы жылдары типологиялық жұмыстардың зерттеу аймағы кеңейіп келеді. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру, оларды әрбір тілдік деңгей бойынша сипаттау - типологияның басты мақсатының бірі. Осындай жалпы салғастыру **тілдердің көпөлшемді типологиялық классификациясын** (бірнеше параметрді қатар қолдануға негізделген) жасаудың негізі болады, тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтардың

нақты деректерінің көлемі мен сипатын анықтауға, құрылымы әр типті тілдер арасындағы тілдік универсалийлерді пайымдауға септігін тигізеді.

Зерттеу барысында жеке тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай ауыса отырып, тілдік универсалийлер тілдік құрылымды белгілік (знаковый) коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады.

Сонымен, салғастырмалы (салыстырмалы) типология тілдерге салғастырмалы талдау жасаудың барлық түрлерін біріктіреді. Онда салыстырылып отырған тілдің ерекшеліктері тек бір тілге (ана тіліне) ғана емес, қатынас құралы ретінде тілдердің жалпы құрылымына қатысты анықталады. Салыстырмалы-салғастырмалы зерттеулерде жалпы теориялық мәселелер де, тілдік дескрипцияның қолданбалы мәселелері де қарастырылады.

Мұндай жұмыстардың теориялық маңыздылығы мынада:

1) салыстырмалы зерттеулерде тілдің ішкі проблемалары зерделенеді, яғни әртүрлі құрылымды тілдердің ішкі жүйесіне инвентаризация жүргізіледі (мәселен, қазақ, орыс, араб тілдеріне);

2) туыс және туыстығы жоқ тілдердің жүйесіне типологиялық талдау жасаудың принциптері мен әдістері сараланады;

3) лингвистикалық типологияның тарауларын сипаттайтын жалпы параметрлер анықталады;

4) нақты бір ұлттық тілдің жүйесін салыстыру барысында нақты метатілді белгілеуге талпыныс жасалынады;

5) лингвистикалық типологияның теориясы мен практикасының ара- қатысы анықталады;

6) бинарлық салыстырудың экстаполяциялық принциптері жасалынады; яғни екі тілді салыстыру негізінде бір тілдің жүйесін генетикалық туыс тілдер тобының жүйесімен салғастыру принциптері нақтыланады. (мысалы, араб тілін түркі тілдерімен салғастыру).

Әртүрлі жүйедегі тілдерді салғастыру барысында тілдің

қолданылмалы мәселелері де назардан тыс қалмайды. Оларға қысқаша тоқталсақ:

1) зерттеу процесі бойынша анықталған теориялық тұжырымдарға сәйкес салғастырылып отырған тілдердің грамматикасы, фонологиясы, лексикасы бойынша оқулықтар шығаруға болады;

2) «ана тілі мен шет тілінің типологиясы» атты теориялық курсы бойынша оқу бағдарламасының негізін құруға болады;

3) зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша екі тілді сөздіктер, лингвистикалық сөздіктер құрастыру мүмкіншілігі туады;

4) оқу аудиторияларында шет тілдің грамматикасын оқытудың жаңа принциптерін енгізуге болады т.б.

5.3. Тіл типі және тілдегі тип

Жалпы тіл білімінде «тілдің типі» деген түсінік лингвистикалық типологияның ең негізгі ұғымдарының бірі. «Тип» деген сөз ғылыми әдебиеттер мен күнделікті өмірде кеңінен қолданылады (*tipos* – грек сөзі, үлгі, түр деген мағынаны білдіреді). Жалпы «тип» сөзін қай салада қолданбасақ та ол бір-бірімен байланысты ерекше белгілердің жиынтығы болып табылады. Әдебиет пен өнерде тип бірнеше адамның мінез ерекшеліктерін көрсететін бейне. Биологияда жануарлар жіктерінің ең жоғарғы саласы. Ауызекі тілде өзіне тән мінездермен көзге түсетін адам т.б.

«Тілдің типі» мәселесін алғаш көтерген романтиктер еді. Романтизм – бұл идеялық бағыт, ХУІІІ – ХІХ ғ. олар үшін ең басты мәселе – ұлттың өзін-өзі тануы болып табылады. Романтизм – сонымен қатар тек әдеби бағыт емес, оны феодалдық дүние танымның орнына келген жаңа дүние таным деп те атауға болады. Неміс романтиктерінің көсемі Ф.Шлегель санскрит тілін грек, латын және түркі тілдерімен салғастыру негізінде «Индеецтердің тілі мен даналығы» деген кітабы дүниеге келді.

Онда барлық тілдерді екі типке (флексивті және аффиксациялы) бөлуге болады, - дейді ғалым.

«Тілдік тип» ұғымының толық мағынасын ашу тек әлем тілдерінің рационалды классификациясын жасау үшін ғана емес, жеке тілдер мен тілдік топтардың ғылыми сипаттамасын беру үшін де маңызды. Алайда, бұл терминнің соңғы кезде лингвистикалық зерттеулерде көп қолданып жүргеніне қарамастан, «тілдік тип» ұғымын анықтауда шешілмеген мәселелер баршылық. Мәселен, бұл сөздің дәл және адекватты анықтамасын беру қиын. Себебі ғалымдар арасында әлі күнге дейін тілдің типі деп нені айтатыны толық айқындалған жоқ және белгілі бір тілдің типін дәл көрсетудің негізгі айырым белгілері (критерилері) де анықталмай отыр.

Кез келген тілдік топтың немесе жеке тілдің типін анықтау үшін ең алдымен ол тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктерін анықтап алу керек. Тілдің құрылымын дәл анықтауда пайдаланатын бірден бір тілдік материал осы болады. Бұл жөнінде Мещанинов И.И. былай дейді: «Общими для всех языков оказываются не только отношения между словами в составе предложения, но и такие передаваемые в языке понятия, как предметность и действие, как субъект, предикат, атрибут с их модальными оттенками и т.д. Это общее для всех языков ложится в основу типологических сопоставлений именно потому, что грамматическая форма его выявления на конкретном языковом материале не дает единой схемы» /И.И.Мещанинов/.

Қазіргі лингвистикада тілдік типтердің мағыналық категориялармен де ара қатынасы толық шешуін тапқан жоқ. Демек, форма және мағына қатынасы бір ізге түспей отыр деген сөз. Бұдан «тілдік тип» тек құрылымдық-типологиялық категория ма, жоқ әлде тілдің мағыналық жағымен, семантикалық параметрлерімен байланысты ма? Яғни қоршаған ортаны қабылдауда тілдің типінің әсері бар ма? деген заңды сұрақтар туындайды.

Бұл мәселедегі ең маңызды нәрсе - тілдің табиғаты, тілдің әртүрлі жақтарының спецификасы, тілдің әрбір қабаттарының,

тілдің әрбір деңгейлерінің сипаты.

Егер әрбір тілді жүйе деп санасақ, оның жеке тараулары бір-бірімен үйлесіп жатса, онда тілдің типін анықтауға деңгейлік және деңгейаралық параметрлер көмектеседі. Әрбір тілдің әртүрлі деңгейлерінің арақатынасынсыз бір-бірімен байланыссыз тілдің типін анықтау мүмкін емес.

Тілдердің құрылымындағы және тілдің әртүрлі деңгейіндегі арақатынасты көрсететін типологиялық зерттеу, міндетті түрде, бір ғана тілдің жүйесіне жасалған талдаудан өзгеше болады.

Ол тек бір тілдің бір деңгейіндегі мағына келесі бір тілде екінші бір деңгейде берілетінімен ғана емес, әрбір тілдің деңгейлік құрылымының ерекшеліктерінің мүмкіншіліктеріне байланысты. Мәселен, тілдік жүйеде лексикадан сөзжасамға, сөзжасамнан морфологияға, морфологиялық парадигматикадан синтаксистік сөз тіркесіне қарай ауысатын тілдік фактілердің бірізділігі бойынша тілдерді салыстырғанда жеке сөздер мен формалардың ерекше семантикалық спецификасын көруге болады.

Әртүрлі тілдердің ішкі жүйесін салғастырғанда екі түрлі тәсілді қолдануға болады:

1) **Д е н г е й л і к т ә с і л** мына жағдайларда қолданылады:

а) генетикалық бір арнадан тараған туыс тілдерді салыстырғанда;

ә) типологиялық жағынан жақын тілдерді салыстырғанда;

б) тілдердің белгілі бір деңгейіндегі тілдік бірліктерді салыстырғанда;

2) **д е н г е й а р а л ы қ т ә с і л** генетикалық жағынан бір-бірінен алыс тілдерді салыстырғанда іске асады. Яғни, салыстырылып отырған тілдер жүйесіндегі деңгейаралық сәйкестіктерді анықтауда қолданылады. Тіл білімінде генетикалық жағынан бір-бірінен алыс тілдердің ішкі жүйесін типологиялық тұрғыда салыстырғанда деңгейаралық тәсіл -

өте-мөте керек тәсіл /Буранов Дж./

Тілдің типін айқындау, сайып келгенде, тілдің құрылысын айқындау болып шығады. Алайда, белгілі бір тілдің қандай типке жататындығын айқындау үшін, әдетте, сол тілдің барлық қасиеттері мен ерекшеліктері емес, оның басты белгілері негізге алынады. Тілдерге типологиялық классификация жасауда грамматикалық формалардағы аналитизм мен синтетизм құбылыстарының арақатысы, бұлардың бірінің басым, екіншісінің аз не мүлдем болмауы, анықтауыш пен анықталғыштың арасындағы байланыстың түрлері, сөйлемнің эргативті конструкциясы, сөздердің орын тәртібінің ерекшеліктері (сөйлемдегі сөздердің орнының тұрақтылығы не жылжымалы болуы, анықтауыштың анықталғыштың алдына не соңында келуі, баяндауыштың орны) және осылар тәріздес тілдік құбылыстар ескеріледі /Аханов К./.

Тілдің типі дегеніміз – тілдің жеке белгілері бойынша (морфологиялық құрылым, грамматикалық мағынаның берілу тәсілі т.б.) әртүрлі тілдерді біріктіретін тілдік жүйенің барынша жалпы, сонымен қатар, қысқа сипаттамасы /Э.Д.Сулейменова, 1996./.

Профессор Э.Д.Сулейменова тіл біліміндегі тип ұғымын саралай келе, оған тән бірнеше ерекше қасиеттерді көрсетеді:

1) Динамикалылық. Тілдердің өзгеруге бейім екендігіне байланысты, тіл мен тип арасалмағы өзгеруі ықтимал. Тіл өзгере келе типологиялық классификациядағы орнын да өзгертуі әбден мүмкін.

2) Синхрониялылық. Таза тип туралы ұғымдар тілдердің синхрониялық сипаттамасы негізінде пайда болған. Соңғы кезде синхрониялық типология тез дамығанына байланысты тіл типі ұғымы жаңа мазмұнға ие бола бастады.

3) Шарттылық. Қандай болмасын нақты тілдің құрылымында әртүрлі типтің белгілерінің болуы да кездеседі. Жалпы тілдің табиғаты политипті. Таза типтің талабын көтеретін тіл кемде кем. Себебі тілді белгілі бір типке жатқызу шартты нәрсе.

Тілдің типі жөнінде біршама толық анықтама Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» берілген: Тіл типі - тіл құрылымының неғұрлым жалпы, әрі ықшам сипаттамасы; тілдің жекелеген белгілері арқылы анықталатын тілдердің негізгі түрлері туралы жинақталған түсінік. Тілдің типін анықтауда қажет белгілер морфологиялық құрылымға, грамматикалық мағыналардың берілу жолдарына, қимылдың объектісі мен субъектісінің көріну сипатына байланысты. Сөздің морфологиялық құрылымына қарай тілдер флективті, жалғамалы, даралаушы, полисинтетикалық болып бөлінеді. Грамматикалық мағыналардың берілу жолдарына қарай тілдер аналитикалық, синтетикалық болып бөлінеді. Қимылдың субъектісі мен объектісінің көрінісіне қарай тілдердің номинативті, эргативтік құрылысы қалыптасады. Тіл типіне динамикалық, синхрондық, шарттылық сипаттар тән.

Өртүрлі тіл типіне тән белгілер, қасиеттер тілдердің қайсысында болсын кездеседі. Тіл типі жалпы ортақ белгілер арқылы анықталады. Әрбір тіл өмірде бірегей, қайталанбайтын құбылыс болып табылады /Ғ.Қалиев, 2005/.

Тілдердің типі деген ұғымды анықтай түсу үшін бірқатар мәселеге көңіл бөлген дұрыс. Олар: а) Тілдерге типологиялық баға берудегі морфологияның рөлі қандай? ә) Агглютинация мен фузия сөз құрамын анықтауда тек грамматикалық тенденция ретінде қарастырыла ма, жоқ әлде ол сөздегі морфемалардың жалғану тәсілі ретінде қарастырыла ма? б) Синтетизм мен аналитизмді грамматикалық құрылым ретінде түсіну керек пе, жоқ әлде синтетизмнің флексиямен, аналитизмнің агглютинациямен байланысын көрсету керек пе?

Демек, тілдерді типологиялық топтарға бөлгенде, ең алдымен ол тілдің грамматикасы қалай құрылған, онда грамматикалық тәсілдердің қайсысы басымдық етеді? деген мәселелер басшылыққа алынады.

Тілдердің типін анықтаудағы морфологияның рөлі зор екені қазіргі уақытта көп түсіндіруді талап етпейді. Морфологиясыз

да тілдер болады деген кейбір лингвистердің көзқарасы, яғни сөз формалары жоқ деген көзқарас (түбір тілдерде, мәселен, қытай тілі) бұл тілдер туралы біраз зерттеулер жарық көргеннен кейін /Солнцева Н.В./ дұрыс еместігі айқындалды. Түбір тілдердің морфологиялық құрылысы ерекше. Онда сөз басқа типтегі тілдерге қарағанда өзгеше құрылады. Бірақ бұл тілдердің типін анықтауда да морфологияның рөлі зор.

40-жылдары А.А.Реформатский морфология грамматиканы ұстап тұрған негіз, қаңқа - дей келіп, морфологияны тілдік әлемнің орталығы (центр языкового пространства) деп атаған. Одан ары қарай ғалым өз ойын былай жалғастырады: «Морфемы, конечно не самоцель для морфологии, а лишь анализ тех «кирпичей», из которых образуются и благодаря сочетаниям которых морфемы становятся элементами лингвистики. ...Тип языка, его характер определяется не лексикой: она слишком не прочна и легко переходит из одного языка в другой. Характер и тип языка определяется прежде всего его морфологией» /Реформатский А.А., 1979/.

Тілдердің туыстығы деген мәселе грамматикалық формалардың жақындығы байқалғанда ғана дәлелденетініне назар аудару қажет.

Ал сөздік құрамға келетін болсақ, жеке сөздердің ұқсастығы салыстыра зерттеліп отырған тілдер бір-бірімен туыс дегенге сенімді дәлел бола алмайды. Өйткені белгілі бір дәуірде белгілі бір халықтар тілдерінің лексикалық элементтері түрлі себептермен бірінен екіншісіне, екіншісінен үшінші-төртіншісіне тіпті одан да көп тілдерге ауысып отырады.

Сондықтан тілдердің грамматикалық форманттарында дәлме-дәл ұқсастықтар байқалғанда ғана сөздердің лексикалық ұқсастығын көмекші материал ретінде пайдалануға болады.

Шынында да, тілдер бір-бірінен ең алдымен морфологиялық құрылысымен ерекшеленеді. Тағы да типологтардың тұжырымдарына келсек: «Типология имеет отношение в первую очередь к областям морфологии и фонетики; синтаксис и лексика являются лишь второстепенными областями

применения типологии» /В.К.Скаличка1966/. Осындай көзқарасты П.С. Кузнецов та айтады. Зерттеушінің ойынша синтаксистік айырым белгілер морфологияға негізделеді және типология үшін ешқандай негіз бола алмайды.

Әртүрлі тілдердің синтаксисін типологиялық тұрғыда зерттеуші И.И. Мещанинов аталмыш тұжырымдарға өзінің қарсылығын білдіреді: «Обе схемы, построенные на различных принципах, существуют параллельно и друг-другу не мешают» /И.И. Мещанинов/.

Морфология мен синтаксистің рөлі макротипология және микротипологияда (Скаличканың термині), яғни тілдердің универсалдық ерекшелігіне негізделген типологияда бірдей емес. Микротипологияға әрине, тілдің бір жұбының сипаттамасын енгізуге болады, онда туыс тілдердің барлық тобына тән ерекшеліктердің бәрін ескеру шарт емес.

Типологияға, типологиялық классификацияға байланысты зерттеулер (Б.А. Серебренников, Ю.С. Степанов, Г.А. Климов, В.М. Алпатов, В.М. Солнцева, Н.В. Солнцева, В.Н. Ярцева, В.А. Виноградов, Б.А. Успенский, Р.О. Якобсон, Н.С. Трубецкой, В. Скаличка, т.б.) ең алдымен морфологияға сүйенеді. Типологиялық еңбектерде морфологиядан басқа сөз құрамының барлық құрылымдық ерекшелігі, фонетикалық, лексикалық және синтаксистік деңгейлердің мәселелері де қарастырылады.

1966 жыл жарық көрген А.А. Реформатскийдің «Агглютинация и фузия как две тенденции грамматического строения слова» мақаласында флективті және агглютинативті типті тілдердің басты ерекшеліктерін басқа типті тілдерді анықтауда негізгі критерий ретінде қолдану туралы көптеген көкейкесті мәселелерге тоқталды.

Салғастырмалы грамматиканың мақсаты – сөздің морфологиялық құрылымы деңгейінде тілдерді салғастыру. Яғни сөз құрамы арқылы салғастырылып отырған тілдердің құрылымын анықтау. Ойымызды И.А. Бодуэн де Куртенэнің ойымен жалғастырсақ: «Біз тілдерді олардың туыстығына

байланыссыз, мүлдем бір-бірінен алшақ тілдерді де салыстыра аламыз. Географиялық және тарихи алшақ тілдердің өзінен сәйкестіктерді, тарихи ұқсас процестерді тауып отырамыз».

Әртүрлі тілдерді бинарлы (екі тілді) салғастыру ол тілдердің өзінде ұқсастықтар мен сәйкестіктер бар екенін көрсетеді. Тілдерді салғастырмалы контрастивті зерттеу көптеген тілдерге тән ерекшеліктерді терең және толық түсінуге, сондай-ақ кейбір тілдерге ғана тән ерекшеліктерді ашуға көмектеседі. Тілдерді бір-бірімен салғастырғанда осы уақытқа дейін тіл білімінде, көпшілік жағдайда, олардың жеке бірліктерінің тұлғалары мен қызметтерінің ерекшеліктерін және ұқсас қасиеттерін негізге ала отырып, морфологиялық, синтаксистік немесе фонетикалық деңгейлерінің мәселелері қарастырылды, олардың жеке категориялық ерекшеліктері сарапқа салынады.

Қазіргі кезеңде тілді тұтас бір жүйе ретінде қарастыру дәстүрге айналған кезде, әртүрлі тілдерді салғастыру жеке тілдік элементтерден гөрі ірі категориялар негізге алыну қажеттігі айқындалып отыр [Қ.Рысалды, 2007/].

Салыстырмалы грамматиканың тағы бір мақсаты – зерттеліп отырған тілдің (мәселен, араб тілі) құрылысын морфология деңгейінде салғастыру арқылы ана тілінің құрылымдық ерекшеліктерін талдауға машықтану. Тілдерді салғастыра талдаудың бұл әдістемесі шет тілін оқуда үлкен көмек болады.

Салғастырмалы грамматиканың өзінінің алдына нақты мынадай мақсат- міндеттерді қояды:

а) салғастырудың теориялық және практикалық әдістерін көрсету;

ә) салғастырылып отырған тілдердің морфологиясының құрылымдық заңдылықтарын айқындау;

б) сөз құрамының ұқсас жақтары мен ерекшеліктерін, морфемалық құрамын айыра отырып, сөз құрамы арқылы тілдердің морфологиялық типін анықтау.

Қорытындылай келе, қазіргі кезеңде тіл білімінің

негізгі бір саласы болып, салғастырмалы типология түбегейлі қалыптасып, өзінің зерттеу нысанын, әдісін саралап алды. Бұл саланың бір бағыттары ретінде құрылымдық типологиямен қатар: контрастивті, компаративті, контенсивті типологиялар дараланды. Бәріне бірдей ұстаным - салыстырылатын тілдердің арақатынасын айқындай келіп, жалпы тілдік негізгі жүйені пайымдау.

5.4. Лингвистикалық типологиядағы метатіл

Жалпы тіл білімінде эталон тіл немесе метатіл ұғымы ерекше орын алады. Алайда, осы ұғым сөздіктерде, лингвистикалық әдебиеттерде әртүрлі түсіндіріліп жүр. Мәселен, «Тіл білімі сөздігінде» *эталон тілдің* /фр. *etalon* – үлгі/ үш түрлі мағынасын көрсеткен:

1. *Tertium comparationis*, универсалиялар лингвистикасында және типологияда, контрастив лингвистикада, тілдерді өзара салыстыру және сипаттау үшін қолданатын инвариант / метатіл /.

2. Эталон тіл орнында жүретін табиғи тіл, мысалы, латын, грек тілдері.

3. Екінші тілді үйрену кезіндегі ана тілі.

Осы сөздікте метатілді «тіл-құрал көмегімен нысан тілдің сипатталуы» деп көрсеткен. Метатіл белгілі бір тілдің заңдары бойынша және оның бірліктерінен қалыптасады, сол тілдің бөлігі болып табылады. Әрбір нақты тілдегі метатіл лексикографияның жасалуымен, терминологияның интернационалдануымен және инновациямен, кодификация процестерімен, терминді жүйелеп, бір ізге түсіруімен т.б. байланысты ерекшеліктері бар деп түсіндірілген.

Метатілге жан-жақты, толық сипаттама берген сөздік Ғ.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» десе болады: **Метатіл** орыс. метаязык /грек.*meta* арқылы, кейін/-адамзаттың табиғи тілін объект (объект-тіл) етіп зерттейтін

«екінші қатардағы» тіл, металогиялық тіл. Метатіл термині алғашында «формалданған тіл» мағынасында математика мен логикада пайдаланған. Оның көмегімен объектілік теориялардың қасиеттерін зерттеу, сипатталатын объектілердің өз деңгейін шектеу мақсаты көзделген. Метатіл - металингвистиканың зерттейтін объектісі. Металингвистика – метатілді нысан тілдің сипаттау құралы ретінде зерттейтін лингвистиканың бір саласы.

Тіл біліміндегі метатіл көбінесе нысан тілдегідей тіл бірліктері негізінде жасалады. Сөйтіп, ол табиғи тілді сипаттай отырып, әрі өзі де табиғи тілдің бір бөлігі ретінде көрінеді. Тіл біліміндегі метатіл күрделі құбылыс, оның негізінде бір жағынан, терминаралық жүйелі қатынастар, екінші жағынан, тілді зерттеуде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын жалпы ғылыми лексика жатыр. Метатіл ғылыми қатынас құралы ретінде соған сай метасөйлеуде нақты байқалады. Метатіл мен метасөйлеудің өзара қатынасы лексикографиялық құралдарды жасауда белгілі бір терминдерді түсіндіру үшін, сөздік мақалаларға метасөйлеудің үзінділерін кіргізіп отырудан көрінеді. Мысалы, «мағына» термині метасөйлеуде қолданылатын бірнеше сөз тіркесімен сипатталады: «тілдік мағына», «ауыспалы мағына», «сөз мағынасы» т.б. Терминнің мазмұны метатіл жүйесіндегі тіл бірлігі ретінде нақты сөйлеу қызметінде толық анықталады.

Метатілде қабылданған тіл біліміндегі ұғымдар жүйесі методологиялық бағыттарға қатысты болып келеді. Белгілі бір бағыттың философиялық /методологиялық/ негіздеріне байланысты бір терминнің әртүрлі түсіндірілуі мүмкін. Мысалы, *фонема* – сөздер мен морфемалардың дыбыстық көрінісін ажыратып көрсететін тілдің ең қысқа бөлігі (Мәскеу фонологиялық мектебі), дыбыстар семьясы (ағылшын фонетикалық дәстүрі).

Метатіл мәселесі типологияға оның ішінде лингвистикалық типологияға тікелей қатысты. Лингвистикалық типология - туыстық тегіне байланыссыз, тілдердің құрылымдық және функционалдық қасиеттерін салыстырып зерттеу. Типология

үшін екі жақтық (фоносемантикалық) сәйкестік (форма мен мағына түрінде) болуы міндетті емес. Ол салыстырылатын тіл бірліктерінің не формасымен, не мағынасымен шектеледі. Типология жеке тілдердің зерттелуіне сүйене отырып, тілдің құрылымы мен қызметі туралы жалпы тіл білімде жасалған тұжырымдарды пайдаланады.

Қандай да бір белгілі тілді болмасын, жалпы тілдерді болмасын салыстырғанда оларды бағалаудың нақты айырым-белгісі болуы шарт. Яғни мұндайда эталон-тілдің керектігі туындайды. Әртүрлі тілдерді зерттеп, оларға жан-жақты сипаттама бергенде, ол тілдер осы эталон-тілдің тұрғысынан сипатталады. Салыстырылып отырған тіл мен басқа тілдер тарапынан қарағанда эталон-тілді де **метатіл** деп те атайды.

Метатіл дегеніміз – **нақты тіл** болып табылады, оның табиғи тіл болуы да, жасанды тіл болуы да ықтимал. Кез келген тілдің жүйелік-құрылымдық зерттеу деңгейінде осы метатіл негізгі тұғыр бола алады.

Салыстырмалы талдаудың метатілсіз болуы мүмкін емес. Тіл білімі тарихында тілдерге классификация жасағанда, ол (метатіл) үнемі қолданылды. Алайда ол кейде нақты емес. Кейде тіпті қолданылғаны білінбей қалатын да жағдайлар кездеседі.

Эталон-тілдің немесе метатілдің рөлін кез келген тіл атқара алады. Мәселен, шет тілі оқулықтарында, ол тілдерді сипаттағанда оқушының ана тілі эталон тіл бола алады. Тілдегі диалект сөздерді сипаттағанда да, эталон тіл қолданылады.

Алғашқы латын грамматикасы грек эталоны бойынша сипатталды (мысалы, Присциан грамматикасы). Көне еуропа тілдерінің грамматикасын құрғанда латын-грек эталоны пайдаланылды (мысалы, шіркеулікславян тілі, ағылшын тілі т.б.). Тибет грамматикасы санскрит үлгісі бойынша жасалды.

Кей кезде метатіл арнайы жасалынады. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінде эталон-тілдің немесе метатілдің рөлін ататіл атқарады (алайда, оны тек ойша құрады, шын мәнінде ататілдің бар-жоғы сөз болмайды).

Тілдер арасында типологиялық талдау жүргізу үшін

метатілді анықтап алу керек. Метатіл - тіл-құрал көмегімен нысан тілдің сипатталуын жоғарыда көрсеттік. Дәлірек айтқанда, біздің ойымызша, метатіл дегеніміз – құрылымы жағынан бір-бірінен алшақ тілдерді салыстыруды жүзеге асыруға көмектесетін жүйе, салыстыруды жүзеге асыратын құрал. Б.А.Успенскийдің айтуынша: «Метаязык- это некоторый определенный язык (естественный или искусственный) через который описывается какой-то другой язык» /А.Успенский/.

Жалпы лингвистиканың салаларын, генетикалық типологияны, құрылымдық (структуралық) типологияны, ареалды типологияны, салыстырмалы типологияны, оның ішінде салыстырмалы типология мен контрастивті типологияның ара жігін айқындаған ғалым Дж.Буранов «контрастивті лингвистика салғастырмалы тіл білімі ретінде салыстырмалы лингвистикаға қарағанда екі тілдің жүйесіндегі жеке бір деңгейлік бірліктерді зерттейді, ал салыстырмалы типология тілдер жүйесінің деңгейаралық жүйелерін зерттейді» дей келіп, одан әрі «контрастивтік лингвистиканың өзіндік нақты қалыптастырылған **зерттеу құралы, метатілі жоқ**» - деген пікір айтады.

Профессор Қ.Рысалдының тұжырымы бұл пікірмен үйлеспейді. Ол кісі контрастивті салғастырмалы типология тіл білімі саласының маңызды бір бөлімі ретінде өз зерттеу нысаны мен зерттеу **инструментарийін, әдісін, метатілін** айқындау жолында қарқынды даму үстінде екендігін айтады.

Контрастивті лингвистика XX ғасырдың 50 жылдарында дүниеге келген жалпы және салғастырмалы тіл білімінің саласы. Р.Ладо, В.Н.Ярцева, Г.Никель негізін салған контрастивті лингвистиканың негізгі мақсаты:

а) салғастырмалы тілдердің барлық қабаттарындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді айқындау; б) басқа тілді оқып үйренуді жеңілдету мақсатымен салғастырмалы тілдердің барлық қабаттарындағы ұқсастық пен ерекшеліктерді айқындау (егер олар релевантты болса); в) аударма теориясының негізі ретінде тілдік единицалардың мағыналық қолданысын зерттеу;

г) талдау жасалып отырған тілдердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін *машина аудармасын* жүзеге асырудың бастау кезеңі ретінде анықтау /Э.Д Сулейменова /.

Қорыта айтсақ, генетикалық және типологиялық жағынан әртүрлі тілдер арасындағы ортақ заңдылықтар мен тілдік ерекшеліктерді, сондай-ақ, ортақ тілдік процестерді ашып көрсетіп, оларға жан-жақты сипаттама беру үшін тілдерді салыстыра зерттеу қажет.

Салғастырмалы лингвистикада көбіне екі, кейде одан да көп тілдер салыстырылып, одан шыққан қорытынды қазіргі уақытта алдына кешенді теориялық және лингводидактикалық мақсат пен міндеттерді қояды. Ол мақсат-міндеттерге жоғарыда тоқталғанбыз.

Қазақ тілін құрылымы өзге тілдермен салғастырғанда (мәселен, ағылшын, француз, неміс, қытай, араб т.б.) **метатіл** қызметін ана тіліміз атқарады. Мұндай генетикалық жағынан бір-бірінен алшақ жатқан тілдерді контрастивті түрде салғастырудың мәні шетел тілін үйренгенде, үйреткенде ұқсас сипаттарын тани, таныта отырып, айырымдық жақтарын пайымдауда көрінеді. Шетел тілінің жүйесін меңгеру үрдісінде ана тілімен салғастыру өз тілінің ерекшеліктері мен айырмашылықтарын жүйелі түрде тереңірек зерделеуге жол ашады.

5.5. Коммуникативтік мінез-құлық ерекшеліктері

Лингвистикада әрбір нақты тіл әлемді тану мен қабылдаудың әдісі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар әрбір тіл қолданушы осы бір ерекше жүйе негізінде өзін қоршаған тілдік емес шындық болмысты өзінше қабылдаумен қатар, лексикалық бірліктердің семантикасын, сонымен бірге морфологиялық және синтаксистік құрылымдардың, қандай да бір категориялар мен сөзжасам жүйесіндегі (оның ішіне әлемнің тілдік бейнесі де кіреді) ерекшеліктерін жинақтайды.

Тіл білімі тұрғысынан алғанда жалпы адамзаттың ойлау жүйесі бірдей. Сондықтан олардың жаратылыстық және қоғамдық құбылыстар жөніндегі танымдары да бірдей. Оларды тек ой формасы болып табылатын тіл ғана бір-бірінен өзгешелендіріп тұрады. Бір сөзбен айтқанда, тіл біртүрлі мазмұнды түрліше формада бейнелейді. Басқаша айтқанда, әлемдегі барлық тілдер ортақ мазмұнды түрліше формада сипаттайды. Әйтсе де, ол тілдердің арасынан семантикалық, танымдық универсалийлерді табуға болады.

Танымдық универсалийлер синхронды (мысалы, кейбір сәйкестіктер тіл дамуының белгілі бір кезеңінде ғана болады) және диахронды (тіл дамуындағы заңдылықтарды білдіретін сәйкестіктер) болып бөлінеді. Олар бір-бірімен тығыз байланысты. Себебі қандай да болмасын диахроникалық процестердің жиынтығы тілдің синхронды жағдайын көрсетеді. Өйткені тілдің синхрондық жағдайынан тыс ешқандай диахроникалық процестердің де болуы мүмкін емес.

Танымдық универсалийлерді анықтау тек лингвистика үшін ғана емес, психолингвистика мен когнитивтік лингвистика үшін де маңызды екені белгілі. Оның адам мінез-құлқының тілдік аспектілерінің заңдылықтарын айқындауда, оларды зерттейтін ғылым саласының дамуына да тигізетін әсері мол [1,58].

К.Аханов «әртүрлі тілдерді зерттеу барысында олардың өзара ортақ белгілері лексика саласынан ғана емес, сонымен бірге, грамматика саласынан да табылып, айқындала береді...», - дей келе, тілде тілдік ұқсастықтардың «тегіннен-тегін» болмайтынын ескертеді.

Әртүрлі тілдерді талдау, танымдық универсалийлерді айқындауға көмектеседі. Жеке тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай талдауда тілдер арасындағы танымдық универсалийлер тілдің құрылымын коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады. Осы ретте мынадай басты үш ұғымның арақатынасын анықтап алған дұрыс:

- танымдық универсалийлер мен оларды дамытушы факторлар (яғни тілдік ұқсастықтардың таралу сипаты мен өзгешеліктері);
- танымдық универсалийлер мен оларды қалыптастырушы факторлардың сабақтастығы (танымның жалпы адамзаттық белгілері);
- тілтанымдық универсалийлердің актуалдану себептері (тіл мен таным қарым-қатынасының универсалды табиғаты) [2,53].

Танымдық универсалийлер нақты тілдердің әртүрлі қабаттарынан, деңгейлерінен, тілдік жеке элементтерден бастап, тілдің бүтіндей жүйесіне негізделгенде ғана толық анықталады.

Жалпыға бірдей мәдениет болмаса, жалпыға бірдей мінез-құлық та болмайды. Басқа мәдениет өкілінің мінез-құлқын түсіну үшін, оларға тән дәстүрлі қандай мінез-құлық бар екенін анықтау керек. Әр ұлттың өзіне тән ұлттық мінез-құлқы бар. Ұлттық мінез-құлық дегеніміз белгілі бір ұлттық қоғамға тән әлеуметтік-психологиялық белгілері және рухы көрнісінің жиынтығы. Ұлттық мінез-құлқы пен ұлттық менталитет тығыз байланысты. Ұлттық менталитет адамның қоршаған ортаны қабылдаудағы және оның қоршаған ортаны сезіну, оған әсер ету ерекшелігі. Бұл өз кезеңінде тарихи тұрғыдан экономикалық, саяси шарттарға негізделеді, соған байланысты анықталады. Ұлттық мінез-құлық тарихи құбылыс. Ол қоғамдық қарым-қатынастың нәтижесі.

Коммуникативті мінез-құлық - адамдардың белгілі бір тобының қарым-қатынас пен нормалар жиынтығы. Ол ұлттық мінез-құлықпен тығыз байланысты. Ұлттық коммуникативті мінез-құлық - белгілі бір қатынастың нормалары мен дәстүрлерінің жиынтығы. Лингвомәдени бірлестік - халықтың бірлігі, оның тілі мен мәдениеті. Коммуникативті мәдениет – ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі, халықтың коммуникативті мінез-құлқы, ұлттық мәдениеттің үзіндісі іспеттес. Халықтың коммуникативті мінез-құлқын сипаттау ұстанымдары болу керек.

Мәдени мінез-құлықтың маңызды факторларының біріне жағдаят жатады. Э.Холл оны «Мәдени көзілдірік» деп атайды. Әдетте адам өзінің мінез-құлық үлгілері мен оны қабылдауы тек өз мәдениетінің ықпалы екенін түсіне білмейді, сондықтан да басқа мәдениет иелерінің басқа көзқарасын, басқа мәдени нормалары мен мәдени құндылықтары бар екенін бірден қабылдай алуы қиынға соғады. Адамдардың көбінің күнделікті мінез-құлықтары аңғырт реализм арқылы сипатталады. Олардың түсінігінше қоршаған орта, әлем өзі қалай түсінсе, солай қабылданылуы керек. Әлемдегі заттар, құбылыстар, адамдар, оқиғалар т.б. мұндай адамдар өзінен-өзі түсінікті, заңды әдетті жағдаяттар деп қабылдайды. Мұндай жағдай басқа мәдениет нормалары мен құндылықтарын асыра бағалауға әкеліп соғады.

Әр адам саналы болсын, санасыз болсын өз мәдениетінде қалыптасқан мінез-құлықтарын ұстанады. Мысалы, мінез-құлық түрлері әртүрлі мәдениетте әртүрлі көрініс табады. Егер Мексикада әйелдер мен ерлер шіркеуге бірге барып, үндемей тұратын болса, Иранда әйелдер мен ерлер мешітке бірге бармайды, бөлек отырып құран оқиды, Қазақстанда мешітке олар бірге бара береді.

Әр мәдениетте өзіне тән әдеттер жүйесі қалыптасады. Ол белгілі – бір жағдаятқа байланысты. Сондықтан олардың негізгі белгілері қоғам өмірі бейнесіне сәйкес келеді. Бір қарағанда бәріне ортақ әдет-ғұрып әр мәдениетте өзіндік мағынаға ие, мысалы – баланың дүниеге келу, үйлену тойлары әдеттері. Оларды қалай өткізу әр халықта қалыптасқан салт-дәстүрге байланысты.

Құқық – мінез-құлықтың белгіленген міндетті ережелер жүйесі. Ол адамдардың мінез-құлық ережелері туралы адамдардың бірлескен келісімі. Бұл ережелер барлық азаматтар үшін міндетті, ал оның орындалуы қадағаланылады.

Құндылықтар категориясы адам санасында әртүрлі құбылыстарды салыстыру арқылы қалыптасады. Дүниені танып білу арқылы ол өзіне не қажет, не қажет емес, не өз

өміріне маңызды, не маңызды емес т.б. екенін шешеді. Осының салдарынан адамда қоршаған ортаға деген қарым-қатынасы қалыптасады. Сол арқылы адам не маңызды, не маңызды еместігін анықтайды. Мәдениетте құндылық үлкен маңызға ие, себебі ол адамның табиғатқа, социумға, айналасына деген көз-қарасын, қатынасын белгілейді.

Мәдени құндылықтар әр адам өмірінде әртүрлі мағынаға ие. Сондықтан кей адамдар коллективті, ұжымдық құндылықтарды, ал басқалары – жеке басты, индивидуалды құндылықтарды мойындайды. Мәселен, АҚШ-та бірінші кезеңде жеке басты құндылық, тек содан кейін ғана әлеуметтік ортаның құндылығы тұрады, ал Жапонияда керісінше, әр адам алдымен қоғам мүшесі, содан кейін ғана жеке басы, яғни индивид ретінде түсіндіріледі. Құндылықтардың қайсысы адамдарға маңызды, қайсысы онша маңызды емес екендігі мәдениетке байланысты. Олардың құрылмы мен маңыздылығы мәдениет ерекшеліктерін белгілейді. Өз мәдениетінің құндылықтары басқа мәдениет иелерімен қарым-қатынас кезінде ғана бағаланып айқындалады. Коммуникация кезінде әртүрлі мәдениеттердің бір-біріне әсері, айырмашылығы мен ерекшеліктерін, құндылық бағдарын түсіне аламыз. Міне, осы кезде әртүрлі түсінбеушілік, келіспеушілік, есеңгіреу, ашулану, ренжу, бір-бірінен алыстау т.б. сол сияқты ситуациялар пайда болады.

Мәдениетаралық коммуникацияның ойдағыдай табысты өтуі адамдардың бір-бірінің мәдениетіндегі құндылықтар ережелерін жақсы біліп меңгеруіне байланысты.

«Мәдениетаралық компетенция» дегеніміз Н.Д.Галькованың пікірінше мыналар:

- басқа этностың мәдениетіне сезімталдықпен қарап, оны қабылдау, түсіну, өз мәдени құндылықтарымен салыстыра отырып, араларындағы ұқсастық пен ерекшеліктерді анықтау;
- өзге өмірге, өзге санаға, өзге құндылықтарды танып біліп, олармен қарым-қатынасқа түсе отырып өзінің әлем туралы бейнесін толықтыру [3,35].

Ол үшін тіл иелерінің өмір сүру ерекшеліктері мен тұрмыс жағдайларымен танысу, сол елге тән вербалды емес мінез-құлықтың этикасын меңгеру, мәдениетімен, әлеуметтік проблемалары мен бағыттарымен т.б. танысу қажет. Мәдениетаралық коммуникация кезіндегі қиыншылықтар бір жағынан тілге, екінші жағынан мәдениет ерекшеліктерінен туындайды.

Қазіргі заманда, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, аккультурация процесінің ең тиымды стратегиясына интеграция жатады. Оның іске асуы мәдениетаралық біліктілікке байланысты. Ұлттық мінез-құлық дегеніміз не? Ол белгілі бір ұлттық қоғамға тән социалды-психологиялық белгілері және халық рухы көрінісінің жиынтығы. Ұлттық мінез-құлық пен ұлттық менталитет тығыз бір-бірімен байланысты. Ұлттық менталитет – адамның қоршаған ортаны қабылдаудағы және оның қоршаған ортаны сезіну, оған әсер ету ерекшелігі. Бұл өз кезеңінде тарихи тұрғыдан экономикалық, саяси шарттарға негізделеді, сол арқылы анықталады. Ұлттық мінез-құлық тарихи құбылысқа жатады. Ол – қоғамдағы қарым-қатынастың нәтижесі. Ұлт менталитеті ұлт өкілінің ақыл-ойы, ойлау көрінісі, рухы. Осылардың бәрі бірігіп әлем бейнесін, ұлттың мәдени құндылықтарын біріктіреді.

Этностың менталитетін және ұлттың ойсаналық архетипіне барып тірелетін, тілдің концептуалды жүйесінің аксеологиялық сипаттарын құрайтын тілдік бірліктердің қай-қайсысы да – когнитивтік лингвистика үшін аса маңызды проблемалардың бірі. Бұндай тілдік бірліктерді Е.М.Верецагин мен В.Г.Костамаров [4,36]. өздерінің «Тіл және мәдениет» атты кітаптарында «**баламасыз лексика**» деген атаумен топтастырып жүр. В.Муравьев [5,65]. бір тілдегі сөздің басқа тілде эквивалентінің болмауын «**лакуна**» терминімен атады. М.М.Копыленко және З.Қ.Ахметжанова [6,95]. басқа тілде эквиваленті жоқ бір лексемалы атауларды «**универб**» деп, ал ол сөзді түсіндіретін сөз тіркесін «**перифраз**» деп атағанды жөн санайды. Мысалы: қазақ тіліндегі «сүйінші» сөзі орыс тілінде

«подарок тому, кто сообщил добрую весть» болады. Немесе орыс тіліндегі «масленка» қазақша «май салатын ыдыс». Бұл жерде универб сөздер «сүйінші» және «масленка» болса, перифраз сол ұғымдардың сипаттама түсіндірмесі болып табылады [6,95]. Кейінгі жылдардағы салыстырмалы тіл білімі бойынша зерттеулерде осындай тілдік бірліктер лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика ғылымдарымен тығыз байланыста қарастырыла бастады. Ізденушілер мен зерттеушілер әсіресе концептілер мен лингвокультуремалардың аудармада қалай берілетіндігін жаңа позициялар шеңберінде талдауға кірісті.

Салғастырмалы тіл білімі пәні бойынша ролдік ойындар

Ойынның аты: «Мен білетін филолог-ғалым»

Мақсаты: Ғалымдар өмірін, ғылыми зерттеулерін әңгімелеуге, олардың ғылыми еңбектерін саралауға, басқа еңбектермен салыстыра отырып, өз ойын еркін жеткізуге үйрету.

Ойынның шарты: Студенттер екі топқа бөлінеді. Бірінші топ ғалымның атын жұмбақтап, еңбектерінің ерекшелігін айта отырып, өмірі, қызмет жолы, зерттеулері туралы әңгімелейді. Екінші топ мәлеметтің кім жайында екенін табуға тырысады. Қай топ көп жасырады, қай топ көп жасырады және табады, сол топ жеңіске жетеді.

Ойынның аты: «Тез тап»

Мақсаты: Тілдерді салыстыру және салғастыру арқылы тіл семьяларын яғни, Тілдердің генеалогиялық классификациясын еске түсіріп, қайталау.

Ойынның шарты: Студенттерге ұяшықтар көрсетіледі. Әрбір студент екі ұяшықтан таңдайды. Ол ұяшықтардың ішінде қандай-да бір тіл жазылған. Біріншіден студент ол тілдердің қай семьяға жататынын анықтайды, содан кейін оларды салыстырады не салғастырады.

Ойынның аты: «Мега ойын»

Мақсаты: Тілдердің құрылымы мен жүйесі арқылы тіл типтерін анықтау яғни, Тілдердің типологиялық классификациясын еске түсіріп, қайталау, шыңдау.

Ойынның шарты: «Мега ойын» екі сатыдан тұрады. 1. **Сиқырлы қорап.** Бұл ойынның шарты бойынша студенттерге 4 қорап (конверт) беріледі. Ал үстелдің үстінде дүние жүзінің тілдері жазылған карточкалар жатыр. Қорапшаға сол тілдерді типологиялық классификацияға сай орналастыру. 2. **Сәйкестендіру.** Кестенің сол жағында тіл типтері, оң жағында тілдер тобы жазылған. Сол тілдер мен типтерді сәйкестендіру қажет.

Ойынның аты: «Тіл бірліктері»

Мақсаты: Тіл бірліктерін, единицаларын еске түсіріп, олардың ерекшеліктерін дәйектеу.

Ойынның шарты: Студенттер алты топқа бөлінеді. Әр топқа бір тіл бірлігі (фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін) беріледі. Олар кезек-кезек өздерін жұмбақтап, ерекшеліктерін айта бастайды. Басқа топ студенттері олар қандай тіл бірлігі екенін табу керек.

Ойынның аты: «Кім көп біледі?»

Мақсаты: Студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, өздігінен жұмыс істеуге, шапшаң және терең ойлауға, жылдам шешім қабылдауға және нақтылыққа үйрету.

Ойынның шарты: Ойын 3 кезеңнен тұрады. **1. Миға шабуыл.** Студенттерге тақырып бойынша теориялық анықтамалар беріледі. Олар сол теориялық ереженің дұрыс не бұрыс екенін мысалдармен дәлелдеп, анықтап, табулары қажет. **2. Ыстық доп.** Бұл кезеңде студенттерге доп лақтырылады. Допта сұрақ жазылған. Доп ыстық, ұзақ ұстауға болмайды. **3. Өрмекші торы.** Студенттер бірінші және екінші қатардағы мәлеметтерді сәйкестендірулері тиіс.

Ойынның аты: «Жасырын ғалым»

Мақсаты: Ғалымдар өмірін, ғылыми зерттеулерін әңгімелеуге, олардың ғылыми еңбектерін саралауға үйрету.

Ойынның шарты: Екі студент жасырын ғалым болып екі ролді сомдайды. Жүргізуші оларға сұрақ қояды. Жасырын ғалым ол сұрақтарға жауап береді, өз еңбектері туралы баяндайды, бірақ есімдерін айтпайды. Сұхбаттан соң студенттер жасырын ғалымды тауып, солар туралы мәлеметтерді толықтырады.

Үлгі: Мен 1791 жылы Майнц қаласында дүниеге келдім. Менің атақты еңбегім «Санскрит, зенд, армян, грек, латын, литва, көне славян, гот, неміс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы». Бұл еңбегім үш томнан тұрады. Мен 1829 жылы академик болдым. Берлин университетінде шығыс әдебиеті және жалпы тіл білімінің профессоры болдым. (**Франс Бопп**)

Ойынның аты: «Ойлан тап»

Мақсаты: Тілдер туыстығы арқылы тіл семьяларын яғни, Тілдердің генеалогиялық классификациясын еске түсіріп, қайталау, туыс тілдердің даму ерекшеліктерін айқындау.

Ойынның шарты: Студенттер үш топқа бөлініп,

ұяшықтарды таңдайды. Ұяшықтар ондағы сұрақтарға байланысты оңай - 10 балл, орташа – 20 балл, қиын - 30 балл болып үш деңгейге бөлінеді. Алайда ұяшықтар арасында ешқандай сұрақ жоқ сәтті ұяшық - 30 балл бар. Соңында барлық ұпайлар есептеліп, жеңімпаз таңдалады.

Ойынның аты: «Ғажайып шеңбер»

Мақсаты: Студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттыру. Типологияның негізгі аспектісі тіл типі туралы білімдерін жетілдіру

Ойынның шарты: Студенттер шеңбер құрады. Әуен қосылады. Әуен қосылған кезде студенттер бір-біріне сұрақтар салынған қорапшаны қолдан-қолға береді. Әуен тоқтаған кезде қорапша қолында қалған студент қорапшадан бір сұрақты алып, соған жауап береді.

Ойынның аты: «Адасқан әріптер»

Мақсаты: Лингвистикалық типологиядағы изоморфизм, алломорфизм, тіл типі, тілдегі тип сияқты терминдерді еске түсіріп, қайталау, шыңдау.

Ойынның шарты: Студенттерге әріптері орнын ауыстырған сөздер беріледі. Әр әріпті өз орнына қойып терминді дұрыс айту қажет.

Ойынның аты: «Типологиялық ғаламшар»

Мақсаты: Лингвистикалық типологиядағы терминдерді еске түсіріп, қайталау, шыңдау.

Ойынның шарты: Студенттер үш топқа бөлінеді. Лингвистикалық типологиядағы негізгі терминдерді сағат тілі бойынша жазып шығу. Әрбір терминге анықтама беру және берілген сөзжұмбақты шешу.

Ойынның аты: «Фант»

Мақсаты: Студенттерді жылдам ойлауға дағдыландыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, өткен сабақты еске түсіріп, қайталау, шыңдау, жаңа тақырыпты бекіту.

Ойынның шарты: Фант сөзі «кепіл» дегенді білдіреді. Ойынға қатысатын студент бір затын кепілдікке береді де, тапсырманы дұрыс орындаған жағдайда қайтарып алады. Жеңімпаз жоғары ұпайға ие болады.

**Салғастырмалы тіл білімі» пәні бойынша
Семинар тақырыптары**

Модуль 1-2. Барлығы 5 сағат

Тақырып 1. Салғастырмалы тіл білімі

1. Салғастырмалы типологияның негізгі теориялық мақсат-міндеттері.
2. Ғалымдардың кейінгі кезде неліктен лингвистикалық типологияға ерекше көңіл бөлуі.
3. Тілдерді салыстыру және салғастыру.
4. Тілдерарасындағы изоморфизм және алломорфизм, доминантты басым белгілер.
5. Типологиялық лингвистиканың негізгі бағыттары.

Тақырып 2. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі.

1. Тілдерді салыстырудағы салыстырмалы-тарихи әдіс.
2. Тіл біліміндегі салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін қалаушы Франс Боптың еңбектері.
3. Расмус Раск, Якоб Гримм, Александр Востоков еңбектерінің салыстырмалы-тарихи тіл біліміне қосқан үлесі.

Тақырып 3. Қазақ тіл біліміндегі салыстырмалы – тарихи тіл білімі.

1. Махмұт Қашқари –салыстырмалы тіл білімінің негізін салушы.
2. Махмұт Қашқаридың «Диуани-Лұғат-Ат-Түрк» еңбегі.
3. Қазақ тіл білімінің антропоцентристік дамуы.

Тақырып 4. Лингвистикалық типологияны классификациялаудың бағыттары

1. Лингвистикалық типологияны кең мағынада классификациялау.
2. Тілдегі тип және тіл типі.
3. Тілдерді салыстыру және салғастырудағы метатіл.
4. Тілдің жалпы және жеке типологиясы.
5. Типологиялық зерттеудің негізгі ұстанымдары.

Тақырып 5. Түркі тілдерінің генеалогиялық және типологиялық сипаты.

1. Тілдердің генеалогиялық классификациясы.
2. Тілдердің типологиялық классификациясы.

3. Қазақ тілінің генеалогиялық сипаты.
4. Қазақ тілінің құрылымдық-типологиялық сипаты.

«Салғастырмалы тіл білімі» пәні бойынша БӨЖОЖ.

БӨЖОЖ № 1

Тақырып: Салғастырмалы тіл білімінің ұғымдық аппараты

Пәннің методологиясы, проблематикасы және пәні ретінде негізгі топ сияқты түсінігін меңгеруден тұрады. Меңгерілген теориялық материалды және өзектілігін талдау жүйесінің дағдысына үйрету. Алған білімді лингвистикалық, тіл тарихы материалдарын меңгеруде қолдану.

I. Проблемалық сұрақтар:

1. Изоморфизмдер мен алломорфизмдерді және олардың тіл туралы ғылымға әсерін қалай түсінесіз?

2. Салғастырмалы тіл біліміндегі бағыттар мен мектептердің лингвистика салаларының қалыптасуына, дамуына ықпалы қандай деп ойлайсыз?

3. Салғастырмалы тіл білімінің зерттейтін негізгі мәселелері қандай?

4. Тіл құрылымындағы доминантты, басым белгі деген не?

5. Салғастырмалы тіл білімінің басты бағыттарының ерекшеліктері неде?

II. Типтік тапсырмалар:

1. «Салғастырмалы тіл білімінің» лингвистикадағы орны мен нысанын анықтаңыз.

2. Салыстыру және салғастыру терминдерінің ара жігін ажыратыңыз.

3. Салғастырмалы тіл білімінің жеке сала ретінде қалыптасуына қандай ғалымдардың үлесі болды, анықтаңыз.

4. Салғастырмалы тіл білімінің теориялық мақсат-міндеттерін саралаңыз.

III. Прагма-кәсіби тапсырмалар:

1. Салғастырмалы фонетика деңгейі бойынша қазақ және мамандық тілін салғастырыңыз.

2. Салғастырмалы лексика деңгейі бойынша қазақ және мамандық тілін салғастырыңыз.

3. Салғастырмалы морфология деңгейі бойынша қазақ және мамандық тілін салғастырыңыз.

4. Салғастырмалы тіл білімінің зерттейтін негізгі мәселелерін сызба бойынша көрсет.

- ұсынылған әдебиетті оқу;
- оқыған мәтіннен керекті мәліметті таба білу;
- болашақ үлгінің не таблицаның параметрін анықтау;
- үлгінің координатасына сәйкес мәтіннің мәліметтік-мағыналық тобын анықтау;
- бірлескен жүйеде толық сипатталған әр бағыт туралы үлгіні құру;
- зерттелген тақырыптың қорытындысында қысқаша өз пікіріңді көрсету.

Әдебиеттер

1. Есеналиева Ж.Ж. Құрылымы әр түрлі тілдердегі буын мәселесі //Қазақ тілі мен әдебиеті – 2008 №1.

2. Жирмунский В.М. О природе частей речи.-сб. Вопросы теории частей речи. /на материале языков различных типов. – М: «Наука», 1968.

3. Зингер Л.Р. Общая фонетика. –М: Высшая школа, 1979.

4. Исаев М.К. К проблеме контрастивной фонологии // Қазақстан Республикасы ғаламдық мәдениет және тіларалық қауымдастықта /қазақ және әлем тілдері. А, 2006.

5. Исаев М.К. Фонетические особенности английской речи казахов. –Алматы: 2004, -317 с.

6. Канцельсон С.Д. Типология языка и речевое мышление. -Л: «Наука», 1977.

7. Кацнельсон Д.Д. Основные задачи лингвистической типологии. -М: «Наука», 1965

8. Карлинский А.Е. Принципы и методы и приемы лингвистических исследований. А.2003

9. Дахшлейгер М.Г., Мирзоева Л.Ю. Введение в языкознание: самоподготовка и самоконтроль. Алматы, 2001.

10. Кодухов В.И. Задания к практическим занятиям и контрольным работам по “Введению в языкознание”. Учебное пособие для студентов- заочников. М.: Просвещение, 1976.

БӨЖОЖ орындалу нәтижесі бойынша студенттердің білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын бағалаудың белгілері:

- істелінген жұмыстың көлемі
- ұғынып-түсінуінің тереңдігі және логикалық таңдалынған тәсіл
- қойылған міндеттің ерекшелігі және креативті шешімі
- қосымша әдебиетті пайдалану

БӨЖОЖ № 2

Тақырып: «Құрылымы әртүрлі тілдердегі типологиялық басымдылық» тақырыбына жоба әзірлеу.

Проблемалық сұрақтар:

1. Г.П.Мельниковтың «тілдегі типологиялық басымдылық (доминант)» концепциясы деген не?
2. Семит тілдерінің құрылысын жүйелі лингвистика тұрғысынан қарастыру мәселесі қандай?
3. Қытай тілінің жетекші грамматикалық үрдісі немен ерекшеленеді?
4. Ағылшын тілінің құрылысын жүйелі лингвистика тұрғысынан қарастыр қалай жүзеге асады?
5. Қазақ тілінің негізгі грамматикалық үрдісінің негізгі белгілері қандай?

Әдебиеттер

1. Мельников Г.П. Детерминанта – ведущая грамматическая тенденция языка. – В кн. Фонетика, Фонология. Грамматика / к 70-летию А.А. Реформатского /.- Москва «Наука», 1971, 367 стр.
2. Мельников Г.П. Системная типология языков / принципы, методы, модели / Москва «Наука» 2003, 390стр.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. Б – г. Алматы – 1976, 695б.
4. Хасенов.Ә. Тіл білімі. Алматы «Санат» 1996. 391б.
5. Қордабаев.Т. Жалпы тіл білімі. Алматы «Мектеп» 1983, 234 б.

1-тапсырма.

Салғастырмалы фонология деңгейі бойынша қазақ және

мамандық тілі бойынша төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз.

1. Екі тілдің дыбыстық бірліктерінің сипаттамасы
2. Акустикалық және артикуляциялық сипаттамасы
3. Олардың түзілуіндегі заңдылықтар

2-тапсырма.

Төменде құрылымы әр түрлі тілдердің дыбыстық құрылымын қарастыру аспектілері берілген. Соларды қазақ тілінің терминдер сөздігінен тауып анықтамасын беріңіз.

Акустикалық аспект –

Анатомно-физиологиялық немесе биологиялық аспект –

Функциональдық аспект –

3-тапсырма.

Төмендегі берілген пікірді оқи отырып, жалпы тіл біліміндегі типология ұғымы жөнінде кем дегенде 3 ғалымның пікірін келтіріңіз. Кейбір ғалымдар:

- «Типология» ұғымының бір компоненті ретінде мына мәселелерді айтуға болады дейді: тілдердің жалпы белгілерін көрсету, олардың құрылымдық ерекшеліктерінің негізінде түрлі тілдік құбылыстарды бір жүйеге /систематизация / және инвентаризацияға түсіру.

Екінші біреулер айтады: - «Типология» ұғымының тағы бір мағынасы – тілдік материалдарды ұйымдастыру принципі.

4-тапсырма.

Морфологияның түрлеріне мысал келтіріп, ойыңызды дәлелдеңіз.

Салыстырмалы морфология

Салғастырмалы морфология

Сипаттамалы морфология

Сипаттамалы морфология (синхрондық немесе статикалық морфология деп те аталынады) тілдің өмір сүріп тұрған дәуіріндегі сөз құрамы жүйесін қарастырады. Мәселен, қазіргі кездегі мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылатын морфология осы сипаттамалы морфологияға жатады.

Салыстырмалы морфология – туыс тілдердің сөз құрамы жүйесін салыстыра зерттеп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындап беретін морфология.

Тарихи морфология (диахрониялық морфология) – тілдің сөз құрамы жүйесін тарихи тұрғыдан қарастырып, олардың даму тарихын, өзгерістерін айқындайды. Салғастырмалы морфология бір-бірімен ешқандай туыстығы жоқ, құрылымы әр басқа тілдердің сөз құрамы жүйесін салғастыра зерттеп, олардың айырмашылықтарын көрсетіп, салғастырмалы морфология туралы нақтылы, дәл тұжырымдар жасайды.

Жобаны орындағаннан кейін студенттің жететін нәтижесі

- Құрылымы әртүрлі тілдер жүйесінен типологиялық басымдылықты таба алады;
- Құрылымы әртүрлі тілдерді деңгей бойынша (фонология, морфология, синтаксис) талдай алады;
- Қазақ тілінің фонологиясы және өзге тіл (мамандық тілі) фонологиясы, оның заңдылықтары туралы жалпы ақпарат алады;
- Қазақ тілінің морфологиясы және өзге тіл (мамандық тілі) морфологиясы, оның заңдылықтары туралы жалпы ақпарат алады;
- Қазақ тілінің синтаксисі және өзге тіл (мамандық тілі) синтаксисі, оның заңдылықтары туралы жалпы ақпарат алады;
- Лингвистикалық типологияға тән терминдерді меңгереді;
- Әрбір тілдің өзіндік сипатын, өзіндік төл ерекшелігін, басқа тілмен ұқсас жақтарын (изоморфизмдерді), өзге тілден айырмашылығын, (алломорфизмдерді) айырудың әдіс-тәсілдерін, ұстанымдарды меңгереді.

БӨЖОЖ № 4

Тақырып: Лингвистикалық типологияның негіздері

Типология ғылымның ерекше бір тарауы. Ол ғылымның барлық салаларына қатысты. Өйткені таксономиялық талдау, неше түрлі объектілерді салыстыру немесе классификациялау лингвистикалық тіл білімімен қатар лингвистикалық емес ғылым салаларында да қолданылады. Типология – заттарды немесе құбылыстарды қандай да болсын бір белгілерінің ортақтығына, ұқсастығына қарай жіктеу яғни әр түрлі типті

заттар мен құбылыстардың қарым-қатынасын білдіретін топтау жүйесі екенін студенттерге ұғындыру.

I. Проблемалық сұрақтар:

1. Лингвистикалық типологияның салалары қандай?
2. Тілдік жүйе және тілдік құрылым дегенді қалай түсінесің?

3. Тіл типі, тілдегі тип туралы неайтар едің?.

4. Изоморфизм және алломорфизм дегеніміз не?

II. Типтік тапсырмалар:

1. Мамандық тіліндегі типологиялық басымдылықты қалай түсінесің?

2. Г.П.Мельниковтың «тілдегі типологиялық басымдылық (доминант)» концепциясын мамандық тілінде қолдануға бола ма, өз ойыңызды білдіріңіз.

3. Қазақ тілінің негізгі грамматикалық тенденциясы қандай, мысалмен дәлелдеңіз.

4. Туысқан тілдер деп қандай тілдерді айтамыз? Түркі тілдерін саралаңыз.

5. Тілдердің таралу факторлары туралы өз ойыңызды айтыңыз.

III. Прагма-кәсіби тапсырмалар:

1. Дүние жүзі тілдерін топтастырудың екі түрлі жолын схема бойынша көрсет

2. Шығу тегі жағынан топтастыру яғни Тілдердің генеалогиялық топтастырылуы деген не? Айырмашылығын көрсетіп топта.

3. Шығу тегіне байланыстырмай, грамматикалық құрылысы мен типінің ұқсастығы жағынан топтастыру яғни тілдердің типологиялық тұрғыдан топтастырылуы дегенді мамандық тілі бойынша дәлелде.

4. Қазақ тілін қандай белгісіне қарап агглютинативті, орыс тілін неге флективті деп бөлеміз? Мысалдармен дәлелде.

Әдебиеттер

1. К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1978.
2. Б.Қалиұлы. Жалпы тіл білімі. Алматы, 2004.
3. Вардоль И.Ф. О предмете и задачах типологии. // Принципы типологического анализа языков различного строя. М., «Наука», 1972.

4. Кибрик А.Е. Об основном вопросе типологии. // Типология и грамматика.М., «Наука»,1990.
5. Курилович Е. Понятие изоморфизма //очерки по лингвистике /перевод с польского.-М.,1962/
6. Макаев Э.М. К вопросу об изоморфизме //Вопросы языкознания.-1961.-№5.
7. Успенский Б.А. Принципы структурной типологии. Изд-во МГУ,1962 с.6.
8. P. Jakobson. Typological studies and their contribution to historical comparative linguistics- «Reports for the Eight international congress of linguists» suppl. Oslo,1957.
9. Буранов Дж. Сравнительная типология английского и тюркских языков.М,1983,266с.
10. Бодуэн де Куртене И.А. О смешанном характере всех языков// Избранные труды по языкознанию - М, 1963, т. 1,371с
11. Аракин В.Д. Сравнительная типология английского и русского языков.М,Физматлит, 2000, 255 с.
12. Широкова А.Н.Сопоставительная типология разноструктурных языков. М, 2000, 200 с.

БӨЖОЖ № 5

Тақырып:Қазақстан Республикасы халықтарының тілі

Тіл өзінің өмір сүру формасына қарай құрылымы көп болып келеді. Тілдің өмір сүру формалары - оның қызметінің шарттарын айқындайтын тілдің көп түрлілігі. Тілдің өмір сүруінің ең жоғарғы формасы - әдеби тіл, онда норма сақталған, тіл жинақталған және кодталған болып келеді. СРСП алға қоятын мақсаты - өз объектісі, яғни Қазақстан Республикасы халықтарының тілдерін жан-жақты танып білу, оның белгісіз сырларын, заңдылықтарын ашып, айқындау.

I. Проблемалық сұрақтар:

1. Қазақ тіл білімінің даму тарихынан не білесің?
2. Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.
3. Мен оқып отырған мамандық тілінің географиялық таралуы қандай?

II. Типтік тапсырмалар:

1. Қазақ тіл білімінің өткені мен бүгінгісі және келешегі. Дөңгелек үстел.

2. “Түрі бөлек тілек бір, жаны бөлек жүрек бір” конференция ұйымдастыру.

III. Прагма-кәсіби тапсырмалар:

1. Қазақстандағы тіл саясатына көзқарасыңды көрсетіп, өз ойыңды айтып шық.

2. Өзің оқып жүрген мамандық тілінің сипаты мен ерекшелігін айқындап, ана тілімен салыстыр.

3. «Басқа тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген интервьюді қалай жүргізер едің?

4. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Фактілер негізінде теориялық тұжырымдар, болжамдар жаса.

- ұсынылған әдебиетті оқу;
- оқыған мәтіннен керекті мәліметті атап көрсету;
- тіл аралық коммуникацияның түрі мен тәсілін түсіндіру;
- берілген тақырып бойынша керекті материал көлемін жинақтау.

Әдебиеттер

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Алматы, Мектеп, 1993

2. Реформатский А.А. Введение в языкознание. М., 1967.

3. Б.Қалиұлы. Жалпы тіл білімі. Алматы, 2004

4. К.Аханов. Тіл білімінің негіздері. Алматы, 1978.

5. Б.Қалиұлы. Жалпы тіл білімі. Алматы, 2004.

6. А.А.Реформатский. Введение в языковедение. Москва, 1996.

7. Қосымша ұсынылған әдебиет:

8. Вардуль И.Ф. О предмете и задачах типологии. // Принципы типологического анализа языков различного строя. М., «Наука», 1972.

БӨЖОЖ № 6

Тақырып: Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізі. Махмұт Қашқари.

Салыстырмалы-тарихи әдістің тіл туралы ғылымды қалыптастыруда, дамытуда ерекше мәні болатындығын, оның

лингвистикалық ой-пікір дамуындағы жаңа дәуірдің басы болғандығыны айқын.

I. Проблемалық сұрақтар:

1. М.Қашқаридің атақты «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінің маңызы қандай?
2. Ұлы бабамыз М.Қашқаридің тегі, өмір сүрген ортасы қандай?
3. Компаративистиканың зерттеу нысаны не?
4. Тілдерді салыстыру-салғастырудың қандай әдіс-тәсілдері бар?

II. Типтік тапсырмалар:

1. «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегінің бүгінгі күнге жеткен қолжазбасы туралы не білесіз?
2. «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегін қазақ тіліне аударған ғалымдарды атап, кітаптары туралы ойыңызды білдіріңіз.

III. Прагма-кәсіби тапсырмалар:

1. «М.Қашқаридің ұлы тұлға болып қалыптасуы» тақырыбына баяндама дайындаңыз.
2. Интернет сайтынан М.Қашқари өміріне қатысты материалдарды жинақтаңыз.
3. М.Қашқари сөздігінің бүгінгі күнге жеткен қолжазбасы туралы хабарлама дайындаңыз.

Әдебиеттер

1. Қашқари М. Дивану лұғат-ит түрк. -Ташкент, 1960, Т.І. -69 б.
2. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі (Диуани лұғат ит-турк). Тәржімалағандар: Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов. –Алматы: Ана тілі, 1993. -178б.
3. Қашқари М. Түрік сөздігі. Ауд.А.Егеубай. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. -480 б.
4. Махпиров В.У. Собственные имена в памятнике XI века «Дивану лұғат-ит-тюрк». Махмуда Кашгарского. Автореферат дис. канд. филол. наук. –Алма-Ата: 1980. -28 с.
5. Қайдаров Ә. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. -390 б.

6. Баскаков Н.А. Введение в изучении тюркских языков. -М.,1969. -221с.

7. Radjoff W. Phonetik der Nodlihen turksprachen - Jeipzig, 1882. -330с.

8. Vambery W. Das Turken volk. 1885. -85с.

9. Катанов Н.Ф. Этнографический обзор турецко-татарских племен. -Казань: Микрофильм, 1894. -22с.

10. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности, -М-Л., 1951. -С.451.

11. Баскаков Н.А. Введение в изучении тюркских языков. -М.,1969. - С.221.

12. Рабинович А.И. Сочетаемость согласных в казахском языке.

БӨЖОЖ № 7

Тақырып: Тілдерді салғастырудың ұстанымдары

Соңғы кездегі лингвистикалық зерттеулерде қайсыбір тіл құбылысын жаңаша зерделеу, бұрынғы дәстүрлі әдістен шығып, өзгешерек түсіндіру бағыты байқала бастады. Мұндай жаңа нышан ішінара құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан зерттеу мәселесінде де сезіледі. Тіл ғылымындағы бұл сонылықты ескермейінше құрылымы алшақ тілдерді салғастырғанда, ол тілдердің ішкі жүйесінің заңдылықтарын, олардың грамматикалық табиғатын толық тану, жете сипаттау, әрине, мүмкін болмайды. Тілдерді типологиялық жағынан зерттегенде белгілі бір ұстанымдарға сүйену керек.

I. Проблемалық сұрақтар:

1. Тілдерді салғастырудың ұстанымдарын саралаған қазақстандық ғалымдар кімдер?

2. Лингвистикалық типология жіктемелерінің негізі қандай?

3. Тілдік жүйедегі типологиялық басымдылық (доминанттар) деген не?

4. Таксономияның түрлері қандай?

II. Типтік тапсырмалар:

1. Г.П.Мельниковтың «жүйелі лингвистика» немесе «жүйелі типология» деп аталатын тұжырымдамасы туралы не білесіз?

2. Тіл типі мен тілдегі тип дегенді қалай түсіндірер едіңіз?
3. Тілдік жүйедегі типологиялық басымдылық (доминанттар) деген не?

III. Прагма-кәсіби тапсырмалар:

1. Қазақ тілінің фонетикалық басым белгілерін саралаңыз.
2. Мамандық тілінің фонетикалық басым белгілерін атаңыз.
3. Қазақ тілінің морфологиядық басым белгілерін жіктеңіз.
4. Мамандық тілінің морфологиядық басым белгілерін зерделеніз.

Әдебиеттер

1. Мишкуров Э.Н. Типология диалектного и литературного грамматического строя современного арабского языка. Диссертация на соискуч. ст. дфн. М.:1985. -350с.
2. Аракин В.Д. Сравнительная типология английского и русского языков.-Л.: Просвещение, 1979.-259с.
3. Солнцев В.М. Типология и тип языка /Вопросы языкознания. —М.:1978. -№2. С.26-41.
4. Буранов Дж. Сравнительная типология английского и тюркских языков.-Москва.: Высшая школа, 1983. — 220с.
5. Ярцева В.Н. Современная типология и ее связи с контрастивной лингвистикой. //Филологические науки, 1978. -№5с. - С.14-19.
6. Кацнельсон С.Д. Лингвистическая типология - Вопросы языкознания, 1983, №3.с.9-20; №4. С.19-34.
7. Макаев Э.А. Общая теория сравнительного языкознания. — М.: Наука 1977.-205с.
8. Ярцева В.Н. Принципы типологического исследования родственных и неродственных языков. В кн. Проблемы языкознания. Доклады и сообщения ученых X международном конгрессе лингвистов. М.; Наука, С.203-207.
9. Солнцев В.М. Язык как системно-структурное образование. —М.: Наука, 1977. -341с.
10. Буранов Дж. Типологические категории и сравнительное изучение языков. —Дисс... д-ра филол наук.-Ташкент, 1978. —543с.

Модуль 1.

1 кейс: 7 сағат

№1 БӨЖ. Салғастырмалы тіл білімі– 1 сағат.

Тапсырма:

1. Салғастырмалы тіл білімінің теориялық негіздерін меңгере отырып, тәжірибемен және идеялармен алмасыңыз.
2. Салғастырмалы тіл білімінің теориялық негіздерін меңгере отырып оқыған мәтіннен керекті мәліметті табыңыз.
3. Салғастырмалы тіл білімінің әр бағыты туралы үлгіні құрыңыз, зерттелген тақырыптың қорытындысында қысқаша өз пікірін көрсетіңіз.

Бақылау түрі: эссе

Тапсыру уақыты: 1-аптаның соңы.

№2 БӨЖ. Салғастырмалы тіл білімінің негізгі бағыттары – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Салғастырмалы тіл білімінің негізгі бағыттарды атап, ол туралы еркін түрде хабарлама жасаңыз.
2. Салғастырмалы тіл білімінің бағыттарының ерекшеліктерін түсіндіріңіз және қорытынды жасаңыз.

Бақылау түрі: баяндама

Тапсыру уақыты: 2-аптаның соңы.

№3 БӨЖ. Салыстырмалы тіл білімі пәнінің пәнаралық сипаты – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Пәнаралық сипат дегенге талдау жасаңыз. Ол пәндердің әрқайсысына тоқтала отырып, неге, не себептен ол пәндермен байланысты екендігіне өз пікіріңізді білдіріңіз.
2. Пәндердің бір-бірімен байланыстылығының себептерін түсіндіріңіз және мамандық тілімен байланыстырыңыз.

Бақылау түрі: эссе

Тапсыру уақыты: 3-аптаның соңы.

№4 БӨЖ. Салғастырмалы тіл білімі пәнінің зерттейтін негізгі мәселелері – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Салғастырмалы тіл білімі пәнінің зерттейтін негізгі

мәселелерін сызба бойынша көрсетіңіз.

2. Салғастырмалы тіл білімінің теориялық негіздерін меңгере отырып, оларды бір жүйеге түсіріңіз. Бір-бірімен байланыстылығын көрсетіңіз.

Бақылау түрі: эссе

Тапсыру уақыты: 4-аптаның соңы.

№5 БӨЖ. Тілдерді салыстыру және салғастыру – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Салыстыру, салғастыру деген терминдерді түсіндіріңіз. Изоморфизм, алломорфизм, доминантты белгіні талдаңыз.

2. Ана тілі мен мамандық тілін салғастыра отырып, ол тілдер арасынан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табыңыз. Таңдап алынған параметр бойынша, тілдік деңгейлер бойынша талдап, баға беріңіз.

Бақылау түрі: кесте

Тапсыру уақыты: 5-аптаның соңы.

Модуль 2.

2 кейс: 8 сағат

№8 БӨЖ. Қазақстандағы тіл саясаты – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Қазақстандағы тіл саясатына көзқарасыңды көрсетіп, өз ойыңды айтып шығыңыз.

2. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Фактілер негізінде теориялық тұжырымдар, болжамдар жасаңыз. Тілдегі толеранттылық дегенді қалай түсіндірер едіңіз?

Бақылау түрі: аналитикалық анықтама дайындау.

Тапсыру уақыты: 8-аптаның соңы.

№9 БӨЖ. Тілдердің генеалогиялық классификациясы – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Шығу тегі жағынан топтастыру яғни Тілдердің генеалогиялық топтастырылуына өзіңіздің көзқарасыңызды көрсетіңіз

2. Ол классификациядағы тілдік топтардың ерекшелігін анықтап, топтаңыз. Үнді-европа тілдер семьясына енетін топтарды сызба бойынша көрсетіңіз.

Бақылау түрі: дискуссия ұйымдастыру.

Тапсыру уақыты: 9-аптаның соңы.

№10БӨЖ. Тілдердің типологиялық классификациясы – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Шығу тегіне байланыстырмай, грамматикалық құрылысы мен типінің ұқсастығы жағынан топтастыру яғни Тілдердің типологиялық тұрғыдан топтастырылуын жіктеңіз.

2. Типологиялық классификацияның даму тарихына көз жүгіртіп, даму, өзгеру бағытын көрсетіңіз. Мамандық тілінің қай типке жататынын мысалдармен дәлелдеңіз.

Бақылау түрі: диаграмма дайындау.

Тапсыру уақыты: 10-аптаның соңы.

№11 БӨЖ. Агглютинативті және флективті тілдер – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Қазақ тілін қандай белгісіне қарап агглютинативті, орыс тілін неге флективті деп бөлеміз? Мысалдармен дәлелдеңіз.

2. Мамандық тілі қай типке жататынын талдап, зерделеп, ол тілдің ерекшелерін көрсетіп, қазақ және орыс тілдердерімен салғастыра отырып, үш тілдің арасындағы изоморфизмдерді, алломорфизмдерді, доминантты белгілерді көрсетіңіз.

Бақылау түрі: баяндама жасау

Тапсыру уақыты: 11-аптаның соңы.

№12 БӨЖ. Тілдер арасындағы толеранттылық – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Тілдердегі толеранттылықты қалай түсінесің?
2. «Басқа тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген интервьюді қалай жүргізер едіңіз? Материалды қалай жинар едіңіз? Қандай сұрақтарды қоясыз? Қалай аяқтар едіңіз?

(Жұптық жұмыс).

Бақылау түрі: интервью дайындау.

Тапсыру уақыты: 12-аптаның соңы.

№13 БӨЖ. Тілдердің салғастырмалы типологиясы – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Қазақ және өзге тіл (мамандық тілі) бойынша фонологиялық, морфологиялық және синтаксистік (қалауыңыз бойынша) талдау жасаңыз.

2. Тілдерді салғастырудың басты критерийлері қандай?

Бақылау түрі: диаграмма дайындау.

Тапсыру уақыты: 13-аптаның соңы.

№14 БӨЖ. Құрылымы әртүрлі тілдердегі типологиялық басымдылық – 1 сағат.

Тапсырма:

1. «Мамандық тілдердегі типологиялық басымдылық» тақырыбына жоба әзірлеңіз.

2. Жоба жұмысында тілдегі басымдық, басым белгі, доминантты белгі деген терминдерге ерекше көңіл аударып, жоба барысында мамандық тілінен сол белгілерді тауып, саралап, зерделеп, қорытынды жасаңыз.

Бақылау түрі: жобалық жұмыс

Тапсыру уақыты: 14-аптаның соңы.

№15 БӨЖ. Тілдер классификациясы бойынша пікір алмасу және аналитикалық талдау – 1 сағат.

Тапсырма:

1. Дүние жүзі тілдерін топтастырудың екі түрлі жолын (Тілдердің генеалогиялық және Типологиялық топтастырылуы) схема бойынша көрсетіңіз.

2. Қазақ, орыс, мамандық тілі сол классификациялар бойынша қайсысына жататынын саралап, көрсетіп, сол тілдердегі мысалдармен дәлелдеп, қорытынды жасаңыз.

Бақылау түрі: диаграма дайындау, тұсаукесер өткізіп, жоба қорғау.

Тапсыру уақыты: 15-аптаның соңы.

Кейс стади тапсырмалары

Модуль 1.

1 кейс: 7 сағат

Кейс 1

Кейс стади тапсырмаларының мақсаттары мен міндеттері:

Әлеуметтік мақсаты мен міндеті:

- Тәжірибемен және идеялармен алмасу;
- Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу;
- Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу

Танымдық мақсаты мен міндеті:

• Жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсыну және пікір алмасу;

- Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту

Эмоционалдық мақсаты мен міндеті:

• Топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену;

• Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету.

Тақырып: Салғастырмалы тіл білімінің негізгі бағыттары

Жағдаят: «Салғастырмалы тіл білімінің негізгі бағыттары» атты тақырып аталған пәннің методологиясы, проблематикасы және пәні ретінде негізгі түсінігін меңгеруден тұрады. Меңгерілген теориялық материалды және актуальдылықты талдау жүйесінің дағдысына үйрету, алған білімді лингвистикалық, тіл тарихы материалдарын меңгеруде қолданылады. Тіл - қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысу, бір - бірімен қарым - қатынас жасау құралы. Кез келген тіл адамдар үшін, өзінің ортасы үшін, яғни қоғам үшін қызмет етеді. «Салғастырмалы тіл білімі» - ғылыми пән. Типологиялық тіл білімі жалпы тіл білімінен бөлініп шығады. Ол туыстық тегіне байланыссыз, тілдердің құрылымдық және функционалдық қасиеттерін салғастырып зерттейді. Типологиялық мәлеметтер көптеген сферада қолдануына қарамастан, тіл білімі үшін

лингвистикалық типология – тікелей тіл теориясымен **байланысты**. Бұл пәннің мақсаты – негізгі тілдік теориялармен қаруландыра отырып, салғастырмалы тіл білімінің пәні, мақсаты мен міндетін саралап, типологиялық терминдер мен ұғымдарға толық түсініктеме берумен қатар, құрылымы әртүрлі тілдерді типологиялық жағынан зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беру. Салғастырмалы тіл білімінің бағыттары көп, соның бірі лингвистикалық типология. Тіл білімінде Ф-де Соссюрдің қағидалары ерекше орын алады.

Кейс тапсырма 1

Жағдаят бойынша CASE – тегі алғашқы керекті материалдарды жинаңыз, анықтаңыз, дайындаңыз, сараптама жасаңыз, топтаңыз, әдебиеттермен танысыңыз.

Кейс тапсырма 2

Салғастырмалы тіл білімі пәнінің пән аралық сипатын анықта. Өзінің тапсырма жайлы болжамың қандай? Ақпарат жинаңыз. Әртүрлі дереккөзді пайдалана отырып, түсіндіріңіз. Мысал келтіре отырып, қорытынды жасаңыз.

Кейс тапсырма 3

Салғастырмалы тіл білімінің негізгі бағыттарды атап, ол туралы еркін түрде хабарлама жасаңыз. Онда бағыттардың мүмкіндігінше барлығын қамту керек және олар туралы мәліметті толық беруге тырысу керек. Ол бағыттардың ерекшеліктерін түсіндіріңіз және қорытынды жасаңыз. Сол бағыттардың қайсысы Салғастырмалы тіл білімімен тікелей байланысты деп ойлайсыз? Ойыңызды дәлелдеңіз.

Кейс тапсырма 4

Салыстырмалы тіл білімі пәнінің пәнаралық сипатын анықта. Топтық жұмыс. Топ ішінде белсенді тілдік қатынас орнатуға тырысыңыз. Пәндердің бір-бірімен байланыстылығының себептерін түсіндіріңіз.

Кейс тапсырма 5

Салғастырмалы тіл білімі пәнінің зерттейтін негізгі

мәселелерін сызба бойынша көрсетіңіз. Оларды бір жүйеге түсіріңіз. Бір-бірімен байланыстылығын көрсетіңіз.

Кейс тапсырма 6

Әр тілде доминанттық белгі болады деп неге сүйеніп айтылды? Тіл туралы тағы қандай ой-пікірлер бар? Қазақ тілі мен мамандық тіліндегі доминанттық белгілерді жинап, оларды талдаңыз. Әр белгіні дәлелдермен көрсетіңіз. Бәріне қорытынды жасаңыз.

Кейс тапсырма 7

Лингвистикалық типология жіктемелеріне “сұрақ-жауап” арқылы интервью алыңыз. Семиотика терминдері бойынша сөздік жасаңыз.

Кейс нәтижесі:

- оқыған мәтіннен керекті мәліметті таба білу,
- болашақ үлгінің не таблицаның параметрін анықтау,
- үлгінің координатасына сәйкес мәтіннің мәліметтік-мағыналық тобын анықтау,
- бірлескен жүйеде толық сипатталған әр бағыт туралы үлгіні құру,
- зерттелген тақырыптың қорытындысында қысқаша өз пікірін көрсету,
- күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы психологиялық ортаны жасау.

Бақылау түрі: аналитикалық анықтама, дискуссия, баяндама, презентация, жобалық жұмыс

Тапсыру мерзімі – жеті апта бойы (әр аптаның соңы)

Модуль 2.

2 кейс: 8 сағат

Кейс 2

Кейс стади тапсырмаларының мақсаты мен міндеттері:

Әлеуметтік мақсаты мен міндеті:

- Тәжірибемен және идеялармен алмасу;

- Мәселені бірлесіп шешудің амалын табу;
- Барынша жоғары ұжымдық нәтижелерге қол жеткізу

Танымдық мақсаты мен міндеті:

• Жұмыстың баламалы амалдары туралы идеяларды ұсыну және пікір алмасу;

- Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамыту

Эмоционалдық мақсаты мен міндеті:

• Топтың жекелеген мүшелерінің білімі мен тәжірибесіне сүйену;

• Күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету.

Тақырып: Қазақ тіл біліміндегі салғастырмалы типологиялық лингвистика

Жағдаят: Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері қатар өмір сүріп келеді. Оларды жан-жақты танып білу, оның белгісіз сырларын, заңдылықтарын ашып, айқындау тілдерді салыстырғанда және салғастыра зерттегенде ерекше нәтиже береді. Тіл өзінің өмір сүру формасына қарай құрылымы көп болып келеді. Тілдің өмір сүру формалары - оның қызметінің шарттарын айқындайтын тілдің көп түрлілігі. Тілдің өмір сүруінің ең жоғарғы формасы - әдеби тіл, онда норма сақталған, тіл жинақталған және кодталған болып келеді.

Типология ғылымның ерекше бір тарауы. Ол ғылымның барлық салаларына **қатысты**. Өйткені таксономиялық талдау, неше түрлі объектілерді салыстыру немесе классификациялау лингвистикалық тіл білімімен қатар лингвистикалық емес ғылым салаларында да қолданылады. Типология – заттарды немесе құбылыстарды қандай да болсын бір белгілерінің ортақтығына, ұқсастығына қарай жіктеу яғни әр түрлі типті заттар мен құбылыстардың қарым-қатынасын білдіретін топтау жүйесі болып табылады. Ол тілдерді салыстырады, салғастырады, ол тілдер арасындағы ұқсастықтарды, айырмашылықтарды, және басым белгілерді қарастырады. Типологияда тіл типі және тілдегі тип ұғымдарының айырмашылығы бар.

Дүниежүзілік тілдерді екі классификацияға топтастыруға болады. Ол тілдердің генеалогиялық және типологиялық

классификациясы. Тілдердің төрт типі бар. Ол типтер бір-бірінен ерекшеленеді.

Кейс тапсырма 1

Жағдаят бойынша CASE – тегі алғашқы керекті материалдарды жинаңыз, анықтаңыз, дайындаңыз, сараптама жасаңыз, топтаңыз, әдебиеттермен танысыңыз.

Кейс тапсырма 2

Қазақстандағы тіл саясатына көзқарасыңды көрсетіп, өз ойыңды айтып шығыңыз. Қазақстан көп ұлтты мемлекет. Фактілер негізінде теориялық тұжырымдар, болжамдар жасаңыз. Тілдегі толеранттылық дегенді қалай түсіндірер едіңіз?

Кейс тапсырма 3

Шығу тегі жағынан топтастыру яғни Тілдердің генеалогиялық топтастырылуына өзіңіздің көзқарасыңызды көрсетіңіз. Ол тілдердің ерекшелігін анықтап, топтаңыз. Үнді-европа тілдер семьясына енетін топтарды сызба бойынша көрсетіңіз.

Кейс тапсырма 4

Шығу тегіне байланыстырмай, грамматикалық құрылысы мен типінің ұқсастығы жағынан топтастыру яғни Тілдердің типологиялық тұрғыдан топтастырылуын жіктеңіз. Типологиялық классификацияның даму тарихына көз жүгіртіп, даму, өзгеру бағытын көрсетіңіз. Мамандық тілінің қай типке жататынын мысалдармен дәлелдеңіз.

Кейс тапсырма 5

Қазақ тілін қандай белгісіне қарап агглютинативті, орыс тілін неге флективті деп бөлеміз? Мысалдармен дәлелдеңіз. Мамандық тілі қай типке жататынын талдап, зерделеп, ол тілдің ерекшелерін көрсетіп, қазақ және орыс тілдердерімен салғастыра отырып, үш тілдің арасындағы изоморфизмдерді, алломорфизмдерді, доминантты белгілерді көрсетіңіз.

Кейс тапсырма 6

«Қазақ тілі мен мамандық тілін салғастыру» деген интервьюді қалай жүргізер едіңіз? Материалды қалай жинар едіңіз? Қандай сұрақтарды қоясыз? Қалай аяқтар едіңіз? Жұптық жұмыс.

Кейс тапсырма 7

«Тілдердің типологиялық классификациясы» тақырыбына жоба әзірлеңіз. Қазақ және өзге тіл (мамандық тілі) типологиялық талдау жасаңыз. Жоба жұмысында тілдің типіне ерекше көңіл аударып, жоба барысында құрылымы әртүрлі тілдерден сол белгілерді тауып, саралап, зерделеп, қорытынды жасаңыз.

Кейс тапсырма 8

Тілдердің генеалогиялық классификациясы бойынша Қазақ және өзге тіл (мамандық тілі) типологиялық талдау жасаңыз. Қазақ, орыс, мамандық тілі сол классификация бойынша қандай тіл семьясына жататынын саралап, көрсетіп, мысалдармен дәлелдеп, қорытынды жасаңыз.

Кейс нәтижесі:

- оқыған мәтіннен керекті мәліметті таба білу,
- болашақ үлгінің не таблицаның параметрін анықтау,
- үлгінің координатасына сәйкес мәтіннің мәліметтік-мағыналық тобын анықтау,
- бірлескен жүйеде толық сипатталған әр бағыт туралы үлгіні құру,
- зерттелген тақырыптың қорытындысында қысқаша өз пікірін көрсету,
- күрделі тапсырмаларды орындау үшін қолайлы психологиялық органы жасау.

Бақылау түрі: аналитикалық анықтама, дискуссия, баяндама, презентация, жобалық жұмыс

Тапсыру мерзімі – сегіз аптаның әр аптасының соңы

Негізгі әдебиеттер:

1. Гумбольд В. фон. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984. – 398 с.
2. Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики. – Алматы, 2012.
3. Хасанов Б. Тілдік жүйе // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998.
4. Юсупов. Сопоставительная лингвистика как самостоятельная дисциплина // Методы сопоставительного изучения языков. – Москва: Наука, 1988. С.8-11.
5. Рысалды Қ.Т. Тілдерді салғастыра зерттеудің бір бағыты – функционалды контенсивті типология. // Қазақстан республикасы ғаламдық мәдениет және тілаларлық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). Алматы, 2006.
6. Исаев М.К. К проблеме контрастивной фонологии // Қазақстан Республикасы ғаламдық мәдениет және тілаларлық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). А, 2006.
7. Ахметжанова З.К. Сопоставительно-функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. Алматы, 1999, -С.185 .
8. Есеналиева Ж.Ж. Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы. Алматы, 2009, -219б.
9. Есеналиева Ж.Ж. Лингвистикалық типология негіздері. Алматы, 2009, -119б.
10. Канцельсон С.Д. Типология языка и речевое мышление. Л., Наука, 1972.
11. Кибрик А.Е. Типология и задачи описательной лингвистики. // Лингвистическая типология. М., 1985 .-76 с.
12. Рахштейн А.Д. Сопоставительный анализ немецкой и русской фразеологии. - М, 1980.
13. Сабитова М.Т. Қазақ және неміс тілдерінің салғастырмалы фразеологиясының қалыптасуы //Қазақстан Республикасы ғаламдық мәдениет- және тілаларлық қауымдастықта /қазақ және әлем тілдері. А, 2006.

14. Буранов Дж. Сравнительная типология английского и тюркских языков. М, 1983, -266с.
15. Аракин В.Д. Сравнительная типология английского и русского языков. М, Физматлит, 2000, 255с.
16. Предмет и задачи типологического языкознания. М, 2001, -30с.
17. Широкова А.Н. Сопоставительная типология разноструктурных языков. М, 2000, -200с.

Қосымша әдебиеттер:

1. Аврутин С. Усвоение языка // Фундаментальные проблемы современной американской лингвистики. - М., 1997. С. 261-275.
2. Антипов Г.А., Донских О.Н., Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Текст как явление культуры. — Новосибирск, 1989.
3. Гумбольдт В. Избранные труды по общему языкознанию. - М., 1984.
 - а. 2001.
4. Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. - М., 1969.
5. Леонтьев А.А. Деятельность. Сознание. Личность. - М., 1975.
6. Национально-культурная специфика речевого поведения. - М., 1977.
7. Хомский И. Язык и мышление. - М., 1972.
8. Щерба Л.В. О трояком аспекте языковых явлений и эксперименте в языкознании // Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. - М., 1974.

**Білімгердің оқу үлгерімін бақылау бойынша сұрақтар
(өз бетінше және қорытынды және басқадай
бақылауларға арналған сұрақтардың тізімі)**

1-аралық бақылаудың сұрақтары:

1. Табиғи және жасанды таксономия. Тілдердің типологиялық классификациясы.

2. Тілдердің генеалогиялық классификациясы.
3. М.Қашқари – салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін қалаушы.
4. Лингвистикалық типологиядағы таксономия терминінің негізгі мағынасы және оның түрлері.
5. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін қалаған зерттеушілер.
6. Салғастырмалы типологияның негізгі теориялық мақсат-міндеттері.
7. Салғастырмалы типологияның өзінің алдына қойған лингводидактикалық мәселелері.
8. Лингвистикалық типологияны кең және тар мағынада классификациялау.
9. Генетикалық типологияның зерттеу нысаны (объектісі).
10. Құрылымдық типологияның мақсат-міндеттері.
11. Ареалды типологияның мақсат-міндеттері.
12. Салғастырмалы типологияның зерттеу нысаны мен мақсат-міндеттері.
13. Салғастырмалы типологияның негізгі мақсаттары мен міндеттері.
14. Р.Якобсон ұсынған фонемаларды ажыратудың 12 қосалқы белгісі.
15. Тілдерді салыстырмалы зерттеу.
16. Тілдерді салыстыру және салғастыру.
17. Салыстырмалы -тарихи тіл білімі.
18. Типологиялық зерттеудің негізгі әдіс-тәсілдері.
19. Типологиялық зерттеудегі компоненттік талдау.
20. Типологиялық зерттеудегі оппозициялық талдау.

2-аралық бақылаудың сұрақтары:

1. «Тіл білімі сөздігіндегі» типология ұғымының берілуі.
2. Тіл білімі туралы әдебиеттеріндегі типология ұғымы.
3. Құрылымы әртүрлі тілдерді лингвистикалық тұрғыдан сипаттағанда негізгі мәселелердің ескерілуі.
4. Лингвистикалық типологиядағы таксономия терминінің негізгі мағынасы және оның түрлері.
5. Тілдің жүйелілік сипаты мен құрылымдық сипатының айырмашылығы.

6. Салғастырмалы тіл білімінің тілдің басқа салаларымен байланысы.

7. Көпөлшемді (многомерный) типологиялық классификация.

8. Тілдің өзгеруі және тілдік бірліктер (лингвистикалық таңба).

9. Тіл және қоғам. Тілдік деңгейлерге (уровень) не жатады?

10. Типологиялық-салғастырмалы зерттеулердің теориялық маңыздылығы.

11. Типологиялық-салғастырмалы зерттеулердің практикалық маңыздылығы.

12. Лингвистикалық типологиядағы метатіл.

13. Лингвистикалық сөздіктерде «метатіл» терминіне берілген анықтамалар.

14. Салғастырмалы лингвистиканың кешенді теориялық мақсат-міндеттері.

15. Салғастырмалы лингвистика қандай практикалық мақсат-міндеттері.

16. Тілді деңгейлік және деңгей аралық зерттеу.

17. Салғастырмалы тіл біліміндегі изоморфизмдер және алломорфизмдер.

Қорытынды бақылауға дайындалуға және өзін тексеруге арналған сұрақтар:

1. Табиғи және жасанды таксономия. Тілдердің типологиялық классификациясы.

2. Тілдердің генеалогиялық классификациясы.

3. М.Қашқари – салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін қалаушы.

4. Лингвистикалық типологиядағы таксономия терминінің негізгі мағынасы және оның түрлері.

5. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін қалаған зерттеушілер.

6. Салғастырмалы типологияның негізгі теориялық мақсат-міндеттері.

7. Салғастырмалы типологияның өзінің алдына қойған

лингводидактикалық мәселелері.

8. Лингвистикалық типологияны кең және тар мағынада классификациялау.

9. Генетикалық типологияның зерттеу нысаны (объектісі).

10. Құрылымдық типологияның мақсат-міндеттері.

11. Ареалды типологияның мақсат-міндеттері.

12. Салғастырмалы типологияның зерттеу нысаны мен мақсат-міндеттері.

13. Салғастырмалы типологияның негізгі мақсаттары мен міндеттері.

14. Р.Якобсон ұсынған фонемаларды ажыратудың 12 қосалқы белгісі.

15. Тілдерді салыстырмалы зерттеу.

16. Тілдерді салыстыру және салғастыру.

17. Салыстырмалы -тарихи тіл білімі.

18. Типологиялық зерттеудің негізгі әдіс-тәсілдері.

19. Типологиялық зерттеудегі компоненттік талдау.

20. Типологиялық зерттеудегі оппозициялық талдау.

21. «Тіл білімі сөздігіндегі» типология ұғымының берілуі.

22. Тіл білімі туралы әдебиеттеріндегі типология ұғымы.

23. Құрылымы әртүрлі тілдерді лингвистикалық тұрғыдан сипаттағанда негізгі мәселелердің ескерілуі.

24. Лингвистикалық типологиядағы таксономия терминінің негізгі мағынасы және оның түрлері.

25. Тілдің жүйелілік сипаты мен құрылымдық сипатының айырмашылығы.

26. Салғастырмалы тіл білімінің тілдің басқа салаларымен байланысы.

27. Көпөлшемді (многомерный) типологиялық классификация.

28. Тілдің өзгеруі және тілдік бірліктер (лингвистикалық таңба).

29. Тіл және қоғам. Тілдік деңгейлерге (уровень) не жатады?

30. Типологиялық-салғастырмалы зерттеулердің теориялық маңыздылығы.

31. Типологиялық-салғастырмалы зерттеулердің практикалық маңыздылығы.

- 32.Лингвистикалық типологиядағы метатіл.
- 33.Лингвистикалық сөздіктерде «метатіл» терминіне берілген анықтамалар.
- 34.Салғастырмалы лингвистиканың кешенді теориялық мақсат-міндеттері.
- 35.Салғастырмалы лингвистика қандай практикалық мақсат-міндеттері.
- 36.Тілді деңгейлік және деңгей аралық зерттеу.
- 37.Салғастырмалы тіл біліміндегі изоморфизмдер және алломорфизмдер.
- 38.Тілдік жүйе туралы ғалымдардың анықтамалары. Синтакматика және парадигматика.
- 39.Фонологиялық универсалийлер.
- 40.Грамматикалық универсалийлер.
41. Семантикалық универсалийлер.
- 42.«Тіл типі» және «тілдік тип» терминдерінің мағынасы.
- 43.Лингвистикалық типологиядағы «метатіл» ұғымы.
- 44.Лингвистикалық зерттеулердің негізгі ұстанымдары.
- 45.Тіл жүйесіндегі типологиялық басымдылық (доминант белгі).
- 46.Контрастивті лингвистиканың негізгі мақсаты.
- 47.Салғастырмалы тіл біліміндегі таксономия.
- 48.Тілдерді типологиялық жағынан оқып, үйренудің екі аспектісі.
- 49.Тілдердің дүние жүзілік классификациясы. Классификациялардың түрлері.
- 50.Профессор Э.Сүлейменова тіл біліміндегі тіл типі ұғымына жасаған талдауы.

Салғастырмалы тіл білімі пәнінен емтихан сұрақтары

I. Теориялық сұрақтар

- 1.Табиғи және жасанды таксономия.Тілдердің типологиялық классификациясы.
- 2 Тілдердің генеалогиялық классификациясы.
3. М.Қашқари – салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін қалаушы.

4. Лингвистикалық типологиядағы таксономия терминінің негізгі мағынасы және оның түрлері.

5. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін қалаған зерттеушілер.

6. Салғастырмалы типологияның негізгі теориялық мақсат-міндеттері.

7. Салғастырмалы типологияның өзінің алдына қойған лингводидактикалық мәселелері.

8. Лингвистикалық типологияны кең және тар мағынада классификациялау.

9. Генетикалық типологияның зерттеу нысаны (объектісі).

10. Құрылымдық типологияның мақсат-міндеттері.

11. Ареалды типологияның мақсат-міндеттері.

12. Салғастырмалы типологияның зерттеу нысаны мен мақсат-міндеттері.

13. Салғастырмалы типологияның негізгі мақсаттары мен міндеттері.

14. Р.Якобсон ұсынған фонемаларды ажыратудың 12 қосалқы белгісі.

15. Тілдерді салыстырмалы зерттеу.

16. Тілдерді салыстыру және салғастыру.

17. Салыстырмалы -тарихи тіл білімі.

18. Типологиялық зерттеудің негізгі әдіс-тәсілдері.

19. Типологиялық зерттеудегі компоненттік талдау.

20. Типологиялық зерттеудегі оппозициялық талдау.

21. «Тіл білімі сөздігіндегі» типология ұғымының берілуі.

22. Тіл білімі туралы әдебиеттеріндегі типология ұғымы.

23. Құрылымы әртүрлі тілдерді лингвистикалық тұрғыдан сипаттағанда негізгі мәселелердің ескерілуі.

24. Лингвистикалық типологиядағы таксономия терминінің негізгі мағынасы және оның түрлері.

25. Тілдің жүйелілік сипаты мен құрылымдық сипатының айырмашылығы.

26. Салғастырмалы тіл білімінің тілдің басқа салаларымен байланысы.

27. Көпөлшемді (многомерный) типологиялық классификация.

28.Тілдің өзгеруі және тілдік бірліктер (лингвистикалық таңба).

29.Тіл және қоғам.Тілдік деңгейлерге (уровень) не жатады?

30.Типологиялық-салғастырмалы зерттеулердің теориялық маңыздылығы.

31.Типологиялық-салғастырмалы зерттеулердің практикалық маңыздылығы.

32.Лингвистикалық типологиядағы метатіл.

33.Лингвистикалық сөздіктерде «метатіл» терминіне берілген анықтамалар.

34.Салғастырмалы лингвистиканың кешенді теориялық мақсат-міндеттері.

35.Салғастырмалы лингвистика қандай практикалық мақсат-міндеттері.

36.Тілді деңгейлік және деңгей аралық зерттеу.

37.Салғастырмалы тіл біліміндегі изоморфизмдер және алломорфизмдер.

38.Тілдік жүйе туралы ғалымдардың анықтамалары. Синтакматика және парадигматика.

39.Фонологиялық универсалийлер.

40.Грамматикалық универсалийлер.

41. Семантикалық универсалийлер.

42.«Тіл типі» және «тілдік тип» терминдерінің мағынасы.

43.Лингвистикалық типологиядағы «метатіл» ұғымы.

44.Лингвистикалық зерттеулердің негізгі ұстанымдары.

45.Тіл жүйесіндегі типологиялық басымдылық (доминант белгі).

46.Контрастивті лингвистиканың негізгі мақсаты.

47.Салғастырмалы тіл біліміндегі таксономия.

48.Тілдерді типологиялық жағынан оқып, үйренудің екі аспектісі.

49.Тілдердің дүние жүзілік классификациясы. Классификациялардың түрлері.

50.Профессор Э.Сүлейменова тіл біліміндегі тіл типі ұғымына жасаған талдауы.

II. Типтік тапсырмалар

1. Типологияның да негізгі нысаны – тіл. Бірақ ол тіл «тарихи нысан» ретінде немесе тілдің синхронды жағдайымен ғана байланысты емес. Тіл болғанда ол жеке-жеке тілдердің тілдік жүйесі болып табылады. Тілдік жүйедегі лингвистикалық таңбаларды рет-ретімен сипаттап бер.

2. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру тілдердің типологиялық классификациясын құруға негіз бола отырып, тілдер арасындағы сәйкестіктер мен ерекшеліктерді дәл көрсетуге мүмкіндік береді. Құрылымы әртүрлі тілдер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айырудың жолдары көрсет.

3. Әртүрлі тілдерді құрылымдық талдау тілдік универсалийлерді айқындауға көмектеседі. Жеке тілдік фактілерден жалпы тілдік фактілерге қарай талдауда тілдік универсалийлер тілдің құрылымын коммуникативтік жүйе ретінде қарастырады. Тілдер жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар универсалийлердің қандай түрлерін айқында.

4. В.Д.Аракиннің «Сравнительная типология английского и русского языков» атты еңбегін бинарлы (екі тілді) салғастыру деп айтуға болады. Автор ағылшын және орыс тілін салғастыруды тілдің қай деңгейі бойынша жүргізді, анықта.

5. Бинарлық салыстыру кейде бір тілді туыстас бірнеше тілдермен бірге салыстыруға ұласуы ықтимал. Ондай жағдайда тіл ішілік алломорфтар тіл аралық алломорфтармен салыстырылады. Ол алломорфтарды қалай салыстыру-салғастырудың жолдарын көрсет.

6. Д.Ж.Бурановтың «Сравнительная типология английского и тюркских языков» атты іргелі еңбегін білеміз. Ол еңбекті бинарлы салғастыру, соны дәлелде.

7. Ғылымда «типологиялық зерттеуді сипаттама зерттеудің жалғасы, соның екінші басқышы» деген пікір бар. Бұл орынды да, өйткені типологиялық салыстыру үшін, алдымен дүние жүзіндегі тілдердің әрқайсысының құрылымдық сипаттары жеке-жеке зерттелген болуы керек. Типология сол құрылымдық белгілерді қалай айқындайтынын көрсет.

8. Типологиялық зерттеу мәні, функциясы жағынан

тілдердің барлығына немесе көпшілігіне ортақ, жалпылық сипаты бар нысандарды салғастырады. Мұндай нысан фонология саласында да, семантикалық, грамматикалық салаларында да болады. Осындай салғастыру қалай жүзеге асады?

9. Структуралық әдіс көп жағдайда сипаттамалы әдіске өте жақын. Бұл екі әдістің айырмашылығы: сипаттама әдістің ерекше назар аударып, негізге алатыны - тілдік элементтер мен категориялар, тілдік деңгейлер /қабаттар/, олардың жиынтығы болса, структуралық әдістің ерекше мән беріп басшылыққа алатыны – сол элементтер мен категориялар деңгейлерінің арасындағы қарым-қатынастар мен байланыстар, олардың бір-біріне тәуелділігі. Структуралистік мектептің идеялары қандай және негізгі өкілдері кімдер?

10. Салыстырмалы-тарихи тәсілдің көмегімен жеке тілдер мен тіл топтарының ғылыми тарихын жасауға қадам жасалды. Сөйтіп, ғылыми тәсіл тіл білімінің жеке, дербес пән ретінде дамуына жол ашып берді. Салыстырмалы-тарихи әдістің негізгі өкілдерінің идеялары қандай?

11. Лингвистикалық типологияда оппозициялық талдау әдісі де кеңінен қолданылады. «Оппозиция» сөзі латынның «*opposito*» қарама-қарсы деген сөзінің негізінде пайда болған. Лингвистикада оппозиция деп кез-келген минималды жұпты айтады. Тілдердің құрылымын осы әдіспен қалай талдауға болатынын дәлелде.

12. Тілдерді құрылымы мен құрылысына қарай топтастыру - типологиялық классификация деп аталады. Тілдерді бұлайша топтастыруда басшылыққа алынатын негізгі белгілер: ең алдымен тілдердің грамматикалық жүйесінің қалай құрылғандығы, белгілі бір тілдердегі грамматикалық тәсілдердің қайсысы б а с ы м д ы қ ететіні. Өзің білетін тілдердің басым белгілерін анықта.

13. Типологиялық талдаудың жеке әдісіне т а к с о н о м и я (категоризация, жіктеме) жатады. Таксономия тілдік материалды жіктеудің жалпы ұстанымдары мен ережелерінің жиынтығы болса, жіктеме материалдарды топтарға бөлу болып табылады. Лингвистикалық типологияда таксономиялық жіктемелерді сызба бойынша көрсет.

14. Тіл белгілі бір құрылымы және қызметі бар, бірбүтін жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Тілдің жүйелілік сипатын айқындау тілдің ішкі заңдылықтарымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген ғалымдар тілдің негізгі қызмктерiне ерекше назар аударады.Тілдің коммуникативтік қызметін түсіндір.

15. Тіл белгілі бір құрылымы және қызметі бар, бірбүтін жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Тілдің жүйелілік сипатын айқындау тілдің ішкі заңдылықтарымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген ғалымдар тілдің негізгі қызметтеріне ерекше назар аударады. Тілдің атауыштық қызметін түсіндір.

16. Тіл белгілі бір құрылымы және қызметі бар, бірбүтін жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Тілдің жүйелілік сипатын айқындау тілдің ішкі заңдылықтарымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген ғалымдар тілдің негізгі қызметтеріне ерекше назар аударады.Тілдің экспресивтік-эмоционалдық қызметін түсіндір.

17. Тіл белгілі бір құрылымы және қызметі бар, бірбүтін жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Тілдің жүйелілік сипатын айқындау тілдің ішкі заңдылықтарымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген ғалымдар тілдің негізгі қызметтеріне ерекше назар аударады.Тілдің ойды жарыққа шығару қызметін түсіндір.

18. Тіл белгілі бір құрылымы және қызметі бар, бірбүтін жүйелі құбылыс ретінде өмір сүреді. Тілдің жүйелілік сипатын айқындау тілдің ішкі заңдылықтарымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді. Сондықтан көптеген ғалымдар тілдің негізгі қызметтеріне ерекше назар аударады. Тілдің танымдық қызметін түсіндір.

19. Тілдегі құрылым әр тектес элементтердің арақатынасынан және бірлігінен тұрады. Ол элементтер мыналар: а) дыбыс (фонема), ә) морфема, б) сөз, в) сөйлем, г) мәтін. Бұл элементтердің арасындағы айырмашылықтар – сапалық айырмашылықтар. Бұл лингвистикалық таңбалар парадигма құрады.Соны дәделде.

20. Тілдегі құрылым әр тектес элементтердің арақатынасынан және бірлігінен тұрады. Ол элементтер мыналар: а) дыбыс (фонема), ә) морфема, б) сөз, в) сөйлем. Бұл элементтердің арасындағы айырмашылықтар – сапалық айырмашылықтар. Бұл лингвистикалық таңбалар синтагма құрады. Соны дәделде.

21. Синтагматика – тіл жүйесін зерттеудегі аспектілердің бірі. Ол нақты сөйлеуде немесе мәтінде тізіле орналасқан тілдік бірліктер арасында орналасқан. Тіл құрылымындағы синтагматикалық қатынастарды түсіндір.

22. Парадигматика – кең мағынада: тіл жүйесі лингвистикалық топтардың парадигмалар жиынтығы. Синтагматикаға қарама-қарсы қойылады. Тіл құрылымындағы парадигматикалық қатынастарды түсіндір.

23. Типология ғылымының басты мақсаты – т а к с о н о м и я (яғни тілдерді барлық параметрлер бойынша классификациялау). Осыдан тілдерді бір-бірімен салғастырғанда ең алдымен салыстыру параметрлерін таңдап, іріктеп алу қажеттігі туындайды. Қазақ және ағылшын тілін салғастырғанда сіз қандай параметр тандар едіңіз?

24. Құрылымы әртүрлі тілдерді салғастыру, оларды әрбір тілдік деңгей бойынша сипаттау - типологияның басты мақсатының бірі. Осындай жалпы салғастыру тілдердің көпөлшемді типологиялық классификациясын (бірнеше параметрді қатар қолдануға негізделген) жасаудың негізі болады, тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтардың нақты деректерінің көлемі мен сипатын анықтауға, құрылымы әр типті тілдер арасындағы тілдік универсалийлерді пайымдауға септігін тигізеді. Тілдердің көпөлшемді типологиялық классификациясын түсіндіріңіз.

25. Жалпы тіл білімінде эталон тіл немесе метатіл ұғымы ерекше орын алады. Алайда, осы ұғым сөздіктерде, лингвистикалық әдебиеттерде әртүрлі түсіндіріліп жүр. Екі тілді салғастырғандағы метатілді түсіндіріңіз.

26. Метатіл - екінші тілді үйрену кезіндегі ана тілі. Осы ойды дәлелдеңіз.

27. Қазақ тілін құрылымы өзге тілдермен салғастырғанда (мәселен, ағылшын, француз, неміс, қытай, араб т.б.) метатіл

қызметін ана тіліміз атқарады. Ғалымдардың метатіл туралы ой-пікірін көрсетіңіз.

28. «Тип» деген сөз ғылыми әдебиеттер мен күнделікті өмірде кеңінен қолданылады (*tipos* –грек сөзі, үлгі, түр деген мағынаны білдіреді). Жалпы «тип» сөзін қай салада қолданбасақ та ол бір-бірімен байланысты ерекше белгілердің жиынтығы болып табылады. Әдебиет пен өнерде тип бірнеше адамның мінез ерекшеліктерін көрсететін бейне. Биологияда жануарлар жіктерінің ең жоғарғы саласы. Ауызекі тілде өзіне тән мінездермен көзге түсетін адам т.б. Жалпы тіл білімінде «тілдің типі» деген түсінік лингвистикалық типологияның ең негізгі ұғымдарының бірі, соны талдаңыз.

29. «Тілдің типі» мәселесін алғаш көтерген романтиктер еді. Неміс романтиктерінің көсемі Ф.Шлегель санскрит тілін грек, латын және түркі тілдерімен салғастыру негізінде «Индеецтердің тілі мен даналығы» деген кітабы дүниеге келді. Онда барлық тілдерді екі типке бөлуге болады, - дейді ғалым. Ол қандай типтер?

30. Тілдің типін айқындау, сайып келгенде, тілдің құрылысын айқындау болып шығады. Алайда, белгілі бір тілдің қандай типке жататындығын айқындау үшін, әдетте, сол тілдің барлық қасиеттері мен ерекшеліктері емес, оның басты белгілері негізге алынады. Агглютинативті яғни жалғамалы типтің негізгі белгілерін атаңыз.

31. Тілдің типін айқындау, сайып келгенде, тілдің құрылысын айқындау болып шығады. Алайда, белгілі бір тілдің қандай типке жататындығын айқындау үшін, әдетте, сол тілдің барлық қасиеттері мен ерекшеліктері емес, оның басты белгілері негізге алынады. Флективті яғни қопарылмалы типтің негізгі белгілерін атаңыз.

32. Тілдің типін айқындау, сайып келгенде, тілдің құрылысын айқындау болып шығады. Алайда, белгілі бір тілдің қандай типке жататындығын айқындау үшін, әдетте, сол тілдің барлық қасиеттері мен ерекшеліктері емес, оның басты белгілері негізге алынады. Түбір яғни даралаушы типтің негізгі белгілерін атаңыз.

33. Тілдің типін айқындау, сайып келгенде, тілдің құрылысын айқындау болып шығады. Алайда, белгілі бір

тілдің қандай типке жататындығын айқындау үшін, әдетте, сол тілдің барлық қасиеттері мен ерекшеліктері емес, оның басты белгілері негізге алынады. Полисинтетикалық типтің негізгі белгілерін атаңыз.

34. Салғастырмалы тіл білімінің өзінің алдына нақты қоятын мақсат- міндеттерді саралаңыз.

35. Тілдерді типологиялық жағынан оқып, үйрену бірімен-бірі байланысты екі аспектіден тұрады: Тілдерді ерекше белгілеріне қарай бір-бірінен айыру; Тілдерді ортақ жүйелілік сипатына қарай біріктіру. Осыны ғалымдардың ойларымен, мысалдармен зерделеніз.

36. Универсалийлер - тілдердің негізгі сипатын ашып бере алатын көптеген тілдерге тән қасиеттер мен белгілер. Олар дедуктивті және индуктивті, абсолютті және статистикалық, синхронды және диахронды, жай және күрделі т.б. болып бөлінеді. Тілдік универсалийлерді атаңыз.

37. Лингвистикалық универсалийлер дегеніміз - әлемдегі әртүрлі тілдердің барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер. Универсалийлердің бірнеше түрлері болады. Фонологиялық универсалийлерді атап, тілдердерді салғастыра отырып, көрсетіңіз.

38. Лингвистикалық универсалийлер дегеніміз - әлемдегі әртүрлі тілдердің барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер. Универсалийлердің бірнеше түрлері болады. Грамматикалық универсалийлерді атап, тілдердерді салғастыра отырып, көрсетіңіз.

39. Лингвистикалық универсалийлер дегеніміз - әлемдегі әртүрлі тілдердің барлығына ортақ тілдік ерекшеліктер. Универсалийлердің бірнеше түрлері болады. Семантикалық универсалийлерді атап, тілдердерді салғастыра отырып, көрсетіңіз.

40. Типология шартты түрде жалпы және жеке типология болып екіге бөлінеді. Жалпы типология әлемдегі тілдер арасындағы сәйкестіктер мен айырмашылықтарды тілдің жалпы мәселелеріне байланысты қарастырады. Жалпы және жеке типологияның ара жігін ажыратыңыз.

41. Жеке типологияның қарастыратын мәселесі жалпы

типологияға қарағанда тарлау (шектеулі). Бұл бір тілді немесе белгілі бір тілдер тобын ғана типологиялық жағынан зерттеу. Жалпы және жеке типологияның ара жігін ажыратыңыз.

42. Типологияда «изоморфизм» ұғымы да ерекше рөл атқарады. Бұл термин грек сөзі, *isos* –бірдей, тең, ұқсас, *morphe* –түр, форма сөздерінің құралған. Тіл біліміне «изоморфизмді» термин ретінде енгізген поляк ғалымы Е.Курилович. Қазақ және ағылшын тіліндегі изоморфизмдерді көрсетіңіз.

43. Тілдерді салғастырғанда кездесетін айырмашылықты алломорфизмдер деп атайды. Қазақ және ағылшын тіліндегі алломорфизмдерді көрсетіңіз.

44. Тіл білімі дүние жүзіндегі барлық тілдерді туыстығы мен шығу тегі, даму жағдайларының ортақтығына қарай 60 шақты семьяға топтаса, сол тілдер құрамы мен құрылысына қарай ірі-ірі төрт типке бөлінеді. Сол типтерді атап, ерекшелігіне тоқтал.

45. Тілдерді құрылымы мен құрылысына қарай топтастыру типологиялық классификация деп аталады. Тілдерді бұлайша топтастыруда басшылыққа алынатын негізгі белгілер: ең алдымен тілдердің грамматикалық жүйесінің қалай құрылғандығы, белгілі бір тілдерде грамматикалық тәсілдердің қайсысы басымдық ететіні, сол тілдердегі сөздердің өзгеру-түрлену жолдарының ерекшеліктері. Типологиялық классификацияның тарихына сызба жаса.

46. Флективті типті тілдерге тән негізгі грамматикалық тәсілдердің ерекшеліктеріне талдау жаса.

47. Агглютинативті типті тілдерге тән негізгі грамматикалық тәсілдердің ерекшеліктеріне талдау жаса.

48. Даралаушы типті тілдерге тән негізгі грамматикалық тәсілдердің ерекшеліктеріне талдау жаса.

49. Полисинтетикалық типті тілдерге тән негізгі грамматикалық тәсілдердің ерекшеліктеріне талдау жаса.

50. Тілдерді типологиялық жағынан сипаттаудың негізгі белгілерін ата.

САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ СӨЗДІГІ

Агглютинация – түбір сөзге, көбіне, соңынан жалғанатын қосымшалар арқылы пайда болатын тілдік құбылыс (негізінде жалғамалы тілге тән ерекшелік).

Агглютинативті (жалғамалы) тілдер - түбірге аффикс жалғану арқылы грамматикалық формалар түрленетін тілдер: түркі, монғол, венгер, банту тілдері.

Акцентуация – туыстас тілдер тобындағы немесе жекелеген тілдегі екпін жүйесі.

Алломорф – морфеманың альтернанттары, варианттары. Бір единицаға барлық мүмкін алломорфтарды біріктіретін бір морфеманың нақты нұсқалары.

Алломорфизм – түрлі тілдердің құрылымдарын белгілеуде ерекшеліктерді, тілдің әр түрлі деңгейіндегі бірліктер құрылымындағы айырмашылықтарды білдіру үшін қолданылатын термин.

Аллофон – фонемалар варианты. Фонеманың әр түрлі айтылуы. Фонеманың нақты фонетикалық позицияларда таралуы.

Аморфты тілдер – даралаушы тілдер. Жалғау, жұрнақ жалғанбайтын тілдер: қытай, жапон тілдері.

Аналитизм – сөздің негізгі (лексикалық) және қосымша (грамматикалық және сөзжасамдық) мағынасын бөлек айқындайтын синтетизмге қарама-қарсы қойылатын типологиялық қасиет.

Аналитикалық тілдер – Сөйлемдегі сөздердің ешбір өзгеріске түспей, грамматикалық мағыналар көбінесе аналитизм тәсілі арқылы, яғни аналитикалық формалар, көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі және интонация арқылы жүзеге асатын тілдер. Аналитикалық тілдерге ағылшын, француз, итальян, испан, болгар, дат т.б. тілдер жатады.

Артикль – белгілі және белгісіздік мағанасында жұмсалатын көмекші грамматикалық элемент. Артикль типологиялық және генетикалық жағынан әр түрлі тілдерде кездеседі.

Аффикс - өз алдына жеке қолданылмай, түбір сөздерге қосылып, сол сөздің мәнін, мағынасын және функциясын өзгертетін - грамматикалық форма. Сөздің алды-артында және ортасында келуіне қарай: инфикс, префикс, суффикс болып бөлінеді. Қазақ тіліндегі **қосымша** бұл терминнің эквиваленті бола алады.

Аффиксация – сөз түрлендіруде және сөзжасамда

қолданылатын аффикстердің жалғану процесі. Әлем тілдерінде аффиксацияның екі тенденциясы айқындалған: фузиялық және жалғамалы. Әлем тілдерінің көпшілігі типологиялық тұрғыдан аффиксация тәсілдерінің бірін қолдану мүмкіндіктеріне қарай - суффикстену және префикстену болып бөлінеді. Мысалы, қазақ тілінің типологиялық ерекшелігіне орай, көбінесе, суффиксация тәсілі қолданылады.

Әлем тілдері – жалпы әрі кең ауқымды қолданыстағы Халықаралық тілдер.

Билингв – екі тілді меңгерген тұлға. Әр тілді меңгеру дәрежесі әр түрлі болуы мүмкін.

Бинарды салыстыру – қосарлы, екі компонентті салыстыру, лингвистикалық типологияда екі тілді салыстыру немесе салғастыру.

Вариант – тілдік единицаны жүзеге асырудың (фонема, морфема, сөз т.б.) сөйлеудегі ерекше түрі, модификациясы.

Варианттылық – 1. белгілі бір нормадан ауытқу, бір тілдік құбылыстың бірнеше түрі. 2. тіл мен тілдік бірліктердің қолданылуы мен сақталуын қамтамасыз ететін іргелі және универсал қасиеті.

Вибрант – фонациялық ауаның өте қарқынды шығуында пайда болатын, дірілдеп шығатын дауыссыз дыбыс; мысалы, «р».

Вокализм – тілдегі дауысты дыбыстар (дифтонгтарды қоса) жүйесі.

Грамматикалық бірліктер – сөз, сөзтұлға, синтаксистік құрылым (сөз тіркесі, жай сөйлем, күрделі сөйлем). Бұдан басқа грамматикалық мағынаны білдіретін құралдар: көмекші морфемалар (аффикстер) көмекші сөздер (жалғаулық шылаулар, демеулік шылаулар) және т.б.

Грамматикалық категория - грамматикалық мағыналар класы, сөздердің өзгеруі, тіркесуін көрсететін морфологиялық, синтаксистік белгілері бар грамматикалық жалпы ұғымдар. Грамматикалық категориялар морфологиялық, синтаксистік болып бөлінеді. Морфологиялық категориялар іштей мысалы, етіс, жақ, жекеше-көпше түр, септік т.б. бөлінеді. Әлем тілдері тарихи даму процестерінде сипаты жағынан өзгеріп тұратын грамматикалық категориялар саны мен құрамына қарай ажыратылады.

Грамматикалық мағына – сөздің лексикалық мағынасына қосымша ретінде көрінетін және түрлі парадигматикалық қатынастарды білдіретін бірқатар сөздерге, сөз құрамына және синтаксистік құрылымдарға тән жалпылама және дара тілдік

мағына. Сөздердің зат есім, сан есім, етістік екенін жекеше, көнше, тәуелді, септеулі, жіктеулі түрлерде тұрғанынан, бастауыш, баяндауыш, толықтауыш екенінен грамматикалық мағыналары барын көреміз.

Грамматикалық форма – грамматикалық мағынаның тұрақты бейнесін көрсетіп тұратын материалдық форма. Грамматикалық форма аффикстер, фонемалық кезектестік, ішкі флексия, көмекші есімдер, қайталаулар, екпін, сөз тәртібі, интонация болып табылады.

Диахрондық типология - салыстырылатын тілдердің мазмұнды-категориялы құрылымдарын зерттейтін типологиядағы бағыт. Ол бір уақытта әр түрлі категорияларда болатын құбылыстарды біріктіре байланыстырады. Барлық тілдерге ортақ даму жолдары идеясы диахрондық типологияның негізі болып табылады, бұл орайда бір тіл екінші бір тілдерден алда болуы мүмкін.

Дифтонг – екі дауысты элементтен құралған, мүшеленбейтін, бір буын құрай алатын күрделі дауысты. Мысалы, қазақ тілінде *оқиды, ки* сөздерінде кездесетін «и» дыбысы дифтонг болып табылады. Дифтонг қазақ, ағылшын, француз, неміс, қытай және тағы басқа тілдерде кездеседі.

Диффикс - түбірдің құрамына дауысты дыбыстардың кірігуі, олардың өзгеруі немесе түсіп қалуы.

Дүние жүзі тілдері - әр түрлі деректерге қарағанда қазір дүние жүзінде 3500-ден 5000-ға дейін тілдер бар. Тілдердің санын дәл айту мүмкін емес, жер шарында «лингвистикалық ақтандақтар» кездеседі, кейбір аймақтарда әлі де жаңа тілдер пайда болу процесі жүріп жатыр.

Екінші тіл – көптілділік, қостілділік жағдайында тілдік ортаның коммуникациясын (қатысын) толық қанағаттандыру мақсатымен меңгерілетін қосымша тіл.

Жалпы тіл білімі – тілдің мәні мен құрылымын; тіл элементтерінің өзара қатынасын мен жалпы *тіл жүйесін*; тілдің даму себептері мен бағыттарын; тілдің адам қоғамындағы өмір сүру формалары мен қолдану ерекшеліктерін т.б. зерттейді. Жалпы тіл білімі жеке тіл біліміне қарама қарсы бола тұра онымен тығыз байланысты.

Жеке тіл білімі – жалпы тіл біліміне қарама-қарсы жеке тілдерді (Қазақ тілі - Қазақ тіл білімі, Орыс тілі – Орыс тіл білімі, Герман тілдері –Германистика, Семит тілдері – Семитология т.б.) зерттейтін ғылым.

Интерпретация – бір нәрсеге түсінік беру, мағынасын ашу.

Интерференция – бір тілдің басқа тіл ықпалымен тілдік нормадан ауытқуы. Интерференция тілдің барлық деңгейінде кездесуі мүмкін, алайда фонетикада ерекше (акцент) байқалады. Интерференция нәтижесі сустрат, суперстрат құбылыстарында аңғарылады.

Интерфикс – аффикс, түбірлерді байланыстыру үшін қызмет етеді, және екі түбір арасында орын алады. Мыс., ор. т. *дальн-о-видный*; немесе түбір мен жұрнақ арасында орналасады, мыс., ор.т. *шоссе-й-ный*.

Компаративистика – салыстырмалы-тарихи тіл білімі, салыстырмалы тіл білімімен барабар.

Компоненттік талдау – ұсақ құрастырушыларға бөлудегі зерттеу мен сипаттау тәсілі. Компоненттік талдау бүтін элементтерінің парадигматикалық және синтакматикалық қатарларының түйісуін, жеткізу өрісі мен мазмұн өрісінің өзара әрекетін анықтауды көздейді. Сөз мағынасын былай талдау мазмұның ең кіші бірлігі – *семаны* айқындайды.

Консонантизм – тілдегі дауыссыз дыбыстар жүйесі. Накті тілдегі консонантизмді сипаттау кезінде дауыссыздардың саны, оларды қолдану ережесі, түрлі белгілердің фонетикалық қолданыс табуы және оның варианттылығы, сөйлеу сәтіндегі функциялық күш ескеріледі.

Контрастивті лингвистика – (конфронтативті лингвистика, салғастырмалы лингвистика) - XX ғ 50 жж дүниеге келген жалпы және салғастырмалы тіл білімінің саласы. Негізін салғандар: Р.Ладо, В.Н.Ярцева, Г.Никель, П.Селингер.

Конфикс – префикс пен суффикстің бірлесіп қызмет атқаратын комбинациялары. Мыс., ор.т. *по-лесь-е*; нем.т. *ge-les-en* /оқылған/. Конфикстің қолданылуы парасинтез деп аталады, яғни сөз ситездеуде бір типті екі аффикстің бір мезгілде қолданылуы.

Коррелят - өзге элементпен қатыста, сәйкестікте, корреляцияда болатын элемент, тілдік құрылым. Мыс., /в/ дауыссызы /ф/ дыбысының ұяң корреляты, ал /в'/ дыбысының қатаң корреляты.

Корреляция – екі не одан да көп тілдік бірліктердің – корреляттардың өзара себептестігі, семиологиялық тәуелділігі.

Метатіл – тіл - құрал көмегімен объект тілдің сипатталуы. Метатіл белгілі бір тілдің заңдары бойынша және оның бірліктерінен қалыптасады, сол тілдің бөлігі болып табылады.

Морф – морфеманың тұлғалық өзгешіліктерінің /түрлерінің

/ бірі. Әртүрлі сөздер мен сөз формаларында кездеседі. Мыс., аяқ сөзі түбір және нольдік морф және жекеше түр мағынасында. Терминді 1947 ж Ч.Ф. Хоккетт ұсынған.

Морфема – тілдің негізгі бірліктерінің бірі: 1.тілдің ең кішкентай мағыналы бірлігі; 2.таңбалаушы мен таңбаланушы қасиетке ие, екі жақты ең кішкентай таңба; 3. сөздің ең кішкентай мағыналы бөлшегі; 4. нақты варианттардың /морфтардың, алломорфтардың / абстрактілі инварианттары. 5. түбір мен аффикстердің жалпылауыш ұғымы т.б. Морфема терминін 1881 жылы И.А.Бодуэн де Куртене ұсынған.

Морфонология - әртүрлі типтегі морфемалардың фонологиялық құрылымын және морфологиялық айырмашылықтарды білдіру үшін фонологиялық салыстыруларды пайдалануды зерттейтін тіл білімінің саласы. Морфонологияның пәні сөздер мен морфемалардың фонологиялық құрылымы мен фонемалық құрамы болып табылады.

Палатализация – дауыссыз дыбыстың еріндік, адыңғы не артқы тілдік артикуляция кезінде болатын тілдің орта бөлігінің таңдайға қарай көтерілуі.

Парадигма – 1) кең мағынада: бір-біріне қарама-қарсы қойылған, бірақ ортақ белгісі бар немесе ұқсас ассоциация тудырушы кез келген лингвистикалық бірліктер тобы; Парадигматикалық қатынастар арқылы байланыста болатын тіл бірліктерінің жиынтығы. 2) Осындай жиынтықтың немесе топтың жасалу (құрылу) моделі немесе схемасы. 3) тар мағынада: «морфологиялық парадигма» терминінің синонимі (бір сөздің тұлғалану жүйесі) болады.

Парадигматика – 1) Тілді жүйелі зерттеуде тіл бірлігінің екі түрлі қатынасына (парадигматикалық және синтагматикалық) байланысты болатын екі аспектінің бірі. Яғни тіл жүйесінің элементтері ретіндегі лингвистикалық бірліктерді зерттеу аспектісі. 2) Лингвистикалық топтардың-парадигмалардың жиынтығын құрайтын тілдік жүйе.

Полисинтетикалық тілдер – Тілдердің инкорпоратив типімен барабар.

Предикат – Сөйлемнің конститутивті мүшесін білдіреді, яғни ол субъект жөнінде баяндайды. Предикат субъект туралы кез-келген хабарды белгілемейді, ол заттың қасиетін, жағдайын, басқа заттарға деген қатысын білдіреді. Предикат термині ор.т. Сказуемое, қаз. т. Баяндауыш теминіне сәйкес қолданылады, Сөйлемнің тұрлауы мүшелерінің бірін білдіреді.

Предикатив байланыс – Сөйлем түзуші компоненттер Предикатталатын компонент пен Предикаттайтын компонент арасындағы Синтаксистік байланыс. Предикатив байланыс болмысы аталмыш компоненттерді ойды жеткізу, Сөйлемелік үшін ұйымдастыруда көрінеді. Предикатив байланыс екі жақты сипатта болып келеді және Предикативтіліктің - Шақ, Модалдылық, Жақ – орыс тілінде, жақ пен Сан- қаз.т. синтаксистік категориялары арқылы беріледі. Қазіргі қаз.т. грамматикаларында Бастауыш пен Баяндауыш арасындағы жақ және сан жағынан байланысын қиысу деп қарастыру дәстүрге айналған, мыс., Болат келді. Ата мен әже шешті.

Предлог – Бағыныңқы және атаушы сөйлем мүшелері немесе сөз тіркестері арасында әр түрлі бағыныңқы қатынасты білдіретін морфологиялық тұрғыдан өзгермейтін көмекші сөз. Прелог - көп жағдайда зат есімнің алдында (немесе оған қатысты сын есімнің) немесе есімдіктің алдында қолданылады. Роман тілдерінде Предлог инфинитивтің алдында тұруы мүмкін. Зат есімнің септік категориясы бар тілдерде Предлог септік мағыналарын нақтылайды. Предлог бағыныңқы сөзбен бірге синтаксистік тұтастықты (бірлік) құрайды. Генетикалық тұрғыдан Предлог түбір (ор.т. к, по, за, от, на) және туынды (ор. т. вдоль, вокруг, навстречу) болып ажыратылады. Сонымен қатар құранды (ор.т. в течении, из-под, независимо от, судя по) түрлері де кездеседі. Предлог көптеген тілдерде бар (үнді-еуропа, семит). Оның қызметін өзге тілдерде мысалы, түркі тілдерінде Послелог (Шылау) атқарады.

Препозиция – Басқа единицалардың (Морфема, Сөз) алдында тұратын тілдік единицаның орны (Аффикс, Артикль т.б.).

Префикс – Түбір алдынан орын алатын Аффикс, мысалы, ор. т. *за-ходить*; нем. т. *aufstehen* «түрегелу» (Приставкамен барабар).

Релевантты – Тілдік единицалардың ерекшелігін көрсету үшін қолданылады; қандай да бір функцияны атқарады.

Рема – Сөйлемнің актуальды бөлігі. Хабардағы бастапқы бөлік – тема жөнінде айтылатын және ойдың аяқталмаған көрінісін жасаушы. Ол хабардың негізгі мазмұнын білдіреді және айтылған жайдың коммуникативтік орталығы болып табылады. Мыс., ор.т. На улице (тема) было пусто (рема); қаз.т. Бір кезде (тема) біз де бастық болғанбыз (рема). Р. көрсеткіштері - сөз тәртібінің бейтарап орналасуы кезінде Темаға қатысты алғанда Постпозиция болып табылады. Сөйлем ішінде Р. Бастапқы және кейінгі жаңа ақпаратты

жалғастыра отырып, Темаға қарсы қойылады. Сөйлем сыртында Р. көрші сөйлемдерде Р. мағыналық қатынасқа түседі, ойдың бір ізді болуын ұйымдастырады.

Род – Грамматикалық категория. Ол Сөздерді және олардың формаларын екі немесе үш класқа: мужской, женский, средний Р. Бөледі. Р. арасындағы айырмашылықтар тілдік категория және биологиялық жақтан жынысқа бөлінуі бойынша көрінеді. Р. Категориясы үш родты (кейде екі родты) жүйе бойынша түрлі дәрежеде Үндіеуропа тілдерінде сақталған; екі родты жүйе араб, афрази тілдеріне тән. Финн-угор, түркі, монғол, банту тілдерінде Р. Категориясы жоқ. Мыс., ор.т. род категориясының үш түрі бар (красивая улица – ж.р., красивый дом – м.р., красивое озеро – ср.р.).

Салғастырмалы әдіс – екі немесе одан да көп тілдерді шығу тегінің ортақтығына немесе әр түрлілігіне қарамастан, арасындағы салғастырылатын тілдердің айырмашылықтарын айқындау үшін салыстырудың ғылыми әдісі. Бірдей дәрежеде бұл әдісті контрастивтік деп та атайды. Осы әдіспен Контрастивтік лингвистиканың негізі айқындалады. XVIII-XIXғғ. грамматикаларда қарапайым салғастырушылық бар. С.э. идеясын теориялық жағынан қалыптастырған И.А. Бодуэн де Куртенэ. Өзіндік принциптерімен, лингвистикалық әдіс ретінде салғастырушылық тек XX ғ. 30-40 жж. Қалыптаса бастады. С.э. теориясы мен тәжірибесіне елеулі үлес қосқандар – Е.Д. Поливанов, Л.В. Щерба, С.И. Бернштейн, Ш. Балли.

Салғастырмалы тіл білімі – Тіл білімінің саласы. Кез-келген Тілдер негеологиялық арақатынастары мен типологиялық құрылымдарына қарамай С.т.б. зерттеу объектісі болып табылады. Тілдердің өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктерін айқындау – С.т.б. мақсаты. С.т.б. үшін тілдің құрылымдық сәйкестіктері мен өзгешеліктерін белгілеу бірдей маңызды. Тілдің түрлі деңгейлері мен элементтері – грамматикалық құрылым, құрылымдық-семантикалық ұқсастықтар мен ерекшеліктер, тілдің лексика-семантикалық категориялары бір мазмұнның түрлі тілдерде берілу тәсілдері және басқалар бір-бірімен салғастырылады. Тілдерді жүйелі түрде сипаттауды синхронды тұрғыда жүзеге асыра отырып, С.т.б. олардың өзіндік белгілерін немесе жүйелі идиомалылығын айқындайды. С.т.б. негізін Салғастырмалы әдіс құрайды. Көздеген мақсаттарына қарай С.т.б. – Салғастырмалы грамматика, Салғастырмалы лексикология, Салғастырмалы стилистика салаларына ажыратылады.

Салғастырмалы типология – тілді зерттеуде екі бағытты біріктіреді: салғастырмалы және типологиялық және Контрастивтік лингвистикамен жақындасады (кейде айырмашылықтары біліндейді). С.т. тілдерді олардың туыстығына, өмір сүру кезеңіне, аймақтық бөлінуіне қатыссыз зерттейді; ол тілдердің жалпы, ортақ және спецификалық қатынастарын айқындауға (В.Г. Гак) және салғастырмалы тілдердегі Тілдің типі негізінде шынайы өмір сүретін құбылысты көрсетуге ұмтылады. Салғастырмалы тілдердегі тілдік құралдарды пайдаланудағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау және типологиялық талдау жасау, салғастырусыз байқалмайтын екі тілдің де нақты ерекшеліктерін зерттеу, салғастырылған тілдерде айқындалған белгілердің жүйелілігін табу С.т. міндеттері болып табылады. С.т. қалыптасуы Ф. Шлегель, Ф. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Ф. Финк, Дж. Гринберг, Е.Д. Поливанов, Л.В. Щерба, И.И. Мещанинов, В.Д. Аракин, В.Г. Гак, В.Н. Ярцева, Ю.В. Рождественский және т.б. есімдермен байланысты.

Семитология – 1) Семит тілдерінде сөйлейтін халықтардың тілін, тарихын, мәдениетін, зерттейтін филология пәндерінің комплексі. 2) Семит тілдерін зерттейтін Тіл білімінің саласы. Арабтану, Гербайтану, арамейтану, інжілтану және т.б. С. құрамына кіреді.

Семит-хамит тілдері – семит-хамит тілдері, афразия, афроазиат тілдері, Тілдердің Афразиялық макросемьясымен барабар.

Семит тілдері – Семит тілдер семьясымен барабар – тілдердің Афразия макросемьясының бір бұтағы. Батыс Азия мен Солт. Африканың тірі және Өлі тілдерін камтиды. Олар аккад, финикий-пуни, көне еврей (өлі), иврит (Израиль), ассирия тілі, Араб тілі көптеген диалектілермен: мехри, амхар, т.б. С.т. шектеулі дауыстылар саны, сөздікте негізгі мағынаға ие болатын дауыссыз үш дыбысты түбір, грам. Мағына беру үшін қолданылатын Аффикстердің (Инфикс, Трансфикс) әр түрлі типтері, 2 Род (муж. роды көрсеткішсіз және жен. роды көрсеткішті) тән. С.т. көне ескерткіштері аккад, иврит, финикий, эфиоп, т.б. тілдерде жазылған.

Сингармонизм – Үндестік заңы - Дауыстылардың үндесуі немесе Буын үндестігі; Түбірдегі дауысты дыбыстың жуан немесе жіңішке болуына байланысты қосымшадағы дауыстының да жуан немесе жіңішке болуы. С. тілдік (лингвалды) және еріндік (лабиалды) үндестік түрінде қарастырылады. Дауыстылардың

тілдің қызметіне қарай бір сөз көлемінде не бірыңғай жуан, не жіңішке болып ыңғайласып, үйлесіп келуін тіл үндестігі дейді. Мыс., балаларымызға, жігіттерімізге т. б. Дауыстылардың сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуін ерін үндестігі дейді. Мыс., қырр. т. үйлөрүмүз, көбөлөктөрге т.б.

Синкретизм - әртүрлі айтылымдық тұлғалардың қызметтік бірлесуі, қарама-қарсылықтарды бейтараптандыру, Таңбалаушы-амалдарды даралаудағы Таңбаланушылардың сәйкес келуі, бір формада бірнеше мағыналардың берілуі. Мыс., ор.т. предложный падеж әрі түсіндіру, әрі жатыс (мекен) септігі мағынасында, ал қаз.т. барыс септігі әрі бағыттық, әрі мекендік мағынада қолданылады.

Синтагматика - Тіл жүйесін зерттеудегі аспектілердің бірі. Тіл Таңбаларының арасындағы ерекше синтагматикалық қатынастарды зерттейді. Нақты Сөйлеуде немесе Мәтінде тізіле орналасқан тілдік единицалар арасында пайда болады. С. Парадигматикаға қарсы қойылған. Синтагматикалық қатынастар тіл құрылысының түрлі деңгейінде ажыратылады, сондықтан, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік, лексикалық С. Сөз етіледі. С. фонетикалық единицалардың, бір дериваттағы әр типті Морфемалардың, Синтаксистік конструкциялардың және Сөздер компоненттерінің бір-бірімен тіркесу ережелерін зерттейді.

Синтетикалық тілдер - Грамматикалық мағыналары Синтетизм құралдары, яғни Аффикстену, Ішкі флексия, Екпін, Супплетивизм, Редупликация арқылы білдірілетін тілдер. С. т. көне Үнді-европа тілдері, Санскрит, Латын, Көне славян, Литва, Неміс, Орыс және т. б. тілдер жатады. Аналитизм және синтетизм құралдарының ара қатысы орыс тілінде синтетикалық, тілден аралас тілге, аналитика-синтетикалық, тілге өту кезеңін басынан кешіргендей өзгеруі мүмкін (В. В. Виноградов). Бұл өзгермейтін зат есімдер, түрленбейтін сын есімдер, екі тұрпатты (вид) етістіктердің санының ұлғаюы, контекст функциясының кеңеюі, сездердің орын тәртібі рөлінің, күшеюі және т. б. «флективті емес морфология» құралдарынан көрінеді.

Субстрат - белгілі бір Тілдің ішкі даму заңдарынан туындамайтын және ертеректе сол лингвистикалық географиялық аумақта таралған тілден туындайтын Тіл жүйесі ерекшеліктерінің жиынтығы. С. кең ауқымдағылықты халықтың Қос тілділік сатысы арқылы көшіп келгендердің тілдік Ассимиляцияға ұшырауын көздейді. С. құбылыстары тілдің Фонетикадан бастап Грамматикаға дейінгі кез-келген деңгейінде сондай-ақ, тілге тән

емес категориялардың ертеректе енуі түрінде көрінеді. Мыс., фр.т. 20 еселік гал тілінде тән элементтердің болуы, мәселен, «80», яғни 4х20. Кейде әдеби тілдегі диалектілік С. туралы да айтады.

Суперстрат – жергілікті тұрғындардың тіліндегі жаулап алушылар тілінің ізі, С. термині 1932 ж. Римде өткен роман тілдері мамандарының конгресінде тұңғыш В. Вартбург тарапынан қолданылды. С. ұғымы Субстрат түсінігімен қатысты.

Супплетивизм - Грамматикалық мағынаны білдіру тәсілдерінің бірі. әр түрлі Тубірлер мен негізгі Сөздер лексикалық мағыналарын сақтай отырып, бір грамматикалық Парадигмада көрінеді. Бұл жағдайда сөз ерекшелігі грамматикалық мағыналарды айыру үшін қызмет етеді. Мыс., ор.т. ловить поймать, садиться - сесть, плохой - хуже, я - мне. С. барлық тілдерге тән емес. С. көбінесе Үндіевропа тілдерінде (Сын есім мен үстеудің, Шырай және жіктеу Есімдігі формасында) Тілдер туыстығы белгілерінің бірі болып саналады.

Таксономия - құрылымдық лингвистикада тілдік элементтерді топтастыру мен сипаттау. Т. ұғымы биологиядан алынған, онда Т. жүйеленудің бір тармағы ретінде қарастырылады (XX ғ. орт. бері). Лингвистикада Т. жүйеленудің қатаң айырымы жоқ, жүйеленуде, әдетте, Т. ұғымының мазмұнына кіреді. Лингвистикада Т. екі түрі бар: табиғи, яғни объектілердің ерекшеліктерін талдау арқылы индуктивті алынған Т. және жасанды, априорлық енгізілген біршама тұтастығы бар логикалық қағидаға негізделген Т. Лингвистикада Т. екі түрі де қолданылады: мысалы табиғи Т. - Тілдерді генеалргиялық топтастыру, жасанды Т. - тілдерді типологиялық топтастыру.

Тема – Сөйлемнің актуалды мүшеленуінің компоненті, хабаршыққантұсы-әлдебіржаңанәрсенің(салыс.Рема)бірнәрсеге қатысты мақұлдануы, мыс., Майра (Т.) өзі үшін жасады(рема). Т. көрсеткіштері - Сөздердің бейтарап тұрған кезіндегі ремаға қатысты бастапқы позициясы, оқшаулау - шектеу демеулік Шылаулары, Синтакситік құрылымдардың мынадай бастапқы бөліктері Т. ремамен бірге алдыңғы Сөйлемнің элементтерін қайталай отырып, Мәтіннің байланыстылығы мен сөйлем сайын ойдың қозғалысын ұйымдастырады.

Типология – 1) Тілдердің аса маңызды және барынша ерекше қасиеттерін айқындайтын Тіл Типтері туралы ғылым;

2) Туыстығына, қолданылу уақытына және аймақтық тарауына қарамастан тілдердің құрылымдық және функционалдық

дәрежелерін салғастыра зерттеу (мыс., орыс тілі мен қазақ тілінің Салғастырмалы типологиясы); 3) Тілдік қатар, қандай да бір тіл тобы сипаттарының көрінісі (Тіл Т., Тілдер тобының Т., Тілдің жекелеген деңгейлерінің Т.); 4) Тілдердің ұйымдастырылуы, жүйеленуі; топтастырылуы (мыс., Тілдерді типологиялық Топтастыру).

Трансфикс - Дауыстылардан тұратын Аффикс, ол Дауыссыз дыбыстардан тұратын Түбірді бөледі. Мыс., араб т. *ktb* негізгі лексикалық мағынаны білдіреді, ал, аффикстер оған қосымша мағына береді: *kitab* «хат, кітап», *katib* «жазатын, жазушы», *kataba* «ол жазды».

Тіл қабаттары - қолданылуын, түрлі топтарға, іштей кіші топшаларға топталуын қадағалап отыратын бірыңғай единицалар мен ережелер жиынтығы ретінде сипатталатын жалпы Тілдік жүйеге қарасты жүйе. Т.қ. - иерархиялық қатынаста тығыз байланысып, тілдік жүйенің объективтік құрылымын сипаттайды. Фонологиялық морфологиялық, синтаксистік және лексикалық-семантикалық Т. Қ. негізгі болып саналады. Әрбір Т. қ. Белгілі бір единицалар мен олардың бір-бірімен қарым-қатынасты зерттеледі. Тілдің қатарлық қалыптасу идеясы ХХ ғ. орта шенінде алдымен америкалық Дескриптивтік лингвистикада, кейіннен қазіргі Тіл білімінің өзге бағыттарында кеңінен таралды. Қатар тудырушы қасиет – қатарлық тіркесім ережесіне бағынатын, яғни өзімен Т.қ. единицалармен парадигматикалық және синтагматикалық қатынасқа түсе алатын құбыластарғы тән.

Тіл единицалары (бірліктері) – Тіл жүйесінің тұрақты функциялық элементтері. Мыс. Сөз номинативті Т. е. болып есептеледі, коммуникативті Т. е. - Сөйлем, құрылымдық Т. е. – Фонема, Морфема және т. б. болады. Әр түрлі лингвистикалық мектептер Т. е. бірнеше түрін көрсетеді. Солардың ішінде кең таралғаны - құрылымдылық және функциялық концепциялар, құрылымдық концепция бойынша, одан әрі бөлінбейтін Т. е. алынады. Функционалды концепция бойынша (В. В. Виноградов), құрылымдық атаулы және коммуникативті болып бөлінетін единицалар өзінің ерекше белгілеріне, яғни қолданылу орнына байланысты ажыратылады. Т. е. анағұрлым кең түрде қарым-қатынастың үш түрін көрсетеді: парадигматикалық, синтагматикалық, иерархиялық. Парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарға бір ғана деңгейдің единицалары қолданылады.

Мыс., фонемалар өздерінше топ құрайды, жүйелі бірізділікпен бір-бірімен ғана тіркеседі. Тілдік единицалардың «Тіркесу деңгейіндегі» қасиеттері осыдан көрінеді.

Тіл жүйесі - кез-келген Табиғи тілдің көптеген тілдік элементтері бір-бірімен тығыз байланыста, өзара қатынаста болып, белгілі бір тұтастығы, бірлікті құрайды. Т. ж. әрбір компоненті жүйенің өзге компонентімен қарама-қарсы мағынада өмір сүреді. Алғаш рет бұл ұғымның анағұрлым нақты көрініс алуы 1820 ж. белгілі Неміс ғалымы В. фон Гумбольдтің есімімен байланысты болды. Кейінірек, швейцар ғалымы Ф. де Соссюр Т. ж. туралы концепцияны теориялық тұрғыдан қорытындылады. «Т. ж.» және «Тіл құрылымы» атауларына лингвистикада ұзақ уақыт шек қойылмады. Бірақ соңғы он жылда белгілі бір шек қою, межеу тенденциялары байқалды. Аталмыш элементтерді ажыратудың едәуір кең таралған Түрі - жүйені ұғынудың өзара байланысты және өзара келісілген ішкі құрылымдық жиынтығы да, ал құрылымы жүйе элементтерінің арасындағы өзара байланыс үлгісі түрінде, олардың ішкі құрылымдарын білдіреді. Жүйені және құрылымды түсінудің мұндай түрлері А. А. Реформатский, Ф. П. Филин, Г. П. Мельников, А. С. Мельчук, еңбектерінде кездеседі және қазіргі Тіл білімі принциптеріне толық сәйкес келеді.

Тіл типі-бүлтілқұрылысыныңжалпы,сондай-ак.қысқасипаттамасы; тілдің белгілі бір қасиеттеріне сүйенетін (морфологиялық құрылымына, грамматикалық мағынаны бейнелеу тәсіліне, іс-әрекеттің объекті мен субъектіні беру тәсіліне т. б.), тілдердің негізгі түрлері туралы жинақталған жалпы ұғым. Мыс., сөздің морфологиялық құрылымдық ерекшеліктеріне қарай Флективті, Агглютинативті, Дараланушы, Тілдердің полисинтетикалық типі болып бөлінеді; грамматикалық мағыналардың берілу тәсілі мен амалдарына қарай -аналитикалық және синтетикалық тіл типі болып бөлінеді; субъект (агентив), фактив (әрекет иесі) және іс-әрекет объектісін сипаттау ерекшеліктеріне қарай - тілдердің Номинатив және Эргатив құрылымы болып бөлінеді. Т. т. төменгі ерекшеліктер тән: динамикалық (қозғалмалылық) (тілдің өзгеруімен қатар оның типологиялық белгілері де өзгеріске ұшырауы мүмкін), синхрондық (Т. т. ұғымы тілдердің синхрондық сипаттамасынан келіп шығады); шарттылық (Т. т. анықтау тілдің. Басымырақ қасиеттерінің негізінде жасалады). әр тілде тілдердің әр түрлі типіне тән белгілері мен қасиеттері болады, сондықтан кез-келген тіл нендей бір Т. т. көрінісі емес, бірегей құбылыс

болып табылады. Тілдік қандай да бір типке жатқызу оның жалпы белгілерін осы «идеяға», типтің концептуалды образына сәйкес болған жағдайда ғана жүзеге асады.

Тілдердің дараланушы типі – тілдерді морфологиялық (типологиялық) топтастыруға сәйкес бір типі. Т.д.т. Сөз түрлендіру қасиет болмайды, Сөзжасам өте әлсіз дамыған, мәнді және мәнсіз сөздердің арасында аздаған қайшылықтар болады, грамматикалық мағынаның берілуі үшін Сөздердің орын тәртібі мен интонация ерекше орын алады. Т.д.т.қытай тілі, вьетнам тілі, тибет, кхмер және басқа тілдерге жатады.

Тілдердің инкорпоратив типі (полисинтетикалық) – тілдердің морфологиялық (типологиялық) топтастырылуына сәйкес келетін тіл типтерінің бірі. Т.и.т. негізгі сипаты етістік – баяндауыш құрамына объекті мен қимыл пысықтауышты, кейде бастауышты енгізетін инкорпоративті комплекстің немесе инкорпорацияның болуы. Инкорпорация компоненттерінің жалғану тәсілі – Агглютинация. Кейде инкорпорация ішінде ілеспелі өзгеріс болуы мүмкін. Т.и.т. американдық үндістер тіліне чинук пен кейбір палеоазиат (чукот, коряк) тілдері жатады.

Тілдердің морфологиялық типі – тілдердің морфологиялық (типологиялық) топтастырылуына сәйкес тілдер тобы.

Тілдердің морфологиялық (типологиялық топтастыру)
– 1) XIX-XX ғғ. Басындағы лингвистикалық типология.
2) Тілдердің сөз құрылымы мен оның формаларының жасалу ерекшеліктеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарына негізделіп жасалынған типологиялық классификация. Көбінесе топтастыру, классификациялау белгісі ретінде сөз ішінде Морфемалардың жалғану техникасы (тәсілі) алынады. Аталған критерийлермен қатар оларға байланысты төмендегі белгілер пайдаланылады: Морфемалардың сипаты мен мәні, грамматикалық мағыналадың берілу тәсілдері мен амалдары, сөздердің фонетикалық сегменттік және суперсегменттік қасиеттері т.б. Т.м.т. осы аталған принциптерге сай Дараланушы тілдер, Жалғамалы (агглютинативті) тілдер, Флексив (қопармалы) тілдер және Инкорпоратив тілдер болып бөлінеді.

Тілдің номинатив құрылымы – Объект мен Субъектнің семантикалық жағынан қарама-қарсы қойылуына бағытталған тілдердің типологиясы. Т.п.қ. – мыналарға сәйкес келеді: Етістіктердің сабақты және салтты болып бөлінуі, атау септігі табыс септігіне қарама-қарсы қойылатын (эргатив септігі

болмағанда). Сөйлемнің номинативті конструкциясы, тура және жанама Толықтауыштардың ажыратылуы. Т.н.қ. – Үнді-европа, Орал, Түркі, Монғол және т.б. тілдерге тән.

Тілдердің синтетикалық типі - Синтетикалық тілдермен барабар.

Тілдерді синтаксистік (типологиялық) топтастыру әр түрлі белгілерге негізделген тілдерді Типологиялық топтастыруыа) предикативті конструкциялы тип, ол - номинативті (аккузативті), эргативті, активті тілдер болып жіктеледі; б) актанттардың синтаксистік қасиеттерінің иерархиясы, оған бастауышы бар тілдер, бастауышы жоқ (ролдік) тілдер жатады. (А. Е. Кибрик, Р. ван Валин, Ч. Филлмор т. б.).

Тілдерді типологиялық топтастыру - маңызды құрылымдық қасиеттеріне (өлшем, топтастырылуы негіздері) сүйеніп жасалынған Тілдердің топтастырылуы. Елеулі типологиялық белгілеріне, мыс., сөздерге морфемалардың жалғануы; субъекті-объектілік қатынастар т. б. жатады. Құрылымдық ұқсастықтардың тілдің қай жүйелік деңгейге жатуына байланысты, Т. т. т. Морфологиялық, Синтаксистік және Фонетикалық болып бөлінеді. Осылардың ішінде кең қолданылатыны морфологиялық Т. т. т., сондықтан ол кейде Т. т. т. ұғымы орнына қолданыла береді.

Тілдердің флективті типі – Тілдердің морфологиялық (типологиялық) топтастыруына сай келетін типтердің бірі. Т. ф. т. түбірдегі өзгерістердің, фонетикалық сәйкессіздігі, Септелу мен Жіктелудің фонетикалық және семантикалық жағынан уәжденбеген типтерінің көптігі, сөз құрамындары Морфемалардың тығыз бірлігі тән. Т. ф. т. ү.-е. семьясындағы тілдер жатады.

Универсалийлер – тілдердің негізгі сипатын ашып бере алатын барлық (көптеген) тілдерге тән қасиеттер мен белгілер. У. дедуктивті және индуктивті, абсолютты және статистикалық синхронды және диахронды, жәй және күрделі т. б. болып бөлінеді. У. тілдерді бір-бірімен немесе хайуанаттар тілімен, Жасанды тілдермен т. б. салғастыра зерттегенде көрінеді. Тілдік У. мысал: а) егер тілде рай категориясы болса, онда ашық Райдың болуы міндетті; б) тілдік және ситуациялық Контекст әсерінен тілдегі көне және жаңа элементтер жаңа семантикалық қолданысқа (нагрузкаға) ие болады; в) тілдегі Фонемалар саны 10-80 фонемадан аспайды; г) егер тілде дауыссыздар «жуан-жіңішке» болып бөлінсе, онда дауыстылар политонды болмайды; д) егер

тілдегі сөздер 1 буынды болса, ондағы морфемалар саны да 1, яғни тілге музыкалды екпін тән; е) егер тілде Дауыстылар болса, онда бұл жүйеге тілдің жоғары көтерілуін қарсы қоюға болады т. б.

Флексия – 1) Сөз түрлендіруші Аффикс, Жалғау, формант, форматив, Сөз формасының бөлімі грамматикалық және немесе реляциялық мағынаны, яғни белгілі бір сөздің сөйлемдегі басқа сөздерге немесе тұтастай сөйлемге синтаксистік қатынастарын білдіретін сөз құрамының, бір бөлігі. 2) Кең мағынада Сөз түрлендіру терминінің синонимі ретінде қолданылады. Ф. термин ретінде Ф. фон Шлегель ұсынған (1808).

Флексив тілдер – Тілдердің флексив типімен барабар. Морфологиялық (типологиялық) топтастыру).

Фонема – төменгі белгілерімен айқындалатын негізгі Тіл единицаларының бірі: 1. Тілдік ең аз мөлшердегі мағыналық жігін ажырату единицасы; 2) Конретті Варианттардың (Фондардың, Аллофондардың) абстракты Инварианты; 3) Жеткізу өресінің (Л. Ельмслев бойынша) айшығы; 4) Дифференциалды белгілердің жиынтығы (топтамасы); 5) Фонологиялық оппозицияның ең аз мөлшердегі мүшесі және т. б. Ф. Мәтінде танымдық (перцептивті), айрымдық (мағына жігін ажыратушылық, сигнификативті). кейбір жағдаларда шектеулік (делимитативті) қызмет атқарады. Ф. сипаттау үшін Тіл жүйесінде Н. С. Трубецкой. Ұсынған Оппозиция теориясы, сонымен қатар Гиперфонема, Архифонема ұғымдары қолданылады.

Фонология – Тілдің дыбыстық құрылымын, оның құрылымдық және функционалдық заңдылықтарын зерттейтін Тіл білімінің саласы. Ф. Алардың айырымдық, шектеушілік және кульминативтік функцияларды атқаруы кезінде маңызды болып табылатын тілдің дыбыстық элементтерінің айырмашылықтары мен бірізділіктерін зерттейді. Талдау деңгейлеріне (сегменттік және суперсегменттік) сәйкес зерттелетін дыбыстық единицалар әртүрлі болады: Фонемалар, Силлабемалар және т. б. Ф. единицалары Мәтін жүйесінде қолданылуына қарай фонологиялық Парадигматика және фонологиялық Синтагматика болып бөлінеді. Фонологиялық парадигматика туралы түсініктің негізі - Фонологиялық оппозиция болса, фонологиялық синтагматиканікі – позиция.

Фонологиялық оппозиция – семиологиялық қызмет атқаратын екі (немесе бірнеше) біртектес Тіл единицаларының айырым белгілері. Мыс., Ф.о.: ор.т. дом – лом; қаз.т. бас – жас. Ф.о. теориясын жасаушы Н.С. Трубецкой және басқа ғалымдар Ф.о. терминің функционалды (мәнді) единицалармен қатар функционалды емес (мәнсіз) единицаларға қатысты қолданды. Н.С. Трубецкой алғаш рет оппозиция типтерін жүйеледі және оларды үш принципте топтастырды: а) аталмыш оппозицияның бүкіл оппозиция жүйесіне қатысты; б) оппозиция мүшелері арасындағы қатынастар бойынша; в) мағына ажырату мүмкіндіктерінің көлеміне қарай.

Фузия - көпмағыналы әрқилы Аффикстермен езгерілетін Тубірдің тырыз морфологиялық турғыдан бірігуі нәтижесінде Морфемалар арасындары шекараның жофйылуы. Терминді 1921 ж. Э. Сепир енгізген. Мыс., ор. т. уйти, вынуть, снять. Ф. Агглютинацияға қарама-қарсы, Флективті тілдерге тән қасиет.

Ішкі флексия - сөздердің тұлғаларын ажырататын дауыстылардың алмасуы: ағыл. т. mouse «тышқан» - mice «тышқандар», нем. т. singen «ән салу» - sang «ән салушы», ар. т. alim «ғалым» - ulama «ғалымдар». Мұндай дауыстылардың алмасуы шартты емес және сөз түрлендіруші және сөзжасамдық мағынаны білдіре отырып грамматикалық сипатқа ие. І. ф. ұғымы сыртқы Флексия ұғымына қарсы - сөздің морфемдік құрылымының дербес шартты компоненті ретінде пайда болды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Авазбаев Н.А. Структура слога в языках различных типов. –Ташкент: Фан, 1986.
2. Аврутин С. Усвоение языка// Фундаментальные проблемы современной американской лингвистики. - М., 1997. С. 261-275.
3. Антипов Г.А., Донских О.Н., Марковина И.Ю., Сорокин Ю.А. Текст как явление культуры. - Новосибирск, 1989.
4. Аракин В.Д. Сравнительная типология английского и русского языков. М, Физматлит, 2000, 255 с.
5. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Санат», 1993. - 489б.
6. Ахметжанова З.К. Принципы сопоставительного функционального исследования казахского и русского языков. Автореф. дисс...докт. филол. наук. - Алма-Ата, 1989.
7. 1. Ахметжанова З.К. Антропонимы казахского и русского языков: Функциональная мотивация. - Алматы: 2006.- 127с.
8. Ахметжанова З.К. Сопоставительно - функциональное исследование лексико-фразеологических систем казахского и русского языков. –Алматы 1999.- 185 с.
9. Ахметжанова З.К. Сопоставительное исследование лексики тюркских /казахского, киргизского, узбекского / и русского языков: универбы и перифразы . Автореф. дисс...канд. филол. наук. -Алма-Ата, 1986.
10. Ахметжанова З.К. Сопоставительное языкознание: казахский и русский языки. -Алматы: 2005.- 322с.
11. Базелл Ч.Е. Лингвистическая типология. - Принципы типологического анализа языков различного строя. –Москва: 1975.
12. Бархударов Л.С. Общелингвистическое значение теории перевода // Теория и критика перевода. –Л: 1962.
13. Баскаков Н.А. Введение в изучении тюркских языков. - М., 1969. - С.221.
14. Бодуэн де Куртенэ И.А. О смешанном характере всех языков// Избранные труды по языкознанию – Москва: 1963, т.1.- 371с
15. Буранов Дж. Сравнительная типология английского и тюркских языков. –Москва: 1983. -266с.
16. Буранов Дж. Типологические категории и сравнительное изучение языков. Автореф. дисс... докт. филол. наук. –Москва: 1979.

17. Буранов Дж. Типологические категории и сравнительное изучение языков. –Дисс... д-ра филол наук.- Ташкент, 1978. – 543л.
18. Вардуть И.Ф. О предмете и задачах типологии. // Принципы типологического анализа языков различного строя. –М: «Наука», 1972.
19. Вардуть И.Ф. Понятие универсалий в лингвистической типологии.–Языковые универсалии и лингвистическая типология . –Москва: 1969.
20. Виноградов В.В. Русский язык. Грамматическое учение о слове – М: Изд.3. 1986.
21. Гаджиева Н.З. Агглютинация как определяющий фактор развития структуры тюркских языков. – Проблемы языкознания. – Москва: 1967.
22. Городецкий Б.Ю. Основы концептуального аппарата лингвистической типологии. – В кн.: Тезисы дискуссии «Типология как раздел языкознания». М.: Наука (ГРВЛ), 1976, С. 62-65.
23. Гумбольд В.фон. Избранные труды по языкознанию. – Москва: Прогресс, 1984. - 398 с.
24. Гумбольдт В. Избранные труды по общему языкознанию. - М., 1984.
25. Гухман М.М. Историческая типология и проблема диахронических констант.-М: «Наука», 1981.
26. Гухман М.М. Лингвистические универсалии и типологические исследования. –М: 1975.
27. Дмитриев Н.К.Арабские элементы в башкирском языке// Записки коллеги востоковедов. –Л.: 1930.
28. Дьяконов К.М. Семито-хамитские языки. - М.: Наука. 1965. - 119 с.
29. Есеналиева Ж.Ж. Араб тілінің типологиялық сипаты жайында.// Абылай Хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ. Хабаршы «Филология»сериясы. 4/13/2005.
30. Есеналиева Ж.Ж. Заманауи лингвистикалық типологиядағы құрылымдық-салғастырмалы парадигма. // Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы № 1 /2015 126 -132 бб.
31. Есеналиева Ж.Ж. Құрылымы әр түрлі тілдердегі буын мәселесі //Қазақ тілі мен әдебиеті – 2008 №1.
32. Есеналиева Ж.Ж. Құрылымы әртүрлі тілдердің салғастырмалы типологиясы. Монография. Алматы, 2009, -219б.
33. Есеналиева Ж.Ж. Түркі тілдерінің генеалогиялық және

типологиялық сипаты //ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №2(68). 2014.

34. ЕсеналиеваЖ.Ж. Лингвистикалық типология негіздері. Оқулық// Алматы:Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,2009.-120 б.

35. Жирмунский В.М. О природе частей речи.-сб. Вопросы теории частей речи. /на материале языков различных типов. – М: «Наука», 1968.

36. Зингер Л.Р. Общая фонетика. – М: Высшая школа, 1979.

37. Исабеков С.Е. Основы когнитивной лингвистики.- Алматы, 2012.

38. Исаев М.К. К проблеме контрастивной фонологии // Қазақстан Республикасы ғаламдық мәдениет және тілаларлық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). А, 2006.

39. Исаев М.К. Фонетические особенности английской речи казахов. –Алматы: 2004, -317 с.

40. Канцельсон С.Д. Типология языка и речевое мышление. Л., Наука, 1972.

41. Кацнельсон С.Д. Лингвистическая типология - Вопросы языкознания, 1983, №3. с.9-20; №4. с.19-34.

42. Кацнельсон Д.Д. Основные задачи лингвистической типологии. -М: «Наука», 1965.

43. Кенесбаев С, Жанузаков Т. Русско-казахский словарь лингвистических терминов. – Алматы: -1966, -206 с.

44. Кибрик А.Е. Об основном вопросе типологии. // Типология и грамматика. – Москва: «Наука», 1990.

45. Кибрик А.Е. Типология и задачи описательной лингвистики. // Лингвистическая типология. –М: 1985,-76 с.

46. Климов Г.А. Вопросы контенсивно-типологического описания языков. – В кн.: Принципы описания языков мира. – М.: Наука, 1978, с.122-146.

47. Климов Г.А. Принципы контенсивной типологии. – М.: 1983, -224с.

48. Копыленко М.М., Попова З.Д. Сопоставительная фразеология.-Воронеж:1990.

49. Крымский. Семитские языки и народы. – М.: 1912.-210 с.

50. Кузнецов П.С. Морфологическая классификация языков.-Москва: 1954.

51. Курилович Е. Понятие изоморфизма //очерки по лингвистике /перевод с польского/ .-Москва: 1962.

52. Қайдаров Ә. Түркітануға кіріспе. –Алматы: Арыс, 2004. -390 б.

53. Қалиев.Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, «Сөздік-Словарь», 2005, 439б.
54. Қалиұлы Б. Жалпы тіл білімі. – Алматы: 2004, -120б.
55. Қашқари М. Дивану луғат-ит түрк. -Ташкент, 1960, Т.I. - 69 б.
56. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі (Диуани луғат ит-турк). Тәржімалағандар: Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов. –Алматы: Ана тілі, 1993. -178 б.
57. Қашқари М. Түрік сөздігі. Ауд.А.Егеубай. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. -480 б.
58. Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Алматы: 1999,-190б
59. Леонтьев А.А. Деятельность. Сознание. Личность. - М., 1975.
60. Леонтьев А.А. Язык, речь, речевая деятельность. - М., 1969.
61. Лингвистика, психолингвистика бастаулары. Тіл саласындағы қуғын-сүргін. -Ақтөбе: 2000.
62. Лингвистическая типология и восточные языки.- М: Наука, 1965.
63. Ломтев Т.П. Типология языков как учение о классах и типах языков //Лингвистическая типология и восточные языки. –М: 1965.
64. М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов. Қазақ әдеби тілінің тарихы. –Алматы, 1968. –238 б.
65. Макаев Э.А. Общая теория сравнительного языкознания. – М.:Наука 1977.-205с.
66. Макаев Э.М. К вопросу об изоморфизме //Вопросы языкознания.-1961.-№5.
67. Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности, -М-Л., 1951. –С.451.
68. Махпиров В.У. Собственные имена в памятнике XI века «Дивану луғат-ит-тюрк». Махмуда Кашгарского. Автореферат дис. канд. филол. наук. – Алма-Ата: 1980. -28с.
69. Мельников Г.П. Детерминанта –ведущая грамматическая тенденция языка. – В кн. Фонетика, Фонология. Грамматика / к 70-летию А.А. Реформатского /.- Москва «Наука», 1971, - 367с.
70. Мельников Г.П. Истоки и состояние системной типологии. – В кн.: Тезисы дискуссии «Типология как раздел языкознания» М.: Наука, (ГРВЛ), 1976, с. 121-129.
71. Мельников Г.П. Системная типология языков / принципы, методы, модели/. – Москва: «Наука», 2003.- 390с.

72. Мельников Г.П. Системный анализ причин своебразия семитского консонантизма (методические разработки) М.: МГПИ, 1968. - 32с.

73. Мещанинов И.И. Типологические сопоставления и типология систем. // Научный доклад высш. школы. филол. науки. – М.: 1958, - №3.

74. Михеев А.С. К вопросу о синсемантических разрядах слов в арабском литературном языке и диалектах Машрика и Магриба. Ученые записки Татарского государственного института. Вып.5, 1998, - 44с.

75. Мишкуров Э.Н. Типология диалектного и литературного грамматического строя современного арабского языка. Автореф. дисс... докт. филол. наук. - Москва: 1985, - 35с.

76. Мұсаұлы Ж, Әміренова Р. Қазақ және орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. Көкшетау, 2003.

77. Национально-культурная специфика речевого поведения. - М., 1977.

78. Нерознак В.П. О границах типологического анализа языков. – В кн.: Литература – Язык – Культура. М.: Наука, 1985.

79. Общее языкознание: Внутренняя структура языка. – Москва: 1974. - 526с.

80. Орысша-қазақша сөздік. 1-2том, -Алматы: 1978, 1981.

81. Основные задачи лингвистической типологии // Лингвистическая типология и восточные языки. - Москва: 1965, - с. 75.

82. Охтина Н.В. К типологической характеристике языка суахили. // ЛТ и ВЯ. М., 1965.

83. Охтина Н.В. // Лингвистическая типология и восточные языки. М: Наука, 1965.

84. Предмет и задачи типологического языкознания. М, 2001, - 30с.

85. Рабинович А.И. Сочетаемость согласных в казахском языке. Советская тюркология. - Баку, 1970.

86. Рахштейн А.Д. Сопоставительный анализ немецкой и русской фразеологии. - М, 1980.

87. Реформатский А.А. Агглютинация и фузия как две тенденции грамматического строения слова. В.кн. Морфологическая типология и проблема классификации языков. - М. - Л. «Наука», 1965.

88. Реформатский А.А. Введение в языкознание - М: 1967, - 324 с.

89. Реформатский А.А. Очерки по фонологии, морфонологии

и морфологии. М:Наука, 1979.

90. Рысалды Қ.Т. Сын дәрежесі категориясы: функционалды-коммуникативтік табиғаты /қазақ және неміс тілдері негізінде/. Филол. ғыл. док. дисс. авторефераты. Алматы, 2007.

91. Рысалды Қ.Т. Тілдерді салғастыра зерттеудің бір бағыты – функционалды контенсивті типология. //Қазақстан республикасы ғаламдық мәдениет және тілаларлық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). Алматы, 2006, 81 б.229/.

92. Сабитова М.Т. Қазақ және неміс тілдерінің салғастырмалы фразеологиясының қалыптасуы //Қазақстан Республикасы ғаламдық мәдениет және тілаларлық қауымдастықта /қазақ және әлем тілдері. А, 2006.

93. Салқынбай А. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. «Сөздік-Словарь», Алматы, 1998, - 301 б.

94. Скаличка В.К. К вопросу типологии //Вопросы языкознания 1964.№4.

95. Современный словарь иностранных слов. –М: Русский язык, 1992, -740с.

96. Солнцева Н.В. Проблемы типологии изолирующих языков. – М: 1985.

97. Сулейменова Э.Д. Казахский и русские языки: основы контрастивной лингвистики. –Алматы: «Демеу», 1996, -128с.

98. Тулеева Ч.С. Типология фонетико-фонологической системы языка (на материале сопоставления немецкого и кыргызского языков).-Бишкек: 2008,-271с.

99. Турсынов Д. Хасанов Б. и др. Сопоставительная грамматика русского и казахского языков. Алма-Ата, 1967.

100. Тіл білімі сөздігі. /Жалпы редакциясын басқарған Э.Д.Сүлейменова/. –Алматы: «Ғылым», 1998, - 540б.

101. Успенский Б.А. Принципы структурной типологии. Изд-во МГУ, 1962.

102. Успенский Б.А. Структурная типология языков. М., 1965.

103. Ф де Соссюр. Курс общей лингвистики. в кн. Труды по языкознанию.-Москва, Прогресс, 1977.

104. Фортунатов Ф.Ф. Избранные труды. 1т. М.,1956.

105. Хасанов Б. Тілдік жүйе // Қазақ тілі. Энциклопедия.- Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998, - 421 б.

106. Хасанұлы Б.Қ. Жұбанов мұралары: отандық тіл білімі, әлеуметтік

107. Хасенов.Ә. Тіл білімі. –Алматы: «Санат», 1996, - 391 б.
108. Хомский И. Язык и мышление. — М., 1972.
109. Чернов П.В. Справочник по грамматике арабского литературного языка. Под научной редакцией В.С.Морозовой. Москва, «Восточная литература» РАН, 1995, 473 с.
110. Широкова А.Н.Сопоставительная типология разноструктурных языков. – Москва: 2000, - 200 с.
111. Юсупов. Сопоставительная лингвистика как самостоятельная дисциплина // Методы сопоставительного изучения языков. - Москва: «Наука», 1988.
112. Юшманов Н.В. Грамматика литературного арабского языка.-Москва: 1985.
113. Языковые универсалии и лингвистическая типология.-М: 1969, - 342с.
114. Ярцева В.Н. Принципы типологического исследования родственных и неродственных языков. В кн. Проблемы языкознания. Доклады и сообщения ученых X международном конгрессе лингвистов. М.: Наука, с.203-207.
115. P. Jakobson. Typological studies and their contribution to historical comparative linguistics- «Repors for hhe Eight international congress of linguists» suppl. Oslo, 1957.
116. Radjoff W. Phonek der Nodlihen turksprashen - Jeipzig, 1882. - 330 с.
117. Vambery W. Das Turken volk. 1885. -85с.

<http://www.elibrary.ru>

<http://www.blackwell-synergy.com>

<http://www.journals.cambridge.org>

www.jstor.org

<http://www.sciencedirect.com>

<http://www.springerlink.com>

<http://lib.dvfu.ru:8080/lib/item?id=chamo:382622&theme=FEFU>

<http://znanium.com/bookread.php?book=455444>

<http://lib.dvfu.ru:8080/lib/item?id=chamo:726342&theme=FEFU>

<http://lib.dvfu.ru:8080/lib/item?id=chamo:59469&theme=FEFU>

http://window.edu.ru/resource/108/62108/files/WTS05-Maket-4_all.pdf

<http://window.edu.ru/library/pdf2txt/573/74573/54182>

<http://lib.dvfu.ru:8080/lib/item?id=chamo:249150&theme=FEFU>

<http://lib.dvfu.ru:8080/lib/item?id=chamo:63721&theme=FEFU>

Есеналиева Жанар

**САЛҒАСТЫРМАЛЫ
ТІЛ БІЛІМІ**

Оқулық

ISBN 978-601-270-508-9

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӨТУ-нің
«Полилингва» баспасында беттеліп, басылып шықты

Баспа басшысы - **Есенғалиева Б.Ә.**
Компьютерде беттеген - **Кынырбеков Б.С.**

Басуға 08.06.2020 ж. қол қойылды
Пішімі 60x84 ^{1/16}. Есептік баспа табағы 12,0. Тапсырыс № 1083.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.
«Times New Roman» қарібі. Таралымы 500 дана.



«Полилингва» баспасы, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӨТУ
050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Мұратбаев к-сі., 200.
Тел.: +7 (727) 292-03-84, 292-03-85, ішкі 24-09
E-mail: kazumo@ablaikhan.kz, ablaikhan@list.ru